




COOPER
ROMANCE







Бар жанына Алаштың тілеймін,
Ақ сәуле боп кеудемнен ақты пейілім.
Аспаннан нұр,
Жерден нәр алған қазақ
Жүрегімнен мәңгі орын тапты деймін.



Софы Сматаев

*Көп томдық
шығармалар жинағы*

12 том



84Қаз 7-44
С 52

Софы Сматаев

Алтын құндақ

Пьесалар




ББК 84 Қаз 7- 6
С 52

Сматаев С.
С 52 Алтын құндақ. Пьесалар. - Алматы: “Ел-шежіре”, 2008.
Т.12. -408 б.

ISBN 978-601-7011-41-3

Әйгілі сөз зергері Софы Сматаев драматургия жанрында да көрермендерінің көңілінен шыққан пьесаларымен жақсы таныс. Белгілі драматургтың пьесалары Қазақстанның оннан астам театрында, сондай-ақ, Қазан, Нүкіс қалалары сахналарында қойылған. “Алтын құндақ”, “Тағдырлар”, “Далам-ай-панам-ай!” пьесалары Алматы, Семей, Атырау, Шымкент т.б. қалалар театрларында ұзақ жылдар жүріп, жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленсе, Сматаевтың либреттосы бойынша сахналанған “Жұмбақ қыз” операсы Абай атындағы опера және балет театрының аса құнды қойылымы болған-ды.

С _____ — 2008
00(05)-08



ББК 84 Қаз 7-6

ISBN 978-601-7011-41-3

© Сматаев С, 2008
© “Ел-шежіре”, 2008



МҰҢАЙМА, МУНИРАМ

(Екі бөлімді драма)

Қатынасушылар:

Жандос - 10 класс оқушысы, 18-де.

Мунира - 10 класс оқушысы, 18-де.

Рахия -- Жандостың шешесі.

Жақып - Жандостың әкесі.

Әмина - Жандостың әжесі.

Жақия Дәулетович - директор

Әсия Айдынбековна - класс жетекшісі

Сақып - Мунираның шешесі.

Гунира - Мунираның немере апасы.

Сапар - 10 класс оқушысы.

Почтальон қыз.

Бірінші адам.

Екінші адам.

Үшінші адам.

Бірінші қыз.

Екінші қыз.

Бірінші жігіт.

Екінші жігіт.

Мұғалім.

Автор.

Белгісіз дауыс.

Жігіттер, қыздар, мұғалімдер.

БІРІНШІ БӨЛІМ

Пролог

(Сахна қара көлеңке.. Автор шығады. Жалғыз жарық соған ғана түседі).

Автор. Мен өмірден әлі тергені мен көргені аз, тапқаны мен татқаны да шамалы жаспын. Әсем нәзік тіл тауып, жыр самғатқан махаббат иесі де емеспін. Бірақ қытықсыз жарасып табысқан, асқақ сезімге бар жанымен берілген, қос жасты, өмір көктемінің қос балауса гүлін, қос қызғалдағын білгемін.

Олар көгілдір көктем кешінде толықсып туған махаббатын тапқан-ды. Мөлдіреген күлкісімен, іңкәр лебімен табысқан-ды. Кінәсіз пәк көңілдердің кіршіксіз тазалығымен бір-біріне ұмтылған қос жүректің әсерлі көрінісін ұмытармын ба? Жан үйлестігін тапқан жастардың шұғыла шашқан сәтін тамашалап, мен де ерекше шақ кешкем, сүйсіне кешкем, екеуіне барымша бақыт тілеп, барар жолын сәулелі күннің нұры ғана кестелесін деп едім.

Уыздай таза күйдің нәзік дірілімен оянған әсем сазы, тірлік сазы басталып та кетіпті. Көріңіздер! Төрелігін сіздер беріңіздер.

Бірінші көрініс

(Көктем. Таңертеңгілік мезгіл. Мектеп алдындағы алаңда жұптары жазылмай Мунира мен Жандос тұр).

Жандос. Мунирам, екеуіміздің ең алғашқы кездесуіміз есінде ме? Қалада өссек те, далада, кең далада кездесіп едік қой.

Мунира. Мен атамдікінде дем алып жатқанда сен

келгенсің. Сондағы сенің жалт қарағаның... Сондай... сондай керемет бір қуаныш пен мөлдір мұңның, тылсым ән мен белгісіз зардың арасында тұрғандай сезінгем өзімді.

Жандос. Ал мен, Мунираша, жанарыңнан армандаған жұмағымның гүл бағын тапқандай болғам. “Шын ба? рас па көргенім? Емексіткен елес болмай рауандап атқан таңым болсыншы! Онсыз қалай жүргем? Қалай шыдап келгем?” - дегем сонда мен.

Мунира. Сол күні Жандос-ау, жел соғып тұр еді ғой.

Жандос. Иә, иә! “Келші, самалым! Тербеші жанымды! Аялашы, аямашы екпінінді. Зарыға күткенімді таптым ғой. Есші, самал!” - дегенмін. Ессінші тағы да сол бақытымның салқын самалы!

Мунира. Сен қалаға қайтып кеткенде көңілімнің ортайып қалғанын білсең ғой...

Жандос. Білгем, Мунира! Артыма қарай-қарай кеткем. Жалт етіп қол бұлғап, жарқ етіп бас изеп едің!..Дәл сол сәтте қоңылтақсып барған ауылым дүниенің ең бір қимас мекеніне айналмап па еді. Сарғыш тартқан даланы - махаббат бесігіндей сезіп, самал желге кеудемді төсегем. Жүрегімде тулаған ыстық сезімнің өтінішін жолдағам сен жақтан соққан самалға.

Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,
Кел десең неге аяйын аттың терін,

деп жүрегімнің сырын ашқам сонда, Мунирам.

Өмір неткен тамаша! Жымындаған жұлдызы, таңғы алтын шапағы - сенімен ғана, сен барда ғана әсем! Түні тағы керемет! Дүние қандай ғажап! Бәрі сен арқылы сән-салтанат табардай-ау, Мунирам!

Мунира (*бауырына тығыла түсін*). Алтын таңның шапағымен әлемге өмірдің... өміріміздің тағы қуанышты күні келді-ау, Жандос. Иә?! Өмір қандай әйбат! Жүрегім қуанышқа шүп-шүп толып барады!.. Жан-жағымыз түгел бақыт құшағында. Екеуіміздің бақытымызды құттықтайтын тәрізді. Иә, Жандос?!

Жандос. Иә! Алматының барлық адамы бізге ғана қызығады. Бізге сүйінеді. Өйткені біздің бақытымыз оларға да сүйініш береді. Барша адамзат шаттықпен ғана үндесе алады. Сондықтан да әлем алдында қуанышқа да, күйінішке де біз бәріміз жауаптымыз. Мен де, сен де, Мунира. Өлімге де, өмірге де, махаббатқа да. *(Пауза).*

Айтайын ба... Сен... Сен бәрінен де сұлусың, Мунирам! Керемет әйбатсың!

Мунира *(жай ғана).* Мен ондай екенімді білген емеспін...

Жандос. Жо-жоқ! Ғажайып сұлусың, Мунира! Дүниедегі ең сұлу қыз сен ғанасың! Ау, күлімдеген күн, мөлдіреген аспан, менің Мунирамның сұлу екеніне куәлік беріңдер!

Мунира. Ал мен... мен... ондай емес шығармын.

(Қоңырау соғылады. Класқа бет алған оқушылардың қақ ортасында бір-біріне бұрыла қарап алғашқы махаббаттың табалдырығын аттап кетіп бара жатқан Мунира мен Жандос).

Шымылдық

ИНТЕРМЕДИЯ

(Сахнада автор жалғыз).

Автор. Махаббат сүрлеуі - айналасын гүл қаптаған даңғыл жол болса ғой. Қия шыңы, өткел бермес оры аз кездесе шіркін. Өмір көктемінде қауызынан ашышған махаббат қызғалдағын жұлып түскен қанды серттер аз ба еді. Сүйіспеншіліктің ақ сәулесін кеудесінен ысырып тастап, қара түннің қамауында кімнің қалғысы келмек. Махаббат сыры ондайды білген емес, ондайды аялаған да емес.

Лапылдап жанып қана махаббатты әлдилер. Қайғырып, күйіп, қуанып, күліп қана махаббатты аялар.

Екінші көрініс

(Сахна қараңғы. Проектордың жарығы тек қана Жандосқа түскен. Оның қолында хат бар. Хаттың мазмұнын белгісіз дауыс арқылы есітеміз).

Белгісіз дауыс. Қол ұстасқан екі ғашық сыр шертер. Қос жүректің дүрсілі мен лүпілі де бір шертер. Иә-иә, шертсін сырын. Онсыз бола ма? Біздің заманның көзсіз ғашығы - әсем машұғына кез бопты. Иә-иә, ылайымда кез бола берсін. Жандос - Қозы болса, Мунира - Баян.

Есіңе алшы, Жандос. Түн еді ғой мөп-мөлдір. Терек тұрған саясына жасырып. Машұғың - Мунираң құшағыңа құламап пед асығып. Сонда сен ып-ыстық қыз ерніне төнгенсің. Тұңғыықтай махаббаттың тұнығына енгенсің.

Ал енді жаныңа сол елестен нәр алсаң, сағым ойдың шымылдығын бірақ серп те бері шық. Қиялсыз өмірдің өткеліне жақында. Шынын біл де, сырын ұқ аярлықтың.

Білесің бе, Жандос, Мунира сонда саған қайдан келді? Білмейсің, әрине, білмейсің! Басқа құшақтан, үлкен құшақтан босаған болатын сүйіктің. Сен сонда тым болмаса жат құшақтың арам исін де сезбедің-ау, Жандос. Сезіктендіргенім емес, сендіргенім бұл. Сенбесең, сұлуыңды бұрынғыдай құша бер. Қыса бер. Өзіңнің адал досың!

(Жарық сөнген. Қайта жанғанда қолында хат бар Мунираны көреміз).

Белгісіз дауыс. Армысың, ақ жүректі арбап алған аярлық. Сиқыр басқан жырақта жадылық пен жәдігөйлікті оқып-тоқып тапқаныңды жұрт білмейді деймісің? Елжіреткен ебің бар, бірақ Жандос теңің бе еді? Тазалықты арбау үшін қай сырынды берерсің? Қай шыныңды бүктеп тағы ұсынарысың? Айдаһардың тіліндей, абжыланның түріндей сұмандаған сұмдығыңа кепіл не, араша кім?

Ынтызардың тіліне тіліңнен у тамса, жас жүректің гүліне жүрегіңнен тікенің қадалса, тілекті сөндіріп, жүректі семдіріп кетпес пе.

Айғағың бар ма ақтығыңа? Қасиетгі қасіретіңмен құрбан ете бермексің бе?

Ол - ақсұңқар, сен - бөдене. Жапалақ тояттаған төсіңді енді ақсұңқарға тоспақсың ғой. Оның өтпес. Өткізбеспін. Жандостың досы.

(Жарық мол түскен. Парктың бір гүлді алаңын кешкі алау шұғлалы нұрға бөлеген. Сахнаның екі шетінен Жандос пен Мунира шығады).

Жандос. Мунира! *(Құшағын жаяды).*

Мунира *(Құшағына ұмтылады).* Жандос!

Жандос. Мунира, бір кезде ертемен өзіміздің мектепке бармайтыныма сондай сенбеймін. Соны ойлаудың өзі ауыр өкініштей.

Білдің бе, мен бүгін мектепті жалғыз аралап шықтым. Алдымен бірінші класта отырған партама бардым. Көзіме жас келді. Бәрі өмірімнің жанымдай жақын дүниелері, өткен күндердің ыстық ұясы, қымбат куәлары.

Өткен сенбіде акт залының сахнасына сен күлімдеп шығып ән салғансың. Сонда, Мунира, сен бір нәзік үнмен маған ғана тіл қатқансың. Сонда мен, Мунира, сені мәңгілікке тапқанмын.

Мунира. Сен сол күні ангинамен ауырып, тамағыңды таңып алып едің ғой, Жандос. Сондағы екеуміздің алғашқы вальсімізді ұмытқан жоқсың ба?

Жандос. Оу, Мунира-ау, ол күн біздің әніміздің, сәніміздің алғашқы таңы емес пе еді! Ол күн, ол вальс мәңгі ұмытылмас...

Сен сонда мені үйге әкеліп салғансың.

Мунира. Ыстығың көтеріліп, денең күйіп-жанып тұрса да қайтқың келмеп еді. *(Пауза).* Жандос, сенің бетіңе тамшы тамды ма?

Жандос. Иә, жауын болайын деп тұр. Жаусыншы! Бұл... бұл - біздің алғашқы жаңбырымыз ғой, Мунира!..

Мунира. Иә-иә! Біздің ғана ең алғашқы жаңбырымыз. Жау, жаңбыр! Жау! Төкші бір! *(Жаңбыр үдей түскен. Жандос пиджагін шешіп Мунираға кигізген. Шашын, бетін сипайды. Сол сәт өзі де күтпеген батылдықпен албыраған ерінге жабыса кетеді).*

Жандос *(айқайлап).* Оу, алқаракөк Аспан! Оу,

сарғыш Дала! Бұл біздің, тек қана біздің алғашқы жаңбырымыз! Мунира, жаңбырымыз қандай жомарт! Шелектеп құя салды-ау!

Мунира. Иә, алғашқы жаңбырымыз, Жандос. Бақытымыздың көл-көсір шашуы!

(*Жай ғана*). Алғашқы жаңбыр. Алғашқы сүйісу... Бәрі, бәрі алғашқы.

Шымылдық.

Үшінші көрініс

(*Жандостың үйінің ішкі көрінісі. Қаңтар екі бөлме жиһазы. Үйге асығып Рахия енген. Қолында сатып алған буынишақ-түйіншектер. Телефонға барып сөйлеседі*).

Рахия. Алло, алло, Жақып, сен бе? Әй, сен қашан қайтасың? Отыра бересің бе омалып. (*Мазақтан*) О не? О не? Ақша керек, ақша! Вот, білдің бе? Сервиз түсіпті. Сервиз деймін, германский... ЦУМ-ға. Жаңа ғана **Қатира** сатым әкелді... Тап, қайдан тапсаң одан тап! Ал мен сервизсіз қала алмаймын. Айттым, қала алмаймын. Әйтпесе Қатира сұм көзіне ілмей кетеді. **Айттым** бітті. Ақшасыз оралма... (*Трубканы тастайды*). Ух, шаршап-ақ өлетін болдым әбден. Апа, апа-ау, қайда құрып кеттің! (*Ас үйден Әмина әжей шығады*).

Әмина. О не, не боп қалды?

Рахия. Қаталап өліп барам! Сыра... Сыра! Суығынан (*Әжей кеткен. Сыртқы есіктің қоңырауы сылдырлайды*). Тағы қай жау тиіп қалды. Ау, апа, есік аш! Ту, өз үйінде бір тыныштықжоқ. Адлерге жолдама ала алмай-ақ қойды әлгі неме. (*дауыстан*). Апа-ау, кім ол келген?

Әмина (*есіктен*). Саған заказ хат дей ме, келсеңші бері.

Рахия (*қолын сермен*). Қой, ойбай, басымды ауыртпасын. Туғалы заказ тұрмақ жай хат алып көргем жоқ. Қыз күнімде Жақыптан да хат алған пенде емеспін. Аулақ жүрсін, аулақ де!

Әмина. Керекті қағаз, дөкемет болып жүрмесін.

Рахия. Алып келші енді не болса да. (*Почташы қыз кіреді*). Әкел бері!

Почташы қыз. Паспортыңызды көрсетіңіз де, мына жерге қол қойыңыз.

Рахия. Сен, қыз ондай бюрократтығыңды таста! Бір басыма менің өзімдікі де жетіп жатыр. Хат маған келген ғой, бері әкел онда! Менің Рахия екенім баршаға мәлім.

Қыз. Апай паспортсыз болмайды. Корреспонденцияның құпиясы сақталу керек.

Рахия. Корос-моросыңды білмеймін, беретін болсаң бер де, бермесең, жарқыным, мазамды алмай табаныңды жалтырат! Саған қас пен көздің арасында тауып бере қоятын оңайда паспортым жоқ.

Қыз. Онда еркіңіз білсін. (*Бұрылып, кетуге ыңғайланады*).

Әмина. Рахия-ау, паспортыңды кеше ғана дәрігерге көрсетем деп сөмкеңе сап әкетпеп пе едің. Сөмкенді берші. (*Сумканы ашып*). Міне, шырағым көре ғой.

Қыз (*Хатты ұсынып*) Алығыз, Сақтұрғанова жолдас. Сау болыңыздар.

Әмина. Сау бол, қызым.

Рахия (*Хатты ашып жатып*). Кімнен келгені белгісіз. (*Әжейге бұрылып*) Бар, барсайшы! Неғып тұрсың состиып... сыра... сыра әкел!

(*Хатты оқиды*).

Белгісіз дауыс. Армысыз, ана, алданған ана! Ақ үмітпен асқар шыңға ұшырдыңыз қыранды. Ақ тілекпен көз тігесіз, жолына. Арман асуына аттаған шақта, сәтте тап болған қасіреттей қақпанды білмейсіз бірақ. Шақ тұр басуға. Арандай аузын ашқан сол апат қанды басың бері тарт дегендей ұлыңыздың еркін алып, ентелетіп ертіп барады.

Жандос арындаған асау тұлпар еді. Қыл бұғалықты қысып салып, босатып тартып, әлсіретіп меңдеген қол жіберер емес. Ол қол - Мунира, ұлыңызды арбаған да, аяқ-қолын байлаған да мекерлік қана.

Құбылып емінген арудан аяр жан жоқ қой, ана. Алданып қалмаңыз. Ұлыңызды, қыраныңызды қорғаңыз.

Сәлеммен, Жандостың шын досы.

Рахия. Мунира дей ме? Әлгі Сәрсеннің жирен шаш Мунирасы ма? Жо-жоқ. Жолатпаймын! Сұлу киініп, сыланып таранып жүріп, сұмпайының аңдығаны Жандос екен ғой. Өлігімді аттап қана енер бұл үйге. *(Дауыстан)*. Апа, қайда құрып кеттің!

Әмина *(қолында бокалға құйған сыра)*. Мұз қосам деп кешігіп қалдым.

Рахия *(ашулы)*. Әрі әкет, әрі ит ішкірді! Шифоньердің кілтін берші, тез! *(Жандостың столын, тартпасын ақтара бастайды)*. Құбылып төгілген аяр қаншық! Өзім тергеп, өзім бұзармын жадыңды. Сиқырлап алған ғой жәдігөйленіп. *(Шифоньердің ішінен Жандостың костюмін алып қалтасын ақтарады. Ораулы қағазды алып, ширатып бүктелген жирен шаш тауып алады)* Ойбай-ай ойбай! Көзім енді жетті, қыршын! Шаш! Сол шошақайдың шашы! Апа, тез пальтомды әпер! Ініне су құяйын, үйіне өрт салайын. Жүрегім, бұзылды-ау жүрегім! Тасыды-ау қаным, ойбай!

Әмина. Әй, саған не болды? Отыршы, Рахия. Ойпырай, жындандың ба? Не боп қалды аяқ астынан? Қойсаңшы енді.

Рахия. Қоятұғын не қалды? Жалғызымды жат етсем, қара көзден қан ақпай ма сорғалап? Бермеймін. Күн көзіне қақтырмай, жел лебіне өптірмей өсірген Жандосымды неге берейін. Шешесіне барып қиғылықты салайын тап қазір. Тиып алсын шошақай қызын! *(Осы сәтте үйге Сақып кіреді)*. Ә, кел! Сақып, кел! Құдай айдап жақсы келдің. Сүйкеніп келіп, сүйретіліп қайтарсың енді.

Сақып. Ойпырмай, көршім-ай! Сөзіңнің төркіні қандай жаман еді. Жазығымды айтшы жазаласаң да.

Рахия. Бар жазығың! Мөймөңкелеме өйтіп! Сыртыңмен күліп, ішіңмен тіліп жүр екенсің, Сақып Сақып дегенге әулекіленіп!

Сақып. Әулекіленіп не істеппін? Көліңді шайқаппын ба, желігінді жайқаппын ба?

Рахия. А-а, солай ма? Салдың ба тіліңді, салдақы! Аш онда көзіңді, Сақып. Көр масқараңды! *(Шашты көрсетеді)*. Таныдың ба қызыңның шашын? Менің ұлымның төсегіне тараныпты, ал, өлде маған!

Сақып. Не дейсің? Сұмдыққа аузың қалай барды, Рахия?! Қызымды қалай қаралап тұрсың?

Рахия. Сұмдық деймісің? Сол сұмдықты, бастаған сенің қызың. Мықты болсаң тиып ал. Біліп қой, Сақып, менікі ұл... ұл! Тамшы тамды екен деп ештеңем кетпейді. *(Сақып булығы жылап шығып кстеді).*

Әмина. Қалай айттың, Рахия! Жүрегін жараладың-ау.

Рахия. Жараланбақ түгіл неге жарылып кетпейді. Сол айтарым қайда барсам да.

Шымылдық.

Төртінші көрініс

(Қатар тұрған екі үй. Бірі - Жандос. Бірі - Муниранікі. Жандос шығады).

Жандос *(Әндетін).*

Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,
Кел десең неге аяйын аттың терін...

(Дауыстан) Мунира, шықшы тысқа. Неге хабар бермейді,ә! *(Әндетеді)*

...Сары ағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім.

Мунирам, қайдасың? Манағы сөзің рас болып шыққаны ма? *(кейіген).* Мама, сен сондай қатыгез бең? Мунира мед кінәлі? Қуаныш тапқан біздерге құшағыңа қайғы қысып келіп педің, мама? Жастық шақтың ыстық кезін кешірмеп пең сен өзің? Шаттығымды ұрлап, күйініш бергенінді түсінесің бе? Аналық жүрегін алдай ма, алдана ма? Көп күдікті бір ғана үмітпен жеңсеңші, мама. Елес дегенім тұманға сіңіп, қуаныш көргенім өкінішке айналды ма?

Мунирам, келші, бір көрінші! Қайығымызды қайғыға батырмайықшы. Өтейікші жағаға! Жарастық жағасына, Мунирам!

Келші, Мунирам! Ынтызар көңілдің кірбеңін айықтыршы! Сондағыдай күлімдеп қана тіл қатшы!

Сезгенде анық бақыт шат көрікті,
Толқынды мүміс лебіз жат көріпті.

(Үйіне кіріп кетеді. Іштен Мунира шығады).

Мунира. Тағы да кетті жүрегін жылатып. Дос жүректің жылап айтқан сыры кеудемнің тынысын бітеді-ау. Медеу етер үмітім қайда? Қанат қылар қиялым жоғалды ма?

Жандос-ау, сені апам ұмыт дейді. Сені қалай ұмытармын? Сенің бейнең үнемі көз алдымда ғой, Жандос, “Мунира” деген үнің міне құлағымда тұр.

(Терезеден Сақып айқайлайды. “Мунира! Уа Мунира, қойдасың”).

Мунира *(Селк еткендей).* Не, мама?

Дауыс. Кір үйге!

(Мунира кеткен. Аузында ән).

(Үйден Жандос, артынан ілесе Рахия мен Жақып шыққан).

Рахия. Алмадың ба тілімді, қыршын! Қарсы келіп **қастың** сөзін айтғың ба ақыры? Бар, бар онда! Ақ сүтімді көкке сауармын. Ай көргендей бір шөпжелкеге соншама тәу етіп. Егескің келе ме тіл алмай? Егес, егес ойбай! Көрсеттің бүгін көресімді, қыршын. Бар, бар етегінен айрылмай, ұстап отыр.

Жандос. Түсінбейсіз, мама. Қызық іздесек... тапсақ... жазығымыз бар ма? Кінәміз не? Кешіріңіз! *(жүсіріп шығып кетеді).*

Рахия. Тоқта, Жандос! Тоқташы, құлыным! *(Жақыпқа)* Неғып тұрсың мелшиіп! И-и, сорлы басым! Әке болып ықпалың тимеген сенен не қайыр. Қолыңа қамшы алып шықпыртып отырсаң, осыны көрер ме едік?

Жақып. Болды енді! Өзеурей бермей қойсайшы. Қайда барар дейсің? Аптығы басылған соң қайтады өзі.

Рахия *(мазақтап).* Қайтады өзі. Осыдан сол бала бірдемеге ұрынсын, екі қолым жағаңда ойнар, жағаңда! *(отыра кетеді).* О-oh, жүрегім-ай! Қағып кетті-ау,

ойбай! Қаным тасыды! *(Жақып жүгіріп келген)*. Аулақ менен! Аулақ жүрші әрі, жынымды келтірмей. Сенен туған бала не оңдырар дейсің?

Шымылдық

Бесінші көрініс

(Төртінші көріністегі декорация. Мунира жалғыз).

Мунира. Іздемеген жерім жоқ. Таппадым Жандосты. Неге ғана ренжіттім екен? Өмірден арман іздеп едік қой. Неге сырт бердім? Уәделескен сертім қайда? Есеңгіреп қалғаным қалай? Ақ бораннан шошып, сескеніп оянғам ба сен жоқта? Қайдасың, Жандос?

Сен сол бір суық шардақты - патшалығымыз деуші ең ғой. Онда да болмадың. Сенсіз ол жердің де түк қызығы жоқ екен. Сол биіктен қаланың кешкі көркін қызықтаушы ек. Енді міне бәрі меңіреу, қала да меңіреу.

Жандос! Сен маған біздің аллеяны сыйлап едің ғой. Сол аллеяңмен келе жатып айтатын әніңді сағындым бүгін.

Жан сәлемі екен ғой әнің, Жандос. Шынымен қайрылмай кеткенің бе? Махаббаттың алды қызық, арты зәрлі өкініш болғаны ма? Сезімді неге қақпайлайды? Қамқорлықпен ара түстім деп ата-ананың азап бергені несі? Жастықтың жасыл бағында жарастыққа ұмтылу - кателік пе?

Қайдасың, Жандос.! Өзінді мәңгі тосам! Күтем сені! *(Бір топ адам - Жандостың туыстары шығады).*

Бірінші адам. Мунира, Жандос әлі келген жоқ па?

Екінші адам. Анасы байқұс кешеден жанын қоярға жер таппай жүр. Іштен шыққан шұбар жылан, бәрібір аңырап іздейді-ау.

Үшінші адам. Қазіргі жастарды айтпаңыз. Шетінен білгіш. Өздерінікі жөн, өзгеге салар ісі жоқ. Әйтпесе, құпияның ісін ашкерелеп жасамас еді ғой.

Бірінші адам. Мунира, егер ол келетін болса тұп-тура үйге жібер. *(Үйден Гунира шығады).*

Гунира. Мунираш, үйге кірші, қалқам, (Мунира кеткен). Ай, ағалар-ай! Ауыр түйін бар-ау кеуделерінде! Жас ниеттің гүл тілегіне тікен боп қадалатынын ескерсендерші.

Бірінші адам. Гунира, бейуақыттағы жүрісімді әрине жақсы демеймін. Себепсіз де емес. Тек, әйтеуір, осы сабылыс оңынан бітсе екен.

Екінші адам. Жас жастың тілеуі бір екенін біз де білеміз. Түбінің қайырын берсін. Әу, Гунираш, бұрыннан көзіңмен күліп жүруші ең енді сүйек- шатыс боп алсақ, әзіліміз тіпті жарасып кетер еді-ау. Сол кезде былай дермін-ау! (Әндетін).

Бір сөз айтам қара бермен, құдаша
Айтқан сөзім көңіліңе ұнаса...

Үшінші адам. Гунира, бізге өкпелеме. Анасының өзегі өртеніп отырған соң бір хабары бар ма деп әдейі келіп едік. Айыпқа бұйырма.

Гунира. Салқын кештің салқын кеңесінен не шығар. Дұрыс-бұрысын өздеріңіз табарсыздар. Сау болыңыздар.

Үшеуі. Сау бол, Гунира!

Шымылдық

Алтыншы керініс

(Мунираның үйінің ішкі көрінісі. Орта жиһазды кең бөлме. Гунира мен Сақып).

Сақып. Мунираның директоры телефон соқты. Жандосты сұрайды.

Гунира. Апырай, жеңеше, жүрекке әмір жоқ емес пе? Соншама жанның әлекке түсіп жүргеніне таңым бар.

Сақып. Жандос балам бірдемеге ұшырап кете ме? деп қорқамыз да.

Гунираш, ашық күнде адасып, қара басатынымыз бар-ау. Ойлап отырсам, қарап жүріп-қателесіппін. Жүрекке әмір жоғын ескермей, әмір етпек болдым-

18-2-91

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
СІМІ

ау. Қызымның жанына нұр берген қуанышын сезбей, суық көңіл рахымсыздығын жасаппын. Өзімшіл ана көкіректің қаупімен Мунирамның қиналған түрін көрмеппін. Енді міне құлағымнан Мунирамның мұңы мен әні қабаттасқан жүрек дірілі бір кетпейді. Мен соған илана сеніп, қызымның ерке сезімін қуана құптаймын.

Гунира (*Құшақтап*). Айналайын, жеңеше-ай! Сізден осыны күтіп ем! Алдыңыз ғой ой-бойымды билеген зілді, жеңешем (*Мунира кіреді*).

Сақып. Мунираш, таппадың ба, күнім! (*Құшақтаған. Мунира өксіп тұр*). Жыламашы, жаным!.. Жазықсыз сені жазғырған құйын үстіндегі алай-түлей ашумен еркінен айрылған анаңды кешірші!.. Сені ренжітіп көрген қызығымның, жарық күнімнің күлі көкке ұшсын!.. Кешір мені, Мунирам!

Мунира. Мамам менің! Жылатып алып уатпақсыз... Сындырып алып, құрсауламақсыз, мамам! Анам менің!

Сақып. Күнім-ай, қатал ма едің! Жанымның жараланғанын сезші, қызым... келдім ғой өзіңе... Бас иіп жеттім ғой алдыңа!.. (*Рахия кіреді*).

Рахия. Ұлым қайда, Жандосым қайда? Тап, Мунира! Ұлымды өлсе, сүйегін бер! Әу, Сақып! Үш күннен бері сендер ұрлап тығып отырсыңдар. Жасырмаңдар, шығарыңдар! Әйтпесе дауа табар көңілім жоқ. Көрсін мына құлазыған түрімді, аясын ол. Жадыбас боп кетсе оны да көрейін. Шығар, Мунира. Сен оны қойныңа бассаң, мен тоғыз ай бойымда көтергем! Қайда тықтың, қай қуысқа қамадың? (*Кереуеттің астын, шифоньерді ашып қарайды*) Сорлаған ғой, өлген ғой, ойбай боздағым! Өлдім-ау, жүрегім қағып, қаным тасып барады! (*Сылқ отыра кетеді. Сақып басын сүйеген*). Аулақ әрі, жоламаңдар маңыма! Не өзімді, не біреуіңді мерт қылармын, ойбай!

Шымылдық

Жетінші көрініс

(Класс жиналысы. Мінбеде директор).

Директор. Қымбатты оқушылар! Өмір таңы алаулап атқанда, жас өмірдің қызу қаны қиял құшағына тым әуес болады. Шындық, тек қана шындық іздеңдер сондықтан да. Қиял - әсем, ол асып-тасып жатқан шаттық пен бақыт дүниесіндей. Ал шындықтың сыры басқаша. Гүлі де, бүрі де бар оның. Ыстығы да, суығы да аз емес. Қорықпаңдар шындықтан, ақиқатты қадір тұтыңдар. *(Пауза).*

Қымбатты шәкірттерім! Қасиет табу - ардың ісі. Арың таза, жаның адал болса, арман асуы да биік болмақ. Бірақ сол асуды асарда алғашқы басар қадамыңның дұрыс-бұрысын ойладыңдар ма? “Ел жұртыңның бағына жаса!” деп қадір тапқызар шаққа апарар жол ма түскендердің? *(пауза. Мунираға бұрылған).*

“Бала ата-ананың бауыр еті”. Ал сол балаға ата-анасы әрі тәрбиеші, әрі тірегі, әрі жан сүйері, жақыны. Ойлайықшы, шәкірттерім менің! Ең алғашқы тәй-тәйімен ұмтылған ұлының талпынғанын анасы ұмытар ма? Өтіп кеткен бір күндерде “папалап!” келіп еркелеген қызының қуыршақ бейнесін әкесі мәңгі ұмытар ма? Ұмытпайды! Ыстық жүрек сағынышымен олар өмір бойы жадында тұтады. *(пауза).* Мунира, меніңше, сенің кінәң Жандосты ата-анасымен араздастыруыңда тәрізді-ау. Сенің Жандоспен дос болуыңды құптамаймын да, даттамаймын да. Кейін өзің бәрін ұғып, өзің бәрін түсінерсің. *(Орнына отырған. Мұғалім сөз алған).*

Мұғалім. Шын қуаныш беретін жастық бар. Шын рахатын көретін жастық бар. Өйткені жастықтың толқыны махаббат арнасымен ағады. Бірақ толқынның толқыны бар емес пе. Ерте басталып, жағасынан асып, жолындағыны жайлап өтіп, іле тез солатын қар суының толқыны сынды махаббатты паш етпейікші. Шаттық дегеніміз сағым, өмірлік дегеніміз өкініш болмасыншы. Соны ескерейік те, асықпайықшы, достарым. Жас жетсін, оқу бітсін де. Желікпейікші алдамшы желікке. *(Пауза).*

Мунира, сен азырақ бөгелші, ал басқаларыңа рұқсат.

(Класс тарайды).

Мунира, араларыңда не болды? Жандос қайда? Жасырмай, айтшы.

Директор. Айт, айта ғой. *(Мунира үнсіз. Екі ұстазға кезек қадалған. Көзде жас).*

Мұғалім. Тым болмаса Жандостың хаты да жоқ па? Біз білейік те, Мунира.

(Мунира портфелінен 3-4 хатты алып столдың үстіне тастап бетін басып шыға жөнелген. Мұғалім мен директор хаттарға төнген).

Мұғалім. *(Бір хатты ашқан оқиды).* Мунирам! *(Әрі қарай Жандостың даусы).* Мунирам! Ән мен күйдің тамаша ырғағындай сенің үнің көңіл көктеміне жауған жаңбырдай боп бүгін құлағымнан бір кетер емес.

Мунирам, баға жетпес қазынам менің! Ұлан-байтақ отанды аралаймыз екеуіміз. Поезға мініп кете берсек, талай ұлы өзгерістермен, алып құрылыстармен кездесер едік. О, біз бәрін-бәрін көреміз. Сол күнге жетерімізге мынау ән салған жүрегіммен серт етем. Көреміз бәрін. Сонда жарқын жүзді жандардың жылуы алғыс тілектің шашуындай үнемі алдымыздан тосады.

Мунираш, арман неткен тәтті еді! Біз бәрін жеңбей, алай-түлей көңілге тыныштық таппаймыз ғой, ә!.. Өзің айтқан үш “китті” - физика, математика, неміс тілін найзама тік шаншып, кемеме салып алам. Он жылғы еңбегімнің жемісі мен жеңісіндей - алтын медальді саған Мунирам, папам мен мамама сыйлық етіп тартам.

Мунирам, көңіл көктеміне жауған жылы жаңбырдай сенің әсем үнің мәңгі-бақи жанымнан бір үзілмесін!

(Екеу үнсіз отырып қалған).

Шымылдық

(Авансенаға автор шыққан).

Автор. Алғашқы кіршіксіз пәк махаббат! Сен мәңгіліксің. Сенің нәзік сырыңды, таң нұрындай жарқын, таң гүліндей жұпар иісті сырыңды ұқпай,

ажал сеуіп, қан шеңгелдеп қарсы тұрған жан қаншама.
Сен өлмедің, сен жеңілмедің. Ғасырдан ғасырға
ауыстың, асудан асуға астың. Әуелетіп әнге,
жалындатып жырға, күмбірлетіп күйге қосты сені асқақ
ойлы адамзат!

Алғашқы кіршіксіз пәк махаббат! Бақ мерейдің
туындай боп көңіл күмбезіне тағы бір оралшы! Ақ
тілеудің сәулесіндей, ақ үміттің бейнесіндей жан сезімі
- тұнық, көңілді түртіп толқытып, күйдіріп-жандырып
тағы бір жетсеңші! Алғашқы кіршіксіз пәк махаббат,
сен мәңгіліксің!





ЕКІНШІ БӨЛІМ

Сергізінші көрініс

(Жандостың үйінің ішкі көрінісі. Қатар екі бөлме. Бірінші бөлмеде, диванда Жандос жатыр. Әмина әжеі үстін қымтап жсауып жүр).

Әмина. Тыныштыққа енді ғана жеткендей-ау сорлы бала. Үн-түнсіз шешінді де, қисая кетті. Қайда болды екен? Жүдеген жүзіне тірлігінің қайғылы сыры тұнғандай. Қартайған шағымда, осы әлсіз күйімде сөнген шоқты тұтатар, сөнген үмітті сергітер дәрменім бар ма бойымда? Әлде уайым қалындап біткен сәтте... бейілің кеткен сәтте мен де сені түсінбес пе екем, қарағым? Өмір жолы бұлдыр да сағым еді ғой. Көргенім мен тергенімді бере алдым ба? Сүйсінерің не, түйсінерің қандай, немерем-ау? Оқымаған әжеңнің өнеге етер үлгісін көре алдың ба?.. Жүрек қылы сарнағанда жан шыдамы сап болушы еді... Тапқан екен сені де... Оңыңнан жарылқасын, күнім. Тек татар сыбағаң зәр болмай арты ашық сәулелі нұр болсын! Тілегім осы, әжелік ақ тілегім. *(Орнынан тұрып ауызғы бөлмеге шыққан. Рахия, Жақып кіреді).* Дабдырамаңдар! Жаңа ғана ұйықтады, оянып кетер.

Рахия. Жіберші! Қайдасың, Жандосым, ұлым менің!?

Әмина. Тоқта әрі! Жетер сұңқылдауың! Ұйықтасын. Қалжырап келіпті.

Жақып. Өзі қалай, апа? Жүдеу ме түрі? Төрт күн қайда болыпты, қайда түнепті?

Әмина. Әй, мен не білуші ем, бәтшағар? Түрінде қуаныш пен шаттығы мәре-сәре толып тұратындай сендердің қай қылықтарың келісті-ақ еді.

Рахия. Ала, қажыған нервімді түрткілей берме! Ұрыссам ұлым ол, қақсам қазығым ол! Сұйқаным сүймеген шүйкебасты осында келтірмеймін дегеніме

бола жазалай бер. Ұлымды ұрып та көндірем, соғып та көндірем! Алады тілімді, алғызамын! Алғаны осы емес пе, айналып қайтып келгені.

Әмина. Аш көзіңді, Рахия! Ежелгі гөй-гөйіңе баса берме. Енді мені бірауық тыңда. Санаулы күнім, өлшеулі демім қалған шаққа жеткенімде күйзелтпе мені, қинама немеремді. Бар өмірімде алдыңа алғаш рет қарсы келген анаңның меселін қайтарма. Ұлыңның кеудесіндегі үлкен сезімнің дауылын баса алмайсың, қызым. Босқа араңды ашасың, ұқ осымды. (Ас үйге шығып кеткен. Тор үйден Жандос шығады. Бас изеп амандасады).

Жандос. Менің столымды неге ақтарғансыз, мама. Немді ұрлап ұқтыңыз? Немді жасырыппын. Жасырарым махаббат па, оның несі құпия? Құпия етер түгім жоқ. Сүйемін Мунирамды! Соған оралдым. Қату көңілдерден қорғауға оралдым. Тату көңілді ұсынсаңыз, онда мына... дүрсілдеген жүректің алғысырзалығын сыйлаймын, мама. Әйтпесе, Мунирамды жақсы көре алмасаңыз да, жайына қалдырыңыз. Осы менің айтарым.

Рахия (ашулы). Сағынып келді ме десем, қағынып келіп пең, ұлым! Шыбын жанымды шырқыратуға оралдым де, ойбай!

Анаңның жүрегіндегі жарасы жазылды, жанындағы сынығы бітті деп келген шығарсың. Жоқ! Тасқа соққан басым бар, соны сен соққыздың, қыршын! Өртенген өзегім бар, соның отын сен жаққансың, қыршын! Сұрауы жоқ су ма едім, саған. (Жақыпқа бұрылған). Естідің бе-ей, үкіміңді, қатал тағдыр үкімін сүмелек-ау!

Жақып. Тоқтат, Жандос! Ашуымды келтірме менің. Тыңда шешенді. Шімірікпейтін неткен қаттысың! Қайда асығасың, балам-ау. Биыл он сегізге шығасың. Әлі-ақ мезі боларсың қосағыңнан... (Өзіне). Сүмірейген мені көрмей ме екен сорлы бала? (Дауыстан). Қоя ғой, Жандос. Әзірше Мунираға асықпа. Оқуынды бітір, институтқа түс!

Рахия. Әй, әй шірік! Мәймөңдеме өйтіп! Қатты айт! Басыңды шауып тастар деп тұрсың ба? Көнбесе тағы кетсін. Әрман әрі, о нес!

Жандос. Тірлікке өкініш пен өксік қана толған ба, папа? Ата-ана хақы зорлау ма, бала хақы зарлау ма? Әділ үкім ар аузынан естілмес пе. Соны ойладыңыздар ма? *(Шығып кеткен. Рахия мен Жақып үнсіз, Әмина келеді).*

Әмина. Жас ғұмырдың гүлін таптаған шіркіндер-ай! Түсінбеген жайларға ойланбаған талап қойып не табамын дейсіңдер? Қорлықтан бетер қолқа ма саларларың? Қалай ақтармын сендерді, қай қисынын табармын?

Шымылдық

Тоғызыншы көрініс

(Мектеп ауласы. Аулада Сапар және екі қыз әңгімелесіп тұр).

Сапар. Әне, екеуі қол ұстасып келе жатыр.

Бірінші қыз. Ой, қандай жарасымды! Көңілге мың қуаныш орнағандай болды-ау!.. Шіркін-ай, өртеп кетер оты болса да, ұмтылған жүрек екпінімен мен де сондай бір жігітті іздейтін тәріздімін ғой!..

Екінші қыз. Жарастық, жастық жұп деп жүріп, Айман-ау, ақылды адастырып алма.

Бірінші қыз. Дәл анаңдай ғажап халде, ләззаттың дәмін бір ғана татқызып өтсе, онда ақылымнан адастыра берсін, Қымбат!

Сапар. Қойсаңдаршы, қыздар-ау! Әне аналар келіп қалды!

(Жандос пен Мунира шығады). Көңіліміз көлдей, бейіліміз белдей екеуіңе. Әттең екеуіңе ұсынар дәл қазір гүліміз жоқ, бірақ алда әлі талай күніміз көп. Сыйлаймыз ғой, сыйлаймыз гүлді де, күнді де. Ал, Мунираш, Жандосың кеп көзайым болдың ба? Әбден жүдеп, жүнжіп бітіп едің!..

Жандос *(Мунираның қолын қоя беріп жетіп барады).* Сіз... Сіз кешірім сұраңыз!

Сапар *(ыңғайсызданып).* Әу, Жандос! Қашаннан бері “сізшіл” болып қалғансың? Не үшін кешірім сұрауым керек?

Жандос (ашулы). Дереу Мунирадан кешірім сұраңыз! Және менімен сөйлесуші болмаңыз. Сөйлеспейсіз дейім!

Сапар. Пардон, Мунира! Кешіріңіз, Мунира! Ал, Жамдос, сен, ә-ә... жоқ... Сіз маған арбаның дәл бесінші дөңгелегіндей қажет-ақсыз!

(Жандос Мунираны қолтықтап шығып кетеді). Солай, қыздар, қас пен көздің арасында достан айырылып, “сіз” болып сызылып шыға келдік.

Түсінесіздер ме, сіздер? (Шығып кетеді).

Бірінші қыз. Көрдің бе, Қымбат! Қандай жарасымды махаббат!

Екінші қыз. Көрдім, Айман! Көрдім ғой Мунира қандай бақытты! Ынтызар тілектің асыл әнін, ынтық әнін тауыпты-ау! Соны көрдім әлгінде. Мен де осындай бір шақ кешсем ғой шіркін!.. Айман-ау, сүюден өтер тәтті жоқ шығар!..

Шымылдық

Оныншы көрініс

(Класс іші. Сабақ басталмаған шақ. Бір топ оқушы бас қосып қалған. Көңілді күлкі, айқай-шу, қалжың. Жандос кіріп келіп, ешкімге бұрылмастан орнына отырады).

Бірінші жігіт (Оқып тұр). Өмір гүлі - махаббат, өмір сыры - махаббат.

Екінші жігіт. Тоқташы, Әскен! Сәл кідірші. Қалай дедің. Өмір гүлі - махаббат, өмір сыры - махаббат! Қасқаң сылқита жазыпты-ау!

Үшінші жігіт. Иә! Керемет күшті айтқан. Жүрек жарған нағыз шындық қой...

Жандос (Орнынан ұшып тұрып, топты жарып барып қағазды оқып тұрған жігітке шүйіледі). Беріңіз деймін, сізге! Тәлкегіңізді көтерер жайым жоқ.

Бірінші жігіт. Өй, мынау жыңды ма? Е, ол ненің ақысы?!

Жандос. Беріңіз дедім ғой, сізге! Біреудің жазғанын неге оқисыз?

Бірінші жігіт. Мәссаған! Кім жазғанын білмейді де... Мә, оқи ғой. “Махаббат және адамгершілік” деген тақырыпқа жазған өзімнің шығармам.

Екінші жігіт. Қызықтың көкесі болды-ау!

Үшінші жігіт. Елдің бәрін ергежейлі санағаны ма?

Жандос (*дәптерді оқып, қайтарып береді*). Сіз... сіздер жыныма тимеңіздер. Тимеңіздер дейім. (*Үшінші жігітке*) Ал, сіз нағыз ергежейлісіз! Ойы да, бойы да бетегеден аласа, мешандық тірліктің типісіз.

Үшінші жігіт (*Ұмтылып, салып жібереді*). Мен саған мешандық типті көрсетемін! Мынау ергежейлі дегенің үшін!.. Мынау... (*Қасындағылар екеуін айырып жібереді*) Жібер, жіберіңдер!

Дауыстар. - Қойсаңшы, Садық!

- Қойыңдар! Екеуің де тоқтаңдар!

- Не жетпейді екен.

- Қалған аз күнге араздасып не табамыз!

(*Жандос сумкасын алып есікке беттейді. Қолында журналы бар мұғалім қарсы кездеседі*).

Мұғалім. Сақтұрғанов қайда барасыз?

Жандос (*тоқтамайды*). Кешіріңіз! Сау болыңыз... (*Шығып кетеді*).

Мұғалім (*соңынан*). Жандос, қайт! Сақтұрғанов, саған айтам! (*Жандос қайтпайды. Мұғалім балаларды шолып өткен. Тым-тырыс, үнсіздік. Ауыр үнсіздік.*).

Шымылдық

Он бірінші көрініс

(*Директордың кабинеті. Кабинетте директор мен класс жетекшісі*).

Директор. Балалардың бәрімен ұрысып бітті. Тап бір жаралы аң сияқты. Мұғалімдердің де тілін алуды мүлде қойып барады. Әке-шешесі де күнде келіп шағым жасайды. Не істейміз, Әсия Айдынбековна?

Әсия. Не дейін?!. Қаталдықты көлденеңдетсек, жас тілектің жібін үземіз бе деп қорқам. Маңдайалды оқушымнан дәл осындай қылықты күтпеуші ем...

Ойламаған жайға душар болғаныма далмын, Жахия Дәулетович.

Директор. Бұл қалпымен қоя беруге болмайды. Бір оқушыны жөнге сала алмасақ, ұстаз деген атымызға мін емес пе? Кажетті жерде қаталдыққа бару да керек шығар.

Әсия. Жақия Дәулетович, сонда сіз көрінеу көзге өзіміздің шарасыздығымызды түсіне отырын, Жандосқа "тырп етпе!" демекпіз бе. Онымен сонда нені ұтамыз?

Директор. Басқаларға сабақ болады ол, Әсия Айдынбековна! Бірді бұзып, мыңды түзесек, ақталған борыш пен ұстаз жанының орындалған арманы бой көрсетпей ме. Сол үшін де бастан сипап, арқаға қағудан тыйылып батылдыққа бел буайық. Тәртібіне үш қою керек!

Әсия. Апырай, Жахия Дәулетович, тым шұғылдық жасамаймыз ба? Жандостың жанына терең үңілудің орнына торығып бас арашалағандай шолақ кескеніміз бе? Ар-ұжданнан таза дүниесіне дақ салмас па екенбіз?

Директор. Ар-ұждан дейсің бе? Ар-ұжданды еш ауытқымай ұстағандардың арасынан ақтық сәтке жеткенде "өкінбен, разымын!" деген біреуін тауып бере аласың ба? Солардың өкініш пен опық жейтіндері көп қой. *(Тұрып терезеге барады).* Әне, тағы да бір шағым келе жатыр. Соны енді сен тында, Әсия Айдынбековна. *(Әмина әжей кіреді).*

Әмина. Есенсіңдер ме, шырақтарым.

Директор, Әсия. Сәламатсыз ба әжей, отырыңыз.

Әмина. Е, отырармын да, қарақтарым. Отырып алып бастарыңды қатырармын да. Жұмыстарың болса, онда бөгемейін де бөгелмейін.

Әсия. Айта беріңіз, әжей. Жұмысымыз біткен.

Әмина. Көңіл селт етіп, өмір жарқ етіп кетер сәт болады. Естен кетпейтін нәзік сырымен, тәтті дірілімен келетін жас дәуреннің сүйініші ол. Сондай қадірлі сәтке менің немерем, Жандосым жетіпті. Сүйінішін, серігін алданбай анық танқандай еді. Солардың қуанышы менің де кәрі кеудемнің сәулесіне айналып еді. Бұйырмас тілектей алыстап барады-ау. Соның мұңын айтқалы келдім, қарақтарым!

Қиянат түбі - қасірет. Ата-анасы қасірет көрсетсе,

наласы кімге? Бірзалық етпесе, қиянат емей немене? Қасірет емей немене?

Ана көңлі аңқылдақ. Ақ дегені қарғыс болса да, баласына ойлайтыны жақсылық. Бірақ қатесіне көзі жетпей, санасымен жетпейді. Осыны ойладындар ма? Ақтамаймын қызымды, ақтамаймын өзімді. Бірақ балама бақыт тілеймін деген шешімнің бейбаламын сендер түсінсе деймін. Үйінен үміті үзілгендей болған Мунира мен Жандосты мұнда сендер тақымдамасандар демекпін. Үйлескен үміт әнін шерге айналдырмайық. Осы еді айтпағым. Жеткізе алдым ба, білмеймін. Кәрі кеуденің талшығынан айрылам ба деген күдіктің мұңын алдарыңа әкеппін. Айыпқа бұйырмаңдар. *(Орнынан тұрады)*. Сау болындар, қарақтарым!

Әсия, директор. Сау болыңыз. *(Әмина әжесі кетеді)*.

Әсия *(Орнынан тұрып)*. Иә, тағы бір шағым! Жахия Дәулетович, шіркін дәл осындай шағым көбейсе ғой!..

Шымылдық

Он екінші көрініс

(Кешкі мезгіл. Ауланың іші. Айналып қайтқан Мунира мен Жандос).

Жандос. Кеудемдегі ыстық сезім толқыны бірде еркелете баурап алады, бірде әлденеден үркіп, сия алмай сығылысады. Осынау көктемде өзінді тапқанда жазықсыз жәбірлеген қиянатты қалай ұмытармын. Ойым алысты шарлағанмен шарасыз күйім бойыма ашу-ызаны ғана қоздырады. Дәл осы халімді дұрыс түсінші, Мунира.

Мунира. Түсінемін, Жандос! Өз жанымның сырымен түсінем. Тек, кеудеміздегі ыстық толқын сезімі бар жәбірді шайып кетсінші! Мойымайықшы. *(Пауза)*.

Жандос. Мойымайық, дейсің-ау, Мунираш. Қайтіп шыдармын. Алды-артымнан аңдыған көзге көрінбес бір қыл тұзақ қол-аяғымды буып тастаған жоқ па. Басқан ізімді аңдыған әлдебір ерекше көз, жіті көз бар ғой. Мамамның айыбынан да, ұстаз ұйғарымынан да қатерлі сол белгісіз жанның басым үні еңсемді басып

барады. *(Қойнынан бірнеше көк конверт алып Мунираға көрсетеді)*. Міне, менің жауымның жазғандары. Сенен жасырып келгем, Мунира. *(Мунира да сумкасынан бірнеше көк конверт шығарады)*. Немене?! Саған да жіберген бе, Мунира-ау?! Неткен жауыз еді! Мені аямасын. Сені... сені қалай жазалаған! Қарғыс толы жүректің уын саған да төккен екен-ау, Мунирам! Соның бәрін маған білдірмей қалай шыдап келгенсің. Өмір бойы құрметтеп, бас иіп өтермін өзіңе!

(Екеуі кетеді, аулаға бір топ адам шығады).

Рахия. Көргенсіздің көркі - көптікі. Көпшіл дейді ғой Мунираны. Ойбай-ау, онда мен оны, ол көпшілді көбіңнен бөліп, тентегіме теліп қайтем. Мен аулақпын ол көргенсізден! Бөлдім іргемді ондай салдақыдан!

Әу, көңілдері! Тындаңдар бәрің! Басын аштым Мупираның. Қай жеңгенің әкете беріндер жетектеп! Қапы қалмаңдар. Ұлым безінді одан. Жабысса айрылмас талақ па деп едім, талақ та талқан болады екен. Аулақ болсын ол менен! Аулақ! Аулақ!

(Жандос пен Мунира шығады).

Жандос *(ашына жетіп барады)*. Тоқтат, мама! Ұялмай қалай айтып тұрсыз! Бар қызығымды ұрлап, жазықсыз қаралап оңалмас қателікке ұрындыңыз. Онда басқаша айтыңыз, ұлыңыздың жоқтауын айтыңыз! Мен, мен анамды біржола жоғалттым... мына кеудемдегі ана деген абзал жанның орнынан құлазыған қуыс тауыппын... Айрылыппын анамнан... Тән қазасы емес, көңіл қазасы... көңіл қазасы жетіпті.

Мунира, тоқташы! Дем тынысым бітті ғой! Сен-делтті ғой дерт мені!.. Ең болмаса сен кетпеші хасымнан. Тірегім болшы!.. *(Мунираның соңынан кетеді)*.

Рахия. Аздың ба, ұлым! Өштің бе, қыршын! *(Жылап келіп Жақытқа сүйенеді)*. Біткені ме, өткені ме бәрі? Айтшы, сен. Не боп барады? Не боп барады, Жақып-ау!?

Жақып. Мен не айтам, нені айтам, Рахия, саған. Тыңдамадың ғой.

Рахия *(утеріп жібереді)*. Тәйт, аулақ! Қырың жоқ балаңа. Сен, жеттің түбіме! Аулақ әрі, ойбай, аулақ менен!

Шымылдық

Автор. Жалын жұтып, жанымен өксіген махаббатшыл жас ғұмырдың алдынан шытырманды тірлік жолы ашылды. Қайда бастары, қайда соғары белгісіз. Тек сол бір көмескі сүрлеуді іңкәр сезімнің үміт сәулесі ғана жарық қылғандай. Түсінбей анасы безді. Ұғыспай ұстазы кетті.

Бірақ барлық қатал тағдырдан да артық сұлу сезім оты бар олардың бойында. Сол оттың нұр сәулесі ынтызар көңілдің жарқ күніндей жарқырайды. Сол күн еміреніскен жүректердің назды шерін, құпия сырын сақтаған мәңгілік қазынасы еді.

Мейлі махаббат жолы даңғыл болмаса да, түптің түбінде бақыт отауының табалдырығына бір тірелер. Сол тілекке іштей сүйініп, келешектен сыр тарттым мен.

Он үшінші көрініс

(Класс жиналысы. Мінбеде директор).

Директор. Бүгінгі оқушыларым, сендер ертеңгі азаматсыңдар. Бірақ бүгін тағы да тату шаққа шоқ түсіріп жиналды. Шат күлкілеріңді ұрлаған жадау мезгілге тап болдық. Бой тасалап өте алмадық одан. Ақырғы қоңырау шылдырын ұрыс үні бұзбақшы. Ащысына түйсініп отырып шешсін деген тілекпен Жандос пен Мунира тәртібін өз талқыларыңа салмақпын.

Жолдастарыңның кеудесінде бұрқ-сарқ қайнаған ашу бар. Сол ашу тітірентіп тобынан, жазғырып жолдастарынан айырды. Азғырып ата-анадан да алыстатты. Сонда бұл ненің белгісі? Бітеу жара көңілдің бітпеген кегін аламын дегендік пе? Айтыңдаршы, сол қолқасы орынды ма? Тобы талады ма? Жолдасы жазықты ма? Ата-анасы айыпты ма?

Жоқ! Жазықты болсақ жасырмасын. Айыпты болсақ, аямасын. Тек жөнді ұмытып, ашумен лап етіп тұтану, Жандос, сән емес. Көңілдің кілтін табуға тырысайық.

Қуаныштың ләззаты болады. Өкініштің шері көп. Татқаның ылғи ләззат болса, баққаның жеңілдік пен

желігу ғана. Сен жеңіл желікке ердің, Жандос. Сен Мунираны желіктірдің, Жандос. Қандай едің сен бұрын. Бүгінгі сені таныр емеспін. Мүлде өзгергенсің. Ұстаз үлгісінен шықтың. Ата-ана тілегінен ажырадың. Безеріп бетіңмен кеттің. Күйзеліп айтар шындығым осы! *(Орнына отырады. Мінбеге Сапар шығады).*

Сапар. Мен Жандосты он жылдан бері білем. Ақ көңіл, адал досым еді. Бүршік атқан достық гүлі бүрісіп барады. Жүрек сезімін суытқан Жандостың өзі. Соны қайта жылыт, қайта көркейт деп сенен жалынып өтінем, Жандос! Бұрынғы қалпыңда, ақжарқын бейнеңе орал. Кекіреймей, кішірей. Жолдастарыңмен табыс. Ұстаздарыңмен ұғыс. Ата-ананың алдында басыңды ій. Дүниенің тұтқасын ұстағандай бола берме. Айтарым осы - дос тілегі деп құп алсаң! *(Орнына барып отырады. Мінбеде - мұғалім).*

Мұғалім. Дұрыс сөзді түсіне білгеннің зияны жоқ. Бірақ сен сынымызды кетірдің, Жандос! Алған тәрбиең, сіңірген білімің әлден осылай бастаса, сенен не үміт, не қайыр. Өтеміз де өкініп. Қара түннің құшағынан суырып шықтық ба дегендегі көреріміз осындай бас бұзар тентектік пе? Парыз тұтқан міндетіміздің бәрі зая ма. Түсінбеппін сені, Жандос. Озің түсіндір.

Дауыстар. - Айтсын бәрін.

- Шық, Жандос!

- Түсіндір!

- Жандос, ашылшы досым!

- Шуламаңдар шетіңнен!

(Жандос мінбеге шығады).

Жандос. Ашылармын, басарсыңдар бірақ. Түсіндірермін, түсінбессіңдер сырымды.

Алдымнан үмітті арман күткем. Жанымда сүйініштің жалыны бар еді. Арманымды алыстатуға тырысатындар көбейді. Өшірушілер молайды. Неге сөйтеді? Гүл жарған көрікті шаққа Мунира екеуміздің бұрын жеткеніміз, бұрын тапқанымыз айыбымыз ба еді? Өмірдің ең алғашқы бақытын сезініп жүрек лүпілімен тіл қатысқан екеумізге ата-анам, ұстаздарым, жолдас біткен неге тосқауыл болады? Неге түсінбейді бізді? Сол қиянатқа көнбесек, ноқта үзген тентек боп

аталғанымыз калай? Нәзік сезімнің нәзік лебізін бір сәтке ұмыта алмайтынымыз үшін жазықтымыз ба?

Азды деп ата-анам азаптаса да, сол нәзік сезімнің жалыны өшер емес. Бүлік шығарып, бұзылды деп ұстаздарым ұқпаса да, сәулесі шалқып тұр. Шалқып өтер. Жазықсыз күйімізді өсек отын тұтатып әлдебір досым жансыз боп жазғырса да, басқа күйге көнбек емес бұл сезім. Көнбейді!

Қуаныш нұрын сезініп тұрып бөтен тірліктің қиянатын қайтып көтереміз. Ауыр азаптай боп тіліп түспес пе сол бір тілектер. Күйімізді ұғынбай, жүрек сезімін бір тындамай, өз еркіне қайыратын маман аямай жастығымнан айырмақшы. Жалғыз қалғандай сәтімізде алай-түлей жанымызды ұқпаған ұстаздар бар. Күбір-сыбырын көбейтіп, басқан ізімізді аңдыған тыңшы “жолдас” дегендерге не айтамыз? Жазығымыз бар ма еді? Айыбымыз бар ма еді? Жоқ! Жоқ, деймін тағы да.

Дауыстар. - Сонда кім жазықты?

- Бір ғана адам дұрыс боп, басқаларымыз түгел теріс болғанымыз ба?

Жандос. Иә! Тап осы арада осылай деп айта аламын.

Сапар. Жандос, сен сахнада тұрған жоқсың ғой, неге өзеурей бересің. Сен эгоиссың! Вот!

Оқушы. Жандосқа “Сіз” сіз деп сөйлесіндер, сонда ғана ол икемге көнеді.

Директор. Тынышталыңдар! Сақтұрғанов, ақырғы рет айтамын. Ойлан. Ойлан да жауап бер. Кінәнді мойындайсың ғой, ә. Ата-анаңмен татулас! Қазір жолдастарыңнан кешірім сұра!

Жандос. Мен екі айта алмаймын, Жахия Дәулетович. Ешқандай кінәмді сезіп те тұрған жоқ.

Директор. Солай ма, солай де, бала! Қатаң сөгіс екен іздегенің. Болсын сол онда.

Дауыстар. - Иә, берілсін!

- Қатаң сөгіс болсын жазасы!

- Аттестатына жазылсын!

- Дауысқа салайық.

Жандос (*Мінбеден түсіп Мунираға келеді*). Мунирам, көрдің ғой. Түсінбейді демеп пе ем. Мүмкін кетсек пе екен осы арадан? Өзіміз келіскен жаққа? Ә, Мунира?!

Директор (Жандосқа). Сендер ешқайда да бармайсыңдар. Бұйырамын!

Мунира (Орнынан тұрып Жандостың қасына барады). Біз кетуге тиістіміз. Сіз енді бұйыра алмайтын жаққа, жолдас директор. Кешіріңіздер осылай болып шыққанына. Иә, Жандос! Кеттік, онда! Мен дайынмын!

(Олар бірінің қолынан бірі ұстайды. Мунираны құшақтаған күйі ашық терезеден төртінші қабаттан сыртқа атылады).

Жандос. Қош болыңдар!...

Шымылдық

Автор. Міне тағы да бір махаббаттың шоқ гүлі үзіліп түсті. Қирап, сынып түсті. Бірақ махаббатқа бұғау жоқ. Еркіндіктің ақ қанатты сандуғашы шарықтайды әлемге. Бақ тілейік махаббатқа, адамдар. Көк аспанын бұлт шалмай, күні күлімдеп тұрғанын армандайық та.

Сенейікші махаббатқа! Тұрмайықшы жолында! Көрейікші құдіретін! Махаббаттың арманын өшіріп, ақ қанатын сындырмайықшы! Қайта оған тәңірідей табынайықшы! Мадақтайық махаббатты!

Июль-август 1962 жыл. Мәскеу.





Е Й , Д Ү Н И Е!

(Радиопьеса)

Қатынасушылар:

Бастаушы.

Біржан сал.

Әпіш - жұбайы.

Теміртас - ұлы.

Ержан - ағасы.

Азнабай, Жанбота - болыстар.

Әжей - Әпіштің әжесі.

Тұрсын - Әпіштің әкесі.

Әйел - Әпіштің шешесі.

Балкен

Едірей

Жігіт

Тәңкебай

Төреқұл

Ыдырыс

Поштабай

Поштабайдың баласы

Молда

Халық. Еркек-әйелдер.

БІРІНШІ КӨРІНІС

Бастаушы. Аяқ-қолға қыл бұрау түскеніне үш жыл толды.

Қыл арқан қысқан білезіктік қызарып, шорланып кетсе де, ауық-ауық шып-шып қан атады.

Жазғы тұрымғы шуақ та, жаңадан бой көтерген көкті майда сипай жететін самал да Біржанды сергітер емес. Қыбырсыз отырып, нұры тайған көздердің күңгірт қарасымен бір нүктеге ұзақ телміреді.

Баяу басталып, бірде шұғыл, бірде тосаң саздарға ілесіп күбірлеген еріннің уілінен асқақ сазға ауысқан өз халін де аңғармайды. Лезде қаяулы жүзі сан құбылып, сонау ешқашанда ұмытылмас уазипалы шағын қайта кешкендей жүрек лүлілінің діріл қаққан ынтығымен қоңыр саздың әсем нақышына сүңгіп кетеді.

Біржан (*әндетін*).

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,
Көкшетау боқтығына көмген жерің...

Бастаушы. Ән шырқағанда, көңіл шешіледі. Қай-қайдағы ойға түседі. Ащы күйік ызалы намысты бұрқ еткізсе, сол намысты өршіткен содыр соққысы отыз жыл бұрынғы бар бояу-бедерімен көлбеңдеп оралды.

1865 жылдың жазы. Көкшетау қаласы үлкен әбігер үстінде. Омбының генерал-губернаторы дуанға келеді деген хабар қала ұлықтары тұрмақ, бүкіл бір ояздың даладағы бай мен биін, болысы мен шонжарын да төрт аяғынан тік тұрғызып, дүрбелеңге салып қойды. Осынау қалың елді түгел қозғап, одағай жеткен хабар Ақсары Жанбота болысты да титықтатып тастады.

Жанбота. Шуын сүйреткен сиырдай шұбатылмай аяқтарыңды жылдам басыңдар! Әй, Ыдырыс, әкелген үйлер қандай?

Ыдырыс. Жәке-ау, сіз тіккізген үйлер жаман

болушы ма еді. Шетінен сегіз қанатты. Ақ жүннен басып, күйген сүйектің күлімен бояған үзік-туырлықты, сүйегі шомбал, қыпшақ иінді үйлер ғой. Жәке, әне өзіңіз қараңызшы, көздің жауын алады-ау, көздің жауын!..

Жанбота. Жә! Әлгі Біржан неме келді ме?

Ыдырыс. Сол заржақты қайтесіз? Барылдап елдің берекесін алар.

Жанбота. Жап аузыңды! Сен не білуші ең! Бар, Біржанға серіктерімен бір үй дайында.

Бастаушы. Қаланың шыға берісіндегі атшаптырым шалғынды жазыққа қаз-қатар тіккізген үйлер Жанботаның байлығын да, атағын да алыстан айбындай түседі. Генерал-губернатордың ел арасына арнайы шыққан ұлықтық сапарына орай қазақ жуандарының сый-сыралғысы осындай бақастықпен жарыса орнап, жағаласа бой көрсетіп шыға-шыға келді.

Азнабай болыс Жанботаның көл жағасындағы бытырата шашылған қаз жұмыртқасындай ақ шаңқан үйлеріне ат үстінен шаншыла қарап қойып, басқаша әрекетке көшті. Үш үйді іркес-тіркес жалғастыра тіккізіп, ақ патша ағзамның қадірменді ұлығына лайық “қабылдау кеңсесін” сайлатты. Көгебай бешпентінің етегін ат сауырына жайып жіберіп, доғал саусағымен дөң мұрнын сипап қойып, қадау-қадау бұйрық береді.

Азнабай. Қорасан кілемдердің оюы бір түстілерін аяқ астына төсеңдер. Ұзын көше болсын. Табалдырықтан төрге дейін жайыңдар!

I адам. - Ой, дұрыс ақыл екен! Азекең біледі-ау.

II адам. - Азакеннің білмейтіні жер астында.

III адам. - Қаланың кеңселерінде солай болатын. Былтыр саптамамен шыға алмай, әлгі біздің тілмаш жігітті екі сағат тосып, далада күтіп алғаным бар.

Азнабай. Жанботаның жігіттеріндей болбырап қалғандарың қалай! Тез қимылдаңдар! Керегенің көгінің шытырашын жарқыратып сүртіндер!

I адам. - Дұрыс екен! Күмісі жарқырайды-ау сонда!

II адам. - Ондай күміс жандаралда да жоқ шығар!

Азнабай. Анау қоңыр туырлықты қайдан алдыңдар! Аулақ! Әкетіндер! Жанботаға апарып беріндер, жыртығына жамасын.

Бастаушы. Болыстың сөзіне қасындағылар түгел дарығыса күлді. Әсіресе Жанботаны қыжырта тиіскен Азынабайдың бәсекелес сырын білетін үзеңгілестері аяқ астынан ермек табылғанына қуанып, қызғаныш отына май үстей түседі.

I адам. - Ойбай-ау, біздің мырзаға ілесем деп байғұстың таңы айрылатын болды.

II адам. - Қайтесің енді. Жанбота бота екенін білмейді. Бота екенін білсе, бураға қарсы шығар ма еді!

III адам. - Әлін білмеген әлек деген осы-ау!

I адам. - Е-е, ботамын, боспын дер ме ол. Бүріп, жұлып тастардай құтырарын қайтерсің.

Бастаушы. Кең көгалға жайыла қонған екі шоғыр ауыл кеш түсе саябыр тапты. Сол кезде шарықтап ән көтерілді. Көкжиекке шаршап жетіп қонақтаған күннің алауымен батыстан шашырай тараған қоңыр қызғылт сәуледен ән нұр боп, сыр боп құйылып-құйылып жатқандай.

Жұрт тегіс ән шыққан үйге ағылды.

Қара мақпал жеңіл шапанды желбегей жамылып, сері жағалы ақ көйлектің омырауын ағытып жіберіп, кең жазық маңдайлы әнші жігіт Біржан сал оқалы тақиясының жібек шоғын ырғалтып, құйқылжытып ән шырқап отыр.

I жігіт. - Рахмет, шырағым! Асқақтата бер өстіп!

II жігіт. - Осы ән шіркін құдірет-ау! Барлық шерімнен ада боп шыға келдім.

III адам. - Уай, Біржан қалқам, осы сен ән салсаң шырқатып, ойнатып, жалындатып саласың. Сен тоқтасаң, мені әлдебір уайым, мұң басады. Сол қалай?

Біржан. Е-е, ақсақал. Ол оңай ғой. Маған салсаңыз дүниеде мұң жоқ. Уайым-қайғы жоқ. Шаттық бар, шадымен тірлік бар. Нұр аулаған ынтықшыл көңіл сарыжайлау мекенін қызық пен думаннан ғана сайлайды. Ән мен әуен - серінің серігі ғой. Ескек желдей құтырып, атой үніндей дауылдап, шығандап барып мың сан қауымды тік өргізіп әкелетін ән құдіретін мен тапсам, қалың жұрттың жүрегін сергітіп бір тастасам, одан артық сыбағаны қалар ма едім. Одан арғы тірлікте не іздермін. Іздерім жоқ. Сол өзі жетеді. Әнмен

уантып, әуенмен көңіл көлеңкесін қуалай білсем - дүниенің басқа бәсіне таласарым болмас - ау!

I адам. - Әб бәрекелді! Жақсы айтты-ау!

II адам. - Жалынды жастың жанына өксік тимеген-ау. Әйтпесе басқаша шырқатар еді.

III адам. - Қайғыны қасірет өзі айтқызады сұрамасаң да. Қарағым, Біржан, иншалла, күлдіріп өт.

Бастаушы. Көңілді әннің бірінен соң бірі кетті. Екпінді өршіл ырғақ та, назды қоңыр майда әуен де, еркін ерке нақыш та кезек ауысып, жүрек сырын шертеді. Толқынды әуенді үздіктіре бұралтқанда іштегі-тыстағы тыңдаушылар жасаураған көздерін жасыра беріп, шынашақтарымен жүздерін сүйкесіп қалады.

Аузы ашылып, бар ынта-бейілін әншінің қимыл-қозғалысына бағыштағандар көп.

Өңі сұп-сұр боп, қамшысын екі бүктеп ұстап ап, әлденеге сабырсызданып, ақшулан сақалының дірілін баса алмай қара көзде от шашқан кейбіреулер және сырт айналды.

Біржан (*әндемін*).

Беріп кет сақинанды мыс та болса,
Жүрейік күліп ойнап қыс та болса...

Бастаушы. Ән өрлегенде кеуденің көп түкпірінен бас көтеріп небір әдемі, сұлу суреттер туындайды. Ынтызар жігіттің қауіп-қатерге бас тігіп, нартәуекелге бекінген мәрттігі қандай! Жылап тұрып күле білер ерлігі қандай!

I адам. - Уай, көп жаса!

II адам. - Мәртебең аса берсін, азаматым, ардақтым!

III адам. - Тағы да, тағы айт!

IV адам. - Бізді қуантқан сені құдай қуантсын!

Бастаушы. Азнабай болыс өзіне жеке тіккізген ақ ордасында қымыз алдыртып ішіп, тыныстап жатқан. Манадан ән шыққанда елеңдеп отырған қасындағы жандайшаптары азайып қалғанын енді байқады. Сол-ақ екен, кеудесіне қызғаныш еніп, шала бүлінді.

Азнабай. Мына заржақтың қылғаны-ай! Әлден-ақ айналамды тақырлап жатыр. Ертең жандарал келгенде

шошайып қарақан қу басым қалса, атақ-беделден жүрдай екен деп кетпей ме. Әй, зымыстан-ай! Әй, кәпірістан Жанбота-ай! Мен тас санасам, сен құм санайтын зымиянсың-ау! Бірду-дырдумен алдап, атағыңды өткізбексің ғой. Көрерміз, сенің шаңырағыңнан орген ән менің ордамда қалай құбылмас екен. Сенің артыңнан бұралқы иттей еріп келген заржақ неменді менің кескекті тазыдай қарғыбаулап жетектеп алғанымды да көрерсің.

Әй, уай, поштабай төбет! Қайда жүрсің?

Поштабай. Азеке, мен осында... жаңа аздап түзге шығып ем. Бауыр ит ішке жаға ма...

Азнабай. Әй, анау заржағың кім? Кімді басынады?

Поштабай. Ол - Біржан сал ғой. Атақты Біржан ғой, Азеке.

Азнабай. Біржан болмақ түгіл құдай болса да, ұлуын тоқтатсын!

Поштабай. Апыр-ай! Ол шіркін көнер ме... Көне қояр ма... Оны түлетіп отырған Жанбота қырсық қой. Шабынан түрткендей боп...

Азнабай. Ендеше бұйрық етем. Мында әкел! Дәл осы ордаға әкел! Битін сығып, қанын жалаған кедейдің мал көзіне бітпей ме. Жанботаның бір беретінін мен үш есе ғып төлеймін. Қасындағыларын да қарық қылам. Қарайлама. Дәл осымды ұғындырып жеткіз. Жетпесе, ар жағын өзің біл! Сенің қолыңнан кім алар екен.

Поштабай. Қинадыңыз-ау, Азеке. Жанбота қырсық шаптығып жүрмесе...

Азнабай. Әй, неғып шыбындап тұрсың! Жауабын өзім берем. Бар!

Бастаушы. Зор дауысты әншінің үнінде ынтығу, аңсау бар. Қылдай нәзік, тылсымдай берік іңкәрлік тапқан қыз-жігіт әншінің сәнді үнімен бейбіт шадыман отау құрып, сыңғыр күлкісін еркелете төгілтеді. Біріне-бірі сенімді. Сеніп тұрып өмірден күлкі ғана аулайды. Қорқыныш пен күдігі, уайым мен сергелдеңі жоқ сүйісер жастың алтын табалдырығынан қиялмен-ақ иық тірестіре аттап барады...

I адам. - Апырай, асықтық деген құдірет-ау!

II адам. - Жақсы тілек айтты-ау! Білайым, қабыл болсыншы!

III адам. - Оны айтқызған әнші ғой, Біржан ғой!

IV адам. - Әншіге де, әніне де рахмет! Бір мар-қайдық.

I адам. - Шіркін әриайдайды ыңылдаған Бошан қойшының қойыртпағын тыңдап келген құлағыма болайын.

Мосқал адам. Қайтелік, кім бізді елеуші еді. Қарағым Біржан, шынды, сырды тауып айтып мына жаман ағаларыңды бір жасартып тастадың. Сен ән айтқанда мен тасып отырдым. Алғысымнан басқа берерім де жоқ. Батаменен ер көгерер. Өнерің өрлей берсін!

Біржан. Рахмет, отағасы. Осыдан артық сый бар ма. Бүгін онда аянбай бір сілтейін.

Бастаушы. Осы кезде үйге Азнабайдың поштабайы кірді. Жайшылықта еліріп зәрін шашып жүретін жігіттің едірең мұртына күлкі қонақтап, бірі ығысып, бірі кейін сырғып орын босатқан кісілердің арасымен өтіп, салдың қасына бір тізерледі.

Поштабай. Біржан, мен саған келдім. Жұмсаған - Азнабай болыс! Менің айтарым: сен ән салудан жалықпайсың. Үйткені сенің қуарың да, қаузарың да әләулай. Былай болсын, Біржан, сен қалған өлеңінді біздің болыстың ордасында отырып айт. Азекен аянбайды. Тақымың толады, жетегіңе ілеседі. Осыны айт деп жіберген Азнабай болыс!

Біржан. Итаршыланып қайтесің. Онан да ән тыңда.

Бастаушы. Біржан үлкен көздердің қиғаш қиығымен әлгіге бір ғана көз тастады да, домбырасын шертіп кетті. Лекилдетіп түйдек-түйдек жететін қызуы мол күйді бармақ астынан бипаздата саумалатып алып, және бір әсерлі әуенді шырқай жөнелді.

Біржан.

Есiлдiң аржағында көрдiм сенi

Сырғанды қайық қылып өткiз менi...

Бастаушы. Қайырмалап үздігетін сырбаз әуен бірде қалықғай созылып, бірде баяулата есіліп осынау мол жиынды үнсіз табынтады. Біржанды бір ғана адам атарға оғы болмай, іштей қатты қыжырттып отыр. Ол

поштабай. Қамшысын қымтып ап, тісін шақыр-
шұқыр қайрайды. Ән бітті. Поштабай әншінің
тізесінен ұстады.

I Поштабай. Біржан, тағы айтам. Пайданды біл.
Жерде жатқан мал жоқ. Жаман ырым жасама. Кердең-
дік сені мен маған жараспайды. Байға, барға жарасады.
Қане, жүр! Жүре ғой. Азнабай алдыңа айдап салады.

Біржан. Жарқыным, мен байлық қусам, баяғыда-
ақ, Азанбайыңды екі орап алар едім. Ол мұрат емес.
Ал бірақ мені кедей деп кім айтты. Ақпанда азынаған
аяздай Азнабай құдайың дүйім жұртты дәл мендей бір
серпілтіп, сергітіп көрді ме. Ендеше, сен мені жарыл-
қаймын деп босқа тыраштанба. Ноқтамды өзім беріп,
өзгенің аяғына бас ұрар осалың мен емес. Сауын айтып
олжа жимай, ән салып кеңіл ашсам, Азнабайың өмір
бойы түсіне алмас бір құдіретке бойлағанымнан да
шығар. Кескекті төбеттей айтақтап қосқан қожаңа дәл
осымды бұлжытпай жеткіз. Жігіт қадірі өнерімен
өлшенер. Сен білмегенді әне анау ағайыным айтты.
Халқым айтты. Тәйір-ай, кедейлігімді бетіме басып,
қақпайлап апарам деген күштілігіңе болайын.
Қысастың әндем жетерін білмесем, ашуға құрық созар
ем. Онда ырылдаған ит қасиетінен басқа не табам.

Бастаушы. Ызалы мысқылмен езу тартқан Біржан
домбырасын қайта шертті.

Поштабай сәтте күрең тарты. Едірең мұрты қара
қоңыздай жыбырлап сала берді. Жалтақтап жан-
жағына қарады.

I адам. - Әнді бөлме, поштабай!

II адам. - Басқа жерге барып арсылда!

III адам. Алдың ба сыбағанды. Саған сол керек!

Бастаушы. Өзіне қадалған көздерден кекесін
мысқыл мен әжуа күлкіні танып, поштабай бүкіл
денесімен шұғыл көтеріле берді де, қамшысын
құлаштап қайырып алып, қаперсіз отырған Біржанды
тартып-тартып жіберді.

Поштабай. Көзіңнің еті өскен екен, сасық кедей!
Кімді басынасың!

I адам. - Мына неме қайтеді!

II адам. - Аямаңдар!

III адам. - Біржанға қол сілтейтін қайдан шыққан бұзық!

IV адам. - Өлтіріңдер! Бұның құны бес тиын!

V адам. - Кімді басынады!

I адам. - Азнабайды арқа тұтады ғой.

II адам. - Азнабаймен қосақтап қойып сабандар итті!

Бастаушы. Отырғандар өре түрегеледі. Домбыраға жармасып, қасқырша тап берген қас қимылды танып қалған көпшілік поштабайды дырылдата сүйретіп тысқа атып жіберді. Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шыққан есерсоқ немеге жауып кеткен жұдырық пен тепкіде есеп жоқ.

Біржан домбырасын құшақтап орнынан жұлқынып тұрды. Өмірінде алғаш рет басқа тиген сұмдық соққысы осы.

Біржан. Қорлық! Қорлық! Қорлық-ай! Ұрды-ау! Кеудемді бастырмаған асқақ ем, басыма сұмдық соққы тиді-ау! Бұдан өткен қорлық бар ма? Ішімді өртеген жалын қорлық боп шарпи ма? Одан да неге біржолата жоқ қылмады. Ұрды-ау! Азнабай содырдың жаман құлы ұрды-ау! Әттең-ай, неге өліп кетпедім! Неге?!

Бастаушы. Біржанды ашу мен намыс қамады. Кеудесіне жалын аралас өксік пен өкініш оралды.

Біржан. Осындай қарғыс соққысы тиер болса о баста тумасам етті! Мені мынандай қорлыққа батырған жұртым, үндемей, бір бұлкынбай өмірден өгейсіп өте беремісің? Қысасты кім тияды? Жауызды кім ауыздықтайды? Халқым қара көрсете алмаса, жалғыз қара мен не таба алам? Не таба алам?

Бастаушы. Біржан тысқа жүгіріп шықты. Атына қарай бірер аттап барды да, қалт тоқтады. Үндемей кете берсе, сүйекке түскен таңбасы мәңгі-бақи бірге ілесетіндей сезінді ме, Жанбота отырған ақ ордаға шұғыл бұрылды. Қара көздерге кекшіл уыт оттары оралды. Жас тиылды, діріл басылды. Біржан сал табалдырықтан аттағанда, әнші дауысы намыс боп, ыза боп, қарғыс боп төгіліп-төгіліп кетті.

Біржан.

**Жанбота, осы ма еді өлген жерім,
Көкшетау боқтығына көмген жерің.**

Кісісін бір болыстың біреу сабап,
Бар ма еді статъяда көрген жерің.

Жанбота, өзің болыс, әкең Қарпық,
Ішінде сегіз болыс шенің артық,
Өзіндей Азнабайдың поштабайы
Қолымнан домбырамды калды тартып.

Тартса да домбырамды бергенім жоқ.
Есерді поштабайдай көргенім жоқ.
Қамшымен топ ішінде ұрып еді,
Намыстан уа, дариға өлгенім жоқ.

I адам. - Дәл шыны!

II адам. - Бұдан артық не десін!

III адам. - Ел болмай жерге кірейік, уа жерге
кірейік!

IV адам. - Аттан! Шауып ал тез Азнабайды!
Сүйретіп әкел мұнда.

V адам. - Әй, шуылдама!

I адам. - Е-е не істейсің?

V адам. - Саған да дойыр табылады.

Бастаушы. Асау ән асау қанның намысшыл тасуымен шырқап көтерілді де, лапылдап тұрып өкініш айтты, жалындап тұрып өкпе тақты. Оқыстан атылған оқтай түйреп түскен адуын әуен Жанбота болысты бір бозартты, бір күреңіттірді. Ән айналадағы қауымды түгел қоздырды. Жұдырықтар тас түйіліп, қабақтар қарс жабылды.

Жанбота тықыршып отыр. Күрең жүзде шып-шып тер білінді. Май басқан томпақ көздер аунап кетіп, қалың қабақ астында жасырынып жатыр.

Жанбота ақырып қалды.

Жанбота. Жә, жетер! Тоқтат! Осы ұлығаның да болады. Шағым айтпақсың, ә... Жөніңді біл!

Бастаушы. Біржан қуқыл тартып тұрды да, кенет жүзіне қызыл бояу жүгіріп, құбылып кетті. Отты қараста енді ашыну, жиіркену ғана бар. Ащы мыс-қылмен ызалана күлді де, домбырасын бебеулетіп алып Жанботаға шүйілді.

Біржан. Уай, Жанбота! Мені ұлыдың дедің ғой.

Ұлығаным рас. Ұлытқан - Азнабай мен сен. Біріңнің қорлығың, екіншіңнің зорлығың өтті. Қарға қарғаның көзін шұқымас деген даналықты ұмытыппын-ау. Азнабайдан мазақ көріп, сенен көмек күткен мен байғұс мықтап адасқан екем-ау. Бай байға, сай сайға құяды. Азнабаймен бәсекелес болғаныңмен мен үшін қырғиқабақ болмайтының белгілі. Намыс дерті мені басқанымен, сенің аспаныңа бұлт оралған жоқ. Қалай адасқам! Сендерден рақым күткенше, қара тастан ізгілік издесемші. Өнеге болар қай қылықтарың бар еді? Үлгі шашар қасиеттерің де жоқ. Кеш білсем де, анық ұқтым. Қай қадір-құрметіңе сеніп ілесіп ем, Жанбота? Ол құдірет сенде жоқ екен. Әттең, адасып келгеніме өкінем. Енді адаспаспын. Ендігі мақсатым - адасқандардың көзін ашу болар. Етіме тиген соққыны сенің сүйегіңе кетпестей қып таңбалап берейін. Тындай бер, Жанбота!

Созады Біржан даусын қоңыр қаздай,
Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай.
Жыйылысы жандаралдың болады деп
Жанбота, мазамды алдың ала жаздай.

Бастаушы. Біржан әнін бітіріп, кілт бұрылып үйден шықты. Біржан салға риза болған жігіттер бірі атын ұстап, бірі қолтықтап көтеріп аттандырып салды.

Кеш батып қалған. Батысқа қараған салдың кең маңдайы мен үлкен көзінде нұр ойнайды. Мосқал адам Біржанның қолын қысты.

Мосқал адам. Қарағым Біржан! Бүгежектеген тобыр едік. Дараланып шықтың. Соған бек қуанам. Астамсып, артықсынып отырған болыстың шеніңе келмей қалғанын көрдік. Қорғалап күн кешкен көп сорлыға ең болмаса бір рет қажыр қосар қаракет таныттың. Осыныңа рақмет, Біржан шырақ!

Біржан. Тағы да көңілімді бірледіңіз-ау, аға! Шынымен ойыңыздан шықсам, ылайым өнімді атой қып өтермін. Бүгінгі тапқаным, адаспай тапқаным осы болсын. Бұрынғы адасуымды айғақ қып мына әнімді “Адасқақ” деп атайын. Тілін безеп, ел ақтаған ақын көп. Солардан сәл де болса оқшау тұрып, көп жүзге

қуаныш әкеле алсам екен. Жалғыз да болсам
жауыздықпен жағаласып өтермін. Жол азығым да, жан
азығым да тек қана әнім болар. Сау тұрыңыздар.

Бастаушы. Өзінің толқыған көңіл түкпірінен тың
арна ашқан Біржан батып бара жатқан күнге қарап
тұрып іштей күбірлеп, іштей серт байлап, жанын
жадыратқан қошуақ тыным тапты.

Бұл кезде Жанбота да, Азнабай да әрқайсысы өз
ордаларының алдында ашу мен долылықтан іштері
күйіп, не істерін білмей қыжырланып тұр еді. Көк-
жиекке құлаған күннің қызыл бояуында қос жерде
қос жаулық оты тұтанып, майлы беттердің жыртқыш
жанарларында лапылдап тұрған-ды. Соны байқаған
жас өспірім балаң жігіттің бірі қыбы қанғандай сақ-
сақ күліп алды да, “Жанботаға” басып жіберді. Әлгінде
тез ұғынып, асыға жаттап алған уытты шумақтарды
құшырлана созады.

Жігіт.

Жанбота, өзің болыс, әкең Қарпық.
Ішінде сегіз болыс шенің артық.
Өзіндей Азнабайдың поштабайы
Қолымнан домбырамды қалды-ау тартып.

I адам. - Қайран Біржан! Қадірінді білмеппіз-ау!

II адам. - Құдіретін енді ұқтық қой. Сен бастым
деген кеудені құдайың да аттай алмас дегені екен-ау
мына әні!

III адам. - Бәрекелді! Өркенің өссін, ұланым!
Осылай шырқандар!

IV адам. - Тағы! Тағы айт! Жаттап алындар!

Жанбота. Тоқтат! Өшір үнін!

Азнабай. Жап аузын! Құм қаптыр!

Бастаушы. Қатар ұмтылған Азнабай мен Жанбота
ашу атып ақырып-ақырып қалды да, әнші жасты
қамшымен көміп кетті. Әрі күйініп, әрі қорланып
тулаған қос бөрі бір біріне деген бәсеке, бақталасын
ұмытып, алыс-жұлысқа бет алғанда тізе қоса қалатын
қаскөйлік қылығын танытып, ырсылдай сілтеп жүр.

I адам. - Өлтіре ме? Қайтеді өңшең жауыз!

II адам. - Уай, ұмтылыңдар!

III адам. - Жабылыңдар! Қарап тұрып кісі өлтіртіп қоямыз ба?

IV адам. - Үндемегенге үрке береді дейтін шығар.

V адам. - Азнабайға азаншы, Жанботаға бура табылар! Қашанғы жан сауғамен қорлыққа бата береміз!

Бастаушы. Дуылдаған көпшілік шын қызынып ызалы қабақ білдіргенде, екі жуанның қолындағы айбарлы қамшылар сылқ түсті. Жанбота мен Азнабай бастарын салбыратып көпке қарсылық көрсете алмай әрқайсысы өз үйіне жөнелді.

Ұланның үстіндегі түйе жүн шекпені қырық өрім. Қызыл жолақ қанға боялған. Тәлтіректеп тұрса да мойыр емес.

Жігіт. Қорықтыңдар ма, қос қорқау! Қорқасыңдар! Қаларсыңдар көміліп зорлықтарың астында. Біржан кетер ұрпақтан ұрпаққа. Әні жетер соларға жылы лебіз, сырлас достай. Тағы айтайын. Тыңдаңдар! Дөңбекшіп, қорқып тыңдаңдар екеуің!

(әндетін)

Созады Біржан даусын қоңыр қаздай...



ЕКІНШІ КӨРІНІС

Бастаушы. Қол-аяққа қылбұрау түскеніне үш жыл болды. Арқаның атырабына симаған өр кеуденің керегенің сағанағына байланғанына да үш жыл болды. **Әнші** көңілді мұң жайлады. Нәзік әуенді кеудеден қуып, шерлі толғау оралды. Күңгірт кештей өлім сүреттері елестеді. Біржан ақтық сағатын шыдамсыздана күтті. “Неде болса сұм ажал тезірек жетсе екен” - дейтін бір ынтығу, асығуға іштей бой алдырғанына салдың өзі де қайран.

Көкірегін қарс айырған арманындай, булығып жеткен бір демдей шала есірік халінде сипап оралар әуені және бар. Өткен дәуреннің күй созып, үн салып тұратын мамыр шағы тағы да аударылып-төңкеріліп келіп, Біржанның әбігері көбейген мына де қуа қоймаспыз. Кәне, түс, шырағым. Барымыз әзір.

Біржан. Осы ауылға жетпегенде малмандай су сұсты күндеріне талшық болады.

Жаз. Жаңбыр құйып тұр. Біржан шағын ауылдың үстіне жалғыз жолаушылап келеді.

Біржан. Кім бар-ау?

Тұрсын. Біз бармыз. Түсе бер.

Біржан. Қонақпын, ақсақал! Жауыннан ықтап келем. **Тұрсын.** Е-е, қонақ болсаң, төрім дайын. Қалай келсең болады екем. Құйып жіберді ғой.

Тұрсын. Жарықтық, көптен тамбай тұр еді. Алланың рахметі ғой. Жауғаны жақсы. Қатын, отынды жақ. Қарағым, әңгіме айта отыр.

Біржан. Ақсақал, әңгімеге шорқақ едім. Жол серігім - жан серігім - домбырам еді. Ат баптаған атпаз сайгүлігінің қас-қабағына қараумен болатын. Айып етпесеңіз, мына шіркінді, сайгүлік-домбыраны ермек болсын, шерте отырайын.

Тұрсын. Е-е, ондайың болса, жүдә жақсы. Түксиген қабақ пен дөңкиген жотаны көп көргем. Тұқымына пандық, зорлық бітпеген жуас атамыз. Өзім деп күле сөйлеп, күлімдеп қабақ таныттың, Біржан інім. Осы бейілің-ақ тойдырды. Бірзамын. Күйінді де шерт,

жырыңды да төк. Еркің білсін. Жатырқамай жатқаның жақсы туысыңнан болар. Бітім-келісіңе сүйініп отырмын. Жасқанба, шырағым.

Бастаушы. Домбыра күмбірлеп, шарықтап ән кетті. Салалы саусақтардың сағалыққа тас кенедей жабысып нәзік әуенді балдай тамызғаны отағасыны да, отағасының шешесін де, үй иесі әйелді де үнсіз тамсандырды.

Әйел жүзінде қан ойнады, қазіргі әнге елтіген бәдені сонау алыстаңқырап кеткен көктемін қайта кездестіргендей.

“Әттең, қол қысқалығы жолыңды бөгеген-ау. Әйтпесе, үлде мен бүлдеге оранған талай бай-бағланның нақсүйерінен артық екенсің”-деген өкінішті ойды күрсіне ойлаған Біржан бір сәт әйелден көзін ала беріп кемпірге қиыстайды. Өмір бойы қолға түсіре алмай жүрген қымбаты оралғандай сезініп бәйбіше тар үйді түгел толтырып тұрған әсем әуенді бар тұлабойымен сіміріп отыр еді. Біржанға алғысын айтып қалды.

Әжей. Айта түсші, әншібегім! Құлақ құрышымды бір қандырдың-ау! Қай бір ән мен әншіге шүкірана боп жүр едім. Өркенің өссін, өркенің өскір, азаматым! Тағы айта түсші!

Бастаушы. Тұрсын да үнсіз. Ұзақ-ұзақ ойға шомады,

Тұрсын (ойы): Дәл бұған дейін дүниеден жалғызсырап, іш пысқандай күңіреніп Шынымен мына өн-бойымды баурап бара жатқан тылсым саздың құдіреті ме? Түйсініп қарасам, жалғыздық өзімнен ғана өрбитін тәрізді. Талайдың көз жасы сорғалаған бейуақ кеште, атымды аламанға алақшы ғып таныстырғанда жалғыздықты, жатбауырлықты еншілемегенде нені еншілермін? Тірлік пен дүние шіркін бас жарып, көз шығару емес екен-ау. Соны бұрын неге ұқпағам? Он саусақ неткен шебер! Сонау жалаңаяқ құм басқан құлын кезім шақыра ма? Онда қандай едім. Қызғалдақ бояуы қан емес еді онда. Бұлақ сылдыры өксік емес, күлкі боп төгілетін. Апырай, соларды қалай ұмытқам? Неге ұмыттым екен? Ақ тақырға қызарып тамған қан қызғалдақ емес пе екен? Булығып аққан бұлақ тығылып жылаған шерлі жанның күйігімен алыстайды

екен-ау. Бәрінің бастауы - ән ғой. Қырықтың бірі қыдыр деуші еді. Рас екен. Қыдырым болды! Сол болды. Әпішім қайда жүр? Естімеді-ау, тыңдамады-ау!... Тыңдаса ғой!..

Бастаушы. Әпіш - Тұрсынның қызы. Құрбысы екеуі бұл кезде жабықтан сығалап тұрған еді.

Әпіш. Шіркін, бал көмейлі деп осындай әншіні, керім жігітті атайтын шығар! Ес-дәрменді ап кетер мұншама сиқырлы дауыс қай жеріне сияды екен? Айта түс, құрбым! Тұлабойымды дуылдата өртеген әнің бе, өзің бе, әйтеуір жұмбақ сезімге бөленген біз байғұс ұзақ түндерде еске ала жүрерміз.

Балкен. Әпіш-ау, кішкене сырғышы, мен де бір қарайын!

Әпіш. Қазір, Балкен, қазір!

Балкен. Тұу, Әпіш-ай! Көрсетпей қойдың ғой. Өй, Әпіш, саған не болды? Неге жыладың? Алшы қолыңды, баспашы көзіңді.

Әпіш. Жай әшейін, Балкен... Білесің бе, әлденеге қуанатын тәріздімін. Әлденеден және қорқам. Мынау ән-жалын сияқты. Жақындасам күйдіреді, алыстасам шақырады. Не істерімді білмеймін, Балкен.

Балкен. Әй, отпысың өзің?! Сен тегін болмадың, Әпіш. Тұп-тура өртеніп барасың. Рас айтам. Осы сен ғашықсың! Иә-иә, арманды асықсың! Осым өтірік деші кәне. Ал өтірік десең, сен Әпіш емес бөтен уәләят адамысың, ха-ха!

Әпіш. Үндеме, күлме! Балкен, онан да сен мынаны айтшы! Мынау азамат кім? Танимысың? Аты-жөні белгілі адам ба? Әлде пері ме? Айтшы, тез айтшы!

Балкен. Жоқ! Кім екенін мен қайдан білейін. Бірақ бар ғой, Әпіш, дәл осы жігіт кім де болса сенің тағдырың! Соған иненің жасуындай күмәнім жоқ.

Әпіш. Келші, Балкен! Бір сүйейінші өзіңді!

Балкен. Айтпадым ба, сен тегін емессің! Айрылам-ау сенен, жалғыз қалам-ау, Әпіш.

Бастаушы. Ән бітті. Әпіштің шешесі тысқа шықты.

Әйел. Әпішпісің? Неғып тұрсыңдар, қос қызғалдағым-ау. Үйге кіріңдер. Онысы нес, жабықтан сығалап. Біржан салды тыңдаңдар!

Әпіш. Біржа-ан!? Сол ма, апа-а!?

Балкен. Ойбай, тәте, мен кірмейін. Апам іздеп жатқан шығар. Кеттім.

Бастаушы. Ас келгенше тағы бірталай ән айтылды. Бұл тұста әнші зейінін бір өзіне тартқан сиқыр нұры - Әпіш қыз еді. Алгүл жүздегі сәт-сәт сайын ауысып тұрған нұрлы құбылуды жақсылыққа балаған жігіт толқынды ырғақты үсті-үстіне төлейді. Дүн-дүниені түгел ұмытқан екі жас орамды саздан қуаныш тауып, тілсіз ұғынысып отыр. Сырттан тұяқ дүбірі естілді. Ол - шабармен Едірей.

Едірей. Тұрсын! Уау, Тұрсын, үйдемісің?

Тұрсын. Уа, немене! Жайшылық па?

Едірей. Шықсаңшы, соншама шіреніп ұлық болғаннан саумысың. Әлде қатынынды бүгін көре қалып па ең.

Тұрсын. Мынау жан қояр емес қой. Хабарласып келейін. Рұқсат етіңіз.

Біржан. Е-е, рұқсат. Барыңыз.

Бастаушы. Әпіш оқыс мұңайып, жерге қарап қапты. Балбұл жүз қуаң тартқан. Біржан ойлы жанның уайым торлаған кейпін таныды да, Әпішті іштей қатты ұнатты.

Тұрсын ішке кірді.

Тұрсын. Ал шырағым, жөнің бөлек азаматым екенсің. Біржан деген ат-атағыңды талай естуші ек. Бүгін өзінді көріп көңіліміз толды. Әмсе, жақсы атағың осылай дүңкілдеп өсіп, шар тарапқа кете берсін. Жата-жастана тындап, шер-құмардан бір шығармын деп қап ем, қысқа жіп күрмеуге келе ме, тығыз жұмыс боп болыс шақыртып отыр. Тірлік болса әлі талай кездесерміз. Тастап кетті деп айып етпе, інім.

Біржан. Жолыңыз болсын, Тұрсын аға.

Тұрсын. Жолдың да жолы бар-ау, Біржан шырақ. Дәл осы бүгінгі жолыма өзімнің де қыбым жоқ. Сау бол. Әй Едірей, қозғалайық.

Біржан. Апырай, барымтаға аттанды-ау, шамасы. Алыс-жұлыстан арыны азайып, тауы шағылғандай болған екен. Күйініп бастаған осы қаракетінен бұл күнде жеріген сыңайы бар сияқты. Тартынғаны рас болса, шын неге тартынбайды. Неге айтпадым, неге тоқтатпадым?

Клспіуіны. Қонаққа төсекті төрге салды. Біржан і <ні ш и,ім жерде жатқан Әпіштің ыстық демін і уілһоіімен сезердей ұйықтар емес. Қыз да ояу. І ыстаы жауын әлсін-әлі себелеп қояды.

Біржан (ойы): Апырай, бір аунап түссем, деміміз інарпысып, алау жалынға оранар ек-ау. Жастық, мастық шалығы билеген бұрынғы кезде бүгінгідей таргынып көрмеп ем. Мына дірілді ынтығымды күйішен тежеп, сабырлылық тапқаныма қайранмын. І»ск қайранмын. Әпішті ұнатқам-ау! Қатты ұнаттым-ау!

• **Әпіш** (ойы): Сырбаз жігіт. Бойында нәрі бар. Қасиетінен қасіреті көп еркек аз ба. Астамсып келіп, шам сөнісімен ұры қолын сумаңдатудан басқаны білмейді олар. Бұл ондай емес. Осы өңірде Біржаннан қпдірлі жан бар ма? Жоқ. Біржан - жалғыз. Тілегі мен талабы бір жарқын көңілмен қол созып, осы дәл қазір бері аунаса, құдай біледі-ау, онда құшағына құшағым табыса кетері хақ... Ойпырай, не ойлап барам. Мынау уытты сезімді осыған дейін кездестірмеп ем ғой. Балкен айтқан асықтықосы шығар?!. Осы болар. Қой, қой! Сыйластықтан асып кетпесек еді... Көкемнің бетіне қалай қарармын онда. Кекем демекші, бір бәлеге ұшырмаса жатар еді.

Бастаушы. Әпіш ойы он бөлініп, дуылдап жатыр. Көрпесін басына бүркеніп булығы жьшады. Ертемен атын ерттеп Біржан жүруге қамданып жатқан келе жатқан екі-үш аттыны көрді. Қасындағы Әпіш ащы дауыспен шыр етті.

Әпіш. Көке... Көкетай-ым!

Дауыстар. - Оташы керек!

- Ыдырысты өкелу қажет!
- Басы мен қолы қабат жараланды.
- Жылама, Әпіш.

Бастаушы. Бәйбіше Тұрсынның қолынан ұстады, сынығын көрді. Баласына қабақ түйе қарады.

Әжей. Тәйт! Соншама сүміреймей! Қой дедім, қоймадың. Енді кеп сыныққа бола салың суға кетіп... Опырылып түсерің бар, отырмаймысың жайыңмен... Тоқта!.. Тартпа қолынды... Екі-үш жерден сыныпты. Ештеңе ете қоймас. Енді тәубаңа келерсің. Зорлық

түбі қорлық дегенімді тықцамаушы ең, балам. Шыда... Оташыны іздеп қайтесіндер. Болды. Орнына салдым. Әпішжан, белбеуімді әперші, таңып тастайын.

Бастаушы. Бәйбіше ұлының қолын таңып боп, маңдайынан шып-шып шыққан терді сүртіп тастады. Күпісін жамылды. Содан кейін сөйлеп кетті.

Әжей. Ал, балам, ақыры басқа соғылып тоқтадың. Ағайын берекесін арсылдап қуушы ең, енді кеп мені мына қартайған шағымда тірі өлтіріп және отырсың. Сен мұнда қан жуынсаң, анау сен ауылын үркіткен елдің қаншама боздағы қой бауыздағандай қанына шомылып жатыр екен. Қоймадың. Өспейтін ұрпақ өнегесіз іске құмар. Тәңірден тілер тілек қалмады. Құдайдан қаза күтуден басқа түгім жоқ. Осы түнде ғана анау, өнерінен садаға кетейін, әнші Біржанның игілік дәміндей әуезін естіп ем, ең болмаса сәрі асындай сол құмарымды да толық бермей, мына бәленді алдыма көлденең тостың-ау. О да болса таласқан иттің талқысына түскен қу тірлігімнің сыбағасы шығар. Есің болса, ендігі бір ғана өсиетімді тыңда. Мен - анаңмын. Әпіш - балаң. Ана - кешірімшіл, бала - кекшіл. Әпішті жылатпа. Осы қызығымның қылдай қиянат көріп, көз жасын төгуіне себепкер болсаң - көрде де тыныш жатпаймын. Көнді қалап, жүрегі таңцаса - еріксіздік торын қол-аяғына тастама! Өкінішпен өгейсіп өтпеспін!

Тұрсын. Апа! Айтқаның болсын, апа!

Біржан. Ал, отағасы, тез айығыңыз. Рұқсат болса, мен жүрейін. Аман-сау кездескелік.

Тұрсын. Жолын болсын, Біржан шырақ! Әпіш, аттандырып, сал ағаңцы.

Бастаушы. Атқа қонған Біржан қыздан көз алмайды. Әпіш үнсіз.

Біржан. Әпіш, есіңе ала жүр.

Әпіш. Ағасы ұмытпаса, қарындасы ұмыта қоймас. Ұмытпас та!

Біржан. Ұмытармын ба, о не дегенің, Әпіш қалқа! Оралармын!

Әпіш. Сіз қайта оралғанда қарындасыңыз орнынан табылса ғой, кім білсін...

Біржан. Әпіш, Әпішжан, ниетің шын екен. Келемін!

Жетермін қайта! Өзіңнен белгі шықпай өзеурең қатыгездік жасаймын ғой деп қорқып қап ем. Айта алмай қиналып бара жатқан ем. Сағынарым, іздерім де өзің ғанасың, Әпішжан!..

Әпіш. Тез оралыңыз, Біржан аға! Тосам! Сағынып тосам!

Біржан. Тос, Әпіш! Көп күткізбеспін, қалқам!

Әпіш. Сау болыңыз... Қош! Ұмытпа, Біржан аға!..

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Бастаушы. Қол-аяққа қыл арқан түскеніне үш жыл толды. Қиналған жанға қайғы-шері көп толғақты күйік жамалғанына да үш жылдың мұғдары өтті.

Осыдан үш-төрт жыл бұрын Біржан бұрынғыдай ұзақ-ұзақ сапарға шықпай үйінде отырып қап еді. Теміртас, Қалкен ұлдары өсіп, Ақық Асыл қыздары бой жетіп барады. Әпіші - жұбайы қасында.

Біржанның Ержан, Нұржан ағалары: “Енді қартайған шағыңда әуп-әуп етіп беделіңді түсірмей, шаруамен айналыс. Осыншама жын қуғаның жетеді” деп өздерінше ақыл айтып қоятын.

Біржан (*Байлауда*). Мен оған да шыдадым. Мен шыдағанмен сал-сері достарым шыдамады. Ат көпір боп кеп жатты, ауылды думандатып жатты. Қонақасы судай төгілді. Мен кедей болғанмен, ағайын-туыс бай. Бірақ бай туыс бағыланының басы кеміген сайын кейістігі ұлғайып, кедей Біржанға кекірейе қарайтын болды. Ауылда жиын азайды. Дүрмек дүбір жоғалды. Жалғыз қалдым. Дәрменсіз ойыммен қапа көңілді алдап ән шырқаймын. (*Қатуланып, ширығып*).

Ей, дүние! Мен саған ән сыйладым, сен зар бердің! Мол бердің! Аямадың. Тулаған жанымның борша-боршасы шыққан тілім-тілім жарасын көрші...

Ей, дүние! Мен асқарыңа құлаш сермедім, сен шыңырауыңа тарттың. Соншама азап берердей неңді бүлдіріп ем? Не жазып ем саған?

Ей, дүние! Бозторғай құрлы қадірім жоқ. Сардалада жалғыз түп қараған да бой көтереді. Көлеңке түсіреді.

Менің саямнан пана тапқан тірі пендені көрсетпедің.
Не істедім саған!..

Бастаушы. Әнші зары тынбайды. Ән күңіреніп шалқиды, күрсініп төгіледі.

Біржанның оқшаулануы көбейді. Қарауыл мен Керейдің дау-жанжалына қарамай, Қарауылдағы дос, серіктерінен қол үзбеді. Бөріктің намысы бір. Бірақ намыс қуған Біржан жоқ. Оның іздері - ойы, оңашалығы. Қымбат дүние тәрк етсе, қимас тірлігі азабына айналды. Ықылық атқан көкіректен запыран төгіліп, “Ей дүние!” дейтін бітпес шерге ұласты. Соның аяғы “Біржанды шалық басты, жын иектеді” деген сұмдық кесікке байлап, аяқ-қолға кісен салдырды.

Әл-қуат күн санап кеміп барады. Мысқалдап таусылған дәрмен ес-сананы да әлсіретеді екен. Есі кейде бар, кейде жоқ. Қауесет хабар аздап шындыққа ауысқандай. Ботакөздері жаудырап, керегенің торкөзінен қараңдайтын жандарға үнсіз телміреді.

Ақиығы, арысы бұғауланғанда елі шұбырып келді, жадау тарады. Ағылып, төгіліп оралды, ағылып-төгіліп еңіреді. Бірі сенді, бірі сенбеді.

Сал Біржан халқына әнімен қош айтысты.

Біржан (*әндемін*).

Ал дүние, өтеріңді біліп едім,
Білдірмей серілікпен жүріп едім.
Бұл күнде арық қойдан бағам кейін,
Үш жүзді сайран қылған Біржан едім,

Дос, құрбы, сал-сері, тілектестерім, қайдасың?
Тәңкебай-ай! Бір жыл туған төлдесім, ең болмаса сен жоғалмасаң етті!

Тәңкебай. Келдім! Келдім міне... не болғансың, Біржаным?! Сен мұндай азап тартып жатқанда, менің тірі қалқайып жер басып жүргенім кімге қажет? Кешегі думаншыл ақиығым, бүгін сенің мынандай қорлықта, тірідей өлік боп қалғаның кімнің арқасы, кімнің жаласы! Әлде дүние деген қатыбас тірлік осы ма? Қыранын қанатынан қайырып, жер соқтырып кете бере ме?

Уай, Керей! Жынданған Біржан емес, сендерсіңдер!

Уай, Ержан, Нұржан - сен екеуіңсің. Жынданды деп сендер үнін өшірмексіңдер Біржанның! Әнін ұрламақсыңдар. Өшпейді! Ұрланбайды! Ұрлай алмайсыңдар!

Ержан. Тантыма! Жөнінді біл, сен кедей! Сына қақпа арама. Әкет! Қу! Айдап шық төбетті!

Біржан. Әй, Ержан! Тоқташы. Қумашы! Берші досымды құшағыма! Бір жылайын. Жанымды, шерімді ұққан мұңлас достың құшағын берші. Бір тілегім сол болсын. Тәңкебай, Көкшеде бұлақ көп. Көлі сексен. Сексен көлдің екі тостаған көзі суалды. Ол Біржан досың көзі - қос тостаған күңгірт көл. Менің жасым құрдымға бет алған өкініш тамшысындай сағыныш бұлақтары. Сал-сері дос, сен есен бол! Сал-серілік өнер, сен де есен бол! (Әндетеді).

Қарасу есік алды ылайланды,
Бай болмақ, кедей болмақ құдайдан-ды.
Қамзолдай келте пішкен дөңгеленіп,
Дүние өтерінде шыр айналды.

Тәңкебай. Апырмай!.. Мынау тынысты тарылтар зелзала ғой. Өксімеші, құрдасым! Сен... сен тарылмашы. Санаулы күнінде сарғаймай, самғап бір қалшы, ардақтым, абзалым, Біржан! Тауыспашы мөлдір, тұнық бұлағыңды! Серпілші, қайта бір серпілші!..

Бастаушы. Қол-аяққа қылбұрау оралғанына тұп-тура үш жыл толды. Ұғымтал, сергек жүректің ұғымсыз дертке шалынғанына да үш жылдың көктемі жетті.

Біржан (жалғыз). Әй, осы көктемім - ақырғы көктемім-ақ болар. Енді көре алмаспын. Қараңғы көрдей мына бейуақ ертең таң боп қайта білінер ме? Теміртас, Қалкен - қос қарашығым, қайдасыңдар? Келсеңдерші, мандайларыңнан иіскейін. Қолымды босатыңдаршы, арқан батып барады. Әпіш-ай! Сені де сорлатты ғой. Жібермейді ғой маған. Кім көрінгеннің тепкісінде кетермісіңдер. Келсеңдерші! Қусаңшы мына меңіреу қараңғылықты! Шам жақшы! Әкелші жарықты! Ең болмаса саңылау енгізші мына қапасақ!

Көктем иісі аңқыды-ау! Түндікті түріп тастар ма еді. Теміртасым, қарағым, айдарыңнан бір сипатшы. Келе қойшы, құлыным!..

... Өлсем қайтер еді! Ештеңені түсінбес меңіреуге батам ба? Шым батам ба? Ешуақта қайта оралмай, жер боп, топырақ боп шіріп, тозып таусылам ба онда?..

Бастаушы. Көзі ілініп кеткен Біржан шыр-шыр етіп безек қаққан бала даусынан шошып оянды. Теміртасының жанұшырған шырылы. Керегенің сыртынан ұстаған шиді саусақтарымен осып-осып жіберді. Саңылаудан көйлекшең баланы, қамшылы молданы көрді. Ысылдаған ауыр қамшы сегіз-тоғыздардағы баланың арқасына шып-шып тиеді.

Молда. Ібіліс иектеген неменің тұқымы! Аяғынды қия басасың ба солай қарай. Ендігәрі қия басып көрші! Анау жын шалықтаған әкеңнің қасына тас қылып байлап қояйын! Сені қашанғы қоримын, ә! Әй Нұржан, мына күшікті байлатып таста! Байлатып!

Теміртас. Ұрмаңызшы, молдеке! Ұрмаңызшы! Көкем аштан өледі ғой. Рұқсат етіңізші, молдеке!

Біржан. Ержан, Нұржан! Оңбассыңдар екеуің, оңбассыңдар!

Бастаушы. Біржан дір-дір етіп екі ағасын қарғайды. Құлыншағын аяйды. Бұлқынған денеге қыл арқан кіре түседі. Жарадан шып-шып қан атады.

Жүгіріп Әпіш жетті.

Әпіш. Сорлы құдай, сорлатқаның аз ба еді! Мұныңыз қалай, молдеке! Тимеңіз балама! Есі ауысты деп күйеуімді байлатып тастаттыңыз! Жыны жұғады деп бала-шағаны жолатпайсыз! Тозақ отына тірідей күйдіріп отырып, ұрмаңыз баламды. Оны ұрғанша мені ұрыңыз!

Молда. Ә, күнәһар! Ібілістің басы - сен! Мә саған! Мә саған!

Біржан. Қор болдыңдар-ау! Тірі жетім, тірі жесір сор маңдай бейбақ болдыңдар-ау. Ей, дүние, ендігі көрсетпегенің осы ма еді. Көз алдымда қатын-баламды тулақша сабатып тірі қойғанда, алмағың не еді менен? Нең қалып еді әлі де тонамаған? Әнімді алдың! Атақ-абыройымды алдың! Өмір серік достарымды, ел-жұртымды алдың! Қанбап па ең, тоймап па ең!

Бастаушы. Көкіректе сырыл бар. Демігіп жатып алыс- жақынын еске түсіреді. Ыңылдап ән салады. Сағыныш әуенге, сазға ұласады.

Біржан.

Теміртас, Асыл Ақық - қарақтарым,
Үкідей жақсыларды балақтадым.
Бірге өскен құрбы-құрдас, замандастар
Есіктен келе ме деп алақтадым.

Бірде сау, бірде ауру Біржан ғарып,
Замандас, аяқтағы кісенді шеш!..

Бастаушы. Ән - салдың зары, заманына деген наз-наласы боп, алыс-алысқа кетіп жатты. Торығу емес, түңілу емес. Әлі де болса бір қанат серпіп, қияға самғауды аңсауы еді ол.

Қол-аяққа арқан түсіп, кісен салғанына аттай үш жыл толды.

Нелер зарлаған мен жылағанды жұбатқан әнші сал өзі еңіреген кезде маңайынан сәлем сөзімен көңіл аулар ешкімді көрмеген соң, тұлабойы қалтырап, адам біткеннен үрке түседі. Бар түйсігі - ендігі еркіндігі мен бостандығы іспеттес “өлім”, “ажал” деген ұғымға саяды.

Біржан. Қазадан қашып құтылған пенде жоқ. Дүниенің төрт бұрышын түгел аралаған Қорқытты да ақырында ол құтқармаған. Содан артық емеспін. Келер болса ажал немесі келсе екен. Жетсе екен жылдам... Мен ішпеген у жоқ, әлі келем итшілеп... Бұның несі тірлік?! Жалғыздың қайғысы ауыр екен. Менің күңіренгенім кейбіреудің күлкісін көбейтсе, құз биіктің түсіз шыңырау жиегіне тақалғаным болар. Құлайын да... Біржолата өлейін де...

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Бастаушы. Біржанды күзетуші - саңырау Төреқұл. Саңырау Төреқұлға Біржан да бір, ала өгіз де бір. Ән тұрмақ зарды да естімейді. Төреқұл Біржанды сайға ауыл сыртына әкеле жатыр. Әкесін көріп Теміртас сайға қарай жүгірді.

Біржан. Теміртасым! Құлыным! Сағынған екенсің-ау! Мына саңырау бөгет болмаса екен! Айтпаса екен аналарға...

Теміртас. Көке! Көке-тайым!

Біржан. Жылама, Теміртас! Ұл бала жылай ма. Сен мықты бол. Апаңның ендігі тірегі сенсің. Берік бол, ұлым!

Теміртас. Көке, сені неге босатпайды?

Біржан. Жасың жетпей, бұғанаң бекімей қаласың-ау. Алдыңда малың жоқ. Кімге көз сатар екенсің...

Теміртас. Көке, кө-ө-ке!.. Қашып кетейік.

Біржан. Қашып қайда кетерміз. Уайымдама, құлыным. Ертең жазылам. Сонсоң баяғыдай өзінді қыдыртам әлі. Ал, Теміртас қалқам, үйге қайт. Тоңып қалдың. Біреу-міреу көріп қалса, ұрсып жүрер.

Теміртас. Көке, шын жазыласың ғой, ә. Қыдырамыз иә, көке! Жазылмасаң, қайтем?

Біржан. Бар, бара ғой, балам. Айттым ғой, жазылам әлі.

Теміртас. Алақай, апам қуанатын болды. Қазір барып, осы жылдам айтайыншы!

Бастаушы. Бала кібіртіктеп қайтып барады. Әкесінің ерні тиген маңдайын ұстап-ұстап қояды.

Төреқұл салды үйге кіргізіп, арқанын сәл босатып байлады. Шығып кетіп, тайжақыдан тіккен жеңсіз әкеп кигізді. Соның бәрін бір ауыз ләм демей жасап жүр.

Біржан. Апырай, Төреқұл, екі ағамнан артық жақсылық жасадың-ау! Адамның асыл қасиеті ішінде болады екен. Дәл соны таныттың-ау! Сені ел саңырау дегенімен, құлағы саулардан гөрі мұң-зарды сен естігіш, сен ұққыш боп шықтың. Рақмет дейінші. Естімесең де айтайыншы. Рақмет, Төреқұл!

Төреқұл. Атамбайдың тазысы сондай жүйрік! Былтыр Тоғанқұлдың биесі өлгенде, мен қазы жегем. Ой, ол сондай тәтті!

Бастаушы. Мамыр күні күлімдеп ашылды. Аспаннан жылуы мол нұр сорғалады. Жан-жануар түлеп ояңды. Бәйшешек бой жазып, қызғалдақ қауызын ашты.

Ақын тірлігіне ғана өзгеріс енген жоқ.

Біржан. Жаңғырып жаз шығар. Жаңарып ән-жыр қалықтар. Қынаменде болар. Қыз-қырқын, жігіт-желең ән салар. Менің “Ләйлім шырақ”, “Керкекіл”, “Ақсеркеш”, “Жамбас сипарыма” басар да. Бірақ сол қызық пен сайран, ойын мен той енді қас қағымға бір оралып келер ме маған? Мынау шуақты ғұмыр кеудемдегі ызғарды неге аластамайды? Осы жайлауда Әпішімді әкелмеп пе едім! Сондағы салтанат-сәнім қайда? Сондағы ескен желдей гуілдеген салқар шабытым қайда? Сондағы әншіл, өнершіл сал-сері нөкерім қайда? Сондағы аялаған, ардақтаған ағайын қайда? Бірде жылатып, бірде қуантатын қайғы мен қуанышы егіз ғой деуші ем. Күлкісі кетіп, өксігі қалғаны несі? Сондағы үміт пен күдікті бірдей бағып, алашақ, берешекті тең бөліскен достарым қайда? Бұлт басса қашып, күн шықса ілесіп бой көрсететін көлеңке болғаны ма?

Салғаным ағаш уйге ызботты пеш.
Бір құдай, ғапу айлап, күнәмді кеш!
Бірде сау, бірде ауру Біржан ғарып,
Замандас, аяқтағы кісенді шеш!..

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Бастаушы. Ауыл көшкенде Біржанды түйеге мінгізген. Төреқұлға ат тимейді, жаяу жүреді. Жаяудың жүрісі өнбейді. Айдалада екеуі кейіндеп қалды.

Біржан. Әй, Төреқұл! Мені саңырау сен түгіл есті-құлақты ағайыным да тыңдамайды. Шыр етіп туғанда атаң саған Төреқұл деп азан шақырып ат қойған. “Төресі” дұрыс “құлы” не? Төреден құл шықпайды. Құл төре болмайды. Қашанғы Төреқұл болып үй-күйсіз жүре берерсің. Кетсеңші. Қашсаңшы бір жаққа. Мені

тұтқын ғып ұстағанда, сені аяр ма. Өзінді өзің тұтқын қылмай босатсаңшы. Кетейік те үш мұңлық үш жаққа. Аяқ-қолымды шеш. Атанды қоя бер, өзің құтыл... әй Төреқұл!

Төреқұл. Атамбайдың өгізі керемет жүрдек. Атқа жеткізбейді. Өзі сондай сүзеген.

Бастаушы. Төреқұл естімейді. Атан бақырады. Біржан ойға шомады.

Тасырлатып әлдекім қуып жетті. Төреқұлға қарап ернін шғарды. Атанға қарап мұрнын шүйірді. Салға қарап қарқылға басты. Бұл - поштабайдың баласы.

Поштабайдың баласы. Аруақ-құдайдың бары рас екен. Салды аруақ атыпты. Атса атсын! Маған керегі де осы. Сазайынды тартқан екенсің, Біржан. Сен сал болғанда, мен кіммін? Ха-ха-ха! Салдығыңа болайын сенің!..

Бастаушы. Қамшысын қайқайта көтеріп, Біржанға төніп келді де, тайсақтап бұрылып кетті. Ауыр дойыр Төреқұлды осып түсті. Атты адам ұзап барады, қарқылдап күліп, мазақтап барады.

Біржан. Апырай, күлкісі, үні таныс бұл кім еді? Поштабайдан естіп ем-ау! Мынау поштабай емес. Бірақ поштабайдың өзі. Баласы!.. Жауыздық-ай! Айналып соғып, қайталай береді екенсің-ау! Балалап өсіп, ұрпақтан ұрпаққа ауысар сенің тамырыңа балта салар табылар ма?..

Бастаушы. Аяқ-қолға қылбұрау түскеніне үш жылдың жүзі болыпты, жүйрік домбыраның қос ішегіне қол тигізбей өз жүрегінің ауыр ырғағын ғана сайратқанына да үш жылдың мөлшері өтіпті.

Жел күшейді. Төреқұл желбауды қатайтты. Салдың қарсысына отырды.

Біржан. Не айтайын деп ең, Төреқұл?

Бастаушы. Төреқұл үндеместен жасырып әкелген домбырасын салға ұсынды.

Біржан. Қолымды босат.

Бастаушы. Домбыра қолына тиісімен күмбірлеп шешен сөйлей жөнелген жоқ. Кібіртіктеген саусақтар қос ішекті бір-бірлеп шертіп өтті.

Біржан. Қасиетті қара домбыра-ай! Сен екеуміз

ықтиярсыздық кебін тартып, бір-бірімізден айрылып қап едік. Ақырғы сәтте табысып отыр ма екенбіз. Бір безілдеші, кәрі серігім!

Бастаушы. Осыдан кейін үншіл аспап құйқылжып кетті. Алыстан дауыл үйіріп, толқын аулады. Тыстағы дүрілдеп жеткен нәсерге қосылып бебеу қақты.

Біржан. Сонау қызуы мол жастығым! Ақтық қош-қошым саған арналсын. Сонау тілек кешінде арманым қабысқан аяулым, Әпішім! Өкінішпен күрсін атқан ақырғы аманатым саған арналсын! Теміртас, Асыл, Ақық - перзенттерім! Аңырап шарқ ұрған аталық мейірімім сендерге арналсын! Сонау көркіңе құмартып көңілмен танитын, көп құрбым! Ащы жасым ағындап отырып айтқан құпия назым сендерге арналсын! Сонау әніммен ұйытқан тесік өкпе, алқынған демді, ел жұртым! Қапастағы халімнен төгілген бұл күй сендерге арналсын!

Төрекұл. Апырай, Біржан-ай! Мен... мен естідім!.. Бәрін естідім! Арзымашы, азаматым!...

(музыка)

Бастаушы. Төрекұл жүзін жас жуды. Домбыра жылады. Нәсер төпеледі.

Қыл ішек үзіліп кетті. Саусақтар сұлқ қалды. Ақ сақал төске құлады. Үш жылдың азабына төнген алып жүрек, ақын жүрек соғуын тоқтатты.

Домбыра бебеуі тыстағы дауыл үніне жалғасты. Сонау-сонау күндердің мол ызыңын жоғалтпай, іліп әкетті.

1973 жыл.





ЖҰМБАҚ ҚЫЗ

Операның либреттосы

*(Сәкен Сейфуллиннің “Көкшетау” поэмасының
ізімен жазылған)*

Қатынасушылар:

- 1. Сәкен** - ақын,
- 2. Адақ** - қазақ батыры,
- 3. Нәзік** - қалмақ қызы,
- 4. Манап** - қалмақ батыры,
- 5. Абылай** - қазақ ханы,
- 6. Қабанбай** - қазақ батыры,
- 7. Мергенбай** - қазақ батыры,
- 8. Таусоғар** - қазақ батыры,
- 9. Серік** - Адақтың жолдасы,
- 10. Ана**

Төрт жігіт

Қалмақ ханы - вокальдық партиясы жоқ персонаж.
Әскерлер, қарауылдар, халық.

Уақиға 18-ғасырда қазақ жерінде болған.

1. ПРОЛОГ

Шымылдық ашылғанда Көкшетаудың әсем көркі көз тартып тұра қалады. Жартас үстінде Сәкен ақын тұр.)

Сәкен.

Қайран Көкше, жерің-ай!
Бурабайдың көлін-ай!
Дертке дауа ауасы,
Суы - күміс, желі - май!

Хор.

Сексен көлі төменде,
Ақ торғыны төбеңде.
Ақ балтырлы қайыңы,
Ғашық болған еменге.

Сәкен.

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.

Хор.

Сары алтын Көкшетаудың ерте-кеші,
Тау мен күн сүйіскендей еркелесіп.
Суретті шежіресі өткен күннің
Сілекей ағызады ертегісі.

Сақта, Тәңірім, Абылайды!
Зарды Абылай танымайды.
Күлсе ол, күлер күллі дүние
Ол шат, жаудың жаны қайғы.
Сақта, Тәңірім, Абылайды!

Сәкен.

Шеру тартып, қол бастап,
Кешкен талай жорықты.
Хан Абылай тұсында,
Осы оқиға болыпты.

Жұрт қырылып, ел босып,
Жеткен кезде “Ақтабан”.
Ай, Көкшетау!
“Оқ жетпесің,” “Жұмбақтасың”
Талай сырды сақтаған.





БІРІНШІ АКТ

(Түн. Қалмақ, аулы. Тұтқындағы қазақ әйелдері, арасында кәрі Ана.

Қасында жеті - сегіздер шамасында жас бала. Ана зары және хор.)

Ана.

Жасыл жайлау, мұнар бел, шалқар көлім.
Шалқар көлді жайлаған қайран елім.

Хор.

Тұтқын болып қапаста біз зарлаймыз,
Бұл азаптан құтқарар бар ма ерім?

Ана.

Әнге қосып зар айтам алысыма.
Құлақ салшы, жасаған, дауысыма.
Шеру тартып батырлар келер ме екен,
Ерлер жоқ па қозбайтын намысына?

(Сахнаның тұтқындар жағы қараңғыланады. Сахнаның түкпірінен Нәзікті ерткен төрт жігіт шығады.)

Төрт жігіт.

Аман-есен келіп жеттік,
Ескен желмен жарысып.
Батырыңның шатыры осы
Мақсатқа жет табысып.

Мақсатқа жет, Нәзік сұлу,
Сүйгеніңмен табысып.
Аман-есен келіп жеттік,
Ескен желмен ілесіп.

Ал, Нәзікжан, бақытыңа
Ашылсын тез бір есік.
Бақытты бол Нәзік жан.
Сүйген жарға ілесіп.

(Нәзік төрт жігітпен коштасып, Манаптың шатырына қарай жүреді. Қарсы алдынан кенет Адақ кездеседі. Бір сәт Нәзік пен Адақ бір- біріне қадалып қалады! Екеуі кілт бұрылып, өз жөндеріне кете барады. Манаптың шатырының ішіне жарық түседі. Шатырдың ішінде Манап қолына Нәзіктің орамалын ұстап алған.)

(Манаптың речитативі мен ариозасы.)

Манап.

Талай жылдар өтіп кетті.
Көз алдымда елесің.
Ынтық етіп бір өзіңе,
Түн ұйқымды бөлесің.

Бір өзің армандаған арай таңым.
Сөнбейді бойымдағы ыстық жалын.
Ойымды баурап алдың, жаулап алдың,
Өзіңді аңсауменен күйді жаным.

Қайран Нәзік! Нәзік жан!
Көп жыл өтті сені аңсаумен.
Қайда жүрсің сүйген жан сәулем?

Арманым - аспандағы ақ тілегім.
Еркімді ап, неге мұнша сүйдірдің сен.
Өзің жоқ, есімді алған пәк жүрегің.
Отына махаббаттың күйдірдің сен.

Шіркін Нәзік! Нәзік жан!
Жылдар өтті сені аңсаумен,
Қайда жүрсің сүйген жан сәулем?

(Нәзік шатырдың сыртында тұрып)

Нәзік.

Манап батыр,армысыз
Айтқан сертке берікпін!
Өзінді іздеп алыстан.
Қыз да болсам, келіпін.

Манап.

Асыл Нәзік! Нәзік жаным!

Нәзік пен Манап. (дуэт)

Соққан сайын жүрегім,
Саған ғана асығар.
Тұнық судай тілегім
Бір өзіңе ашылар.

Сен - қалауы көңлімнің,
Өзің - мөлдір аспаным!
Сенсің нәрі өмірімнің,
Саған ынтық жас жаным!

Адақ. *(терцет)*

Неткен көркем періштедей асыл жан!
Қолаң шашы ақ төсіне шашылған.
Шіркін менің сүйген жарым болар ма ед,
Ақ білегі мойыныма асылған!
Неткен көркем асыл жан,
Жүрекке оты басылған!

Манап

Атақ } Сенсің жарым аңсаған!

(Сырттан дабыл қағылады. “Абылайлаған ” дауыстар жақындай түседі)

Хор.

Аллажар, Абылай!
Абылай, Абылай! Аллажар!

Манап. Абылай ғой! Абылайдың жорығы!..

Нәзік. Абылай ма? Қалғаны ма өзі кеп?..

Манап. Қапы қалдық абайсызда жолығып...

Нәзік. Құтыл, батыр, тезірек!

Манап.

Жоқ! Соғысам. Қашпаймын!
Қашсам - болар бас қайғым.

Нәзік.

Қарсы тұрма көп ерге,
Құтыл, Манап! Бөгелме!

Манап.

Өзің құтыл. Айналма.
Өлсем өлем майданда!

Нәзік.

Ермен елдің дәрмені;
Тірі кетсең дәл қазір
Құтқарарсың сен мені...

Манап. *(Нәзікке орамалын береді)*

Мен жоқта қалсын сенде орамалым.
Бұл сертім - саған деген орамамын.
Нәзікжан, айтқан серттен таяр болсаң,
Дертіне қасіреттің оранамын!

(Манап қашып бара жатады. Оны Адақтың жолдасы Серік атпақшы болады.)

Серік. Тезірек жоқ қылайын бәдбақытты!

Адақ. Әу, Серік, бұр садақты атпа мұны!

Серік. Кеудемнің тоқтаттың ба қайтар кегін?

Адақ.

Мәнісін бұл сырымның айтам кейін.
Ұша алса, тірі кетсін шайқап көгін...

(Бұл жағдайды Нәзік көріп тұрады. Сырттан Абылай қолының ұраны естіледі.)

Хор.

Аллажар, Абылай!
Абылай, Абылай! Аллажар!

(Абылайдың қалың қолы сахнаға қалмақ ханын,
тағы басқа қалмақ әскербасыларын тұтқындап ала
кіреді. Абылаймен бірге оның сарбаздары: Қабанбай,
Таусоғар, Мергенбай ,Адақ, Серіктер).

Абылай. (Қалмақ ханына жақындап)
(ария)

Қас Дұшпан!
Ей! Кетіп ең сен шандатып кең даламды,
Шулатып кемпір-шалмен жас баламды!
Мінеки қолға түстің қояндай боп,
Ер жоқта елді шапқан батырсымақ!

Шетінен сарбаздарым сай тасындай.
Ағызам қан аралас көз жасыңды-ай!
Кетерсің жауыз дұшпан жерімізден
Соңыңа мықтап түссек тез басылмай.

Зарлаған ана, жылаған бала.
Жүрекке қайғы дерт салды.
Жайлауды таптап, көлімді шөл ғып.
Жеріме ойрат өрт салды.

Тыныштық жоқ. Айнала дұшпан.
Күндіз де түн де шайқасу.
Бірде жау жеңіп, бірде біз оны
Өмір мен өлім айқасу.

Осынау мәңгі шайқастың
Толастар күні қай манда?
Барлық өмір өтер ме әлде,
Атыс, шабыс майданда?

Шабыссаң шабыс, қас дұшпан!
Майданнан сірә мен қашпан!

Кешегі, ей
“Ақтабан, шұбырындыда” қайран далам
Қан жұтып қасіретпен қайрандаған.
Қырылған боздақтардың кегі үшін
Еліңе күндіз-түні ойран салам!

Орданды шауып ойрандап,
Ұлдарыңды құл етем!
Жеріңді өртеп сайрандап,
Қыздарыңды күң етем!

Ғасырлар бойы қан жұтқан
Халқым үшін кек алам!

Хор.

Батырлар.

Сақта, Тәңірім, Абылайды!
Зарды Абылай танымайды.
Күлсе ол, күлер күллі дүние.
Ол шат! Жаудың жаны қайғы!
Сақта, Тәңірім, Абылайды!
Абылай!



ЕКІНШІ АКТ

(Көкшетаудағы Бурабай көлінің “Оқ жетпес” шыңына ұштасқан тұсы.

Жорықтан келе жатқан әскерлерді қарсы алуға шыққан халық. Сырттан жеңіспен оралғандардың әні естіледі. Оны сахнадағы халық зор қошаметпен қоштап тұрады. Жеңіс әні біртіндеп жақындай түседі. Сахнаға сарбаздар тобы кіре бастайды. Төрт жігіт зембілге салып Нәзікті көтеріп келе жатады. Олардың қасында Нәзікке таласқан, айтулы батырлар: Мергенбай, Таусоғар тағы басқалар кимелей түседі).

Мергенбай.

Ашаң жүз, алма мойның атқан тандай.
Іздедім сендей қызды ешбір талмай.
Аш белі тал шыбықтай солқылдаған
Сұлуды жай таппаймын өзім алмай.

Ай , мен жігіттің асылы.
Осы қыз - менің ғашығым.

Таусоғар.

Тіл бар ма көркемдігін айтып шығар.
Болмайын бұл сұлуға қайтіп құмар.
Дәмелі болса біреу, мен шығармын.
Мойныма асылмай ма айшық тұмар.

Қыз - үмітім мерейім.
Өлмей неге берейін!

Батырлар хоры.

Сұлу қызға біз де құмармыз,
Бұл қорлыққа қалай шыдармыз.
Ару қызды алсақ, өрлейміз,
Басқа жанға өлмей бермейміз!

Мергенбай.

Мергенбай деп аталған менмін - Мерген.
Атымды еркелетіп халқым берген.
Күшім де, ерлігім де жолбарыстай.
Намысты қарап тұрып қолдан бермен!

Ай, мен жігіттің асылы.
Осы қыз - менің ғашығым!

Таусоғар.

Талайды таптап өткен Таусоғармын.
Ақырып арыстандай жау шабармын.
Қаңтарда қарт бурадай буырқанып.
Аруды осы қыздай аңсағанмын.

Қыз - үмітім мерейім.
Өлмей неге берейін.

Батырлар хоры.

Сұлу қызға біз де құмармыз.
Бұл қорлыққа қалай шыдармыз.
қалай шыдармыз!

Мергенбай. Ай, мен жігіттің асылы!

Таусоғар. Қыз - үмітім мерейім.

Мергенбай. Осы қыз - менің ғашығым!

Таусоғар. Өлмей неге берейін!

Батырлар хоры.

Сұлу қызды өзім алам.

Сертін алам, сөзін алам!

Нәзік.

Уа, батырлар, тоқтаңыздар.

Мен - тұтқынмын, еркім жоқ.

Көзім жасты, көңлім шерлі,

Сән-салтанат көркім жоқ.

*(Осы кезде сырттан нөкерлерімен Абылай келіп,
Нәзіктің сөзін тыңдап тұрады.)*

Арызым бар айтатұғын.

Ертіп ханға барыңыз.

Шешсін менің тағдырымды

Мәртебелі ханыңыз.

Абылай. Арызынды айт, тұтқын қыз,
тындап тұрмын.

Нәзік.

Тап болдым тұтқын болып далаңызға.

Олжа боп түсіп тұрмын араңызға.

Көз жасы, қыз жасына тыйым бар ма?

Еріксіз жылай, жылай барамыз да.

Екі ғана сертім бар.

Мәртебелі тақсыр хан.

Сол сертімді орындаса кімде-кім.
Сол адамға тағдырымды тапсырам.

Барайын дәлдеп атқыш мергеніне.
Көзіммен шын өнерін көргеніме.

(Белінен Манап берген орамалды шешіп алып)

Байлаған орамалды шың басына
Бір оқпен атып, жығып бергеніне.

Абылай.

Туған айдай толықсыған перизат!
Екеуін де қабылдадым шартыңның.
Уай, Қабанбай, қыз тілегін орында!
Батырларын шығар қане халқыңның.

Қабанбай.

Ыңғайлы бір он жігіт сайлансын тез,
Орамал шың басына байлансын тез.
Садақ пен құлаш сынар кезі келді,
Серіппе садақ оғы қайралсын тез!

Батырлар, қапы қалма намыс сайлап,
Дайында оқтарыңды өткір қайрап.
Шыңдағы орамалды тура көздеп
Тартыңдар садақтарды “а, құдайлап!”

Хор.

Жігіттер, өнер көрсет топты жарып,
Ысқырсын садақ оғы көкті жарып!

Батырлар, қимылдаңдар қапы қалмай,
Тоқтама орамалды атып алмай!

Батырлар, жебелерің кетсін сарнап,
Жігіттер, өнер көрсет қызға арнап!
Атыңдар көн садақты тура көздеп.
Орамал шың басынан ұшсын тездеп!

Батырлар, қимылдаңдар қапы қалмай
Намысты қолдан беріп, жатып алмай!

Жетсін оқ шың басына тура барып,
Ұшырсын орамалды буға шалып!

Қабанбай.

Сұлу қыздан қайсың барсың үміткер,
Ортаға шық, кәне, мерген жігіттер!

Мергенбай.

Мен жігіттің асылы.
Осы қыз - менің ғашығым!

(Атады, оқ шың басына жетпейді.)

Қабанбай.

Жетпеді оқ, шың басына дарымады.
Үміткер енді қайдан табылады?
Жетпеді жебесі оның шың басына
Дәмелің бері шығып, тұр қасыма!

Таусоғар.

Қыз - үмітім, мерейім,
Өлмей неге берейін.

(Атады, оқ шың басына дарымайды.)

Жас батырлар.

Біз де енді талаптанып, айға құлаш сермейміз.
Ай нұрындай сұлу қызды біз аламыз, біз ғана!

Сақа батырлар.

Соқ жүрегім, қыздыр қанды, суық тартып
мұздама!
Нұрлы жүзді ару қызды біз аламыз, біз ғана!

*(Жас батырлар атады. Оқ жетпейді. Сақа
батырлар атады Оқ жетпейді.)*

Қабанбай.

Шың басына ешбір жебе жетпеді.
Біздің елде мерген жігіт жоқ па еді?

Хор.

Шың басына ешбір жебе жетпеді.
Шынымен-ақ намысымыз жоқ па еді?
Шың басына ешбір жебе жетпеді.
Орамал тұр үміт болып көктегі.

Қабанбай.

Жетпеді оқ. Іркіп намыс, қарқынды.
Уай, тұтқын қыз, айт екінші шартыңды!

Хор.

Уай, тұтқын қыз айт екінші шартыңды.
Жігіттерім бастар мүмкін қарқынды.

Нәзік.

Еңірейді жүрек шермен
Жоқ қой, тақсыр, жан емі.
Жүрегімді жүрген кернеп,
Бір әңгімем бар еді.

(Енді тұтқын қыздың жұмбақтаған ариясы айтылады.)

Нәзік. (ария)

Арқаның бір тауының саласында.
Сыңсыған қалың тоғай арасында.
Болыпты бір момын құс кептер деген
Жыртықш жоқ оның етін жеп көрмеген.

Кептер құс бір ағашқа ұя сапты.
Еңбекке кептер байқұс тиянақты.
Ақ үрпек кездерінде балапандар
Көріпті қарақұстан қиянатты.

Қаңғып жүрген бір қарақұс кез болыпты
кептерге.

Анқау байқұс тамақ алып ұясына жеткенде,
Шырылдайды балапандар анасына болысып.

Балапандар көз жасына қарамайды қарақұс.
Зар илетіп аналарын аямайды қарақұс.
Шырылдайды балапандар анасына болысып.

Сол кезде жай оғындай жарқ-жұрқ етіп,
Көк лашын жоғарыдан келді жетіп.
Суылдап қас қаққанша өтті түйіп,
Құтырған қарақұстың мойнын қиып.

Аздан соң кептер байқұс есін жиып,
Лашынға алғыс айтты басын иіп,
Өзімнен, төрт баламнан қалауыңды ал,
Құтқардың, тұрғанымда жаным күйіп.

Кептерлер ақтарғанда осы жәйтті,
Қалауын сонда тұрып лашын айтты.

Балапанның ең үлкенін
Лашын батыр қалайды,
Ер жеткен соң кездеспек боп,
Уәделесіп тарайды.

Жыл өтті, кептер өсті гүл-гүл жайнап,
Жүзінде арай қызыл бір нұр ойнап.
Уәделі мерзім күні жеткеннен соң.
Жөнелді лашынды іздеп, басын байлап.

Айдын көл түн қойнында мөлдіреген.
Майда жел, қамыс басы желбіреген.
Ала бұлт көк аспанда ай зырлайды.
Зырлаудан жас кептер де бір тынбайды.

Зырлап ұшып жас кептер
Бір тоғайға жеткенде,

Төрт жапалақ жол тосқан
Ұстап апты кептерді.

Кептер байқұс зарлайды.
Сырын ашып кеудеден.
Лашынменен байласқан
Сертке жетем деуменен.

Төрт жапалақ сенеді,
Сертке берік асылға.
Құрақ ұшып кептерді.
Бастап кетті лашынға.

Кездесті ару кептер лашынменен,
Жұр екен батыр лашын сертін сақтап.
Байласқан сертке жетіп ынтызарлар.
Шырқайды шаттық әнін асқақтата.

Масайрап лашын, кептер тұрған кезде,
Аспаннан тау бүркіті қиқу салды.
Жетпестен мақсатына сорлы кептер
Бүркіттің шеңгелінде кете барды.

Жыр қылмақ біреу бастан өткергенін.
Жыр қылмақ біреу азды-көп көргенін.
Уа тақсыр, жұмбағыма төрелік бер.
Алдыңда зарын айттым жас кептердің.

Халық, хор.

Апырай тегін емес қыздың өзі,
Астарлы терең жатыр әрбір сөзі!

(Қабанбай Абылайға келіп, жұмбақтың қиын екенін, оны шешуді ертеңге қалдыруды өтінеді.)

Хор.

Кім шешеді жұмбақты? Кім шешеді?
Қай азамат бұл сырмен үндеседі?
Жұмбақ - тылсым. Тылсымды шешу қиын,
Шешілмесе, тосады мың кеселі.
Кім шешеді жұмбақты?
Кім шешеді?

Абылай.

Туған айдай толықсыған перизат!
Жұмбағыңды біз тыңдадық жалықпай.
Бұл жұмбақтың шешуін.
Жатармыз ертең анықтай.
Бүгін біраз аунап-қунап дем алсын.
Сарбаздарым шаршап қайтқан жорықтан,

Халық, хор.

Апырай, тегін емес қыздың өзі.
Астарлы терең жатыр әрбір сөзі.
Жұмбағыңды шешеміз.
Әр сөзінді тыңдап біз.

Жұмбағыңды шешеміз,
Дем ал енді, жұмбақ қыз.
Жұмбақ қыз! Жұмбақ қыз!

(Ел тарай бастайды. Нәзікті қыздар шұбыра ертіп кетеді. Сахнаның екінші жағында Адақ пен Серік. Адақ

кетіп бара жатқан Нәзікті көзімен қимай ұзатып салады.)

Серік.

Жауар бұлттай түнеріп.
Ашылмайды қабағың.
Қандай сыр бар ойыңда?
Жөнін айтшы, Адағым.
Жарысқа сен түспедің,
Мергендермен таласып.
Перизаттай бұл сұлумен
Кетсең шіркін жарасып!.

Адақ.

Көп қайғышан жапа шеккен
Жауқазындай жан көрдім.
Талмаураған көңілімнің,
Дауасындай жан көрдім...
Өректіген озбырлық арыма менің симайды.

(Серік кетеді. Адақ жалғыз)

Адақ. (ария)

Жүрегімде бір нұр бар,
Мәңгі сөнбес шырағы.
Жүрегімде бір сыр бар -
Бар сырымның бұлағы.

Жас жүрегім күйіп-жанып,
Ерік қашты бойымнан.
Аңсап жүрген арманымдай.
Кетпейсің сен ойымнан.

Кетпей Нәзік ойымнан бір
Шолпаным боп атты алдан.
Махаббаттың Тәңірісің,
Жүрегіме от салған.

Қара көз, қиылған қас, ақша маңдай.
Сыбызғы сыңғырлаған үнің балдай.
Тамағың кір шалмаған ақ торғындай,
Жарқ еттің көз алдымда атқан таңдай!

Құшағымды ашар ем,
Бөгеп тұрсың сертіңмен.
Неге көрдім мен сені,
Айырдың ғой еркімнен.

О, Жасаған! Тыныштығым бұзылды.
Айға ұмтылдым. Армансыз ем кеше мен.
Жаным Нәзік, көрген бойда өзінді.
Құрбандыққа ғазиз басты төсегем.

Асау жүрек, неге лаулап жанасың?
Жанды қинап, бойды өртеп барасың.
Аласұрып, арпалысып тыншымай.
Шарқ ұрасың жер мен көктің арасын.

О Нәзік, Нәзік!
Қызғалдағым гүл ашқан.
О, Нәзік, Нәзік!
Сен күнімсің сәуле шашқан.

Асау жүрек, неге лаулап жанасың?
Бойды қинап, ойымды өртеп барасың.
О махаббат, бақыт болмай, дерт болдың.
Кім жазады бұл жанымның жарасын?

О Нәзік!

Өзіңді аңсап бұл жалғанға жар салам.
Жүрегімде бір сыр бар
Арманымдай, арманымдай аңсаған!..

шымылдық





ҮШІНШІ АКТ

Бірінші көрініс

*(Хан сарайының “Оқжетпеске” қараған жағы
Сахна ашылғанда сарайға біртіндеп нөкерлерімен Абылай
кіреді. Қыздар Нәзікті ертіп келеді. Адақ пен Серік те
жетеді.)*

Қабанбай.

Уай! Ал дәмелі сарбаздар!
Сөзімді менің тыңдағын.
Ортаға шық та шешіп бер.
Тұтқын қыздың жұмбағын!

Сақа батыр! Жас батыр!
Жеке батыр! Бас батыр!
Аш қиялдың құндағын.
Ақыл тауып шешіндер
Тұтқын қыздың жұмбағын.
Тұтқын қыздың жұмбағын!

Халық, хор.

Кім шешеді жұмбақты? Кім шешеді?
Қай азамат бұл сырмен үндеседі.
Жұмбақ - тылсым. Тылсымдай қыз да жұмбақ.
Бір-ақ шауып тылсымды кім кеседі?

(Ешкім жұмбақты шешуге шықпайды.)

Абылай. (ашулы)

Қайдасың қаз дауысты шешендерім?
Қайдасың көпті көрген көсемдерім?

Қайдасың майталмандар?
Жұмбақтың мәнін айтар.
Қайда? Қайда? Шешендер қайда?

Қазақта құрыған ба зерек батыр.
Ақылы өзге жаннан ерек батыр?
Қайдасың, наркескендер?
Тылсымды тіліп өскендер?
Қайда? Қайда? Жоқ па әлде ешбір жан!

Адақ. *(ортаға шығып)*

Алдияр!
Найзалы жауды найзалап,
Айлалы жауды қашырған.
Біз емес пек уа, тақсыр.
Мерейіңді асырған!

Ел намысы қымбат-ты
Мен шешемін жұмбақты!

Болар ед кешпес күнә шешер болсам.
Жақпаса, қыздың басын кесер болсаң.
Жұмбақты сонда ғана шешем, тақсыр.
Қыз сөзін шайпау болса, кешер болсаң.

Абылай.

Шеш жұмбақты, елді айырмай есінен.
Жөнін тапсаң, шайпау сөзді кешірем.

Адақ,

Ау, халайық!
Ешбір оқ орамалды шала алмады.
Таянып шың басына бара алмады.
Атып мен орамалды түсірейін.
Болса да сұлуды ешкім ала алмады.

(Адақ орамалды атады.)

Қабанбай.

Тиді оғың орамалға, Адақ батыр.
Арналсын бір өзіңе мәдақ батыр!

Хор.

Жаса, жаса! Адақ батыр, мәңгілік!
Атың кетсін ел көңлінде жаңғырып.
Мерген Адақ! Батыр Адақ! Көп жаса!

Нәзік.

Бұл жігітке даяр басым.
Айғағындай сырымның!
Шешуін де баяндасын
Жүрегімде жұмбақ болған жырымның.

Адақ. (ария)

Тұтқын қыз өз басының жырын айтты.
Жүректен жарып шыққан шынын айтты.
Кептерді мысал қылып қалмақ қызы
Бар көрген бала жастан сырын айтты.

Зорлықтың жастан дәмін татқан екен,
Ауылын бір күн жау кеп шапқан екен.
Құтқарып ата-анасын жау қолынан
Лашындай бір жас батыр қаққан екен.

Батырға қыз әкесі барын сайлап.
Мал-басын түгелімен тартқан айдап.
Жас батыр лашын сыңды ақырында,
Кетіпті қыз баламен бір сөз байлап.

Жыл өтті, қыз ер жетті гүл-гүл жайнап,
Жүзінде арай қызыл бір нұр ойнап.
Уәделі мерзім күні жеткеннен соң
Жөнелді батырды іздеп, сертін ойлап.

Бір орманға келгенде
Төрт қарақшы жол тосқан,
Ұстап алып сұлуды,
Тұс-тұсынан жармасқан.

Оңай түскен олжаға,
Қарақшылар мәз болып.
Таласады жас қызға,
Көздеріне қан толып.

Жас сұлу жалынады ұрыларға,
Жер жоғын серттен тайып бұрыларға.
Сертінен батырға айтқан тайып кетсе,
Жас жүрек опасыз боп ұрынар ма.

Зарды естіп жігіттер,
Келді енді ақылға.
Ертіп жүрді сұлуды,
Сөз байласқан батырға.

Кездесті батырымен еркін аттап,
Ер жігіт жүрген екен сертін сақтап.
Байласқан сертке жетіп ынтызарлар,
Шырқайды махаббаттың көркін мақтап.

Масайрап қыз бен жігіт күйіп-жанды.
Кенеттен аңдыған жау қиқу салды.
Жетпестен мақсатына сорлы сұлу,
Дұшпанның шеңгелінде кете барды.

Орманға тиген барып тау бүркіті,
Аңдардың ылғи момын жау бүркіті -
Тақсыр хан, сіз едіңіз мысал болған
Жүретін елді үйіріп, жау үркітіп.
Жүректен қиянатты өшір, тақсыр
Нәзіктің шайпау сөзін кешір, тақсыр!

Абылай.

Сен үшін ардагерім,
Асыл туған қазақтан Адақ ерім!
Кешірдім осы қыздың шайпау сөзін.
Ал, жараңдар, қыздырыңдар думан-тойдың
жылуын!

Адақ батыр тапты айдай сұлуын.
Құрсын Нәзік ақ отауын арасында қазақтың.
Сайрандаңдар емін-еркін даласында қазақтың!

(Абылай нөкерлерімен шығып кетеді.)

Хор.

Жасаймыз Адақ тойын түрлендіріп,
Тігеміз ақ отауын гүлдендіріп!
Қамдаңдар той жабдығын, қыз-келіншек!
Жігіттер! Күн туады - біз көрінсек.
Оң аяқ!
Атта Нәзік! Баста қадам!
Шырқалсын ән,
Шырқалсын асқақтаған!

(жұқа шымылдық, түседі.)





Екінші көрініс

(Нәзік жалғыз. Үлкен толғану үстінде)

Нәзік. *(ария)*

Адақ, Адақ!
Қандай көркем Адақ деген атың сенің!
Адақ, Адақ!
Қандай әсем нұрға толы затың сенің!

Көркің сай асыл абзал мінезіңе,
Сайысқан жау шыдамас білегіңе.
Кеудемде асықтықтың оты жанып,
Жас жаным асығады бір өзіңе.
Адақ, асыл Адақ!

Алғаш сені көргенімде
Адамшылық қасиетің кеудеме енген шашып нұр.
Енді міне мергендігің барлық жаннан асып тұр.
Сен болмасаң талап жер ед әлгі топ,
Мен бір бейне ақбөкеннің лағы боп.

Балғын көңіл гүлін тапқандай,
Жаным құшқандай әсем арманын.
Жүрек таңы шалқып атқандай,
Сенсің аңсарым, сенсің абзалым!

Адақ, асыл Адақ!
Сен жігіттің шолпаны - өмірімсің.
Адақ, батыр Адақ!
Сен жігіттің сұлтаны - тәңірімсің.

Сенің бейнең барған сайын жүрекке от салады.
Сенің нұрың бірте-бірте жанды тербеп барады.
Әттең, әттең қалай бұзам сертімді?!
О, махаббат, кім сөндірер өртіңді?!
Зарым - махаббатым.
Қайтейін амалым жоқ, жаным - жалын.
Жарқ етіп көрінер ме алтын таңым?
Қамалдым жол таба алмай тас қияға,
Жетер ме, о Жасаған, жалынғаным.
О, Жасаған, бар ма шарам?
Адақ, Адақ!
Асыл Адақ!?!

(Сахнаның сыртынан Манаптың үні естіледі.)

Манап.

Мен жоқта қалсын сенде орамалым,
Бұл сертім - саған деген ораламын.
Нәзікжан, айтқан серттен таяр болсаң.
Дертіне қасіреттің оранамын!

(Сахнаға кенет мол жарық түседі. Түс-түстан кеу-кеулеген халық. Той басталады. Би..Би біткеннен кейін сахнаның сол жағынан қыздар Нәзікті ертіп шығады, оң жағынан жігіттер Адақты ертіп келеді. Қабанбай Нәзіктің қолынан ұстап, Адаққа қарай жақындайды.)

Адақ.

Уа, халайық, тоқтаңдар!
Тұтқын қызды мен алмаймын.

Халық, хор.

Не дейді? Не дейді бұл өзі?
Қалайша өзгерді мінезі?
Не дейді, жаным-ау, не дейді?
Неліктен қызды алам демейді?

Адақ.

Уа, халайық!
Сүйгенім Нәзік еді гүл өмірден.
Нәзіктей қыз табылмас бұл өмірден.
Нәзік - менің өмірімнің таңындай,
Нәзік - менің жүрегімнің қанындай!

Бердім саған азаттық, Нәзік жаным.
Сүйгеніңнен рахат тапсын жаның.

(Нәзікке)

Мен естігем серттеріңді алысқан.
Жау боп тиіп барғанымда алыстан.
Сертті бұзу - адамшылық болар ма,
Жүректерді ажыратпан табысқан.

Нәзік.

Сүйгенім Адақ еді бұл өмірден,
Адақтай жан табылмас бұл өңірден.
Адақ - менің өмірімнің таңындай,
Адақ - менің жүрегімнің қанындай!..

Айтысқан серт байлап отыр қолымды.
Сертті бұзу тұсап қойды жолымды.

(Ария)

Ұмытармын жарық күнді,
Ұмытармын аспанды.
Бірақ мәңгі ұмытпаспын,
Адақ, сендей жас жанды!

Адақ.

Ұмытармын жарық күнді,
Ұмытармын бауырды.
Бірақ мәңгі ұмытпаспын,
Нәзік, сендей аруды.

Нәзік, Ардақ. (дуэт)

Көз алдымда жарқын бейнең,
Сақталады мәңгі сөнбей.
Жүректегі арманымсың!
Өлмес арман өзім өлмей.
Асыл арман мәңгі сөнбес.

Адақ. Ұмытармын жарық күнді,

Нәзік. Ұмытпаймын, Адақ сені.

Адақ. Ұмытармын аспанды.

Нәзік. Ұмытармын жарық күнді.

Адақ. Ұмытпаймын, Нәзік сені.

Нәзік.

Ұмытармын аспанды.
Бірақ мәңгі ұмытпаспын,
Адақ, сендей асылды!

Адақ

Бірақ мәңгі ұмытпаспын
Нәзік, сендей асылды!

Нәзік. Қош бол, Адақ!

Адақ. Қош бол, Нәзік!

Нәзік. Қош-есен бол, Адақжан!

(Адақ пен Нәзік тұрған жартас біртіндеп екіге жарылады. Нәзік пен Адақтың арасы қашықтай түседі. Сол екіге бөлінген жартастың арасынан Сәкен шығады.)

Э п и л о г.

Сәкен.

Көк торғын Көкшетауды мұнар басқан,
Кербез тау көкке бойлап бұлттан асқан.
Талай жан Көкшетаудың бауырында,
Тарихқа із қалдырып болған дастан.

Қаһарлы соның бірі - хан Абылай,
Жасағы өңкей батыр ығай-сығай.
Бастаған Абылайдың сарбаздарын
Жорықта аты шыққан ер Қабанбай.

Өзінің асқан сұлу көркіменен,
Ғажайып тағдырымен, сертіменен.
Нәзік қыз - аңыз болған оның бірі
Алысқан махаббаттың дертіменен.

Нәзіктің жұмбағынан күй аңдаған,
Өртенген, күйіп-жанған қиялдаған.
Мәрттіктің өзіндей ол - Адақ батыр
Ақ жібін адалдықтың қия алмаған.

шымылдық.

Москва, Алматы 1966-1967 жылдар



АЛТЫН КУНДАҚ

Екі бөлімді драмалық поэма

Қатынасушылар:

Әбілқайыр	- хан.
Бопай	- ханым.
Барақ	- сұлтан.
Нұралы	- сұлтан, ханның баласы.
Бөгенбай	А
Есет	> - батырлар
Жанатай	
Қаратай	
Зылиха	- Барақтың қызы.
Кдзыбек	- би
Қолаң	- Жанатайдың сүйген қызы.
Есәлі	- күзетші.

Халық, қол, хабаршы, жаулар.

ПРОЛОГ

Сахна қара күңгірт. Найзаларын төмен түсіріп, шашақты туға бас иген батырлар, оларға қарама-қарсы кісесін мойнына салып, қолын қусырған Қрзыбек би.

Батырлар мен бидің аралығында Әбілқайыр хан, кейіндеу Барақ сұлтан. Бұлардан оқиғаулау - күтуші ойелдері бар Бопай ханым, Барақтың қызы Зылиха иіліп, ізет жасайды.

Қазыбек

Күні - тұман, түні - тас,
Қасірет толы зар заман
Қалсын мәңгі қайрылмастай көміліп!
Ханымызды сайлап алып,
Ант етейік ақ жолға!

Халық

Түн қашар ма түнерген?
Қан тыйылар күн бар ма?
Боз інгендей боздаған
Боздақ үнін кім ұғар?
Боз далама бозарып
Шуақ шашар шақ қайда?

Барақ (кекетін).

Жә! Табарсың, көп шуылдақ!
Суыр іні - қабіріңе кірерсің.

Бөгенбай (ашулы).

Суырылма, сұлтан, босқа!
Сұғанаққа сыбағам жоқ сыйлайтын.
Сумаңдамай сүрлеуімнен аулақ жүр!
Шырқырайды шыбын жаным сенсіз де.

Қазыбек

Жансебілмен жан шақырған, жамағат!
Үрей қашсын үміттен.
Сеніміңмен түнегіңді серпіп өт,
Дос құшағын қабылдап.
Азат күні аңыраған қазақтың
Қыр үстінен алауланып көрінсе,
Күлтілдетпей, күле қарап, өңің бер!

Қорғансызға қолдаушың боп қол созса,
Қорғаламай, тілегінді түгел аш!
Жылуынан жүрегіңе нәр барсын.

Батырлар

Ер тұрағы - көр болды,
Ел тұрағы - шөл болды.
Шерменденің сергелдені бітер ме?

Қазыбек

Қорлығыңа қарғыс айтып,
Өрлігіңді ерлігіңмен жебедің,
'Құрбандыққа құр дәрменді ту қылып,
Тыйылды ма жоңғар бірақ?
Тоқтатты ма азары мен ажалын?
Күңіренген күйік үні тыңды ма?
Күлкің қайда көкке назы жететін?
Еркің қайда? Еңіреген еліңнің
Ертеңіне қабірің бе табыстар,
Алыс қырдан қазақ атын жоғалтып?

Барлығы

Жоқ! Жоқ! Қазақ аты өшпесін!
Ел көшпесін тауарихтан.

Мола менен оба онсыз да аз емес.
Алдағыма бар ма жалғар арманым?

Қазыбек

Тілемсектің тілегі емес,
Тілеулестің тірегі ғой алмағың.
Әр қияға көз сатқанда,
Әр қиялмен өксік буып кеуденді
Тынышыңды ап, тынысыңды тарылтса,
Желпіп жетер жер түбінен самалдай
Ізгі лепті сезермісің шарпыған?
Үмітінді ұштар ниет сол болып,
Жігеріңді жанарыңда тұтантар.
Қолтығыңнан демеп, тартып ілгері
Іргелі елдің өнегесін ұсынып,
Орыс халқы панасына алмақшы!
Сенейікші жан шығарда соған біз.
Ойрат, шүршіт - қанқорыңнан
Қамқор болып, қасиетін өсірсе,
Өсиетім: өріс тапшы орыстан!
Еркінді алып, есігіңнен енсе де,
Есесіне ертеңіңе жетерсің
Бір жығылып, бір жүгініп, шалдығып.
Әділеттің әсем әні бір туар,
Мәуелеген азаттықтың ағашы
Қош көңілде жапырақ жаяр, сол кезде...

Барлығы

Ант етеміз ақ жолға!
Тәуекелге тәубемізбен ұйыдық.
Зар тілектің іздегені - Тыныштық!

Қазыбек

Жансебілмен жан шақырған, жамағат!
Үрей қашсын үміттен.
Сеніміңмен түнегінді серпіп өт,
Дос құшағын қабылдап.
Азат күні аңыраған қазақтың
Қыр үстінен алауланып көрінсе,
Күлтілдетпей, күле қарап, өңің бер!

Қорғансызға қолдаушың боп қол созса
Қорғаламай, тілегінді түгел аш!
Жылуынан жүрегіңе нәр барсын.

Батырлар

Ер тұрағы - көр болды,
Ел тұрағы - шөл болды.
Шерменденің сергелдеңі бітер ме?

Қазыбек

Қорлығыңа қарғыс айтып,
Өрлігінді ерлігіңмен жебедің,
Құрбандыққа құр дәрменді ту қышып,
Тыйылды ма жоңғар бірақ?
Тоқтатты ма азары мен ажалын?
Күңіренген күйік үні тыңды ма?
Күлкің қайда көкке назы жететін?
Еркің қайда? Еңіреген еліңнің
Ертеңіне қабірің бе табыстар,
Алыс қырдан қазақ атын жоғалтып?

Барлығы

Жоқ! Жоқ! Қазақ аты өшпесін!
Ел көшпесін тауарихтан.

Мола менен оба онсыз да аз емес.
Алдағыма бар ма жалғар арманым?

Қазыбек

Тілемсектің тілегі емес,
Тілеулестің тірегі ғой алмағың.
Әр кияға көз сатқанда,
Әр қиялмен өксік буып кеуденді
Тынышыңды ап, тынысыңды тарылтса,
Желпіп жетер жер түбінен самалдай
Ізгі лепті сезермісің шарпыған?
Үмітінді ұштар ниет сол болып,
Жігеріңді жанарыңда тұтантар.
Қолтығыңнан демеп, тартып ілгері
Іргелі елдің өнегесін ұсынып,
Орыс халқы панасына алмақшы!
Сенейікші жан шығарда соған біз.
Ойрат, шүршіт - қанқорыңнан
Қамқор болып, қасиетін өсірсе,
Өсиетім: өріс тапшы орыстан!
Еркінді алып, есігіңнен енсе де,
Есесіне ертеңіңе жетерсің
Бір жығылып, бір жүтініп, шалдығып.
Әділеттің әсем әні бір туар,
Мәуелеген азаттықтың ағашы
Қош көңілде жапырақ жаяр, сол кезде...

Барлығы

Ант етеміз ақ жолға!
Тәуекелге тәубемізбен ұйыдық.
Зар тілектің іздегені - Тыныштық!

Қазыбек

Әбілқайыр! Естідің бе ел сөзін?
Жылаулы жұрт жан ыңқылын ұқтың ба?
Төбесіне хан көтерген халқыңның
Жүрегінің қанымен жазған арызын
Арзан көрмей, парызыңдай арқала!
Антыңды бер азалы елдің атынан.
Қасіретін қасиетімен азайтар
Ресейдің тым болмаса пейілін бер,
Мейірімге жерік болған далаңа!
Не болмаса сал тұзағын орыстың
Отары етіп қазағыңның мойнына.

Әбілқайыр (*қылышын көлденең ұстап*). Уа,
күңіренген елім! Уай, нар толқындай айбар атқан
халқым! Хан сайлап, мені тірек етсең, тілегіңді
жүрегіме сімірдім. Арызыңды парызыма баладым.
Іздеген өрісіңді орыстан да, басқадан да табуға
барымды аяман. Тілеген тынысыңды тағдырлас
көршіңнен табуға жанымды аяман. Алдап кетсем, ақ
алмас ұшырсын басымды. Антым осы ақ жолға!

Барақ (*өзіне*)

Қаңырап қалған көк орда,
Қуға тағын ұсынса,
Қасірет селі осы да!
Жаныштаған жай оғы,
Орысқа елді итеріп,
Жаттан жақын іздетсе,
Жансебіл өмір осы да!

(*Қылышын сүйеді. Барлығы Қазыбектің соңынан кетеді*).

Шымылдық.



БІРІНШІ БӨЛІМ

Бірінші сурет

Хан ордасының ақ үйі. Лек-лек қол өтіп, топ-топ құл кетеді. Бес қаруы бойында батыр да, желегі түспеген келіншек те осында. Жүздерінен қайғы табы айықпаған қайыршылар да бой көрсетіп қалады. Енді бір шеттен күлдіргіштер, майрампаздар да шыққан. Қоршаған нөкер мен құлдар ортасында Әбілқайыр келеді. Асқақ жуан кеуде, шанышыла қарап, кердең тұр.

Әбілқайыр

Алмасыма жол салмай,
Оңбасыма өң беріп пе ем ығысып?
Жамбасыма жұмсақ төсеп,
Салғырттықты серік етіп көрдім бе?

Дауыстар. Жоқ! Жоқ! Жоқ!

Әбілқайыр

Ендеше, тірескенім сірескенін қоймапты.
Астыма басқаным аспанымды құлатардай әлек.
Он жығылып, жиырма жағаласып,
Тас кезеніп тағы көтеріпті басын.
Жасын жібергелі отырмын Хиуаға,
Оң мың қолмен Нұралы сұлтан барады!

Барақ. Алдияр! Тас көтерген әманда басынан айрылатын. Жазасы сол! Барсын Нұралы сұлтан.

Әбілқайыр. Олай болса, сұлтан, Нұралының жасағын өзің сайлап, өзің дайында. Сауыншы, қызметші, күтушісімен бір-ақ аттандыр. Бар! (*Барақ тобы кетеді. Беріректе Әбілқайыр, Бопай оңаша қалған*).

Бопай. Хан ие!

Әбілқайыр. Ханым! Сен килігер жөн бар ма?

Бопай. Хан ием! Ұйқы қашқан көзіңнен қаншама сыр аңдысам да, ұшығына бір шығармай қойдың-ау.

Сенің тынысың тарылса, менің тынышым қашар ұрғашы екенімді ұмытқаның ба?

Әбілқайыр. Жасырарым жарым болмас. Жасырғаным да жоқ, ендеше.

Бопай. Бар, хан ием менің! Күлкіңді реніш қуса, қызығыңа кіжіну араласса, көңіл күдігін жарыңмен неге бөліспейсің.

Әбілқайыр. Ханым, қатты айттың-ау! Өксігіңдей өкпеңмен орап кеттің алдымды. Тыңда онда. Армансызда айла жоқ. Дәрменсізде арман көп. Анау зар боп бір жетіп, жоқтау боп екі қайтып жатқан жылаулар күйін тындашы. Қайралған алмас, шындалған қылыш үнін естіші. “Қол бастап, жоңғарға қарсы шық! Іске баста!” демей ме сол үндер. Абыройым асып жеңіспен оралсам, халқымның үстінде қалықтап тұрмас па ем. Жаман айтпай жақсы жоқ. Қуанбаймын, қорқамын. Жеңіліп келсем, желкемнен түспес әлгіндегі Барақ сұлтан бар. Сол кезде мерейім мен тірегім боп Нұралы отырмас па Хиуада.

Бопай. Қайтейін енді. Ұл боп туған ұланды қияда сынауды о баста маңдайына жазса, қайтейін. Ақ батаммен ақ тілегін ұштармын.

Әбілқайыр. Сөйт, Бопай. Нұралыны өзім аттандырайын. (*Әбілқайыр кетеді*).

Бопай. Қайтейін-ай! Ез тапса да, ер деп баулыр анамын. Амалсыз көнем де. Көп күдіктің бір қақпанын Барақ сұлтан құрып жүр ме екен? Тайызды тулатып, тереңді шайқар дауылды тұтатқыш еді. Сол дауылдың бетін бұрар күш қайда? (*пауза*). Апыр-ай, Нұралы балам-ай, ұл болып ел билегеннен, қыз болып бой түзегенің артық па еді? Жүр ғой анау Зылихасы Барақтың. Алаңы жоқ. Зылиха демекші, сұлтан қолын тұзақтар дәл осы қызы болмасын. Қайқы кірпік Зылихасын Нұралыма қосақтасам... Онда... Хан мен сұлтан бір сүрлеуге қатарласып түспей ме... Онда ма... онда, Бопай өзің - құдайсың! Хан билігі ашсаң - алақаныңда, жұмсаң жұмырығыңда жатады. (*Пауза*). Тезірек сұлтанды табайын. Әб бәле!.. Сәті түсейін деген екен. Барақтың өзі қайтып келе жатыр. (*Дауыстан*). Сұлтан қайным, бері қара. Иығыма иығыңды теңестіріп, басыңды қасыма жеткізсем деймін.

Барақ. Қай жырыңмен әлдилеп барасың, Бопай ханым? Оң көзіңе бір ілікпеуші ем, аяқ астынан құрмет-қадіріңді неммен тауыппын?

Бопай. Қара бұлттай қоршаған қалың ойды ыдыратсаң, өзіңе деген ықыласымды көрер едің, сұлтан. Ауған көңілімнің қалауын айтайын. Келінім болсын Зылиха.

Барақ. Зылихам ба?.. Сүйінішін қалай тартып алмақсың?

Бопай. Қызың сыры өзіңе анық. Бұр бетін!

Барақ. Аңсап жүріп, таңдап тапқан жарық жұлдыз шырағы болса қайтемін?

Бопай. Тәйірі-ай, жалғыз шырақ жылытар ма, күн беремін қолына.

Барақ. Түсімнен шошып тұрып ем, тәңірім қарсы сияқты.

Бопай. Түске сенер қатын бе едің. Бақ күтеді байталды.

Барақ. Сен ұсынсаң, көз жасымен жуып алар бағы менен бақытын.

Бопай. Соқтықпа, сұлтан, соқтықпа! Жылап жүріп тілеп алар бар әйелдің сырын ұқ онан да.

Барақ. Сыры ашылмай шарт сынар деп қорқамын. Зарымды әнің етіп тыңдамақ екенсің. Бірақ құлақ күйін баса алмассың, ханым. Әуре болма.

Бопай. Солай ма, сұлтан! Хақ алдында ант еттім, міне! Еркек-шора қызыңды Нұралымның табанында тапталпасам, Бопай ханым атым құрысын! (*Бопай кетеді*).

Барақ (*жалғыз*)

Ері - арыстандай. Қатыны - қаншырдай,
Бөлтірігі - бөрідей. Анталап кеп шеп құрды.
Азу тістері сақ-сақ. Қан-жыныма тоймастай..
Бөлтірігін бөлсем, арыстанын алдасам,
Қаншырды қаншыққа айналдыруым оп-оңай.
Босама, Барақ, босама!..

(*Еркекше киінген Зылиха шығады*).

Зылиха. Көке! Мұздай темір құрсандым, міне! Отқа түсуге де дайынмын.

Барақ. Қызым, сол оттан алып, оққа байласам қайтер ең?

Зылиха. Әке байлауы соған тірелсе, қыз ойбайы құлағына ілінбес онда.

Барақ. Орайым оқ та емес, от та емес, ақ тілектің шаттығы десем ше?

Зылиха. Шат күлкімнің сыңғыры болар алғысым, көке!

Барақ. Астында тақ, төбеңде бақ тұрса, қайтер ең, қызым?

Зылиха. Сол күнге тезірек жетсем!..

Барақ. Сол күнің - әкеңнің қап-қара сор түніне айналса ше?

Зылиха. Ондай күнім тумай өтсін де ешқашан!

Барақ. Жоқ! Аспаныңды нұр шапағы бояпты,
Әкең қанының түсіндей.

Зылиха. Апыр-ай, алтын шапақ сәулесі менің де қаныма боялмаса нетті!..

Барақ.

Асқар шыңға желек байлап,
Сығалап тұр күн көзі,
Туды күнің, Зылиха!
Нұралы сұлтан - сол күнің!
Сен - қалыңдығысың!

Зылиха. Не дедің, көке?! Шыңырау құзға тіреп қойып көк желкемнен түйдің ғой! Сауға қылар дау түйіні болдым ба?

Барақ.

Қызым, жан қызым!
Сен күліп өтсең,
Мен күңіреніп кетер ме едім.
Анталап кеп азуын баспаса -
Жыртқыштықтың қарымы не.
Қорықпа, қызым!
Әбілқайырды бүгін хандық жарылқаса,
Сенің ата-бабаңнан арылмаған алтын тақ -
Алам соны!

Зылиха. Апыр-ай! Жарастығы жоқ тірліктің жалғаны көп сұмдығына қызыққаның қалай?

Барақ. Иә, қызым. Сұмдық көріп сен шошынғанмен, басқалардың шімірікпейтіндері көп. Жалғыз

да болсам, жағаласудан жалықпаспын. Бабам Жәдіктің алтын тағына қара халықтың өлігін көпір қылып жетпесем, барымнан жоғым. Тілегіме тілек қоссаң, жанымды ұқ, қызым! Жолыма жәрдемшім бол! Барым дейтін бірінді мендік қыл! Жүректі қызға білекті ер ғана лайық.

Зылиха. Не дермін, көке. Жанымды шүберекке түйгізіп көз алдыма тосып көрсеттің де, бойыма үрей қостың. Қылыш көтерер қолым болғанымен, қол бастар жолым жіңішке. Ақ жаулық басыма нөқта боп түсіп, көк кіреуке үстімнен сыпырылып қалмаса, жалғыз жанымды жолыңа арнадым, көке. Әзірше бастасым деп сүйінерім де, сүйенерім де жоқ. Қияға шақырып, қиыннан табыспаса, жай көптің бірін көңіліме қалай телірімін. Сен мені қара тұтсаң, көке, мен мына қаралы күндерде бес қаруымды пана тұтыппын. Өрт пен от құшағына найза ұстап, қылыш асынып кіруіме кеңдік бер.

Барақ

Бір көзіме қан толды,
Бір көзімнен жас ақты,
Жылатқан да сен,
Жұбатқан да сен, қызым.
Сәніңмен бой түзей алмасаң,
Шаңыңмен қарамды көбейт,
Қапталымда қиқулап.
Бар, күнім. Бердім еркінді!

Сахнаға Әсет тобы шығады

Әсет. Армысың, жас жігіт! Ойқастаған серкедей кім едің? Қай ұлансың?

Зылиха. Елдігімді сұрайсыз ба, ерлігімді сынайсыз ба, батыр? Елдігім ерлігіме сай, ерлігім елдігіме бастаған.

Әсет. Өзің сөзіңнен, сөзің өзіңнен шымыр екен. Серке шығар інім бол да, соңыма ер. Тізе қос маған!

Зылиха. Жоқ, батыр! Тәуелді тірлікті қорлықтан кем санамаймын. Тең түсіп, тең тұрып сөйлесер күнде ғана келісермін. Әзірше мені қинамаңыз.

Әсет. Апыр-ай! Құлаған көңілімді жақындатпай, мысымды құрта бердің ғой. Ағалыққа жарасам, сенен артық іні таппаспын. Тілегімді тастама, жас батыр.

Зылиха. Батыр! Ер екі сөйлей ме?

Әсет. Жоқ. Екі сөйлемейді. *(Жан-жағына қарайды. Барақты көреді).* Жалынды жүрегіне кек түйген арындаған жасты көрдім, сұлтан. Азап пен мазақтағы қалың қазақтың арын қуған жалындаған жасты көрдім, сұлтан. Бұрын ел зарынан туған өкінішім мол еді, сұлтан, бүгін сол өкінішімді азайтқан жасқа айтар өтінішім ғана бар.

Барақ. Айт өтінішіңді, батыр.

Әсет. Уа, сұлтан! Сергелдеңге түсерде сенімді серік іздейтін әдетпен мына жас батырға ықыласым ауып тұр. Ерсін соңымнан. Әйтпесе күш сынасайық, мені жеңсе, қолымды бастасын, мен ерейін соңынан.

Барақ *(Зылихаға).* Сөйле, жас батыр.

Зылиха. Шарт қойып, уәде түйіп көрмеп ем. Көретін болдым оны да. Ер жігіттің сынға түсер сәті жеткен екен. Алдым шартыңызды, батыр. Жалғыз-ақ тілер талабым: жалған намыс жаудан жаман жаралайтын, соған кеудеңізден төр бермеңіз, қандай сырдың беті ашылса да, жағаңызға жармасқан қол - тек қана батыр қолы деп өткесіз.

Әсет. Болды, бітті, келістім! Албырт батыр, бекем бол! *(Екеуі қаруларын тастап ықшамданып ортаға шығады).*

Дауыстар. - Қимылда, бас батыр! Ұста жағадан!

- Бас, батыр Әсет!

- Уа, аруақ! Уа, Әсет!

Зылиха *(кілт тұрып қалған).* Нені естідім? Әсет дей ме?.

Әсет. Иә, батыр! Мен - Әсетпін. Тоқтама! Ұста былай!

Зылиха. Ұстамаймын жағаңнан. Жығылдым, жеңілдім мен.

Әсет. Оу, жас батыр, өзіңнің есің дұрыс па? Сайланып келіп, байланып қалғаның қалай?

Зылиха. Уа, көке, ер жігіттің шегінгені - жеңілгені еді ғой. Ендеше мен жеңілдім. Жеңдіңіз, Әсет аға, ердім соңыңыздан! *(Басындағы дулығасын жұлып алғанда қолаң шаш төгіліп түседі).*

Әсет *(Тізе бүгіп отыра кетіп).* Япыр-ай, қай тілек-ниетпен жарқ етіп ең алдымнан? Кімсің, сұлу қыз?

Зылиха. Тұрыңыз, ер Әсет. Бүкпеңіз тізеңізді! Жүрек түкпірінде арманды бір тілек жатушы еді. Жан толқытар замандаспен тас қияда табыссам деуші едім. Сол сәтім шырай бергендей екен. Жүріңіз. *(Бұлар кетіп, сахнаға Әбілқайыр, Бопай, Нұралы сұлтан кіреді).*

Әбілқайыр. Дайынсың ба, балам?

Нұралы. Білмеймін, әке. Ертеңгі шығар биігімнен құйылып кеп іліп түсердей бір лепірсем, құлдилап кеп құлап түсердей тағы шайлығам.

Әбілқайыр. Хан біткеннің үрей атты екінші тәжі болады, балам. Басыңа бақ қонған сәтте кеудеңе жыланша ирелеңдеп кіреді ол үрей. Сондықтан да қорқынышын жеңгендер ғана хандық құрады. Сұр жыландай суық бол. Күлкі көрсең жүзіңнен, өзіңді өзің аяма. Аянба, сұлтан!

Нұралы. Ер жолын намысы бастаса, әр төбеден бір аңдыған күшігендей қарайлап бақ жүреді екен. Осынау киелі жорық маңдайыма бақ боп қонып, ер намысымды ұштар, әке. Хиуаға дәл бүгін аттанайын. Қолымды кім бастайды?

Әбілқайыр.

Қапысыз етем, ұлым. Қам жеме,
Қайрап соқсаң тас кесер,
Қайратымен қайқаңдатар
Қаратай көкжал - қолбасың!
Жауыңа жасын түсіре біл,
Ішкен асы ірің болып ұйысын.
Дауыңа дабыл қақпай,
Аттанды сыбырмен көмер.
Азап үнін әнге үйірет,
Бал тілінен зәр тамызар,
Қарабек би - ақылшың болады!

Нұралы.

Болсын онда! Кек құмасын. Бақ құдым.
Тілімнен - зәр, қылышымнан қан тамса,
Бақ жолы басқасын қаламас!

Бопай. Жоқ, балам! Бойың толғанмен, ойыңды олқы тартқызар жәйт көрдім. Сол күдігім - ауырым болып арқамнан түспес.

Нұралы.

Көкжиегі көтерілген көгімде
Күңгірт тартар бұлыңғырым бар болса,
Серпіп тастар анам өзің,
Ақ жарыл да, айғақ ет!

Бопай. Айтсам, балам, келінім - теңің емес. Жылуы аз, жігері жасық - ұрғашы ғана ол. Адал жардың әрі мен нәрі жарасып келсе, құба-құп. Саған лайық жар - қыз Қолаң. Асанбидің қалқасы ғой ол. Ойыңа ой, қайратыңа қажыр қосар қаракөзайым тап сол болар. Еңіреген жүрек үнін ұқсаң, анаң сөзін қабыл ал. Қабыл ал да, алаңсыз кет, құлыным!

Нұралы.

Ұқтым. Анасы баласына ашылса,
Баласының анасынан жасырары жоқ.
Құп алдым. Жөнін өзің тап.
(*Әбілқайыр, Бопай кетеді*).
Он мың қол!
Он тармақ бастаудың көзі!
Бақ жолы тақпен жалғасса,
Жағасалар жауым - жақыным болсын,
Тайынбан!
Құтырып келіп қаһарлана соғар дауылдай
Қатайып жетіп қасқайып тұрсам,
Әкем Әбілқайыр хан
Құрдай жорғалар алдымда!
Сұмдығына сырық бойламайтын Барақ сұлтан
Сыртын қампайтқанымен, сұрқын алдырып,
Қолбала болған аюдай
Жем аңдыр ед, қабағыммен қимылдап!
Он мың қол!!! Он қайнар бастаудың көзі!
Он сұмдыққа атар он кесегім де болсын!

Келе жатқан Қолаң, Есәлілерді көріп шығып кетеді.

Қолаң. Есәлі аға-ау! Жүгірісіңіз көбейіп кетті ғой. Мені жай шақырдыңыз ба?

Есәлі. Ойбай-ау, осы әлгі Нұралы ше? Сұлтан ше, сол өзі тіпті өлтіріп барады. Жоқ-ау, деймін осы соның көрері - жалғыз мен екем! Ақай жоқ, тоқай жоқ,

барасың, тап қазір жүресің деп екі аяғымды бір етікке тығып... ә бден өлесі болдым. Тұп-тура күйіп тұрмын... Ашынып тұрмын осы бар ғой, Қолаңжан!

Қолаң. Не болды? Қайда барасың дейді?

Есәлі. Қайыңдатады деп пе едің, түге. Жауға барасың дейді де. Онда да Хиуаға өзіммен бірге тап бүгін жүресің дейді. Ойпыр-ау, әлгі шүйкедей жеңгеңмен қоштаса да алмай мысым құрып тұр ғой енді.

Қолаң. Есәлі аға-ай! Ашынып айтқан сырыңызды ұққаныммен мен не дермін. Дәрменсіз күйімнің сізге тиер көмегі де жоқ.

Есәлі. Лебізіңнен айналдым, Қолаңжан. Марқұм әкең қарындасындай көр деп еді өзіңді. Енді міне кетіп барам. Сені шақырғанда... Осында көп мықтының бастары қосылып қалған екен. Азулының тісінен, тырнақтының ұшынан сақтасын. Шықпашы жаппаңнан, түспеші қызыққыш көздерге, шырағым! Тағдыр садағының адырнасын ызылдатып ойнаушы еді күштілер. Жебесі тиіп кетпесінші. Шықпашы, бауырым, жаппаңнан. Мынау көлгір дүниеден жар таппай, сор қабу оңай. Шықпашы, қалқам, жаппаңнан! *(Қылышын жалаңаш ұстап хас батыр Жанатай кіреді).*

Жанатай. Аға, қылышымды шындап бересіз бе?

Есәлі *(Қылыштың жүзін ұстап тұрып)*. Өткір екен өзі де. Өзің де өткірімбісің, Жанатай інім? Қайрайын. Қажытпас тірлік ер бағына кезігер ме... Езілер ме ет-жүрек әлде... кім білген? *(кетеді).*

Жанатай

Қара түнді сызып өтер шапақтай,
Тас түнектен ашылғандай бір сәуле!..
Тас төбемнен бұлт түнеріп төнгенде,
Сұңқыл үнді аққу қанат қақты ма?!
Тұла бойды еріткендей жылу бар,
Мың тұяқтың дүбіріндей жүрегім
Тар кеудемде салып жатыр сайранын!
Түн түнектен қол созғандай нұр сәуле.

(дауыстан).

Нәзік қанат көк еркесі - періште!
Көлеңкеңе көзім түсті, рас па?
Биікте-ақ тұр, төменнен-ақ қарайын.

Арман болсаң, алыс ұш,
Аялап, аңсап өтейін.
Оңай келме, оңай енбе жаныма
Ойландырмай тез қайтсаң,
Өкінішім өмір бойы өксітер.
Қара түннен таң көргенім рас па?

Қолаң.

Еркін тауда еркелеп өскен ақбөкен
Әр сайынан тосып жатқан жау тапса,
Күн көзінде тұра алмаса бой жазып,
Қайда барып паналар?
Жұдырықтай жас жүрекке құнығып,
Бұта біткен жыртқыш болса аңдыған,
Қара көзден ытқып шығып, мөлт еткен
Құралайдың қасірет жасын көргеніңіз
бар ма?

Жанатай.

Көрмеп едім. Көрдім дейін,
Құралайым сен болсаң?!
Құрғатар ем алауымен жүректің,
Қасірет жасын қысып тұрып жаныма.

Қолаң (өзіне).

Ұйқы көрмей, күлкі қашқан түндерде
Аңсағаным бар еді.
Мәз болушы ем әлденеге ынтығып.
Енді міне балқығандай тұла бой...
Аузымды ашсам, жүрек ұшып кетердей
Қапасынан босанып.
Таңсық қылған құдіретім жетті ме,
Бұзып кіріп тас қорғанын кеудемнің?

(Дауыстан).

Қос құлаққа тас тыққанмен,
Меңіреу болар жүрек жоқ.
Орағанмен мұз құрсауға сыртымды
Ішім - жалын, жасырармын қалайша.
Тіл байланып, жақ қарысып қалғанмен
Күмбірлеген көкірегімде нәзік күй
Ашылғандай бір өзіңе талпынып.

Сендім, батыр!
Маған да илан өзіндей.
Тілегенім аян болса,
тапқаным да баянды болғай,
Арманым жоқ дәл енді!

Жанатай.

Ант етер ем жарық күнмен
Жүрегімнің жалыны артық одан да,
Бар әлемнің ерітердей ызғарын!
Дүниенің аластардай сұмдығын,
Жан жарастық жалын болып оралды!

(Нұралы сұлтан мен Қаратай кіреді)

Нұралы. Оу, Мұңлық пен Зарлық боп қыз бен жігіт
оңаша табысып қалған екен! Жастықтың шырын
балын татқан сияқтысыңдар ма, қалай? Батыр, мына
гүлің кім?

Жанатай. Бұл гүлім айдай әлемнің жалғыз жарық
нұры - Қолаңым еді, сұлтан!

Нұралы. Қолаң? Қолаң дедің бе?

Жанатай. Иә, сұлтан!

Тәңірге табынғандай
Қарманғанда табысқаным -
Тал шыбығым Қолаңым бұл!
Ел мен жерден жау тықсырып,
Дүниеден түңілгендей кезімде
Күңіренген қаралы үнді әлдилеп
Жүрегімді тербеп жеткен қыз Қолаң!

Нұралы *(өзіне)*. Қолаң?! Шешемде білген екен. Бүрі
ашылғалы тұрған гүл екен! Төсіме басып, хош иісін
құшырлана сіміргенше тыншымаспын-ақ! *(Дауыстан)*.
Әлбетте, батыр құштарлыққа не жетсін. Әттеген-ай,
бұл құрбынды біздің бәйбіше әлгінде ғана қызметші
етіп алам деп отыр еді... Күлкілерің шын жарасқандай
екен, алдан да тағы қызық табылар. Үміт аузы жоғары
дегендей. *(Қолаңға)*. Перизат, дайындал. Дәл қазір
Хиуаға жөнелеміз.

Қолаң *(назалы)*. Алдияр Хиуаның ханы! Қара

жерден үзіп алса, қызыл гүлден әр қашатын. Айырмаңызшы даламнан. Жымыңдаған көк жұлдызы шұрқ-шұрқ көп тесігінен сығалап кеп сыр айтатын қара лашығым бар еді. Ажыратпаңызшы панамнан. Қыраулы қысты түре кіретін сәуірдің самал желіндей жылы лебізбен тілегіңізді тілеп өтейін, алдияр!

Нұралы. Жүрегінді қасіретке малдың-ау! Амал не, аяш? Тірлік жағалауын кеміре шайған өмір - өзенді арнасынан бұра алар пендені көргенің бар ма? Мен қайтейін онда. Бәйбішем сені қалапты, қарсы келер шарам жоқ. Тілеушің боп, тірегіңе айналуға тырысармын.

Қолаң. Ауыр шығар жолда жатар қара тас. Әй, бірақ, қасірет боп шүйіліп, еркінді ұрлаған озбырлықтан озар зелзала болмас-ау! Шер көңілдің зарын тыңдата алмасам, алдияр, тыпырлап не тындырармын? Күңіреніп жүріп, медет тұтар жалғыз тірегім - алаулаған махаббатыма сыйынармын тек қана. Ынтық жүрек қалаулысына әлгінде ашылған ақтығымен, адал антымен айнымай өтер пәниден. Сендім соған, сендім сол бір ащы зардың тәтті тілек мұңына. *(кетеді)*.

Нұралы. Әй, жаны ауырды-ау аяштың! Әр сөзінен шер төгілді-ау... Қиын тиді-ау бұл шешім. *(Қаратайға)*. Батыр, сен де жинал. Қолымды Хиуаға бастап барасың!

Қаратай *(тез қызына бас шұлғып)*. Құзырыңа құлдық, алдиярым! Ақтармын сеніміңді! Сілтесең - қылышың, сермесең - семсерің болармын! *(Нұралы кетеді)*. Сен неге томсара қалдың, Жанатай?

Жанатай. Дос бойынан жалбақтағыш жат қылықты көргеніме сенбей тұрмын.

Қаратай. Қызғанасың ба, құрдас?

Жанатай. Көңілі соқыр көр кеудемен дос па едім?

Қаратай. Олай деме, тек олай демеші, Жанатай! Ішімдегі шала жанған шырағымды ескерсеңші. Жалғыз атты, сабау қамшылы күнімде асыққаным осы емес пе еді. Кім едім бұрын мен? Ал бүгін алдымда ханым, соңымда он мың қолым бар.

Жанатай. Жас батыр деп елің сүйіп мақтан еткен. Ақта үмітін. Жорыққа шық! Барма Хиуаға, ерме төреге!

Дос құшағын айқара ашам онда былай! (Құшағын жаяды).

Қаратай. Жоқ, жоқ! Баруым керек Хиуаға!

Жанатай. Амал не, Қаратай, тағы да бір жалын жұтып кетермін. (Жанатай кетеді).

Қаратай (жалғыз). Апыр-ай, не істеп жүрмін мен осы? Есімнен танып, есуас болғаным ба? Дос жүрегім кесек тастай лақтырып кеткенім қалай? (пауза). Әй! Бір отты бір от шалатын. Тәуекел! Қиналған жанымның бар кеселін үлкен дертпен көмейін! Махаббат уын қана ішкем! Қолаң, қыз Қолаң - сол дертім! Бақтым соған! (Сахнаға Әбілқайыр, Барақ, Бөгенбай, Нұралы, нөкерлер шығады).

Нұралы (қарсы кездескен Қаратайға). Ешкім селкеу шықпасын, Қаратай, қазір аттанамыз.

Барақ. Дұрысы осы, хан ием. Сұлтан жолдан қалмасын. Ойдағы отты өрісің, қырдағы құтты қонысың қырғынсыз құтаймайды. Нұралы Хиуада қалқайып отырса, қазақтың асығы алшысынан түспей ме.

Бөгенбай. Уау, не дейсіңдер?! Биліктің жөні - бөрілік пе еді. Не деп тұрсың, Барақ сұлтан? Алдияр, еліңнің сыры мен сорын көремісің? Көрсек, бөлме қолыңды! Жіберме Хиуаға! Баста жорыққа! Халқың хан сайлағанда арың мен нәріңе сенген. Ақылға келіп, арыңа сыйын, Әбілқайыр!

Әбілқайыр. Айта түс, алқына түс, Бөгенбай. Бірақ көбікті сөзбен қанымды қыздыра алар ма екенсің. Көрінген уәжге бас шұлғып, бұйдамды ұстата берсем, мына көп тобырдан нем артық. Айтқан сөз - басқан серт. Он мың қолмен Нұралы сұлтан дәл бүгін аттанады! (Хабаршы келеді).

Хабаршы. Он мың қолмен Кіші жүзден Әсет батыр жетіпті. (Сахнаға Әсет батыр бастаған топ шығады).

Әсет. Армысыңдар, туғандар!

Бөгенбай. Бар бол, Әсет, сөйле батыр!

Әсет. Айтпағым еңсесі түскен ел тілегі еді. Аңыраған ананың, аза тұтқан ағаның көз жасы алқымыма тығылып тұр. Мен айта алмағанды өртенген отау, қираған бесік айтар. Қаласы қаңыраған ел айтар, панасыз жамыраған төл айтар. Намысты шыңдап, кекке баста дер сол көп өксік.

Хабаршы. Ұлы жүзден он мың, Орта жүзден тағы он мың қол жетті. Қаз дауысты Қазыбек би ел алдында келеді. *(қазыбектер тобы кіреді).*

Қазыбек. Аман, аман, аман бол!

Бөгенбай. Ел, ел, ел бол!

Қазыбек. Уа, халқым, мен саған қан жалдап, жас кешіп жеткенде, жүрекке беріш боп орнаған ащы күйді сарнатқалы келдім. Ол күй - күңіренген елім кегі, ат тұяғында жаншылған жерім кегі. Сол күй, сол кек жолына аппақ басымды тігіп келдім.

Төмендеп азат күн сөнді. Төбеңнен азап түн төнді. Көрген қорлық, тартқан шер зар мен мұңға сыймады. Дұғайдай дұғай сәлем айтсам, зарымды кемітіп, мұңымды азайтар азаматым табылар ма?

Әбілқайыр. Тәйір-ай, сол да сөз боп па. Уай, үш жүздің үш биігі, үш таудың үш шоқысы! Мен сендерге өзгеше бір сырды ашқалы отырмын. Қанды балақ қыранның балапаны қияға көз тікті. Нұралы сұлтан Хиуаға хан боп бармақшы. Он мың қолмен қазір аттанады. Қаһарлы Хиуа - сөйтіп қазақтікі болады. Батаңды бер, Қазыбек!

Қазыбек. Ел ебелек, ер көбелек емес, дат, хан ие!

Әбілқайыр. Айт датыңды, би!

Қазыбек. Батқан күнге, туған айға бата қып өт дегенің бе, алдияр! Бауыры жаралы, жаны қаралы жас пен кәрің аз ба еді. Ендеше мына түрің қалай? Сесінді алған жоңғардан есеңді қайыра сәт күткен еліңнің күшін неге бөлесің? Қасиетті ісін неге көмесің? Жіберме Хиуаға! Қасірет күнде салтанат құру қазақ салтына лайық па еді? *(Барақ камшысын тастайды).*

Әбілқайыр. Сөйле, сұлтан.

Барақ. Алыстан ұйтқып шаң шықса, аулынан үркіп лаң шығар қазақ-ай! Қорқынышты баса айтып, өкінішке ұрынып қалар сойыңды бір байқамайсың-ау! Қауіп тосып, құйрық қыссаң, қарсы шабар айбарында зіл болмас. Ер санымен келер жеңіс - ерлік пе еді. Елің үшін өлсең - қорлық па еді. Кер кезеңге кезігер сәт әлі алда. Күт сонда ел шырайын, хан сыңайын. Тос сонда тасқын селдей ел кегін. Еркегін баста, қатынын қоста. Артқы айылды кесіп тастап, айнып кетер айыптыны сонда ізде, сол кезде таусыл

да тарық. Іргесін кең салса - қазаққа лайықсыз ба, өрісін оздырса - қазаққа сыйымсыз ба. Хиуадан хандық алған, Қырымды шалғандай еді ғой. *(Қазыбек қамшысын тастайды).*

Әбілқайыр. Сөйле, Қазыбек.

Қазыбек. Қыран шалмас қияға қызыл тіл жетсе безеніп, безеріп беттен ар кетсе, бала шығар ойқақтап әкеге садақ кезеніп, Уау, Барақ, асқақ сөзбен аршындап, бар шынды бүркеп сен тұрсың. Кімге берген шаңың бұл? Халқың ба еді қиярың? Ел келесін ұққан ұлдың сөзі ме еді айтқаның? Жан үрейін жасырып, хан мерейін асырған, Барақ сұлтан, ара түскен жолыңнан жарық неге шықпайды, шыңырау неге таппайды. Жұртың ба еді сатарың? Барма неге демейсің. Бөлме неге демейсің. Аямастың алды тар, арты жар болатын. Көп алдына көрі ме еді тосқаның? Уа, алдияр, жіберме қолды. Жауға бұр бетін! *(Барақ қамшы тастайды).*

Әбілқайыр. Сөйле, сұлтан.

Барақ. Уай, қара сөзден май ағызған, бұлаңгерім! Үдетіп үркек ұранды, қыранды құздан құлаштап тышқанға салған неткенің? Ақиқаттан айла іздеп, алаңсызда амалдап, айнала шапқан неткенің? Не бүлінді, не сынды? Нең жарылды, нең тынды, Қазыбек? Меңіреу жапқан түн еді, тап басты ойрат. Ақ басты анаң найзаға ілінді. Көңінді от алды, өрт шалды жерінді. Сол қапылық, сор бейқамдық бар ма бүгін? Тік тұрып өріп келген елінді, жиналған қолды көремісің? Тек, жарқыным, қорқыныш берме еріме, үрей салма еліме. Он мың қол деген немене? Соған қарап қалып па ек. Батаңды бер, батыстан бос қалмайық. Барсын Нұралы. *(Қазыбек қамшысын тастайды).*

Әбілқайыр. Сөйле би.

Қазыбек. Сөзде қандай қадір бар, көздегенін айтпаса. Көзде бар ма қасиет, қасіретті көрмесе? Қайда бұрдың көшінді? Кімсің сен, Барақ? Құбылаңды қайдан іздедің? Қонысыңды қайдан жайладың? Әбілқайырмен кеше найзаласып жүруші ең, бүгін аймаласып қалғаның қалай?! Әлде сұмдығыңды сыналап өткізбекпісің?! Түңілдім мен, түбінде тұйыққа

тірелерсің. Уай Әбілқайыр, хан ордасы - жар емес, қатты соққан дауылдан қақырап іргең кетпесін. Халқың - тілсіз мал емес, еңбегің еш, тұзың сор, алдыңа салса өкпесін. Жіберме қолды Хиуаға! Қияға бұр ел бетін!

Әбілқайыр. Қара бұлттай қаптаған қос үрейді сендер үйіргенмен кеудемнің қақпасы берік. Үміт шоғын тұтатқан көңілімнің сөнуі қиын. Астыма тақ берген екенсіңдер, алды-артымды орамаңдар! Артыма қарайлаймын деп аларымнан неге айныын. Тағдырыма тәбділ еттім *(Пауза)*. Бар, ұлым! Арқа сүйер асқақ төбем боп, зорайып отыр Хиуада. Он мың қолыңды Қаратай көкжал бастасын.

Қазыбек. Сездім сырынды, Әбілқайыр. Үздім күдер сенен, қидым шідер. Бездім бақ құмартқан тағыңнан. Асарсың, әлі де асарсың. Тек сонау бір соңғы сәтінде тосыларсың да түсінерсің. Түсінерсің де түсерсің аспаныңнан. Әй, бірақ, оған дейін кім серік?

Әбілқайыр. Қарысып біткен қара еменмін! Жел шайқаса сынбаймын! Бұлт торласа қыңбаймын! Көріп алдым ақ бас шалдың құқайын. Нұралы! Бар! Жөнеліңдер Хиуаға! *(Нұралы тобы кетеді)*.

I адам. Уа, қашанғы иіріліп тұрамыз?

II адам. Жорық туын кім көтереді?

III адам. Ханның “сыйы” бұл болса, зәрі не болмақ?

IV адам. Әлде тағы бір елге қуар.

Қазыбек *(қолын көтеріп ортаға шығады)*. Уа, халқым! Түнерген асапаныңнан жас пен қан аралас жаудырған сұрапыл бар. Еркінді алған қапастың қасіретінен тазартып шығар Күнің қайда? Аймалап туар Айың қайда? Ханда ма? - Жоқ. Билерде ме? - Жоқ. Өзіңде, сенде, халқым. Үш жүздің бірігіп келген тұтас жасағында, тізе қосып жеткен тату бірлестігінде мынау. Әлпештеген ана аманатын, туған ел, өртенген жер аманатын табыс еттік өзіңе. Ерлігіңмен тірлікті, өрлігіңмен ерлікті қорғау үшін ат басын жауға бұр деймін мен. Бөгенбай, жасағыңды басқар өзің!

Бөгенбай. Әсет, онда бір қанатты сен баста! Жәпек, екінші түменмен сен шық! Тосқауыл төбеге жаудан бұрын жетіндер. Барыңдар, ерлерім! Аруақтар жебеп, намысың қолдасын!

*Лек-лек жөнелген қол. Артынан жеңіс тілеп
шуылдаған халық. Батырлар шығып кеткен. Нөкерімен
қалған хан тобы. Наразы күйде Есәлі кіреді.*

Есәлі. Қаралы күнде де жаралы жаным зарламап
еді дәл бұндай. Қайырымды жүрек қасіретке бас иер
деп өтінем. Хан ием, Қолаңжанды қалдыршы. Алдияр,
қалт-құлт еткен тірліктің соңғы үмітін ұрламашы!..
Тұяқ серпе алмас құралайдың тамағына кездік
тақамашы, әміршім! Кіршіксіз тазамды былғамашы,
қорламашы, хан ием!

Әбілқайыр (ашулы). Жөнел! Қағыл былай, малғұн!
Төлеңгіттің торы байталын сұраусыз міне алмасам,
хандығымның қасиеті не? (*Әбілқайырлар кетеді*).

Барақ (жалғыз).

Сойқан сойыл сілтеуінен жаңылмапты,
Құлаған да, құлдилаған да бір қауым,
Тілегім тәңіріме жеткендей!!!
Жер болып құлдырап шөгіп ем,
Төбе болып түрегелейін енді
Төбемдегіні де,
Төмендегіні де шеңгелімде жентектеп!
Бас жарылса бөрік ішінде,
Білек былғанса, жең ішінде,
Жемтігім - жеңсігім болса,
Алтын бесікті тамызық етіп тұтаттым!
Ханға - сұлтанды,
Сұлтанға - батырды қайрап салайын.
Аларым - айыбымның садағасы.
Таспен - тауды, ал таумен тасты соғайын,
Ұшқын оты тәжімде ойнасын
Құдіретімді тірілтіп!

(*Шеру тартқан қол. Қағылған дабыл. Бұл кеткен
Нұралы тобы.*)

Қолаң. Қош туған ел, атамекен алтын бесік!
(*Көзімен Жанатайды іздейді*). Қош көктемнің ізгі
лебіндей арман дәмін татқызған алау сезім!..
Жан лебізін жаңғырық қана қайталар. Жас жүректің
мұндасы түн ғана болар!..
(*Топ кетеді. Сахнада Барақ
пен Жанатай қалады*).

Барақ. Естідің бе, батыр? Кешегі күнім қандай,

бүгінгі түрім қандай демеді ме Қолаң сұлу. Сүйген көңіл сыңар қанат қалғандай-ау. Талпынады да ұмтылады. Ұмтылады да шер атады. Басқа шарасы жоқ. Іздегені кім екен?

Жанатай. Естідім. Жүрегінің дірілімен қоса ауырар жаным бар. Жанының ыңқылымен бірге сырқырар жүрегім бар. Естідім!

Барақ. Оу, іздегені сен бе едің?! Сен болсаң, онда қапы қалма. Қарайламай тез аттан, батыр. Бақта-лайыңа жазған екен, айрылма. Алып қайт сұлуыңды. Мен мұнда сенің жоқтығыңды ешкімге білдірте қоймаспын. Бар. Ізін бақ!

Жанатай. Жетермін, Қолаңым! Күндік торын, сұмдық зарын сыпырармын сәулемнің. (*Кетеді*).

Барақ

Қапты қақпаным!

Ыдыраттым бірлікті!

Хан қолы қырық бөлінді.

Батырын баласына салдым.

Енді ханның өз басына жетсем,

Алтын тақты жамбасыма басармын!

Күттім соны! (*Кетеді*)

Екінші сурет

Оңаша ақ отау. Отау сыртында Есәлі мен Қолаң.

Қолаң. Есәлі аға! Үміт үзіліп, тілек өшкені ме? Қарай-қарай көз талды. Ынтық назымен жеткен жастығым бар еді, сағынышы ғана қалды. Өксік пен өкінішім булықтырып тұр. Атқан таң, шыққан күн алдамшы елес пе еді?

Есәлі. Қалқам-ай! Не дейін... Қолаңжан жарығым-ай! Сен менің әжемді білуші ме ең. Жоқ-ау, деймін. Қайдан білесің. Сен тумап қайтыс болған. Сол марқұм әжем айтушы еді. Баяғыда дейтін бір ай мен күндей, әмбеге бірдей сұлу болыпты. Тәйір шіркін, сол сұлудың бір адамы болыпты.

Қолаң. Қандай адам?..

Есәлі. Адам дегенде күткен жігіті-дағы. Әжем

айтатын. Әлгі сұлу серт беріп жігітті күтсін деп. Айтысқан серт, алысқан қол. Уәдеге уәде. Әжем айтқанда бар ғой, тура тегі, мылқауға тіл, тасқа жан бітеді. Жігіт те бір адамның сырттаны болса керек. Қызды іздеп шығады ғой. Екеуінің сертін бұзбақшы болған арада бір мыстан кемпір бар екен. Сол мыстан, құдай-ау, жасамағанды жасапты. Жігіт қырға шықса, асу бермес тау болыпты. Талықсып, тырмысып одан да өтіпті әлгі батыр. Ойға түссе, мыстан кемпір өткел бермес көл болыпты. Шаршап, шалдығып одан да өтіпті сертіне берік жас.

Қолаң. Әбден қинаған екен байғұстарды...

Есәлі. Әжемді білмейсің сен. Құдды бір сарылып тосқан сұлудың өзі дерсің. Сонымен екеуі бір күндері табыссын. Айтқан серт, алысқан қол уәдесіне жетсін. Сонда бар ғой, Қолаңжан, уақыттың өткені сондай, қыз көзі суалған кемпір болыпты. Жігіт ұрты суалған шал болыпты. Бірін-бірі танымастай. Сонда бар ғой, сертіне берік екі жанның зары мен өксігі тәңірінің құлағына шалыныпты дейді. Кемпір айдай сұлу қыз бопты. Шал солқылдаған жігіт қалпына кепті. Әжем айтатын. Сен әжемді білмейсің, Қолаңжан. Күткен жетеді, үміт құлағы елу деген. Тәйір шіркін, күдер үзбе, шырағым!

Қолаң. Алғысқа бөленіңіз, Есәлі аға! Ақ көңіл, адал жаныңызға рақмет! Мен де сағынамын. Дос жүрегі ұмытпас. Азбас, айнымас. Мен де күтіп алдым. Мұңсыз болыңыз, Есәлі аға! *(Кетеді. Есәлі жалғыз).*

Есәлі. Апыр-ай! Ынтық деген осы екен-ау! Қалай-қалай сөйлейді! Қайтіп-қайтіп күрсінеді! Аузынан жалын атылды-ау, тәйір шіркін. Менің де шүйкебасым дәл осылай күрсініп жүр ме екен? Әй, қ а й д а м ... Әлгі кішкене қошақанды аштан өлтіріп алмаса де. Көкесін сағынып жүр-ау қошақаным... *(Сыртқа қарайды).* Қаратай көкжал келеді... Неге келеді, мұқым тегі? Әлде, тәйір деген, мына Қолаңжанның зарыға күткені осы ма? Болса болар. *(Қаратай келеді).* Армысың, батыр!

Қаратай. Бар бол, Есәлі. Е, не тіршілік, жай ма?

Есәлі. Адамның атын түйеден түскендей дүңк еткізеді екенсің... Немене ол жай болатын?

Қаратай. Жайшылық па деймін, Есеке?

Есәлі. Тәйір шіркін, жайшылық болмай неғыпты. Есәлінді-ақ айта берші. Есекең құлаққа түрпідей тиеді екен.

Қаратай. Е, Есеке, жайшылық болсын. Қыз қалай?

Есәлі. Өксік дей ме, өкінішім дей ме, мұқым тегі, байғұс бала торға түскен тотыдай дір-дір етеді.

Қаратай. Не айтады, Есеке,

Есәлі. Не айтушы еді. Жалындап шыққан демін басар ем іздейді де пәниден, тәйір шіркін, батыр-ау.

Қаратай. Ынтықпын дей ме сонда?

Есәлі. Ойбай, айтады! Жүрек қанын тасытқан жігіті бар сияқты, мұқым тегі.

Қаратай (өзіне). Онысы мен ғой. Аяулым, мен тұрмын ғой қасыңда. *(Дауыстан).* Ынтығы іздеп келсе, ілесіп кетердей ме сонда?

Есәлі. Тәйір шіркін, өзі үшін отқа түсіп, оққа шабар табылса, дайын ғой қыз байғұс.

Қаратай. Бейілі болса, бейнетіне мен де көндім, Есәлі.

Есәлі. Пәлі-ау! Бейілі болмаса, кейінін аңсап бұрылар ма еді.

Қаратай. Мынау бақ матауына, асыл отауына қарайламай-ақ безінем дей ме, Есеке?

Есәлі. Бағы күйіндіріп, асыл отауы сүйіндірмесе, оның несін қимастай.

Қаратай. Есеке, ә-ә, Есәлі, өзің айтшы... Серпіп кетсем, серіктікке жарардай жар бола ма өзі?

Есәлі. Әй, Қаратай! Мен батыр емеспін, мұқым тегі. Сілтегенім бірақ мүлт кеткен емес. Былқ-сылық еткізіп не деп барасың өзің. Жоқ-ау дейім, Қоланды қорлайын десең, тұп-тура басыңды домалатып түсірем.

Қаратай. Жарайды, қызба босқа. Сұлтанға қалай өзі?

Есәлі. Тәйір-ай, қозы мен қасқырдың дос болғанын көріп пең.

Қаратай. Өшті үнім, өшірдің сен, Есәлі. Бақтым осыңды. Шақыршы айымды, келтірші тез!

Есәлі. Е, сөйтші бір! Жеткіздім, міне, барынды, батырым! *(Кете беріп қайта оралады).* Нұралы сұлтан келе жатыр. Аянба!

Қаратай. Сұлтан ба?! Қап! Мен кетейін онда. Ойына бірдеме келіп жүрер. Жатқан жолбарысты шаптан түртпейді.

Есәлі. Апыр-ай, батыр! Тіресер сәтің туды емес пе. Неге тайсақтайсың?

Қаратай. Ой, өзің не деп барасың! Атама ондай арандатуыңды! Қысылтаянда берер ақылың осы ма?

Есәлі. Сабыр сақтамақ екенсің ғой. Қиянат сұмдығын сезбегенің бе? Қолаңды онда қолыңмен шығарып бер сұлтанға.

Қаратай. Әй, не деп кеттің? Былжыратып езіп тұрғаның не осы сенің? Мен онда Қолаңымды біржолата қиям ба екен.

Есәлі. Қимағаның осы ма? Ынтығым десең, бұр сұлтан бетін қыздан, мұқым тегі! Аудар қарғыс жүзін кінәсыздан!

Қаратай. Жетер! Қайрап салып, қапы соғар жайым жоқ. *(Екеуі екі бөлініп кетеді. Нұралы Қаратайға қарсы кездеседі).*

Нұралы. Қаратай, сенбісің? Тоқташы! Қара түнді жамылып бір іс бастасам, кеудені билеген аусар сезімнің дауылы тыншыр ма? Табар ма дауасын мына түн? Табасың ба сен?

Қаратай *(өзіне).* Нені табам? Өз қолыммен қиратқызып, алтын кәрлен *сынығы* ма аларым? Бірақ, бірақ алтын сынық тақияма тар ма еді. Сол-ақ болсын сыбағам! *(Дауыстан).* Ертіп шығайын мен онда. *(Ішке кіріп кетеді, іле-шала Қолаң жалғыз шығады).*

Қолаң. Түнделетіп неғып жүрсіз, алдияр?

Нұралы. Түнегі ашылмаған жанның күні мен түні бірдей емес пе. Сыңғыр үніңнен шипа тілей оралдым.

Қолаң. Айы батқан айдалада жалғыз қалған жолаушыдай мұңлық ем. Алдағы арман күндерін жақсылық бұйырмас күңгірт бір өмірге теліп қойып едім. Қылаң етіп шырай берердей жұлдызым туғаны ма әлде?

Нұралы. Қолаң... ақылды, әсем Қолаң, айың мен күнің туды! Әйгіленсін айдай аппақ әлемге, хан басымды аяғыңа иемін!

Қолаң. Апыр-ай, тосыннан жеткен қуаныштың қорқыныштан кемдігі жоқ екен. Қармана созған әлсіз

қол ай құша ма сонда... Сенейін бе? Жазаң ба еді әлде қинамақ?

Нұралы. Ынтық болған жүрегім сен деп қана бұлқынады, қыз Қолаң!

Қолаң. Шыңырау еді түскенім, меңіреу еді айналам. Тұтқын едім торыңда, алдияр! Күні сөнген күңің бе жүрек шырағын тұтатар?

Нұралы. Айыбымнан ақ тілегім арылтар, аяулы Қолаң! Нақ сүйерім өзің бол!

Қолаң. Нақ сүйер!.. Жалғаны көп жастықтың мастығы билеп тұрған жоқ па екен?

Нұралы. Өзім көріп сөз беріп, жақсы көріп жан тартқам. Тілегенім де, тапқаным да - бір сенсің, Қолаң!

Қолаң. Ойыңның орайы мен көп күдікпен күрсінген көңілдің қарымы не болмақ?

Нұралы. Не қалайсың дәл қазір? Қала да қабыл ал, Қолаңжан!

Қолаң. Жабықтырар зауқым жоқ, алдияр. Жасырынар қаупім тағы жоқ, нақ ием! Көзім жұмсам, көгімнен бір алтын тақ қасыма қонғандай болушы еді бұрын. Өңімде жеткіз сол таққа, билеушім. Думандатып той жасап, төңірекке хабар сал. Ақ отауға ақ тілекпен он күннен кейін аттайын!

Нұралы. Пай-пай-пай! Қысқа көрмей тілеуді, толдым десем, қыз Қолаң, маңдайыма сияр ма! Болсын айтқаның. Алдым шартыңды! Он айдан ұзақ он күнді өзіңді ойлап тауысармын. *(Тәжім етіп шығып кетеді).*

Қолаң. Жай соқты ғой шынарды, жел құды ғой жапырағын!.. Жайқалар ма қайтадан?.. Желдей есіп Жанатайым келер ме?.. Ер құшар ма аруын, жер құшар ма мәйітін... Он жылдай ұзақ, он сәттей қысқа он күн!.. *(Кетеді).* *(Ұзақ жолдан кеп жеткен Жанатай шығады).*

Жанатай. Көзіңнің қиығымен іздеп едің, Қолаңым! Күдірет тұтқан сезімді серік қып жеттім, міне. *(Пауза).* Менің қағбам мына орданың ішінде. Батқан ай, тұтылған күнді қапасынан шығарайын. *(Секіре бергенде Есәлі шыға келеді).*

Есәлі. Кімсің, әй? Тоқта! *(Екеуі айқаса кетеді).*

Жанатай *(алысып жүріп).* Есәлі, апыр-ай, Есаға, сен бе едің?

Есәлі. Жанатаймысың? Қайдан жүрсің, қарағым?

Жанатай. Бағытым мен тұрағымның несін сұрайсың, Есаға! Кеудемнің әлсіз шоғын шырақ етіп қапастағы асылымды іздеп кеп қалдым.

Есәлі. Тәйір деген, желік қой ол. Қайғы ұсынар қатал наздың несін қызықтадың, Жанатай?

Жанатай. Жоқ, жоқ! Жалт еткен жанардан бар ғаламның қазынасынан да қымбат оң қабағын көргем мен. Жүрек борышын ұмытар сәтім болса, адам мен елге жат болып, қара жерге кірсемші!

Есәлі. Жер мен көкті шалған кім еді оның?

Жанатай. Жанбас бұрын өртеніп, қанбай тұрып құмартып ем көркіне. Ақ тілек, ынтық сезімін кеудесінен кеудеме күйдіріп құйған - Қолаңым еді іздегенім. Қыз Қолаң - арманым, Есәлі аға!

Есәлі. Бәсе, бәсе! Сезіп ем. Қос асығым, өзім қосайын сендерді. Міне, дос құшағым! (*Құшқтасады*). Ал кідірмейік енді. Сен аттарды әзірле. Мен Қолаңды қуанта берейін. (*Екеуі де кетеді. Қаратай шығады*).

Қаратай. Барымды қолдан беріп, жолдан тайып кетем бе? Сыбағамды сұлтан жеп, мен қалам ба тастаған сүйекке алданып. Жоқ! Кеттім кері келмеске. Сертім болсын серігімдей қара аспан! Бүгін түнде әкетемін Қолаңды! (*Шығып кетеді. Салден кейін жүгіріп кіреді*).

Аттан, Нұралы, аттан! Ұры түсті ордаңа! Жау айғыр шапты үйіріңе! Аттан-ай! (*Нұралы хан бастаған топ шығады*).

Нұралы. Не болды? Қыз қайда? Қолаң сұлу аман ба?

Қаратай. Орны жатыр өзі жоқ. Қолаңың қашып кетіпті.

Нұралы. Рас па? Қолаң қыз алдаған ба?

Қаратай. Мен білсем, Қолаңды қолына жұлдыз қып қондыратын бір ғана адам бар. Ол - Жанатай!

Нұралы. Құртты-ау, тонады-ау қымбаттымды! Сен не бітірдің? Ақырып батыр болар десем, бақырып қатын болғанбысың?

Қаратай. Сабыр ет, хан ием. Босқа даурықпа. Ерден ердің қаупі бар. Қуғыншы боп өзім ғана барамын.

Нұралы. Бар! Ез тірлігін ер білегімен ақта! Жауымды

байлап әкел! (Қағылған, дабыл. Тасырлаған ат тұяғы. Қауқаласқан топ).

Сахна айналғанда кішкене төбенің қолтығынан сырғанап аққан бұлақ басында демалып отрған екі жас - Жанатай мен Қолаң.

Жанатай. Қолаң сені іздеп ұшқан құс, жүгірген аңға зарыққан жүрек зарын айтып ем, енді бір өзіңе асықтық әнін айтармын, жаным!

Қолаң. Батыр, батар күнге сыр ашып, атар таңға сеніп ем. Өзіңе деген адал тілегімді онда мен де жаныммен айтып, іштей қайталайын. Қатты айтсам, қасиеті қашатындай.

Жанатай. Айтпа, айтпа онда, Қолаң. Көзіңнен көрдім, жүзіңнен ұқтым бәрін, жетеді сол. Ақша бетіңнен тағым атып, жанарыңнан мөлдір көгім жарқырайды. Айтпа, жетеді сол!

Қолаң. Немді айтайын. Ғайып сынды белгісізден нұр төгіліп, шуақ атқанын айта алам ба. Сол еркелеткен нұрдан құлпырып ашылған аппақ дүниемді көргенімді айта алам ба. Өмірде шын бақытты бір жан болса, сол менмін! Мұңды өксігін серпіп тастап, жан дұғасымен бір өзіңе талпынған Қолаңмын мен, Жанатайым!

Жанатай. Қолаңым, асылым-ай! Іңкәр лебізіңмен жаныңның мінәжат арманы ашылып берді-ау! Тек осы бір жалын шыныңа зар боп өтсем, мұңдас күйдің ырзалығымен өртеніп кетсем де өкінбес едім-ау!

Қолаң. Апыр-ай, оқыс тілек айттың ғой, батыр! Шаққа қана табыстырып, аялсыз тез өшіп кететін парықсыз сәтті мезгемеші. Қорқыныштан сейілтіп, жан жарастығына әніңмен, әніндей үмітіңмен басташы жарыңды!

Жанатай. Биігіме бұлт шақырғандай боппын-ау. Жақсы әніммен жасқайын ол бұлтты. Қосыл өзің, Қолаңым! (Әндетеді).

Жас жүрек жалын атсын, әнін салсын,
Кеудеге толқын енсін, жалын шалсын.
Сағыныш - ынтымақтың хабаршысы
Қос жүрек тыншымасын, жалындасын.

Қолаң (*Даусы өзгеріп*). Шаң!.. Будақ-будақ шаң шықты. Құғыншы. Анау құғыншы!.. Кетейікші, Жанатай!

Жанатай. Неден қорықтың, Қолаң. Шаң шықса, артымыздан жеткен Есәлі шығар. Онан да жаңағы әдемі қиялымызды бөлмейікші.

Қолаң. Секемшіл жүректің соғуы қандай қатты еді!.. Кеудемді тесіп барады. Қорқамын, батыр! Тым болмаса, қаруыңды алып сай тұршы!..

Жанатай. Қорықпа, жаным. Күлімдеген күнге сенем, арайлап атқан таңға сенем! Көресің, қасым емес досым келеді. Мынау шуақ өмірдің шаңы да дос. Жалғыз қара жеке-дара Жанатайды қумайды.

Қолаң. Білмедім, үркек жүректің қаупі де үлкен. Бекем болшы, батыр! (*Пауза*). Қаратай ғой анау! Тым көлгір еді. Сенбеші, батыр, сенбе оған! (*Қаратай кіреді*).

Жанатай. Армысың, досым! Бәсе, жалған атаққа алдана қояр жүрек сенде жоқ еді ғой.

Қаратай. Жә, батыр! Екі сөйлер ез де емеспін. Оңай оралар осал да санама. Жоқ! Жастық желігім емес, ыстық жалыным бастаған Қолаңға, қасындағы қыз Қолаңға! Қуа келдім мен сені!

Жанатай. Не дедің, Қаратай?! Ойпырмай, бір тілекпен тар өткелге қатар келіп қалып па ек!?

Қаратай. Иә, жолымыздың тоғысқаны рас. Алғаш көрген сәттен бері сабырымды алып, осы өткелге бастап келген де - Қолаң. Жүрегімнің ырғақ дірілімен, ыстық құштарлығымен ынтыққам да ұмтылғам. Қолаңым менікі ғана. Басқаның таласы жоқ.

Жанатай. Өмір соқпағы осылай тоғыстырса амал не? Тым құрыса сен түсінсеңші, Қаратай! Арман еткен нәрлі тілекке жеткендей мына ықыласты шағымыз тоқтатпас па екен сені?

Қаратай. Жоқ, Жанатай! Сендегі жалын менде өрт болып лаулауда. Отпен от шарпыссын енді! Мен сенен бұрын ұнатқам Қолаңды. Қолаң, сен үшін тобымды, жөнімді қиғам. Еңірегем елдің қарғыс-наласымен қиғам бәрін.

Жанатай. Қинадың-ау! Жүрекке түскен шоғыңмен, өзгермес, өшпес өртіңмен қинадың-ау, құрдасым! Не

істермін?.. Қолаң-ай, мына бір шырғалаң күйді өзін шешермісің? Талабы анық зорлықтай, бірақ одан да ауыр жалтартпас ақиқатымен жаншып бара жатқан досыма не дермін? Түйінді өзің тарқатшы!

Қолаң. Шарасыз шерім жас ағызушы еді, Қаратай құрдас. Қараңғы қапастан қол созып, сәуле көргендей талпынып едім. Адаспаған екем. Күн шуақ өмірге бастаған жастықтың әмірі лүпілдеген жүректі үздіктіріп апарып жар құшағына табыстырды. Жанатай еді - күткенім! Қажымас ер көңілдің мәрттігімен илан осыма, төл құрдас!

Қаратай. Жоқ! Көнбеймін оныға. Жанатай! Шық қарсыма! Іздегенім қыз еді, кездескенім сен болдың. Қыз - күштінікі, жол - қолдыныкі. Шық былай!

Жанатай. Қарғыс пен қанжар қасыма арналсын демеуші ме еді, құрдасым. Сабаңа түс.

Қаратай *(оңтайлана береді)*. Жо-жоқ! Аярланба! Сенің таңың атпақ та, менің күнім батпақ қой. Не жар құшайын, не қан құсайын. Шық! *(Қанжарын жалаңаштап төне түседі)*.

Жанатай. Қаратай, тыйылшы мынау ойыңнан. Қайтшы райыңнан. Дос қолында қас қанжары тұрмайтын.

Қаратай *(салып өтіп)*. Тінтпе кеудемді! Досқа деген жылулық орнын Қаратаудай кек басқан. Қапы қалма!

Жанатай. Қинама, қимас құрдасым! Суытпашы жүзіңді. Суық алмас досқа сәлем бермейді. *(қаратайдың қанжарын қағып, ұшырып жібереді)*. Өтінемін! Бас ашуыңды!

Қаратай *(қанжарын көтеріп)*. Арымды қажап тұрып, ақылшым болма, Жанатай! Мен жөнімді ақ алмасқа тапсырғам. Қорқамысың әлде? *(Салып өтіп, өктемдей түседі)*.

Жанатай *(бұл да ұмтылып)*. Жазықсыз қан төгілмесін деп едім. Ол жорамнан амалсыз енді тыйылдым. Жасаған, өзің кеш! Кел бермен. *(Жанатайдың қанжарына Қаратай қапылыста әдейілеп кеудесін тосады. Жанатай Қаратайды құшақтай жсығылады)*. Қап! Неге ынтықты өлімге! Неге көшті дүниеден! Еңіреген елдің қанды жасы тұлпарға ер салғызғанда, тізелесе шапқан досым

шынымен-ақ мәңгі тыншыды ма өз қолымнан? Тағдыр тауқыметін, опасыздықтың ойранын көрмейін дегендей мәңгі айқасқан мына кірпіктері енді қайтып ашылар ма? Бұрынғыдай елжіреп тіл қатар ма?

Әнім қайда жаңағы? Мұндас көңіл хошы қайда? Күдік пен уайым боп қуаныш сәулесін көміп жеткен арылар ма осы шерім? Табылар ма дос құшақ?

Шымылдық





ЕКІНШІ БӨЛІМ

Үшінші сурет

Соғыс дабылы естіліп тұрады. Сахнада, бір биікте Әбілқайыр, Бөгенбай тобы, беріде Барақ, сұлтан және оның жігіті тұр.

Барақ (оңаша). Апыр-ай, мына Әбілқайырдың-ақ тасы өрге домалай берді-ау! Өне, қазақтар жауды тықсырып барады. Бүгін жеңіске жетсе, Әбілқайыр одан сайын шарықтайды. Онда, Барақ, шаңға көміліп сен қаласың. (пауза). Жоқ! Қолды қырық бөлек қылам. Мен жеңбесем, Әбілқайыр да жеңбесін. (Жігітін қасына шақырады). Әсеттің өзіне ғана айт. Босқа арандай бермесін. Маған оның амандығы керек. Дереву қолымен түгел кейін шегініп кетсін. Осымды тез жеткіз!

Жігіт кетеді. Барақ Әбілқайырларға жақындайды.

Бөгенбай. Қырылды-ау сарбаздарым!.. Қан ақты-ау тасқын боп... (Қызуланып) Соқ, Жәпегім, түйре солай! Қап, қап! Қамады-ау қайран баршынымды! Жо-жоқ! Шықты, шықты жырылып! Шарықтаңдар, ерлерім! Томағасын алған қырандай шүйіліңдер жау төбесінен! Ұмтылыңдар, жолбарыстарым! Көздеріңе қан боп толған ел мен жер кегі. Аларың - жеңіс, батырларым! Бауырларым!

Барақ. Құрыды Тайлақ! Ортаңғы жау лек-легімен оң қанатқа ауысты. Жеткен жерде толқын боп жөңкіліп Тайлақ жасағын шайып кетеді.

Әбілқайыр. Жете алмайды. Өне, Саңырақ қолы көлденеңдеп жолын бөгеді. Иә, сәт! Бөгенбай, сен жетші соларға. Үш, батыр!

Бөгенбай кетеді.

Нөкердің бірі. Сол қанаттағы Жәпек қолы тіпті азайып қалыпты. Тезірек көмек бармаса, құрып бітеді.

Барақ. Құрымай қайтушы еді. Жыртығыңды жамар оң-солың толық па еді? Бөлінбеген, ыдырамаған жасағың бардай... Хан емес пе қырғынға салып отырған.

Әбілқайыр (*Бараққа алара қараған*). Әсет батыр бар қарсысында. Жібермейді жауды. (*Пауза.*) Қайтеді анау?! Қашты ғой Әсет... Тоқта! Тоқтатыңдар!

Барақ. Неге тоқтайды! Қырып алмақ па тектен текке қолын. Жоқ, Әбілқайыр! Тоқтамайды ол. Сен емес пе ең, осы лаңның жау басы. Қайда әлгі Жанатай батырың? Неге салмайсың анау қанды ауызға көлденең? Әлде оны да бір жаққа құпия жөнелтіп пе едің? Нұралыңды Хиуаға жөнелткендей!

Әбілқайыр. Не дедің сен, Барақ? Ойпыр-ай, зымыстанның түп-түбі сен болмасаң етті. Шақыр! Шақырыңдар, Жанатай батыр - жас көкжалды! Шықсын анау сұр майданға. Керілер кезеңі, жазылар шағы жетті!

I адам. Алдияр! Жоқ қой Жанатайың!

II адам. Қайда жүргені белгісіз.

III адам. Ендігі ақырып майдан ашар еді ғой.

IV адам. Қайран Жәпек, қолға түсті-ау! Әсетке сеніп еңсесін бермеп еді. Ез тірлігі ер қорлығына көрінді-ау. (*Барақ кетеді*)

Әбілқайыр. Тоқтат! Не дедің өңшең шуылдақ? Кестім тілдерінді! Тыйдым үндерінді! Бүлк етіндерші, кәне!

Нөкер. Апыр-ай, хан ием! Біз нені айттық. Көрген қорлық, батқан сорды айттық. Жәпектей асыл баршынды жауға матап беріп, кейін қашқан анау қара бет Әсет қарды айттық, алдияр!

Әбілқайыр (*нөкерлеріне*). Қара басып жаудан қашса, қара басын қара жер көтеріп жүрмесін. Бұйырдым, міне! Әсет емес ез деп ұстандар да әкеліңдер! Мынау қаралы күннің ғазабына шалар тышқақ лағым еттім! (*Нөкерлер кетеді*).

Сахнаға босқан ел келіп ілігін, біртіндеп көбейе түседі. Шегінген қол да сахна арқылы өткен. Бәрі де ашулы, бірақ шарасыздықтан қайнаған зәр уын, уытын ханға төгісіп өтуде.

I босқын. Алдияр ғой!

II босқын. Армысыз, хан ием!

III босқын. Тәйт! Көлгірсіме өйтіп. Хан ием дегенше, қан емерім десеңші! Алдиярым дегенше, алдарым десеңші!

IV босқын. Ойбай-ау, мұныкі өз қамы, өз бағы. Сенің сорың мен зарыңды қайтсін? Қаныңның әр тамшысынан қып-қызыл алтын құяды ол. Алтын!

V босқын. Серпіл, ағайын, жи күшті, шыңда намысыңды! Сенбе ханға!

VI босқын. Кіндік кескен туған жерге қаның мен терің сіңген, соны хан білмесе өзің білсеңші, уа, шұбырған жұртым!

Әбілқайыр (*шегінген жасақты бөген*). Тоқта! Қайда барасыңдар! Қайтыңдар кейін!

I сарбаз. Алмандар тілін!

II сарбаз. Көнбе бұйрығына, бұйрық зорлық болса, берері қорлық хан иеңнің.

III сарбаз. Хан бұра тартса, Барақ сұлтаның жыра тартады. Нұралысы тағы бар, қолды бөліп жолды қылған. Алты бақан алауыздық жауыздықтан да жаман.

IV сарбаз. Біріккен басымды іріткен қасым да осылар.

I сарбаз. Барсын ханның өзі, тыйсын ана жойқыңды!

II сарбаз. Қалсын жалғыз!

III сарбаз. Қалсын адыра!

(*Шұбырындының соңынан он жасар балаға сүйенген кәрі шал шыға беріп әлсіреп құлаған.*)

Шал. Немерем, тегім, ұрпағым!... Тындап ал. Көр аузынан ар үнімен тапсырам. Адаспасын ағайын... Алсын кекті... Жеткіз еліме, жеткіз еріме, ұлым, ұрпағым. Қаралы көшті көңіліне түй, қасірет көшін жадыға тұт. Қатайып орал қайтадан. Қарашы артыңа, тыңдашы зарын халқыңның!

(*“Елім-ай” зары күңіреніп барып басылады. Шалды алып кеткен. Сахнаға Барақ, Бөгенбай және Әсетті байлап әкелген нөкерлер тобы кіреді.*)

Әбілқайыр

Зарыңнан жаным түршікті,

Назаң қазаңнан да ауыр екен, бүлік ел!

Қайысқан қабырғам бар,
Қайыстырған тағы да сен, бұқара!
Жығамды жауға жыққызып,
Жағамды жорта жыртқызып,
Басындырған да сен, жамағат!
Батырың бас сауғаласа,
Пақырың бетімен кетті.
Шетінеген елге ұласып.
Есеңгіреген Әсет бопты,
Есемді жауға қолымен ұстатып.
Құрт көзін, жой қара бетті!
Сал арқанды мойнына!
Байла мықтап тың асаудың
Қыл құйрығы түбінен.
Адасқанға қара аспан
Қаусырып келіп құласын!
Шерімнен шірік садақа!
Шығарып салдым аластап.
Тарт! Сүйрет! Айда асауды!

Қалың топты кие жарып ортаға Бөгенбай шығады.

Бөгенбай. Араша! Сауға, хан ие! Аңғал болса да, айыбын аңғармас жан емес. Ұяты мен ұяттан кешкен азабын түсінетін батыр Әсет емес пе. Ар үкіміне, сәтке тыным бермес жан азабының билігіне жүгінтейік те. Қас өлімнен де ауыр жаза сол болар. Сол ғой!

Әбілқайыр. Сауға берер жайды алдыма тартып, көзіме көрсетші. Ендеше, текке арам тер болма, Бөгенбай! *(Нөкерлерге бұрылып).* Тарт! Тартыңдар!

Әсетті сахнаның сыртына алып кетеді. Жұрттың көзі сол жақта. Әбілқайыр қылышына сүйеніп шарасыз күйде тұрып қалады. Ұрыс даласынан шашы жайылып, назалана сөйлеп Зылиха кіреді.

Зылиха *(өзімен-өзі).*

Қара аспан ба еңсем басқан?
Қара аспан ба - адасқанның зауалы?
Күнім қайда,
Күнім қайда нұр шуағы бөркімдегі үкімдей?
Әлдебір үн алдап келіп,
Әлдебір үн қарғап келіп,
Әсем үміт тозығы ма қиғаны?

Зарым болса жасырғаным,
Асырғаным немене?!
Ой тілеуі - бой түлеуі мақсұт па?
Тас тілеулі төңірекке
Үн қатқанмен меңіреу.
Еңіреумен не таптым!
Тасқа айналған, нала жүрек,
Жасқа айналған, қара көз.
Күткен күйің бұл болса,
Қара аспанға қарғыс айтпа.
Қара жердің қабіріне,
Күңіренбестен кір барып!
Жаз жайлаудың отты гүлі.
Жаз жусанның кермек иісі
Жүрек тербеп, көңіл ашып,
Селт еткізіп қаратпаса,
Қара жердің қабіріне
Күңіренбестен кір барып!

Әбілқайыр.

Жылатпаңдар! Тоқтатыңдар!

Зылиха Әбілқайырдың алдына келіп, аз паузадан соң.

Зылиха

О, алдияр, ма ең үкім қылған!
Күліп келіп, жылап қайтсам,
Жылап келдім алдыңа.
Қырық жамау жүрегімді
Қай сырыңмен жамарсың?
Әлде бүккен сұмдығыңның
Сұққыларсың найзасын?
Онда аяма, жетті елігің,
Соңғы қанын ал сығып!
Жаным семген, жүрек сөнген,
Дүлей дауыл соғып өтіп,
Тірлік шамын өшірді.
Ұшып түскен бір шоқ гүлдің,
Сынып түскен бір асылдың,
Босады орны. Барыңдар!
Қара табан таптап өтсін,
Қара жерге жаныштап.

Алдыңда тұрмын, аяма!
Қасиет аты Әбілқайыр емес пе
Бір елеске мың егеспен таласқан.
Алдауыңа қанжарын бар бас кескен.
Қол жетпеске қорқау көзбен,
Қанқор жүзбен сүзіліп,
Тағы жөнелт көп қолыңды әлсізге
Арзан атақ аспанға өрлеп,
Бақ мерейің көтерсін.

Барақ. Қызым, болды енді. Өкінгенмен орны
толмайды.

Зылиха *(Барақтың қарсысына барады).*

Құр кеудемен бос күпсініп,
Бос тепсініп қайда жеттің
Бағдары жоқ, Барақ сұлтан?
Жан қызыңның ақ отауын
Өз қолыңмен өртеп болсаң,
Жас қабірін өзің кеп қаз,
Жайлы болсын соңғы жайы балаңның.
Құмар тағың - алар бағың
Жамбасыңа тастан қатты батар ма,
Әлсіз самал бір күндерде
Соңғы үнімді жеткізсе?
Ал тындай бер бұл зарымды,
Ән деп ұқ та шырқап салған,
Әсем гүлдер, самал түндер
Күңіренсін күрсініспен.
Кешкі шақтар, алма бақтар
Тітіркенсін шер жеткенде,
Жаның елтіп ал тында, әкем,
Әнім осы шырқап салған.

Бөгенбай.

Зылиха шырағым, жасымашы...

Зылиха *(Бөгенбайға арыз ете, егілін).*

Тас бауыр ма ең, адал аға,
Кімге сендің? Не таптың?
Нені бақтың? Хан жүзінің
Құбылысын аңдып па ең,

Әуеніне төңкеріліп барынша.
Олай болса, батыр болмай жерге кір.
Жауға қарсы қатынды айда ұрысқа.
Жалыныш көз - намыс отын жақпайды.
Шашпау көтер - ерлік жасай білмесең.
Елің күйсе, жаны күйер кімің бар?
Қасындағы екеуі ме дәл солар?
Ер жетпесе, жер жетеді молаға,
Жібер жауға тағы бір топ қатынды.
“Елім-айлап” салған зары
Елден елге жетер ме?

Зылиха кетеді. Үшеуі де үндей алмай қалған. Қазыбек би бастаған бір топ адам шығады.

Қазыбек. Дәурені озған заманның азабына жеткіздің бе ақыры. Еңселі еліңнен қалған ақтабан шұбырындыны көр анау. Еңіреген үні төңірегін түгел тітірентіп барады. Ауырмай ма жүрегің? Әлде өз тынымың - өз тынысың ба, хан?

Сүбесінен суырып ерімді торына алды қалың жау.
Зұлымдықты өршіткен қастық алты бақан алауыз хан
мен сұлтаннан шықты. Шер үні аспандап, зар жетті
жаныма.

Қолдаушым елді қолды етсе,
Қорғаушыны жаудан неге іздемен!
Сорға көнбеспін,
Халық мұңы - кегім болар қайраған.
Еңкейіп енді өтпеспін,
Елім зарын найза етермін жауыма.
Тайқысам серттен, әз халқым,
Аластап елден талақ ет!

Хабаршы келеді.

Хабаршы. Нұралы сұлтан жетіпті Хиуадан.

Әбілқайыр (*селк етіп*). Не дейді?! Не дедің сен?!
(*Нұралы шағын тобырмен кіреді*). Қу қобыздай
аңыраған зарды естіртпестей құлағыма тығын еткенім
сен едің. Қалай келдің, неңмен келдің, Нұралы?!

Нұралы (*тәжім етіп*). Алдияр, қылқа матап құл
әкелген мен емес. Көк пен жерді шаңға бөлеп мал

әкелген мен емес. Жез телпегім бөздей тозып, селдіреген аз тобыммен әрең жеткен түрім бар.

Әбілқайыр (*ашулы*). Не деп кеттің мүңкітіп? Қай қорлыққа мойын сұнып жетіп ең! Уа, қара бет, кеудеме шер қосқанша, көзіме өлім тоссаң етті.

Нұралы. Алдияр, ақталар ой, мақтанар күй жоқ, дәл қазіргі кебімде. Қапыда тиген қарғыстан қансырап жеткен халімді дұрыс ұғын. Кінәсызбын мен. (*Иледі*).

Әбілқайыр. Сұмдық басы кім сонда?

Нұралы. Ер Жанатай мен қыз Қолаң. Бақ сәулесін сол арудың нұр жүзінен баққан ба... Көзін көріп бүлініп, өзін іздеп тауыпты. Таң самалын бетке алып, қол ұстасып аттаныпты аулаққа. Жас арудың жылтыр беті Қаратай батырдың жүрегіне де от түсірсе керек. Өртеніп лаулап, қызды қуып ол кетті. Сол кеткеннен мол кетті. Бассыз қол - бақташысыз қой болды. Хиуалықтарға той болды. Еліріп олар шықты, жеңіліп біз қаштық. Бар сырымыз осы.

Әбілқайыр. Кемерге созған құлаштың кеселге озған шағы екен. Тіл шешпей, қылыш кесер ендігі түйінді! Қан жалатып қырқаға, ен жайлаудан сүйретпесем екеуін, харам болсын қор тірлік! Мініңдер, мін атқа! Жерден суырып, көктен тартып жеткізіндер шырық бұзған екеуін! Жанатай мен Қолаңды!

Осы кезде Қолаңмен Жанатай үстеріне кіріп келеді.

I адам. Жанатай ғой?!

II адам. Қайран көкжал! Байғұс ару!

III адам. Кімге сеніп, жаннан безіп жеттіңдер?

IV адам. Ұста! Байлаңдар! Сал бұғауды!

Жанатай. Тоқтаңдар! Жат тобынан түңілер, жат қағынан жерінер жау шебіне келмедік. Қашқын-пысқын ғұмырдан нәпіл көңіл безініп өз ортаңа жетектеп кеп оралды. Қайғы мен зар айықтастан ел еңсесін басқанда, сәттік қызық бойымды алып, өз жөніммен кетіппін. Осы болар бар айыбым, ағалар. Мұңлы жүздің сор пердесін серпіп тастап, жар құшыппын сол үшін. Айыбым сол, ағалар.

Әбілқайыр. Бақ тілеу ме күтерің? Өзің кесіп келмедің бе тілеуді? Үзік жалғар жол таппадым. Ендеше батыр қанын кешуім де жөн болмас.

Қолаң. Алдияр, түңілген шаққа жеткенде, алаулап атқан бақыт таңын көріп ем. Түн басар ма тағы да? Өлім болмас түршіктірер тәнімді. Әттең ғана ынтықтықты жау тұтқаның жасытады жанымды. Қара көздің көл жасы тыйылар күн келер ме? Күліп барып өз теңіне қосылар ма ұрғашы? Күндік торын, мұңлық зарын сыпырып тастап, еркін кеуде тынысымен дем алса, қыз басына күнә ма? Күнәкар емес сіздер ме? Жанымен тауып бір-бірін, ынтызарлық балын татқан шерлілерге у ұсынған күнәкар емес сіздер ме? Алдияр, мәз күндердің ләззатын тең бөліп ем, өлімін де бірге алайын жарыммен. Осы еркіме таласпа.

Әбілқайыр. Сырың неткен жат еді? Болсын айтқаның. Бердім еркінді, бике! Әкетіндер, орындандар бұйрықты! Бірге көмсін екеуін.

Екеуін қоршаған топ әкете бергенде, ортаға қол көтеріп Қазыбек би шығады.

Қазыбек. Өнеге тұтар биліктің шешімі асқар шыңнан шыққан күндей айналанды кеңейтіп, көркейтіп жететін. Уай хан, үкіміңнің өресін тарылтпа. Өлім жолы - меңіреуге тірелер тұңғыық жолы. Құрсауға жамау қосып, көңіл біткенді тоздыра бермейік. Азаматтың жырақ түскен сүрлеуі ғұмырлық сыңарын тапқызып әкеп, өз алдына тіреліпті. Өмір сүрлеуін өріске ұзарт, тақсыр.

Барақ *(тоқталған топты ығыстыра “әкетіндер” дегендей итере шығып).* Бұра тартып билікті, бата бұзар би көрдім. Азғаны ма заманның, тозғаны ма адамның? Батыр кегін жоқтамас құнсызым ба Қаратай? Шалқып атқан жас таңын қастық қиса аямай, аянбай шаппай не етермін? Жайдары қарап жар сүймей, ұрпақсыз кеткен ұланды ұранға қоспай сырт берсем, құлағымда арызы кетсе не дермін? Тамырынан қиылған сол құрбанның зарын шектім, мінекей. Алдияр, тоқтаған жүрекке, томпайған зиратқа зер сал! Үзілген үмітке, қиылған қиялға зер сал!

Әбілқайыр. Әділ үкім айнымас. Шылбыр созба, Қазыбек. Тартыңдар дарға! *(Көпшілік тағы да екеуін қоршап алады, қиыстап алдарынан шыққан Қазыбек таусыла сөйлеген).*

Қазыбек. Өлім! Таусылмас өлім! Кешу бермес

сұмдық боп жайылды ма тағы да. Күнім бітер шағымда, ел еңсесін баса кеп, қан малшынттып жеттің бе. Сыбағам өкініш қана болса, тілек етем мен нені? Қаһары жоқ кеуденің қасіретін шертем бе? Қу селеудей селдіреген сақалым жазықсыз қанмен боялса, жыртқыш емей кім едім.

Әбілқайыр. Өзегімді өрт алды-ау! Өткелім өлім емес еді. Тепкенім өмір емес еді, уа, халайық! Амал не, дұдамал не?

I сарбаз. Шеш! Шешіңдер қолын!

I шал. Қиыңдар арқанды!

III жігіт. Ақсарбас, ағалар, ақсарбас!

Нұралы. Тоқтат! Өңшең тексіз шуылдақ! Батырымның құны бар, хандығымның ойраны шыққан құмы бар мұның мойнында. Тепкі көрмес тентекке тендік берсе кәрілер, есе қуар мен бармын! Міне менің кесімім! *(Қылышын көтеріп сілтей береді).*

Бөгенбай *(семсерімен қағып жіберіп).* Тәйт! Дозағың құрдың төріме, төзгемін! Ендігі мазағыңа болмаспын! Кімім қалды қол бастар? Жағасы жақұт кіреуке жұлқыспай жерге кірмеген. Бере алмаспын өлімге. Көр, міне, менің кебімді! Жәпегім мен Әсетімнен бірдей айрылып тұрып, анау қаптаған жауға қарсы сабау шаншып соғысам ба? Ер еркесін көтермеген, ел серкесін қайдан табар. Тартқызбадым дарыңа!

Әбілқайыр *(Нұралыны қылышының қырымен салып қап).* Қарам өшпей құдай боп билігіме жармасқан, күшік! Тұңғыығың лай боп түнеріп өтерсің. Мен білмейтін қай сұмдығың бар еді? Бәрі сенің кесірің. *(Жанатайды құшақтайды).* Батырым, баста мынау кеп сарбазды. Қайтар жауды. Сен ғана қалдың. Қайтарамысың жау бетін, Жанатай? *(Өзінің қылышын беріп).* Мә! Кекке бастар ұлы жолыңа қолым болсын жалғаған. Жеңіспен орал!

Жанатай *(тізесін бүгіп қылышты сүйіп, ант кескендей жалындап сөйлейді).* Жаз күнінен жасын түсіп, жақ жазғызбай кетсе екен деп тілеп едім әлгінде. Ыдыраған аспанымнан сәуле көрдім, ғарыштан жеткен нышан ба екен, ағалар. Зарға сенбей, сорға көнбей жетіп ең, ер елім, беренім болсын тілегің. Көз жұмылып, кеуде суымай буынған бел шешілмес,

суырған қылыш салынбас. Қара тасты қына баспай қан жапсын, қаз қайтқанда туған жерге думандатып келмесек! Қара көзді қара түнек су алсын, қара аспанды төбемізден түрмесек! Сертім осы қайрап салған кегіме!

I сарбаз. Жаса, батыр!

II сарбаз. Жаса, Жанатай!

III сарбаз. Өзің баста, еренім!

Қазыбек (*тұрып кеп Жанатайдың маңдайынан сүйін*). Көп жаса, баршыным, көңіл қошеметін қабыл ал!

Уа, халқым! Бұлдыр сағымды сын кезеңге зығырданыңды қайнатып кек жолымен жетерсің. Құлдық пен күндік, қорлық пен кемдік ұсынып жоңғар хонтайшысы алдына ор, артыңа көр қазды. Қусаң - кегің міне, қашсаң -жолың әне! Тек онда халқыңның асқақ жанын, әсем әнін бірге тық көрге. Қайың сауып, ши шайнаған, бақа, жылан қақтаған, ақтабан болған қасірет жолын ұмыт жұртыңның. Тігерге тұқым қалмаған Садыр руын шығар есіңнен. Арыңды жанындай, ерігінді көріктіңдей қорғайтын болсаң, елің үшін есе алар соқпағың мынау. Құрбан болған ерлердің аруағымен, атымен өтінем. Қасірет селін толастатар күнді тезірек жеткізіңдер! Қасірет көшін тоқтатар құдіретке айналыңдар, ұлдарым!

Жарқ-жарқ суырылған алмастар. Жаңғырыққан “Марқаба, марқаба, марқаба!” Сахнада Барақ пен Әбілқайыр екеуі ғана қалған.

Барақ.

Халқың қайда? Жұртың қайда?

Хан талапай жасады ғой қарашың!

Әбілқайыр. Жығылып жатып сүрінгенге күлесің. Мені құлатам деп жүріп өзіңнің омақа асқаныңды білмедің-ау, сұлтан. Тірегің - Әсет еді, есемді жібермедім. Сындырдым да сесіңді жойдым!

Барақ

Жылуы қашқан суық көздің жанары
Бойдағы ойдың бар нәрлісін тінтіп кеп,
Бездіріпті аулаққа.
Безінемін мен де сенен.

Езіліппін аяусыз.
Өз санымды өзім қауып,
Аш бөрідей қыңсылаппын бейуақта.
Құйрық кестім, кекіл түйдім,
Бұйрық тостым тәңірден!

Әбілқайыр.

Мен де күттім бұйрықты!
Табыт түбі мылқау етер үніңді.
Қақпаныңды құр дәмемен құра бер,
Алмас қылыш ажалың боп жарқылдар!

Барақ

Қорқыту ма - ауырың?
Бұл жүрегім сескенбеді, қайтейін.
Алдау ма - әлде қаруың,
Оныңды да сес көрмеді, қайтейін.
Ал бастай ғой, ердім міне, тағы да -
Жолы осы мен қызыққан төтенің.
Тағдыр жазса сын сағатта көрерміз,
Кімнің басы қанжығада кетерін.

(Екеуі біріне-бір арбасып қарап қалған.)

Шымылдық

Төртінші сурет

*Сахна қара көлеңке. Бері таман толғана түсіп
Қазыбек тұр.*

Қазыбек

Уа, тасқын бар ма ед,
Жолыңда шалшық лай қалатын?
Уа, қара өрт бар ма ед.
Артыңда жанбай қу шөп қалатын?
Иіріп толқын шөп-шаламды ағатын.
Лапылдап лаулап көп жылғы қаудан жанатын.
Арқадан аңсап ағынды жібек жел есті.
Жетісу жайды жеті рет келіп құшағын.
Өр менен Ойдан,

Тобыл мен Торғайдан,
Намыстың бұлты оралды.
Жалындап шыққан жай оғы
Жайықтан өріп жеткізеді,
Атырау менен Аралды.
Ақ шашы абзал ананың
Жайылып, қайта таралды.
Ызамен көзден от ұшты
Ашына жалап жарамды.
Беліне садақ байладым
Бесіктен алып баламды.
Түнере түскен даламның кекті көгін-ай,
Байрақ қып найзам көтерген.
Бүрісе түскен бабамның түкті жерін-ай,
Көтеріп әттең кетер ме ем.
Көбігі оқ боп шапшыған шалқар
Көлім-ай,
Тамшысы қамшы әперген!
Боздата салдым қозғата шерді, “Елім-ай”,
Құтқара гөр деп жат елден.

“Елім-ай” зары күңіреніп барып басылады. Сахна күңгірттеніп, қайта жанады. Ұрыс даласының бір шеті көрінеді. Айқас дабылы. Жаралы Жанатай батыр шығады.

Жанатай

Өлтіру үшін өлмеуім керек!
Осынау күнге құрбандықты мол шалдық -
Талықсып жетіп қаныма сіңген зар үні ол.
Тулап түскен ақтарылған қарыннан
Нәрестенің әм алғашқы, әм ақырғы шырылы ол.
Ыңқылым жоқ. Атой үнім - алдаспан!
Тамшы қаным - қамшылаған кек нәрі!
Өлтіру үшін өлмеуім керек!
Құрбандардың құлағымда ыңыранған үні тұр.
(Жарасын таңып, биікке шығады)
Жар бола гөр, Жасаған!
Жалғыз едім, жалғызілік көрмедім
Білек сынсын, сындырмашы еркімді,
Еркін өссін ертеңімдегі інілер!

Алшаң басып адуындап жауым келеді.
Жалғыз да болсам, жағаласып бір көрейін.

(*Дауыстан*). Тоқта! Шық бері! Қара жерім - қара беренім! Жаныңнан түңілгенің бері кел!

Жау батыры. Сен бе? Уа, сен бе Шуна-Дабо жолын бөгер тосқауыл. Астыма жаншып, аттап өтейін төбеңнен. Шықтым міне, атаңа нәлет алашы! (*Жекпе-жек. Жанатай Шуна-Дабоны өлтіреді. Өзі де қансырап тәлтіректен қалған. Дәл осы сәтті пайдаланып, көп жау Жанатайды найзаға шаншып көтеріп алады.*)

Жанатай (әлсіз). Көтеріңдер! Мен биіктен сонау даламның үстіне туып келе жатқан азаттық таңын көріп тұрмын. Көтере түсіңдер. (*Алыстағы айқай-сүрең күшейіп жақындай түскен. Жанатайды тастай қашқан жаулар тобын өкшелей Бөгенбай қолы шығады.*)

Бөгенбай. Тарт алға, батырлар! Жаудан жасқанған жағасын жыртқызар. Еріңдер соңымнан. Мен - Бөгенбаймын. Естимісіңдер, мен азаттық сүйген қазақпын. Мен - Бөгенбаймын. Мен - “Елім-ай” деп еңіреген елдің ұлымын. Мен - “Елім-ай” деп ұрандаған елдің туымын. Мен - Бөгенбаймын. Мен - еркін қазақпын! Еріңдер соңымнан!

“Ұр-р-ә! Ұрып таста!” “Ұр-р-а!!” дескен қол қашқан жауды қуып шығып кетеді. Сахнаға Есәлі кіреді. Сарбаздардың соңында жалғыз қалған. Екінші шеттен жау шерігі шығады. Қорқақтар, жалтақтап тұрған Есәліні көздейді. Кенет садағын мойнына іліп, қылышын суырып тұра ұмтылады. Сасқалақтап Есәлі бұғып қалғанда екпінімен өтіп кетеді. Есәлі оны артынан шауып өлтіреді.

Есәлі. Өмірдің өлім аттап ұзарарын ойлап па ем. Жасаған! Жарлық едім, жауыз деме!.. Оқ кезенген ажал көрдім, мұқым тегі. Құшағына кіре алмадым тайсақтап. Жазығым жоқ, Жасаған! Бұл пақырда нем бар еді, өзі келіп өңменімнен түймесе! Жан қорғадым, жазығым жоқ, Жасаған! (*Қолын жайып көкке қарайды. Құлап жатқан Жанатайды көреді*). Апыр-ай, Жанатайым емес пе мынау!? Батар күнмен татар дәмі біткен бе? Бәсе, сорлы көзім, жасқа толып кетіп ең. Ал жыла енді, мұқым тегі. Жауың шетінегенге шыланып едің,

еңіре енді. Мынау қыршынды жұтқан далаға қақпанға түскен қаншықтай қасіретінді аңырат! *(Кұшақтап отыра кетеді)*. Тірі екен?! Жасаған! Тірі екен... Бар екен боздағым! Е, ашшы көзінді, мұқым тегі. Қарашы тағы мына жаман ағаңа. Зарлап отырған сорлы бейбақты көрші, тірегім! Өлмеші, мұқым тегі!.. Кетпеймін деші... Қуантшы ағаңды! Ақсарбасың болайын сенің жолыңда!.. *(Шам сөніп қайта жанғанда, хан ордасының алды көрінеді. Мәре-сәре көпшілік. Көңілді шаңтың мәз-мейрам күлкісі. Әредік көңіл өксігі қабаттасқаны білініп қалады. Бұл - жеңіс хабарына толқыған халық желпінісі. Бұл - жеңіс деп аталатын келер қуаныш пен өткен қасірет арпалысының өткінші көрінісі. Көз бен көңіл ықыласы Қолаңға ауып, ыстық ілтифат аңғартады)*.

I шал

Қуынан айрылған көл едік,
Қайта табыстық.
Туынан айрылған ел едік,
Қайта жабыстық.

I әйел. Тамшылаған жас едік.

II әйел. Қамшылаған кек болдық.

I адам. Ер тумаған ел ме екен!

II адам. Айналайын елімнен!

II әйел. “Елім-ай” деп зар айтқам барыма.

III адам. Өркенің өссін, ақиығым, Жанатайым!

I бала. Шаң, шаң!

II бала. Келе жатыр.

IV әйел. Жүр алдынан шығайық.

II шал. Ақсарбас, ә, құдай, жеткізе гөр!

II кемпір. Жалғызымды бір көрсет те ала бер!

II кемпір. Көзайым, қайда кеттің, мені ерте кет.

I қыз. Беу, әже-ай, сүріне бергеніңіз не...

Қолаң. Жанатай!.. Жанатайым!.. Тілеуім жолында еді - жарқырап жаныңды жебепті. Жарым - жырым еді, жарқын сырым еді. Ал бүгін әнім болсын. Қыраным! Жасым тыйылғандай, өшкенім жанғандай. Құлпырып шығайын алдыңнан. Жадырап күліп, назымды төгіп шығайын алдыңнан. Әуелесем

аспаным, жүгірсем жазығым, бойласам биігім келеді.
Шығайын алдыңнан. (*Зылиха қарсы кіреді*).

Зылиха (*солып, семіп қалған бәйшешек гүлдей, ажары қашып мұңая сойлейді*).

Көк жүзінде Күн туып,
Ай жүзіңе телміре ме, қыз Қолаң?
Аңсай күткен ақ үміт,
Аумай жетіп шат дірілмен
Балқыта ма өн бойыңды, қыз Қолаң?
Алыс арман қолға қонса,
Жүрек қылы күй пернесін шертер де,
Ән төгілер күмбірлеген кеудеден.
Шаттығыңмен шалқыдың ба, қыз Қолаң?
Мәз өмірдің бал тілегін,
Нәр тілегін сыйлаған
Осы сәттің қасиетін,
Нұрдай қымбат құдіретін,
Ұға алдың ба, қыз Қолаң?
Мұңсыз шалқып өтер едім,
Дәл сендей боп бір елестің
Тым болмаса көлеңкесін
Қас қағымға шалып қалсам.
Көңілімнің күмбезінде
Айым балқып туар еді,
Күнім күліп шығар еді.
Беу, арман-ай, жеткізбес
Қайда бастай жөнелдің?
Не деп кеттім? Не деп барам?
Қызығыңа қуанам деп келіп ем,
Мұңымды айтып, жасыппын,
Шерлі жанды сорлы тірлік торлайды.
Мені қойшы, сен мұңайма, қыз Қолаң.
Аямасын жеңген тағыр
Қансыраған мен болайын.
Сөкпе мені, сен күрсінбе, қыз Қолаң!

Зылиха кетеді.

Қолаң. Дертті көңіл дауа тілеп шарқ ұрды-ау!
Кеудесін берік құлыптап келсе де, жасырарға одан әрі
шама жоқ. Қиналды да қинады. Қызығып келіп,
қызғанышын айтқандай. Жасаған, басқа тілегім

болмасын. Алыстан лықсып жүрек лүпілі жетіп еді, жақыннан тартып жалыны да жетті. Енді өзін жеткіз Жанатайымның. Ынтығым бітпес сәтімде, айқасқан құшақ үстінде жар алдында тұяқ серіпкізсең де ырзамын, Жасаған!

Дабыл даусы естіледі. Алдымен “Елім-ай”, соңынан сол зарды тұншықтыра ерлік сазы, ерлік маршы салтанатпен жетеді. Сахнаға ең алдымен Жанатай батыр кірген.

Жанатай. Қолаңым! Жарым! Асылым!

Қолаң. Арыстаным, ақиығым! Аман оралдың ба?

Жанатай. Қолаң! Таң алдында Шолпаным!

Әбілқайыр, Барақ тобы, халық кіреді.

Әбілқайыр

Алтынға малынып таң атты -

Алтынға шомылар ертеңім ол менің!

Ерткенім ертегідегідей байлық алар,

Еркімді ерегісімен тұсамаса,

Иілген бас - исінген көңілімнің қоштығы ғана.

Барақ, алдымнан өт!

Сен баққұмарсың.

Менің оған құмарлығым жүз есе артық!

Сен тақ тілейсің -

Мен оны басқаға бергім келмейді.

Сен атағыңды алысқа ұзартқың келеді,

Мен атымды аспанмен таластырмақпын.

Егер де сен кішірейсең -

Жүзімнен саршатамыз жаз табасың,

Қолтығым - қонысың болады.

Аспанымды аяғың астына тастаймын.

Еркелей білсе, арыстанның мысық болуы оңай.

Барақ (ханға бұрылып). Уай, Әбілқайыр, атадан ұл озған, биден құл озған заманға тап кеппіз. Азалы елдің тозағы өткенмен, қаралы көңілдің мазағы бітпепті-ау әлі. Сен шарт қойсаң, мен де айтайын шартымды. Қыран қонар тұғырға құзғын қонақтапты. Көзге тікен қадалып, кеудені өрт алып тұр. Оған себеп - мына екеуі. (Жанатай мен Қолаңды нұсқайды). Ерегісіп барып кешегі Қаратай ерімді өлтірген не мұны қу, не

мені қу! Дәл мына масайрап тұрыстары кеселімнің уындай.

Әбілқайыр. Ей, Барақ! Жүрек кірнесін бет пердесі жасыра алмады-ау. Шеңгелің салар ол емес, мен едім ғой. Жә, сұлтан, енді абай бол! Етегіме сүрінер күйден кеткем. Күні кеше қалың қазақты жаудан айырсам, бүтін қойдай қайырам. Менмін айдап жусатарың! Тап ертең Ресейдің ығын паналап, үркін елді үлгілі де етемін. Көнесің дегеніме, көнбесең жолың өне! Оралма аяғыма, ыдыратпа елімді. Бермедім ерімді. Жауыма түйрер найзам, тосар қалқаным емес пе Жанатай. Думандатып той жасап, ат шаптырып, ойын қып қосам қос өренді. Өренді салма, сұлтан!

Барақ. Жеткен жерің осы болса, кетер кезім келіпті. Сен де сақ бол, Әбілқайыр. Өрісті орыстан іздесең - қонысты көріңнен сайлармын. Жаралы жолбарыс жазым етпесін!

Аруақ! Аруақ! Бұлбұл әнін қарқыл жұтып, ақ алмасты тот басты! Асқар шыңға күйкентай саңғып, арыстанды қорқау қасқыр жәукемдеді!

Жанатай (*ортаға жүгіріп шығып екеуіне шанышыла қарап сөйлейді*). Уа, ағалар, датым бар! Көзім көрмей жоғалтқан еркіндік атты асылды таптық-ақ қой деп едім. Арманым, сен әлі де алыс-жырақта екенсің. Жазира төсіне асқақтай шырқап ән төгілер десем, мұң арылар емес.' Арманым, сен әлі де алыс жырақта екенсің.

Ей, екі ағайын! Тар кезеңде мен үшін кер тартысқа түспендер. Хан бұра тартса, сұлтан жыра тартса, батыр бұрыс кетсе, байғұс қырыс кетсе - елі жылар, елінің белі сынар. Әз халқым, сен жасыма! Алысқа шаптың, намысқа баттың - сынбадың. Бірде ән салдың, бірде зар салдың - мойымадың. Естілер қайғың мен есіркер мұныңды кеудеме түнеткем. Ұмытпассың мені. Кең даладан бір баласына мекенжай табылар. Біз кетелік, Қолаң.

Әбілқайыр. Уа, батыр! Аптықпа! Көкірегіне ет пісірген сұлтан қызғаныштың қырық түйесін жұтыпты. Тағы асасын, бар тапқаны сол болса. Тойым бар өзіңе арнаған, Жанатай! (*Бараққа бұрылып*). Тыңда, Барақ! Көңілің құлазыса, қарымы бар қайтарар. Сонымды

Қара аспаның қан ағызып тынбап па ед?!
Бабам Жәдіктің аруағы!
Дымың құрып қалды ма?
Көкіректен зар атылар,
Шапшып тулап кек атылар
Мынау қарғыс шаққа жетіп,
Бұққаның ба, неткенің!
Аянатын нем қалды?
Таңымды жыртса азуы,
Ащы кекке тұзын септім намыстың,
Қара тасқа жай түспесе атылып,
Қайта айналып өртеп кетсін ол мені!
Қарғыс болса бар жыланның зәр уы,
Тарап жатыр жүрек қанын нәр қылып
Кекке батқан менің мына кеудемнен!
Ей, Әбілқайыр, сен неңе тасындың,
Бөлекей-Қоянға хандық түнеп пе еді?
Ер Есімнен қалған.
Тәуекелден арылған,
Бабам Жәдіктің тағы емес пе мінгенің.
Ұрлықпен жетіп дүрдиіп,
Еншілес бола қалыпсың.
Еркімді алар сен бе едің,
Еріңді салып ерттеп мінер?
Мен бұлқындым!
Жанартауым, қайдасың?
Лоқсы, тула, өрте мәнсіз өмірді!
Қанға бөккен дүниеден
Тіршіліктің жаңа өркені шығар ма?
Қолда, Жәдік! Аруақ атын жад еттім.
Намыс-кегім - бастаушым.
Еретіндер - серпіл былай жарылып.
Кеттім міне, қайта оралып,
Хан ордасын дауыл болып шайқауға!
Жүр, қызым!

(Кетеді. Жарты жұрт соңына ілескен).

Шымылдық

ал да, бітіп тын, Не көнбеймін, не ермеймін деп қарсы келіп, қақырап сынып тын. Екінің бірі! (*Зылиха шығады*).

Зылиха. Алдияр! Өзіңе сеніп келіп ем, бірақ қазір сол ойымнан түңіліп тұрмын.

Әбілқайыр. Ез тірлігі наз күлкіңнің садағасы еді ғой. Әсетке мені кінәлама.

Зылиха. Жоқ! Сөзім өтпес қара тасқа кезігерімді сезбеппін.

Әбілқайыр. Шын іздесе тас емес дос кезігер.

Зылиха. Оның жолын қан басты ғой.

Әбілқайыр. Қол былғанбас, аяқ кешер сұйық ол.

Зылиха. Алма бетке шашыраса қайтемін?

Әбілқайыр. Жазмыштан озмыш жоқ онда.

Зылиха. Жазмышым сен боп келмесең, мен тұрмас ем алдыңда. Қатарды бұзбай мол барсақ, жау сұқпас ед тұмсығын. Ер түспес ед азапқа, қыз түспес ед мазаққа. Осы ма сенің жазмышың?

Әбілқайыр. Қайғыртқан осы налаңның өтеуін берсем қайтесің?

Зылиха. Селт еткізер өтеу емес, селк еткізер атау болмасын.

Әбілқайыр

Зорлық үкім емес, құлаған көңіл ғана ұсынарым.

Тірегің құртты екен, өзегі шіріген,

Қоса құламасын деп Әсеттей тірегіңді шаптым.

Жылаған жүректің тыйылар сәті бар.

Өксіген көңілдің басылар шағы бар.

Тірегің құрсаулы еді, оны құртып.

Алтынын ұсынбақшымын.

Зорлық үкім емес, құлаған көңіл ілтипаты -

Нұралы болсын тірегің.

Нұралы сұлтан берерім, уа, Зылиха!

Зылиха. Уа, хан! Олай болса алтын табаққа мүшелеп турап сыйла мені ұлыңа. Жас қанымды өзің іш, мұз қатқан ішің ерісін!

Әбілқайыр. Ә, солай ма, зұлым қыз! Еңіре онда. Ей, Нұралы, күңің - мынау Зылиха!

Барақ (*Ызалы, ішіне қан қатқан*).

Уау, бүлінген дүние!

Қаратауың қанға батып кетпеп пе ед?!

Бесінші сурет

Орда алды. Әбіқайыр жалғыз.

Әбілқайыр.

Таластырмай тақ мінерім тағым ба?
Жегі күдік оны алсам да тарқамас.
Ұшып түсер азалы күн келердей.
Қос қолтықтан қорқыныш бар қадалған.
Үрей аты Барақ болып көрінер,
Терең толғап, ой теңізін шайқалтып,
Тыпырлатпай торлап алар еркімді.
Зәрлі көздер найза болып атылып,
Сесі басар. Дірілдейді қос тізем.
Таластырмай тақ мінерім тағым ба?
Тынышымды шайқап барып,
Өлім аттап алмап па едім бақ құсын.
Енді айналып қонғаны ма басқаға...
Анталаған жау аранын көргенде,
Еңіреген елім үшін бар азапты көтеріп,
Азаттығын берсем-дағы, амандығын сақтап қап,
Қанатына кірмеп пе едім орыстың.
Жоқ! Таңы айрылған тіршіліктің
Тарамысын созғылаймын барынша,
Қатып қалдым тас болып,
Бере алмадым қанмен жуған сәнімді.
Көрдім тағы жазмышымның жазғанын.

(Бопай шығады).

Бопай. Түсің неге қашып тұр?

Әбілқайыр.

Бопай, түсімде шашым түсіпті -
Өнімде басым кетер ме деп қорқам.
Жалғыз айдаһар ақырып кеп, айбаттана шапты.
Жер дірілдеді. Көл шайқалды даусынан.
Қаным ұйып, бойымнан қуат қашып ояндым.
Тәңірінің талқысына тап болып,
Аяр антым зауалына жолығып,
Көп күнәмнің қарымы ма аларым?
Бопай, үрей алған кеуденің үміті бар ма?

Бопай. Биік мансап қажытты ма мезі етіп? Әлде сол биіктен домалау ма қорқарың? Тілегенің атақ болса, тірегіңді айла қыл. Тысың бүтін, ішің абжыланның ордасы болсын өрбіген. Күліп тұрып жыпата біл. Тіліп тұрып қан ағызба. Өзің білгенді көзің көрмесін.

Әбілқдйыр. Әй, қиын-аутүйіні... Өзім кескен үкімге өзімтүсіп қалмасам?.. Құлап барып, қайтатұрып кете алсам... Жан әлдиін қарғыс үні бұзбаса...

Бопай. Жұм көзді, жұт зауалды! Шоқ шайнап, от түкір! Аш сертіңнің түндігін! Шайқа дауылыңды! Жан берерде тұяқ серіппей не бопты!

Ар ма - тұсауың
Өрісіңді тарылтардай қылғынтып?
Ар ма - бұғауың
Тар қыспаққа қамағандай бұлқынтпай?
Жоқ, алдияр! Әлсіздердің қалқаны ол,
Күштілердің озбырлығын қағардай,
Сен жолама оған!
Сенің арың - қуатыңда
Жүйткіп өтер екпінінде шу асау.
Бөгелме оған! Бұралқы иттей иесіз қалған
Өзі ілессін соңыңнан.

Әбілқайыр. Арты лаң, алды құмар дүние екен.

Бопай.

Ант бердің де ақ патшаға,
Сен жоңғардың жолын бөгеп.
Атағынды бар сұлтаннан асырдың.
“Тынымыңды тапқыздым!” деп,
Момын елге көлеңкеңді көлбендет.
Сол бұқараң мерейіңді асырсын!
Арман еткен асқарың болса,
Аспаныңа тірелмепті әлі.
Төбе болса - меже тұтар биігің,
Тұйығыңда бұйығып онда жата бер,
Үстіңнен мал да, жар да аттасын.
Әйтпесе, жігерлен, хан!
Қапы қалар сын сәтіңді ұмытпа!
Тая соқсаң - аяу жоқ.

Тағдыр - шоқпар, өз басыңа сақ етер!
Ебін тап та, қыбын тап,
Алдағыға арашашы - заманаң.

Әбілқайыр. Айла қос, Бопай, тап ебін.

Бопай. Абыржыма. Алмасыңды қайрап алып бір-ақ сал. Екі айналма. Екі айналсаң, қиюы қайта табылмас. Қанжарың - Жанатай батыр болсын. Бараққа соны жұмса. Ер намысын қоздырардай шоқ таста. Барақ жолын батыр кегі бөгесін!

Әбілқайыр.

Түйткіл болса бойындағы серігің -
Тыныштығың тоналар да жоғалар.
Қорқынышпен үркер болсаң ойыңнан,
Айыбыңды айта алмассың заманға.
Тапқан күйің - ел шабу ма,
Бат белшеңнен өзің онда былыққа.
Қапқан күйік шоқ түсірсін жаныңа
Созған қолың қара таппай ілінер!

(Пауза).

Бопай, онда Жанатайды тез жеткізсін.

(Кетеді. Бопай жалғыз).

Бопай. Не боп барады?! Төбемде тұрған күннің шуағын неге сезбеймін. Ақыл азып, айла тозды ма? Әлде құйындаған сезімнің күйік боп жеткені ме? Әлде қызығуы өскен сайын, қызынуы өшер әйел күйі ме? Үміттенем де асығам. Үркем де басылам. Не боп барады? Әлде толқынға дауыл шақырып, дүлейге ескексіз шықтым ба? Дем бітерде ем қонбайтыны несі екен? Не боп барады? Не боп барады? (Үнсіз қалған, ауыр ойда. Нұралы келеді).

Нұралы. Ау салып, қақпан құрып тұрсың ба, апа?

Бопай.

Ұлым! Есеңгіреп ой кетті.
Есіріп сенің жүрісің қалай?
Екілене соғар дауылың болмаса да,
Ептеп кетер құйының бар емес пе еді.
Айқасқан алмасты,
қидаласқан қылышты көремісің,
Жарқ-жүрқ нажағайы атылған?

Меңіреу ме едің, соқыр ма едің тас суық
Селт етпейтін секемнен?
Меңдетіпті әкеңді, босатыпты тақымын
Қаһар төгіп қанды қол.
Аударып тастаса қайтер ең,
Дүниенді төңкеріп?

Нұралы. Барақ болмақ түгіл дарақ болса да, түп-тамырымен бір-ақ қопарсам қайтеді осы?

Бопай. Құлыным-ау, сұлтанның өлімімен қозды қоламтаны одан сайын көсейсің ғой онда.

Нұралы. Не қылсам рауа?

Бопай. Шаптығып барып, алқынып қайтасың ба деп қорқам. Үй арасында көп шәуілдейтін күшік сияқтысың, ұлым.

Нұралы. Ханым! Менің сұлтан екенімді ұмытпа!

Бопай. Бас ашуынды. Жетті көзім. Зылиханы нақ сүйер ет.

Нұралы. Көне ме ол зәрлі қыз?

Бопай. Қызға ақыл салған еркек көріп пе ең? Еңіретіп байлап алып, Барақ сұлтанның ерегісін құдалықпен тыймаймысың, түге.

Нұралы. Таптың амалын. Қызын да, өзін де ноқталармын!

Екеуі де кетеді. Зылиха мен Барақ шығады.

Барақ. Жүр, қызым, жылаған жүректің зарын тыңда.

Зылиха. Егесің құр ерегіс болса, ереуіліңе қарауылдап не табам, көке?.. Тәңір жолына Әсетімді шалғанда да, тапқаным жоқ еді.

Барақ. Солай де, қызым. Кегімді қайрар десем, жүзін майырдын ба. Күйінішім сүйенішіме айналса, қайғым ызама бастаса қайтесің?

Зылиха.

Жай оғы ма ойнарың?

Жасынды ұстар дәрменінді көрсемші.

Құба жонда, құлан жортпас сағымда

Өз бетіңше қия қадам баса алмай,

Күлдібадам көзін сатқан кірмедей.

Ерік кеткен сор күнің бе аларың?

Барақ. Жоқ! Намысымның қанжарын сілтер шақ туыпты. Жан езгісін ұсынба, қызым! Бес батпан қан бар Әбілқайырдың қолында. Ол аздай-ақ елін саудалап, ақ патшаның шенін алды. Ханды есірткен озбырлық пен азғындық. Ақ орданың төрі көрінен де суық. Лажсыз күйдің шарасыздығымен қылғынған хан түн қойнында ау құрады.

Қайда сол ауы?
Жарқ етіп шыға алмасам, жалп етіп түсейін.
Алғырым арынын жоғалтса,
Жүйрігім шабан болды.
Қарайған көңілдің алаңдары жоқ.
Саялары қорлық па?
Иесін тапқан ел, жүйесін де тапты.
Орысты паналады да, өрісті ұзартты.
Оған енді Әбілқайыр да жат.
Барақ сұлтан да жендет.
Ендігі ел бізсіз де жан күйттейді.
Кеше қиял көкке мені шығарса,
Бүгін қиянат құмға аунатты.
Тонымнан тоналып,
Тобымнан ыдыраппын.
Қыз бетімен кетсе,
Із бұралаңдап өтсе,
Тірліктің тірегі не,
Тірелері тұңғыық болмай.
Аузы қанды қорқаудың,
Азапты жолда соңынан
Бұралып бөлтірігі ермесе,
Бұрылып келіп бір-ақ қабатын.
Ей, Зылиха, сен сол бопсың,
Мен жыртқыш едім,
Түрткі болдың көзіме!
Артымнан ермесең,
Артымда да жүрме десем, қайтер ең, қызым?

Зылиха. Көке, жан көкем!

Мазақ өмірдің азабынан құтқарар едің онда.

Барақ. Зылиха, ізімді баспасаң да, сөзімді тастамай тілеулес боп қал.

Зылиха. Қарақан басты тағы қайда апарып соғарсың, көке!

Барақ, Зылиха, ауған көңіл таудан да тайынбас, бөгеме жолымнан. Жалғыз-ақ айтарым: өзіңе берік бол. Жанатай батыр жастықпен жалын ұрғандай болса, бойыңа дарытпа. Қолаңға берген сертінді берік ұста, қызым. Құрбыңның алдында адал бол. Әбілқайыр, оны маған қайрап салуы мүмкін.

Ханның шоқпарын алсақ,
Оққағары болса да омақа асады.
Қоланды қойныңа тарт.
Қыз наласы қасірет төгетін.
Соны шығармауды біл, қызым.
Бетке алғаннан таймасым бар,
Қара аспан қақ жарылып құласа да.
Жолыма жәрдемшім бол, әурешілік демей.

Зылиха.

Мақұл, көке.
Қарысқаннан қалыспапсың әлі
Жолыңа жас төгіп тайғақ қылмайын.
Бір дұғам болса өзіңе арнадым.
Бір дәрменім болса өзіңе бердім.
Көңіліңнің күрсінгенін көрсем де,
Көзіңнің жылағанын көрмеп ем,
Көрмей өттім міне.
Дертті мен үзілейін.
Алдағыма үміт артып не табам?
Сен сертіңе жет.
Қош бол, көке!

Барақ.

Бар, қызым!
Мен аттандым кек жолына!
Қара аспаным от шашып,
Қара бұлттар майдан ашсын.
Арылмадым кебімнен!

*Сахна айналғанда у-шу сапырылысқан жұрт.
Дүрліккен ауыл. Дауыстар: “Ұста! Жіберме! Кетті!*

Байла! Өңгерт, бол өңгерт!” Тасыр-түсірді баса налыған қыз үні естіледі.

Зылиха.

Әлсіз тәнім бұғауланса,
Бұлқынып тұр қайсар жүрек.
Тоқтатпасаң, жеңе алмайсың, ей, сұлтан!
Қара көзден көл ағызсаң,
Шер кеудеде кек қайнайды.
Лағынеті атар сені, ей, сұлтан!

Нұралы. Тәйір-ай, қыз жасына тұншыққан қай қазақты көріп ем. Аттап өтіп, жалдап кешіп кетермін.

Зылиха.

Шағаладай шаңқылдап,
Зарым жетер түнектен,
Ақ отауым - көр болар
Жар төсегін табыт қып!

Нұралы. Жылай-жылай басылар да ашылар ұрғашының кебі ғой. Ақ желегің желкілдеп әлі-ақ алдымда жорғалап жүрерсің, зэр сұлу!

Дауыстар. Әкет! Тарт! Болындар!

Екі шеттен Әбілқайыр, Бопай, Жанатай, Қолаң, халық кіреді.

Жанатай. Араша! Тоқтат!

Нұралы. Тоқтама! Тарт әрі!

Жанатай.

Арашаға жол бермей!
Зорлық бұлай өрбісе,
Қорғансызды өңгертіп,
Еңіретіп жіберсем,
Таңба болар бетіме!
Кестім, міне, күндіктің
Қарғыс торын шырмаған!

(Арқанды кесіп жібереді).

Нұралы. Неңе сеніп жетіп ең сен, қара жаяу!

Жанатай. Аңсаған әділетім әбілеттің құрбанына шалыныпты. Қорғар намысым қорқаулардың құлқынында жүр екен. Ақиқаттың сұмдығы кеудемнің қоламтасын үрледі.

Әбілқайыр. Қарашасы ханының қабағынан үркіп жүретін. Сенімің сол үрейден де күшті ме, Жанатай? Тарт, Нұралы! *(Нұралы қызға жармасады).*

Жанатай.

Қара жаяу қарғыс атса,
Қара аспаның қақ айрылар,
Қарғысынан шытынап.
Мен бастадым зауалымды
Қылышыммен жол салып!
Шық бері, Зылиха!
Хан көтерген көгімнен
Қасірет төккен бұлт көрдім,
Тез кетейік малшынбай.

Әбілқайыр. Не деп барасың?! Не деп көкісің, Жанатай! Қырсықтырма мені. Қырқып түсіремін!

Жанатай.

Алдияр! Ат мініп, жау тілеп өсіп ем,
Тірліктің басқа күйбеңіне алаңдамай.
Шындығымның шұғыласын Қолаңымнан
тауып ем.
Алыс кетсем, көп күрсініспен жолымды тосса,
Қасында жүрсем, сыңғыр күлкі сыр шертті
бақытынан.
Хан қолтығы - теңіз екен шалқыған:
Бірде момақан жайдары,
Бірде дүлей боп түйілер.
Нар толқыны жарға соғып ышқынып,
Ақ көбігі көкке атылып бұрқырап,
Шайып өтер мекен еткен жағамды,
Жолындағыларды тұңғиығына қағып ап.
Мен қазір сол жағадан безіндім,
Сезіммен басталған бір сырдың
Арқауын әнмен ұзартып.

Бөгенбай батыр кеп кіреді.

Бөгенбай. Аттан, Әбілқайыр хан! Жау тиді еліңе.

Дауыстар. Жау! Тағы да жау!.. Аттан!

Әбілқайыр үндемейді.

Жанатай. Не тұрыс бар. Еңіреген жұртың “Елім-айлап” зар атқаны бір бүгін бе. Хан бастамаса, сол

кек әні бастасын. Аттаныңдар! Қамалдағы орыс солдаттарына хабар беріңдер. Тез жетсін! Хан тілегі емес, ел тілегін мықтап ескерер. Мұңымызды ұқпақ болған халық қой. Қолтығымыздан демеп, қорғанымызға айналсын. Әйтпесе... Оларда да былқыл-сылқыл көп. Әйтеуір... Үміт үзбейік.

I адам. Хан көтермеген қылышты ел көтерер.

II адам. Өзіміз хан сайласақ, Әбілқайырды өзіміз қара ағашқа байлармыз.

III адам. Өз кесігін хан өзі жасады. Осы бөлінгені бөлінген елінен, осы безгені безген ерінен.

IV адам. Халықтан құдірет өтпейді. Хан - қақпақыл ғана.

I адам. Еркіндік! Азаттық! Тыныштық! - осы болсын бар ұран!

Зылиха. Хан көтермеген қылышты мен көтердім. Мені де ергіңдер. Азаттық үшін жан пидә! (*Әбілқайыр, Бопай, Нұралы үшеуінен басқасы кетеді*).

Бопай. Күн жаумай су болып не көріңді, шал-ау! Қимылдамасаң шаңына көміп осы тастап кеткені кеткен жұртыңның.

Әбілқайыр.

Не таптық?

Дірілдеумен күн өтті.

Қан ағыздық. Қанға толы төңірек.

Қан орнында үрей ағады бойымда.

Қуаныш жоқ. Қызғанып ек басқадан.

Жете алмадық. Жеткізер ме һаярға

Өлексе едік, өлексеге ұмтылдық.

Өлексеге өлім ғана лайық.

Нұралы. Алжыған ғой. Тыңдамаймын енді. Кеттім мен. Ендігі тізгін менің қолымда.

Бопай. Бар, құлыным! Қолдан беріп, жолдан таяр олқы еместі алғаным. Соны сен қорға. Хан жолында қан судай ағатын. Аяма! Аянба! (*Екеуі кетеді. Аздан соң Барақ шығады*).

Барақ.

Мен жеттім, міне!

Суыр қылышыңды, хан!

Озбырлықпен озып кеп ең,
Орыңа жығыл өзің қазған.
Бөлекей-Қоянға бітпеген хандықты
Сен жамбастап едің,
Ер Жәдіктің ақ ордасын ластап.
Қаныңмен жуып тазартқалы келдім.
Мен бармын, Әбілқайыр!
Сенің ажалың мен болмасам
Құдайың да алмас.
Күңіренген үн күйіндей болар.
Азалы дауыс әніндей естілер.
Қылышым саған өтпесе,
Өкпеке жетсін!

Әбілқайыр.

Күткенім де өзің едің,
Мен ластаған дүниені
Сен тазартам дермісің.
Мен шытынатқан бүтінді
Сен ұнтақтарсың аяусыз.
Ең болмаса бір жақсылық жасайын -
Арамды арам өлтірсін,
Адалға ауыз салғызбай.
Өлексем өлімінді жамбастай құласын.
Күндестіктің күні сөнсін,
Түтіні басылсын!
Шықтым міне!
Суырдым ажалыңның жеңдетін!

(Екеуі айқаса кетеді. Барақ Әбілқайырды құлатады).

Әбілқайыр.

Апыр-ай! Озбырлық неткен күшті едің!
Бір ізгілік жарқ етіп ең, өштің бе?!.

Әбілқайыр өледі. Барақ үнсіз сілейіп қалған.

Шымылдық

Эпилог

Сахна қара күңгірт. Найзаларын төмен түсіріп,
шашақты туға бас иген батырлар. Ортада Қазыбек
би, оң жақта Бөгенбай, ілкім кейіндеу Зылиха,
Жанатай, Қолаң, әріректе көпшілік.

Қазыбек.

Күні тұман, түні тас
Қасірет күндер зар төккен.
Қасиет мәңгі қайрылмастай көміліп!
Көз ұрлаған қырқадан
Таң атады сығалап,
Күн шығады көрініп!

Бөгенбай (Қазыбекке).

Жағалай қонған ел қайда?
Аққуы жүзген көл қайда?
Жылқылы жота, бел қайда?
Жәпектей баршын ер қайда?
Орны толмас өкініш
Опасыз күйден не пайда?

Қазыбек.

Әкесі өліп, ұл қалса,
Сарқылмағаны еліңнің.
Көз бітелмей су қалса,
Тартылмағаны көліңнің.
Жығылмай жығаң, ту қалса,
Жарқылдағаны кегіңнің.
Тауарихтан халқың көшпесе,
Қазақтың аты өшпесе,
Нар тұлғаланғаны еріңнің.
Соғыста болмас толасы
Саулаған қан мен теріңнің.
Өкініш, өксік - моласы
Жүректе тұнған шеріңнің.
Жауынды жаншып жеңісін,
Ашылды бүгін өрісің.
Тізгіндеп орыс алса да,
Дауасын таптың көңілдің.
Еркінді бердің - жан бақтың.

Мойынға түскен салмақтың
Тартасың зілін Жер үшін!

Зылиха (Қазыбекке).

Жалындап құшар жар қайда?
Жанымды ұғар жан қайда?
Шырылдап ұшқан қызғыш құс
Жүрегім болып зарлай ма?
Зарымды ұғар жан қайда?
Мұңымды жұтар ән қайда?

Жанатай.

Бар ғой ән, Зылиха-ау. Ән неге болмасын.
Жотамның желі - қайғы ән, белі - майдан.
Аһ ұрып күрсінеді көлім-айнам.
Күңіреніп зар келеді, сыр келеді
Басталып қасиетті “Елім-айдан”.
Ар ғана - елдің жалғыз сақтағаны.
Нәр ғана - бақа, жылан қақтағаны.
Қарт куә - Қаратауды шұбарлады,
Халқымның аты шулы “Ақтабаны”.
Тамұғы, о дүниенің дозағы да
Жете алмас жұртым шеккен азабына.
“Елім-ай” - ар ұраны қанмен сіңер,
“Елім-ай” - анасындай қазағына.
Қарысып қасіретке өлім жайған,
Халықтың сар далаға кегін жайды ән.
Дауылы өр намыстың кетті лаулап,
Басталып бабам салған “Елім-айдан”.

*Жанатай саябырлайды. Оның жсыры “Елім-ай” әніне
жалгасады. Ән асқақ үнмен аяқталады.*

Алматы, 1968-1970 жылдар



ДАЛАМ-АЙ, ПАНАМ-АЙ!

Екі бөлімді драмалық толғау

Қатынасушылар:

Бекболат	– 45 жаста, ұшқыш.
Айша	– 40 жаста, доцент.
Думан	– 45 жаста, композитор.
Бәну	– 25 жаста, музыка зерттеуші.
Ажар	– 38 жаста, дәрігер.
Бибіш	– 58 жаста, профессор.
Рабиға	– 58 жаста, сауыншы.
Мақаш	– 60 жаста.
Лейтенант	– милиция қызметкері.

БІРІНШІ БӨЛІМ

Бірінші сурет

Қалаша жабдықталған үлкен кең бөлме. Ортада пианино. Бөлмеден төрт есік шығады. Бірі - оң жақта - жатын бөлме есігі. Сол жақта - балалар бөлмесі, онда кейін Бәну тұрады. Сахнаның төрінен сыртқы есік, одан сәл оңға таман ас үй есігі көрініп тұрады. Қазір бөлме бос. Есіктің қоңырауы ұзақ шылдырайды. Бекболат кіреді.

Бекболат. Есіктері ашық. Өздері жоқ. Айшаның ауруханадан шыққаны кеше ғана. Әлде тағы да қысылып қалып, “жедел жәрдем” алып кетпеді ме екен?.. *(Дауыстан)*. Думан! Профессор! Айша! *(Екі жақтағы екі бөлмеден Думан мен Айша шығады)*. Түу, әйтеуір, үйде екенсіңдер ғой!.. Көңілім орнына түсті-ау... Екеуіңді осы заманның Қозы Көрпеші мен Баяны деп мақтап жүрсек... бірің күнгейден, бірің теріскейден бой көрсеткендерің қалай? Сендерге мұңымды шағам ба деп келсем, өздеріңе де бүтіндеуші қажет тәрізді-ау, шамасы.

Думан. Тағы да құлағымыздың құрыш етін жеймін де...

Бекболат. Әй, Думан, көзіңді ежірейтпе. Өзегімді өртенгенді айтайын десем, осқырына қалыпсың ғой әулиемсіп.

Айша. Шырылдағаныңа қарағанда маңдайыңмен жер сүзгеннен саумысың, пилот жолдас?

Бекболат. Сендерге күлкі керек... *(Пауза)*. “Қайта құрудың негізі - өзгерісті әркім өзінен бастап, қоғамға барынша көп үлес қосу” - деп қақсаймыз кеп қақсаймыз. Ал біздің авиаотрядта селт еткен ешкім жоқ. Істегенін де, істемегенін де бұрынғыша көпіртіп жазып, өкіртіп ақша алуда.

Думан. Адам санасында ондаған жылдар бойы

қалыптасқан стереотип көзқарасты қас қағымда өзгертіп жіберу оңай деп пе едің.

Бекболат. Оңай емес деп қол қусырып отыра береміз бе?

Думан. Оны маған неге айтасың, құрдас? Менің білерім - қазір тарихымыздың ерекше бір кезеңі туғаны. Мәдениет саласында бетбұрыс нышандары айқын сезілгенімен, экономикамызда қайта құру жоқ.

Айша. Ал мен, Думан, қайта құруды ең алдымен идеологиялық ұғым деп қабылдаймын. Сондықтан еңбекке деген жаңаша көзқарас арқылы, әсіресе, идеология арқылы біз экономиканың шым-шытырық проблемаларын жаңғақша шағатын боламыз.

Думан. Шағамыз... ешкінің құйрығы көкке, түйенің құйрығы жерге жеткенде. Хозрасчет...

Айша. Шаруашылық есеп...

Думан. Иә, шаруашылық есеп кіргеннен бері шым-шытырығы мол проблемалардың көкесі тірілді... Себебі ме? Себебі сол хозрасчетыңды жете түсіне қоятын өндіріс басшысын қолыңа шырақ түгіл, прожектор ұстап іздесең де таба алмассың. Әрине, интеллигенцияның жөні бөлек. Ал, анау қалың бұқараны қимылдату қиын.

Бекболат. Не деп қисайып барасың? Зайыбың мен екеуің бүгін тым білгішсініп кетіпсіндер тіпті. Қалың бұқараң деп менсінбей отырғаның интеллигенцияңнан бұрын қайта құрудың тізгінін өз қолына алғанын ұмытпа.

Думан. Әй, қайдам... Жұмысшы үшін қайта құрудың госприемка екенін де ескер, Бекболат.

Айша. Мемлекеттік қабылдау де.

Бекболат. Мемлекеттік қабылдауды неге құбыжық жасайсың?

Думан. Мен емес, Бекболат, шаруашышықтағы қырсыздығымыз оны құбыжық қылатын! Бос белбеулігіміз! Сөз бен істің сәйкессіздігі! Соның салдарынан жұмысшының айлығы кемиді. Азық-түлік пен киім-кешектің жоғары шапшынған бағасы мен нарқы пенсионердің шайлығын шайқап кетеді.

Бекболат. Иә, оның рас... Қайта құруды осыдан жиырма жыл, отыз жыл бұрын бастау керек еді. Әбден

белшемізден былыққа батып бара жатқанда ғана тал қарманбақ боламыз. Осы біз - қызық елміз. Ойсырата қиратып, бүлдіріп аламыз да, өз шашымызды өзіміз жұлып, өз маңдайымызды өзіміз тоқпақтаймыз.

Думан. Тым қызынып кеттің, балақай. Әліптің артын бағуды ұмытпа. Үй артында кісі барын да ескер.

Бекболат. Міне, міне! Біздікі - баяғы отызыншы қырқыншы жылдардың таусылмас үрейі. Жетпісінші, сексенінші жылдардың бойкүйездігі. Шындықты айтуға да қорқамыз. Сылтауымыз дайын тұрады: “Қателестік. Оңбай қателестік. Анау жеке адамға табынудың зардабынан кеткен олқылық. Мынау мына басшының волонтаризмының кесірінен орын алған өрескелдік. Көптеген дөкей қызмет бабын пайдаланғандықтан, тамыр-таныстық, жершілдік, жікшілдік ұрығын сепкендіктен осынау құлдырауға кезіктік. Әрине, қателеспейтін адам да, қоғам да болмайды,” - деп өзімізді өзіміз ақтай жөнелеміз.

Айша. Сонда сеніңше кім кінәлы?

Бекболат. Кінәлы - сен Айша! Кінәлы - Думан! Кінәлы - мына мен! Бәріміз! Еліміздің дамуын жұмысшы, колхозшы және интеллигенция қолымен тежеп отырған бәріміз кінәліміз. Өйткені тоқырау жылдарында жанымыз бен сана-сезіміміз тоқырап қалған. Мешел боп қалған. Көздейтініміз - бас пайдамыз. Жылы орын, жұмсақ кресло. Жалған сыйлық пен көтерме айлық. Ақылмен, еспен баршамыз осы күйімізді түсінеміз. Бірақ өзімізді өзіміз қайта жаңғыртуға құлықсызбыз. Бір әдемі затты көрсек, “бағасы қанша екен?” деп өзеуреп, бір жұмысқа жұмсаса, “қанша төлейсің?” деп әбден ашкөзденіп құнығып кеткенбіз.

Шаруашылықты құлатып алып сылтау іздегенше, сол кемшіліктердің алдын неге алмаймыз.

Айша. Қазіргі демократия мен жариялылық сол кемшіліктерді жоюдың бірден бірі кепілі емес пе.

Бекболат. Мен жоғарыдан “сыйлап” берілген кеңшілікке сенбеймін. Азаттықты төменнен жеңіп алу керек. Әйтпесе... “Демократия! Де-мо-кра-тия!”, деп өңеш жыртуға жеткізбейміз. Ал, тікелей бастығыңа күні бүгін әділетті жақтап өңештеп көрші... Екі

аяғыңды бір етікке тығып, шықшытыңды желкеңе жамап жіберсін. Өзгерген не бар бюрократиядан?.. Кей бастықтың қабылдауына әлі де айлап кіре алмайсың. Ал Ленинге ходоктар бүкіл Россиядан келетін. Чувство собственного достоинства ұмыт болған біздерде.

Думан. Айшкен, құрдастың орысшасын аударып жіберші. Осының сонсоң өңештеуі көбейіп бара жатқан жоқ па?..

Айша. Бекболат, сен орынсыз күйгелектенбе. Екі-үш-ақ жыл бұрын дәл осылай әлеуметтік, қоғамдық тақырыптарды ашық әңгімелей алушы ма едік. Өзіміздің азаматтық қасиетімізді бүгінгідей ашына сезінуші ме едік. Тұнық ойды толқындатып оятқан жариялылықтың дүмпуі! Ендеше, бір адым ілгері басқанымызды неге көрмейсің?

Бекболат. Айшкен, бәрібір мені иландыра алмайсың. Менің білерім - басқа дүмпу - баяғысынша кресло дүмпуі. Әлі сол бұрынғыша әкімшілік дара шешімнің екпіні...

Мен кеше айлығымнан бас тарттым.

Айша. Бас тартқаның қалай? Алмай кеттің бе?

Бекболат. Иә! Алмай кеттім!

Думан (күліп). Ажар жыныңды қалай қақпады ей?!

Бекболат. Арым солғанша, құлағым үзілсін. Ажардың қағып-сілкеніне үйрендім ғой... (Пауза).

Ал, мен айлығын алмаймын! Маған артық жазылған ақшасы қажет емес. Ішін ұрайын, ондай арам табыстың!

Думан. Оу, қалай артық жазылады? Сен бау-бақшаға, плантация мен күріштікке сепкен дәріңді ғана білмейсің бе?

Бекболат. Барлық пәле осы өзгеге килікпе деуде. Сонда, сеніңше, Думан, ұшқыш екем сепкен дәрімнен басқаны білмеуім керек пе? Араласпауым керек пе? Дүние өртеніп жатсын - маған тікелей қатысы болмаса - қалпағымды оқшырайта киіп алып, ештеңені көрмей, талтаңдап кете беруім керек пе?

Думан. Сен енді, Бекболат... Өртенген дүниең мен артық ақшаңның қандай байланысы бар?.. “Өртенген дүние” деп ысқыртып айтпасаңдар, іштерің кебе ме?

Бекболат. Сен менің егістікке себетін дәрімнің не

екенін сеземісің... Ол - хи-ми-кат! Химикат - у! Өсімдікке зиянды насекомдардың, арамшөптің, биологиялық саңырауқұлақтардың қас жауы. ДДТ-ны ұмыттың ба?

Айша. ДДТ-ың әлгі битке, шыбынға қарсы себетін ақ ұнтақ па?

Бекболат. Иә! Сол ДДТ-ның көмегімен кезінде миллиардтан астам адамды медиктер безгек ауруынан сақтап қалған. Сол ДДТ-ың битті, масаны, шегірткені, шыбын-шіркейді бықпырт тигендей жаусатқан. Ал, бірақ сол ДДТ-ыңның адам организміне біртіндеп жиналатын күшті у екенін кешігіп білгенімізге кім кінәлы? Одан жеріп, гексахлоранға көштік. Одан да түршігіп фосфорорганикалық қосылыстарды пайдаландық. Оның бәрі өзімізді өзіміз улау болған соң жаппай гербицид пен пестицидке жармастық. “Адамға етер залалды әсері жоқ екен!” деп гуілдедік. “Аз күннің ішінде өзінен өзі жойылып, зиянсыз жоғалып кетеді екен!” - деп қомпандадық. Дедік те, ал кеп жаудырдық!.. Сөйтсек... жойылмайды да жоғалмайды екен. Гербидид пен пестицидтің бөлінген қалдықтары бұрынғылардың бәрінен де өткен ғаламат у екен!

Айша. Апыр-ай, Агрохимикаттар дегенге... Шетінен у болады екен-ау!.. Сендер оны әлі шашып жүрсіңдер ме, Бекболат?

Бекболат. Шашып жүрміз! Ал мен сол у дәріні егістікке ғана емес, жайылымға да, шыбындыққа да шашам...

Айша. Неге?! шашасың?!

Бекболат. Е-е, қауашағыңа сыбыс тие бастаған екен, Айшкен. Неге шашам ба? Шаштырады!

Айша. Кім?

Думан. Кім ол шаштыратын?

Бекболат. Бастықтарым. Алдымен авиаотряд начальнигі мен партия ұйымының хатшысы. Одан да бұрын қабылданған жоспар шаштырады! Істелген істің, орындалған жұмыстың көлемі шаштырады! Орындалған жұмыс көлемінің қандай құдіреті бар дейсіндер ғой? Ал сендер, біздің жұмыс көлемінің немен өлшенетінін білесіндер ме? Ол - шашылған дәрі, жанған

жанармай мөлшерімен, ұшылған уақыт мерзімімен өлшенеді! Осы корсеткіштерді асыра орындасақ - айлық та бізде, сыйлық та бізде. Әр түрлі атақ та табылып жатады. Орден де тағылып жатады.

Айша. Ұшқыштар ше, біле ме өздері?

Бекболат. Білгенде қандай! Гербицидті жүзімдікке немесе күріштікке дүркіретіп бір шашып өтеді... Міңдет орындалды ғой. Ал ұшқыш қайтеді? Аэродрома қайта ма? Қайтпайды! Қайта алмайды!

Айша. Неге қайта алмайды?

Бекболат. Әлі біраз дәрі бар себілмеген. Әлі бензин бар бакта жанып бітпеген. Спидометрдегі километраж межедегіден көп төмен! Ұшқыш сонсоң не істесін!

Думан. Иә, не істейді?

Бекболат. Плантацияға не бау-бақшаға у дәрісін екінші мәрте бұрқыратып шашады. Шашпай.. оған жалақы анау күйген күріштің, қураған-бау-бақшаның, құлазыған жүзімдіктің өніміне қарап төленбейді ғой. Ендеше ол несіне бүлінеді. Әлі дәрісі де, жанармайы да таусылмапты. Бөгелетін не бар. Ұшқыш қайта шүйлігіп жасыл жайылымды. шүйгін шабындықты уымен нөсерлете шылап өтеді. Қырылған жәндік, уланған бұлақ, қураған жер самолет әлде вертолет кабинасынан оған көрінбейді. Есесіне қалтасы қампайып, табысы тасып шыға келеді. (*Пауза*).

Ал мен кеше сыйлықты алмай кеттім.

Думан. Шүйгін шабындық!.. Танауымда туп-тура жалбыз иісі жыбырлап сала бергенін қарашы, Бекболат! Әй, қанша айтқанмен кіндігімізбен туған жерге маталып қалған қыр қазағымыз-ау! Бекболат! (*Қолынан тартады*). Бері келші. Мен саған “Дала” деген жаңа симфониямнан фрагмент ойнап берейін!..

Бекболат (*қолын босатып*). Кейін, Думан, кейін...

Дала! Айқайлап-айқайлап осы сөздің құнын қашырдық әбден. “Далам-ай!” деп күңіренген ақыннан көп ешкім жоқ бүгінде. “Табынарым - далам!” деп ән жазатын композитордан аяқ алып жүре алмайсың. Солардың сағынған даласын тек телевизордан ғана көретіні жанға батады. Өксікті көңілдің мауқын басқысы келсе, төрт қабырғаға қамалмай, туған жерге неге бір оралмайды.

Думан. Ол рас енді, Бекболат. Кейде мынау ауылды аңсаған кеудені босатып алғың кеп сонау қасиетті далаға тартып кеткің-ақ бар... Кимелеген әр түрлі тірлік мойын бұрғызбайды-ау... Шіркін, біздің тоғай! Керім ғажап қой ол, Бекболат, ә?

Бекболат (*әсерленіп*). Иә, ғажап! Саумал иісі бұрқыраған қайың шоғының жасыл желегі қалай желбіреуші еді! Сол жасыл желектің арасынан қосыла сайраған құстарының тәтті әуені қандай әсерлі естілуші еді! Алаңқайдағы қызыл-жасыл гүлдерінен көз тұнатын, бойлап өскен көк шалғынның жұпар иісіне не жетуші еді! Бір түптен екеу-үшеу боп таласа өрген қайыңдарға күн нұры малынғандай жарқырайтыны сұмдық әсем емес пе еді! Сол қиғаш сәуле қайыңды шоқтың ақ балтырын сипай өтіп, сарғыш прожекторлардай еңіске құйылатыны есінде ме, Думан! Кешкі күннің қып-қызыл шапағын қуалай жарысып, ентіккен бойда уыз сүті аңқыған егінге тірелуші едік қой біз!

Думан. Иә-иә, жан сарайыңды жайлап жүре беретін самалын айтсаңшы бәрінен де бұрын туған жердің, Бегім-ау! Қандай жарасушы едік,ә!.. Әй, сол біздің ауылдың тоғайындай ғаламат тоғайды әлі ешбір елден, ешбір жерден көрген емеспін! Әй, әй, екеуің... күлесіңдер, мен... шын айтам. Шіркін, дарқан далам! Далам менің!

Бекболат. Қайран дала! Көркінен баз кешкен, жетім дала!

Айша. Күрсініп кеттің ғой, құрдас?

Бекболат. Ымырты қоюланып, кеш түскен кез болатын. Сұрғылт даланың көк желкесіне Күннің қызыл табағы қонжиып алыпты. Батысы қырмызы мұнарға оранған көкшіл сағымды дала сәлден кейін белгі-бедерінен айрыла бастады. Жылтыраған қақ суынан ызғар лебі есетін тәрізді. Шығыстан баяу тіріліп Ай көрінді. Өзені тартылып, көлі суалған әлсіз даланың әр жерден бір түбірі қараяды. Оталған тоғайдың үстін басып өтетін, көптен адам ізі түспеген тастақ жолы көмескі сәуледе таспаланып, қаңыраған иесіз қыстауға шұбатылып барады... Күннің батып, Айдың туатыны

ғана өзгермеген. Күн шықпай, Ай тумай қалса... иен даланың сұрқы әбден келісер еді!..

Думан. Әй, Бекболат! Сен не айтып тұрсың?

Бекболат. Мен өткен жаз болғам онда... ауылда. Сонда көргем әлгіні... Біздің тоғай да жоқ, Думан! Біздің көл де жоқ, Думан! Жұтаң далаңның жұтағаны сондай... есіме алсам, жүрегім шанышады.

Думан. Дәл солай емес шығар, Бек?! Тоғайды отап тастағаны ма? Кім ол? Қай қаскүнем?

Бекболат. Сен бармайсың елге. Көрмейсің, Думан! Көрмейсіңдер... Даланы ойламайсыңдар. Сендерге бәрібір. Қолын *сілтеп шығып кетеді*.

Айша. Рас... Елге бармағалы біраз болды бізге. Жаны ауырады... Шайға да отырмады...

Думан. Баяғы ақиқат үшін арпалысам дейтін Дон-кихоттығын қоймайды екен бір. Жұртты мазалап, тынышын қашырғаннан басқа білері жоқ. Кімге тұтқа болмақ сонда. Кісіні әңкі-тәңкі қылды да кетті.

Айша. Думан, сен дем ала тұр қисайып, мен әдемілеп дастарқан әзірлейін. Көп бопты-ау екеуміздің қатар отырып шай ішпегенімізге.

Думан. Жо-жоқ, Айша! Шайды мен жасайын. Саған әзірше көп қимылдауға болмайды.

Айша. Людмила Тимофеевна маған: “Тез сауығам десеңіз, көңіл қалаған тіршілігіңізді жасай беріңіз”, - деген. Оу, папасы, мен - әйелмін ғой. Ыдыс-аяқ сылдыры көңілімді көтереді. *(Ас үйге кетеді)*.

Думан. Паласы деді-ау!.. Көптен айтпаушы еді... Әттең-ай! Нұрлан Ауғанстанға бармағанда ғой... Адам ғұмыры неге өкініш пен сүйініштің алма-кезек тізбегінен тұрады екен? Ана жүрегіне азамат ұлдың ажалынан ауыр апат жоқ шығар. Айшкен! Жан ыңқылын маған сездіргісі келмейді. Өмір атты ұғымның қасиетін дәлелдеп-ақ әуре. Ал өзінің мен үшін өмірмен егіз екенін сезбейді. Күн сайын жаңғырығып қайта туғандай өзін де сергітеді, мені де сергітеді. Айшкенім, Айшам! Сенің жүрек тынысыңа бейбітшілік әнін, жеңіс жігерін, бақыт қуанышын, махаббат сезімін түгел сыйғызатын “Өмір” атты сюита жазуым керек. Керек! *(Пианиноның клавиштерін жеделдете басып кетеді. Ас үй есігінен Айша қарап тұр. Көзінде жас)*.

Айша. Мұң төкті-ау!.. Жабырқамаушы еді бұрын... Саусақ ұшынан жүрек шымшылаған өкініш сазы ақтарылғаны қалай? Көңіліме кірбең түсіріп көрген емес. Мен де сенің көңіліңе кіршік жуытпауға тырысып-ақ бағып ем... *(Пауза)*. Мына бір әуезі сезімге сондай әсер етеді екен! Жылағың да келеді... Жұбатқың да келеді... Мұң төккені несі? *(Есік қоңырауы, пианино үні тоқтайды)*. Ә-ә, Думан, әуезің сондай нәзік, сондай сергек! Жүректі жалаңаштап суырып алып, жұмырықта қысқандай... Қандай әлсіз!.. Әрі аялы алақан ұясында... Мен... мен есік ашайын. Сен жалғастыра бер, Думан. Өмірге әсем бір дүние туып келе жатыр. *(Кетеді)*.

Думан. Алақан ұясындағы жұдырықтай жүрек! Жалаңаш әлсіз жүрек деді-ау! Қандай өзімшілміз! Жалаңаштанған жүйкенің жанашырлық тілегенін көрмейміз. Сезбейміз. Әркім өз бабын, өз жан тыныштығын ғана ойлайды. Ал Бекболат дала деп сарнап уағыз соғады. Ең алдымен уайым - адам... Адамсыз қаңыраған далаң кімге қажет. *(Пианинода әлгі нәзік саз құғылжси жөнеледі. Айша мен Бәну кіреді)*.

Айша. Талайдан бері дәл осылай шириқпап еді. Шамырқанбаса, өнер құдіреті ұстатпайды. Тындашы, Бәну! Мынау саз жүрек қылында баяу сырғыған сиқырлы қиғақ тәрізді емес пе... Әрі ауыртады, әрі сипайды. Егейді де сылайды.

Бәну. Ой, тәте десе, сіз... сіз сондай тамаша айттыңыз! Музыка, иә, керім әсерлі! Саз емес, тұп-тура сағыныш самалы желпіп тұрғандай. Кеудеден үзік-үзік атылған ыстық ықылықтай!..

Айша. Бәнужан-ай, сенің музыковед екенінді ұмытып... Ағаңның дәл осылай буырқанғанын көптеп көрмеп едім...Тындашы! Тебіренісі -жүрек лүпілі емес пе! *(Музыка кілт үзіледі)*. Қап! Шорт кесті-ау!..

Думан. Шай дайын ба?

Айша. Думантай, неге аяқтамадың? Біз Бәнужан екеуіміз... Сенің әлгі әуезіңді Бәнужан лықсып желпіген сағыныш самалындай деді. Дәл айтты, ә?! Бекер үздің-ау, Думан. Шай дайын... Дастарқан жасайын онда. *(Ас үйге кетеді)*.

Бәну. Шынында, бұздыңыз...

Думан. Оған сіз несіне бүлінесіз?

Бәну. Кешіріңіз, Думан Көкетаевич, Музыкаңыз сондай елжіреп, төгіліп шыққан соң... Әрине, сізге жөн-жосық айту... жо-жоқ, ойымда да болған емес. *(Айша шығып, елеусіз естіп тұрады)*. Сіз... сіз, Думан Көкетаевич, өзіңіздің кім екеніңізді білсеңіз ғой!.. Сіздің жүрегіңіз тек әсерлі дыбыстар мен әсем үйлесімдерден тыныс алатын сияқты. Ә, көп сөйлеп қойдым ба... Келген себебім... Айша тәтеммен сәлемдесіп кетейін деп... Елге қайтсам ба деп... Апам жалғызділік...

Думан *(Қатаң)*. Қаланың тірлігінен жалықтым деңіз. Сонда музыка туралы лекцияны қой-ешкіге оқымақсыз ба?

Бәну. Білмеймін... Мүмкін, сол ауылдан ән мен күй десе ішкен асын жерге қояр бір қара домалақ бала табылар, Мүмкін, сол бала бір кездегі сіз құсап жиырма шақырым жерден жаяу келіп, разъездегі жүк поезына жармасар. Мүмкін, музыка училищесіне оқуға түсіп, күндіз-түні музыка деп ауырып, ақыры ат-атағын республикасына, еліне... әлемге жайған сіз сияқты ұлы композитор болар.

Думан. Мен ұлы композитор емеспін.

Бәну. Сіз ұлы композиторсыз, Думан Көкетаевич! Сізді білмейтін, сізді елжіреп тыңдамайтын қазақ жоқ! Өз халқының сүйікті перзентіне айналған азамат әрқашанда ардақты. Ұлылықты халық жүрегінің сүйініші айғақтайды. Халық қана шын бағасын әрі асырмай, әрі жасырмай бере алады. Сіз - туған халқыңыздың мақтанышысыз, Думан Көкетаевич! Сізде еліміздің Мемлекеттік сыйлығы болмаса да, еліміздің халық артисі аталмасаңыз да, шен-шекпенді композиторлардан мүлде бөлексіз... Басқасыз... Тазасыз!

Думан. Адамды көзіне мақтау жақсы қасиет емес. Мен өз шамамды өзім айыра білем.

Бәну. Кешіріңіз... Мен... мен көлгірсіген жоқпын. Бірақ... бірақ Думан Көкетаевич, сіздің творчествоңыз туралы қалыптасқан пікірімді еш нәрсе өзгерте алмайды. Сау болыңыз. *(Бұрылып кете бергенде, Айша алдынан шығады)*.

Айша. Бәнужан, сіңлім! Лебізің қандай жақсы еді! Ниетің қандай адал еді! Азамат ердің атағын аяулы қарындас шығарар деген рас екен. (*Құшақтайды*). Шай дайын. Айтпақшы, Бәнужан, сен - қонақсың. Онда мен сендерді кухняға шошайтпайын. Думан, столдың ас жаулығын жайып жібер. Бәнужан, отыр. Шаруанды да сұрауға уақыт таппай жатырмын. Ағаң өзінді музыканың білгірі деп мақтайды да отырады.

Думан. Бұл музыканың білгірі ауылға кетпек!..

Айша. Неге? Жайша ма? Қашан қайтасың?

Бәнү. Біржола... Пәтер іздеп-ақ шаршадым.

Айша. Одақ әлі үй бермеп пе еді?

Бәнү. Уәде беруден жаңылмайды, әйтеуір.

Айша. Думан, былай етейік. Анау Нұрланның... анау бөлмеге әзірше Бәнужан орналассын. (*Бәнуга*). Ағаң екеуіміздің осы қолқамызды қайтарма.

Бәнү (*Қатты қобалжып*). Айша тә-те-е! Сонда мен... Сонда сіз... ағай... Бұл үйден пәтер жалдау ойымда... Жо-жоқ!..

Айша. Жалдағаны қалай?.. Айтпа ондайды, Бәнужан! Осы үйдің бір адамындай...

Думан. Бір адамындай...

Айша. Иә! Саған - қарындас, маған сіңлі болады! Келістік қой, Бәнужан! Ол бөлменің терезесі түстікке қарайды. Әсіресе, көктемгі бұлбұлдың сайрағанын тыңдасаң! Осы пәтерге алғаш кірген кезде Думан екеуіміз бұлбұлды тыңдаудан жалықпаушы едік!.. Ағаңның шабытына шабыт қосылып, операсы да, қантатасы да, әндері де сол кезде лекілдеп туындаған еді-ау! Шіркін, сондағы бал дәурен күндер-ай! Есігіміз жабылмайтын. Дос та көп еді!..

Бәнү. Не дерімді білмей отырмын. Жұрт не дейді!

Айша. Жұрттың бізде несі бар. Не нәрсеге де байыптылық керек. Өнердегі байыптылық, Бәнужан, махаббат байыптылығынан кем болмауға тиіс. Тежеу бар жерде тұрақтылық күйзеледі. Ал біз! Симфонияны да жазамыз! Концертиноны да туғызамыз! Әнді де асқақтатамыз! Бәрі көңіл-күйге байланысты. Ал көңіл күй адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігінің жемісі. Сенімінің нәтижесі.

Думан (*Әсерленіп*). Әдемі айттың-ау, Айшкен!

Күмбірлеген күй - қуаныш күткен көңілдің елшісі ғой!
Ендеше, мен сол күйді өзімше күмбірлетіп көрейін.
(Пианиноға отырады. Жарқ-жұрқ шапшыған мажорлы асқақ әуен төгіліп жатыр. Шапшып, тулап жатыр. Айша да, Бәну де беріле тыңдап қалған).

Шымылдық.

Екінші сурет

Сол бөлме. Бәну жалғыз отыр. Есік қоңырауы.

Бәну. Кіре беріңіз, ашық. Ә, Ажар тәте, төрге шығыңыз.

Ажар. Қыз-ау, өзің ғанамысың? Өзгелер қайда?

Бәну. Иә! Өзгелер де келе бастар енді.

Ажар. Мынау рецептті Айшаға бер. Өте қымбат дәрі дейді. Қаржы табу үшін Думанға тағы біраз жұмыс істеу керек. Уйде отырмайтын боп барады-ау, ә...

Бәну. Кім?

Ажар. Думанды айтам. Бүйте берсе түк бітірмейді ол. Түк бітірмегенге түк те тамбайды.

Бәну. Ажар тәте, ақшақұмарлық ешқашанда талантты өсірмейді, қайта қадірін қашырып, қабілетін өшіреді.

Ажар. Әй, Бәну, Айша екеуің осындай жып-жылмағай жаттанды сөздерді қайдан біле бересіңдер. Сендерді тыңдаған кезде таңдайыма қара бұрыш түсіп кеткендей түршігем кейде.

Бәну. Сіз Думан Көкетаевичты бекер жазғырасыз. Ол қатты іздену үстінде. Жақсы шығарма ұзақ толғатқан терең тебіреністен туады.

Ажар. Әләй! Әйел ме еді толғататын. Нағыз дарын бап тілемейді дейді ғой білгіштер.

Бәну. Жоқ, Ажар тәте. Мүлгіген ойды мәңгілік дүние ғана қозғайды. Ал сондай ұлы шығарманы тудырып, жүрек қылын дірілдете алар творчество адамын құдірет тұтудан ешбір халық жаңылған емес.

Ажар *(күліп).* Думанның қандай шабытының қашан, қалай қозатынын сен білмесең, мен білмеймін, көгершінім. Ал шабыт авторды тәңірге айналдырады

деу бос даурығу. Көңіліңе келсе де айтайын, бұндайды сен сияқты саяқ бойдақтар таратады.

Бәну. Олай емес, Ажар тәте! Күй мен ән - жан мен тәннің дәнекері. Бетховеннің симфониялары мен халқымыздың күйлері адамзаттың асқақ рухының символы емес пе! Соларды тындағанда жан дүниені өзгеріп, жаңғырып сала бермей ме! Әркімнің өз берері бар, Думан Көкетаевич та әлі-ақ әлемді таң қалдырады.

Ажар. Шегірткенің де өзіндік шырылы бар. Әсіресе, айғырының! Иә, Бәну!

Бәну. Думан Көкетаевич әсемдікті, сұлулықты көзбен ғана емес, көңілмен де көре алады. Ажар тәте, сіз... сіз оның алғашқы әндерін тыңдасаңыз ғой. Қам көңілді ән ғана уантады. Әуен күйзелген сәтте бүкіл адамзат күңіренеді. Табиғат екеш табиғат та қайысады ондайда... Думан Көкетаевичты ұғыну керек.

Ажар. Әй, қайдам... Тұмсығын тескен тайлақтай сәумендеген сол шіркіннің қыздан бетер қысылып, қызарып тұрғаннан басқа білері жоқ.

Бәну. Қызара білген жан адамгершілігін ешқашанда жоғалтпайды. Думан Көкетаевичта балалықтың, пәктіктің албырттығы мол. Балалықтың иісі қалмаған кісіден бейшара пенде жоқ.

Ажар. Өлэй, Бәну! Осы сенікі сүйгенін - шұнағым деудің ар жақ, бер жағы емес пе? Оллаһи, күйіп-пісуің тегін емес.

Бәну. Ой, тәте, сіз де!..

Ажар. Жә-жә, бикеш, қызарандама! Сүйе бер. Бірақ талант пен сезімді мың жерден телігеніңмен біздің Думаннан Бетховен түгіл Раймонд Паулс та шықпайды.

Бәну. Біреудің жақсылығын мақтаудан гөрі кір жағуға дайын тұратын халықпыз-ау...

Ажар. Әй, бике, сен өйтіп халыққа тиіспе!.. Қалай етсең де өзімді сөк. Халық саған ойыншық емес. (Пауза). Ой, өкпелеп қалдың ғой, Бәну, оллаһи, сен Думанды шын сүйесің!

Бәну. Ә-ә? Не? Не деп отырсыз осы?

Ажар. Пәле-е, есеңгіреп қалдың ғой! Бәсе-е, сүйетінің рас болды. Сонда қалай, Айша екеуің екі қолтығынан қабат жармасасындар ма?

Бәну. Аузыңыз қалай барады?

Ажар. Ойбай! Енді естіген-кергенімді айтқаныма да айыптымын ба. Сен үшеуің қаланың тең жартысының әңгімесіне айналдыңдар.

Бәну. Өсек айтатындардың өздері арам. Ал мен... Адалдығыма жүгінем. Думан Көкетаевич пен Айша тәтемнің бір-біріне деген құштарлығына бас ием.

Ажар. Қыз-ау, бекерге ант ішіп әуреленбе. Айша сені мүлдем қызғанбай ма?

Бәну. Қызғанатын себеп туғызған емеспін. Ажар тәте, қызғаншақтық, меніңше, менмен әрі тайыз пенденің айықпас ішкі дерті. Жарының нәркес көзін жас шыласа, ері мүлде көруден қалады деген нақылды қатты ескерем.

Ажар. Ой, ішегім! Ой, күлкім! Мынауың жатқан бір концепция, Бәну! Сүйіп тұрып сыр бермеуге шыдамың жетсе, нағыз мықты өзің болдың, бәлекейім! Әйтпесе анда-санда бұралаң жол, бұрыс көшеге түспейтін еркекті, көзімен арбап, бөксесімен бұғауламайтын әйелді табу қиын. Реті келгенде, өзіміз...

Бәну (*Қаттырақ*). Ажар тәте, ұлы сезімге тіл тигізбеңіз!.. Махаббаттан жеріну мүмкін емес. Ол үзілсе...

Ажар. Неге кідірдің, Бәнужан? Ал үзілді делік, онда ше?

Бәну. Ғұмыр таусылған жерден ғана махаббат әні үзіледі... бірақ махаббаттың өзі ешқашанда өлмейді.

Ажар. Бәрі бос сөз. Өзім жоқ болсам, кейінгі ырду-дырду, қызық-шыжық неме керек. Менің өз тиесім бүгін, осы тап қазір берілетін болсын. Несиеге қарамаймын. Өмірге бір-ақ рет келеді адам. Патша да, қайыршы да. Ұят, иба, ар-ождан - әшейін бет перде ғана. Ысырып тастасаң - небір сұмдықты көресің. Сондықтан бос қалма: тырыс, ұмтыл, тартыс, талас! Әйтпесе... қас қаққанша, ғұмыр өте шығады. Өлімді ойласам, сондай қорқам!

Бәну. Өлімнен қорықпай, мағынасыз өмір сүруден қорыққан жандарды қаншама ұлы дарындар жырлап келгенін ескермей отырсыз.

Ажар. Кітап сөзі бір басқа, Бәнужан. Өмір талабы бір басқа. Мына қалпыңмен, қыз-ау сен, бүкіл

үлесіңнен құр қаласың. Әр заманның өз уағызы болады. Гәп сонда. Анау подъездерде шуылдап отыратын нашақор боқмұрындардың санасына басқа кезеңнің уағызы түгіл прожектор сәулесін шақырайтсаң да, мәңгүрт халдерінен ажырата алмайсың. Бұлбұл тоқтағанда сауысқандар шықылықтайтынын ұмытып, әлі адасып жүрсің... *(Пауза)*. Әй, сендерді адам түсініп болмас. Не ері, не әйелі жоқ үйінде. Туған күнді тойлаймын деп салпаңдап келсем...

Бәнү. Ой, Ажар, тәте!.. Мен... бүгін худсовет болушы еді. Есімнен шығып кете жаздапты-ау! Сіз отыра берініз. Қазір Айша тәтем... Думан Көкетаевич келіп қалар. *(Жүгіріп шығып кетеді)*.

Ажар. “Думан Көкетаевич! Думан Көкетаевич!” Көкеңді танытар әлі Көкетаевичың. Мынау өліп, үздігіп тұрғаныңды сезсе, сорлы қар! Думан Көкетаевичыңыздың сол кезде сүттен ақ, судан таза қандай періште екенін көреміз. Айшадан басқа ұрғашы жоқтай емеурін танытқан көңілімді талай қалдырып еді... Енді Айшаның кеудесіне қызғаныш шоғын түсірем!.. Қарашы! Венгер гарнитурасы! Чех люстрасы! Швед кілемі! Ауласында қара “Волга”! бәрі бар. Біз құсап тиын-тебен санамайды. Думан мен Бекболат бір ауылда бірге өскен. Енді міне, бізді көзге түрткі қылмақ. Менсінгілері келмейді. Людмила Тимофеевнадан Айшаның аурының қай кесел екенін біліп алғаным теріс болмас. *(Пауза)*. Мынау не хат? Бәнудың шешесінен келген екен ғой. Адресін жаттап алайыншы... Әй, біреудің қаңсыған ошағын қашанғы күзетіп отырам. *(Орнынан тұрып есікке беттегенде, Айша кіріп келеді)*. Ой, Айшкен!

Айша. Сәлем, Ажар. Көп күтіп қалдың ба? Бәнү қайда?

Ажар. Сол ұшып-қонған көбелегіңді қойшы. Кетті ғой әлгінде. Худсоветке барам деп өзінше болып қапты әбден.

Айша. Мен оны Суретшілер одағының көрме залындағы вернисажда күтіп отырсам...

Ажар. Оған неге әуреленесің. Бармаса бармай кетсін.

Айша. Ажар-ау, Бәнү - музыковед қой. Солардың

ішіндегі маңдай алдысы. Әттең, ауылда өсіп, көп нәрсені кеш қамтыған.

Ажар. Беу, Айшкен! Мойныңа шұбар жылан салып алғаныңды білмейсің-ау. Ол әрі шағады, әрі қылғындырады.

Айша. Нені жұмбақтап барасың, Ажар?

Ажар. Өлэй, жұмбақтамай қалайын! Сендер ғой, екеуің. Енді үшеу боп... Ананың да, мынаның да пышпышы сендер.

Айша. Сен де осал ма едің, Ажар! Әлеуметтік қағидаларды жаңғақша шағатын зерделі терапевтің ошақ басындағы әйелдердің күйе жұққан күңкілінен зәресі ұшады.

Ажар. Ұшады зәрем! Мен үшін досқа деген адалдық, жарға деген адалдық, жұбайға деген тазалық дүниенің бар асылынан қымбат. Соны ошақтың күйесімен емес... тұрпайышықтың балшық табанымен езгілегенде, бүкіл болмысым ереуілдеп өре тұрады!

Айша. Тым дөрекілетпе. Табиғаттың қалыптасқан үйлесімін қолдан жасаған тәртіп-низам тәріздес шектеулермен кідірте деу - жаратылысқа жасаған қиянат қана.

Ажар. Сен сияқты кандидат наук болмасам да, қалыптасқан қоғамдық көзқарас пен әлеуметтік ортаның ереже-қағидасын бұзғанды жақтырмаймын.

Айша. Ажар, эволюция заңын неге ескермейсің? Кешегі биік пен кешегі деңгей бүгінгімен мүлде салыстыруға келмейді. Бүгінгінің өз өлшемі, өз бәсі, өз қасиеті бар. ЭВМ, БАМ, гуманоидтық робот, Америка мен СССР арасындағы келісім, телемост, теледидардағы “Айтыс” пен “Тамаша” - көңіл қуанышы. Ал СОИ, Чернобыль, нашақорлар, СПИД-тарды қайда қоямыз?

Ажар. Олардың қатысы қанша?

Айша. Бар қатысы. Бәрі салыстырмалы тірлік. Қалың жұрттың қақ ортасын түре жарып Ақтөбе мен Семей маңынан дүңк-дүңк тараған жер асты ядролық жарылыстарды қайда қоямыз? Жік түсіп, жарықшақ кеміп, улы толқын жер бетіне жайылса қайтеміз... Адамзат қоғамы періштедей пәк болса, осынау сұрапыл сойқандарға неге тыйым салмайды... Пыш-пыш

өсекпен жыртық-тесікті бітемек пе? Ерлі-зайыпты екеудің қарым-қатынасын күйттейтін қоғам айналасындағы әлеуметтік кеселдерді неге көрмейді?

Ажар. Жо-жоқ, Айша, сен адамзат қоғамындағы жеке бастың тәуелсіздігінің шектеулі екені ұмытып барасың. Сабақтастықтың бір ілгегі үзілсе-ақ, онда тұтастыққа нұқсан келді дей бер. Парасаттылықты зинақорлықпен алмастырған еркектің қылығын, көңіліңе келсе де айтайын, еш сылтаумен ақтай алмаймын.

Айша. Ұсақ-түйектен ұлылықтың кеудесі әрқашанда жоғары.

Ажар. Менікі сақтандыру ғана. Өйтпесе ерлі-зайыптының арасына есі кеткен түсер деп қыстырылып нем бар.

Айша. Каstrуль мен шәйнектің астына от жағып келейін.

Ажар. Мәссаған! Тойға барсаң тойып бардың кері келді-ау. Сонда сенің тамағың қашан піседі?

Айша. Дайын тұр. Пісіріп қойып, астын сөндіріп кеткем. Жылыту оңай! *(Ас үйге кетеді).*

Ажар. Біраз солқылдаттым. Қанша берік болса да, жарықшақ түскен шығар... *(Дауыстан).* Оу, Айшкен! Нағыз кулинар екенсің! Тәтті, дәмді иістер танауымды қытықтап, тура бар ғой, сілекейімді ағызып жіберді. *(Айша келеді).*

Айша. Мә! Қаужалай тұр... *(Тағам қояды).* Думан неге кешікті екен?... Бұрын кешікпеуші еді...

Ажар. Бүгініңнен бұрынғыңның енді табылмайтынын ұқсаңшы.

Айша. Не деп кеттің, Ажар?

Ажар. Әй, мынауың сондай дәмді!.. Өшкен оттың күлі ғана қалады. Ұрлеймін деп бетінді күйелеп алма.

Айша. Оһ, Ажар, Ажар! Көңілден қашырып, жалынды өшіріп, ақыр заманды таядың да қойдың!

Ажар. Сен еркек деп аталатын мақұлықаттың тегін білмейсің. Думан қайда? Туған күнінде де үйінде отырмаса...

Айша. Сен мынау әлемге менің түйсігіммен қарасаң, Думанжанның қандай екенін ұғар едің. Оның жаны сондай нәзік! Сәл нәрседен діріл қағып тұратын

нағыз камертон! Оған іштегі сезім сырын музыка тілімен ақтарту қажет! Думанда, оның көкірегінде адам жанының небір сергек қылына сондай әсер ететін... сондай бір ғажайып әсем күйге бөлейтін құдірет вулканы бұғып жатыр... Мен сезем... Жо-жоқ, анық білем! Көңіліне шуақ түсіріп, жүрегіне ләззат жүгіртер күй таба алсам... Сонда оның кеудесіндегі ұлы туындылар адамзатты әрі қуанытып, әрі толқытып, әрі егілтіп, әрі жұбататын болашақ жанартаулар астан-кестен ақтарылады. Иә, иә, Ажар, сезім нәсері топан суындай жөңкіледі!..

Ажар. Әу, Айшкен! Ойпырмай, түсің бұзылып кетті ғой! Еркек немеге бола есіңнен адасып қайтесің. Келші мұнда, сәл жантайшы. Жұтқыншағы жұдырықтай боп сәуіріктенгеннен басқа білері жоқ сол еркектердің кесірінен мына біздер, ұрғашылар, ылғи опық жеумен келеміз... Қисайшы, көкетайым! (*Құшақтайды*).

Айша. Беу, Ажар, неге сенбейсің маған? Менің есім де, ақылым да дұрыс. Думанға мысқалдай септігім тисе... онда, менен бақытты әйел болмас. (*Пауза*). Мен бақыттымын! Әр демім Думан деп, Думан үшін деп соғады!

Ажар. Сенбей... Сенем ғой, Айшкен. Тойға келіп отырған жоқгын ба... Апыр-ай, мен махаббат ертегілерде, өткен ғасырларда болған ба десем... Бар екен-ау әлі... Мынауың сондай дәмді! Рецебін жазып берші, мен де жасап көрейін.

Айша. Жарайды. Өй, анау торт күйіп барады!.. (*Айша ас үйге кетеді. Самбырлай сөйлеп Бибіш кіреді*).

Бибіш. Әй-әу, осы үйдің есігінің жабық тұрғанын бір көрген емеспін. (*Қолыңдағы ораулы затты үстелге қояды*).

Ажар. Мал иесіне тартады дейсіз ғой, Бибіш апа. Қымбаттысын қадірлемейді, ә...

Бибіш. Ажар балам-ау, шоқ көсеп отырмасаң қыбың қанбайды-ау.

Ажар. Шоқ көсемей қалайын. Мен анау жадыбас Думанға күйінгеннен айтам да. Маған салса, әуеншісымақты боз қалпағын төбесіне төңкеріп, қолынан жетектеп, есіктен шығарып қана жіберер едім!

Бибіш. Жә-жә! Басқаның тірлігіне араласпайық.

(Айша кіреді. Қарсы ұмтылып). Ой мөп-мөлдір қара көзім! (Сүйеді). Ой, мына жалтыраған шықты қара! (Сұртіп тастайды). Әр тамшы жас көре білген кісіге әлдебір сыр пердесін түріп тастайды деп менің психолог коллегам айтады. Сірә, сен қуанғансың ғой, Айшкен, ә?

Айша. Иә, Бибіш мама.

Бибіш. Болды. Бітті! Сен қуандың. Қуанышыңмен мені де қуанттың. Ылғи осылай жадырап жүрсең, Айшкен, онда мен, онда мен...

Айша. Онда ше, Бибіш мама?

Бибіш. Сюрприз жасаймын. Экстравагантный сюрприз! (Ажарға). Аджария! Подруга наша бесценная! Мен азаннан бері ашпын! Осы үйде тіске басар бірдеме табылса, шыжғырып, көңірсітіп әкеле бер. (Ажар ас үйге кетеді). Сен қуандың - мен тасыдым, күнім. (Есік қоңырауы. Бекболат кіреді).

Бекболат. Профессорша! Айша! Сендер есік кілттеуді мүлде қойғансындар-ау, шамасы.

Айша. Амаңдық қайда?

Бекболат. Оу, апам отыр екен ғой. Есен-саумысыз? Айшкен, өзіңнің көңіл-күйің қалай? Анау қайда?

Айша. Кімді айтасың?

Бекболат. Оу, именинник ше? Менің жаман құрдасым, сенің жақсы жұбайың. (Бибішке). Апа, тым самбырлап кеттім бе... Кішкентайымыздан бірге өскендіктен Думаннан басқа ет жақыным жоқ. Енді мына Айша қосылды. Екеуін ылғи өзімсініп жүрем...

Бибіш. Өзімсінгенге не жетсін, балам. Думан да келіп қалар.

Бекболат. Қап! Ақылдасып алатын тығыз шаруам бар еді... Айшкен, саған-ақ айтсам... Мазанды алам-ау...

Айша. Торт әкелейін. Шай ішіп отырып асықпай баянда.

Бекболат. А-оу, Айшкен! Той иесінсіз торт желінбейді. Ал онда жай-жағдайды мәлімдейін. Гәп мынада, Бибіш апа.

Бибіш. Құлағым сенде, Бекболатжан.

Бекболат. Мен өткен жолы айлығымды алмай кеткем... Бүгін де... (Ажар кіреді). Әй, Ажар! Сен... сен қашан келіп ең?..

Ажар. Ақшанды алдың ба? Сал мында!

Бекболат. Алған жоқпын. Алмаймын!

Ажар. Әй, естұрқа-ау, есің дұрыс па? Әлде анау аштан ыңыранған балаларынды мен біріне-бірін соғып қанжоса етсін деймісің!

Айша. Ажар, сәл сабыр ет...

Ажар. Мынаның, ойбай-ау, мына Мәжнүннің ақылы ауысқан! О заманда бұ заман өз жалақысынан қашқанды естіп пең. *(Мазақтан)*. “Ал-май-мын!” Әй, неге алмайсың, ей? Байлығың тасып бара жатыр ма еді, ей? Үлде мен бұлдеге бөлеп қойып па ең мені елдің қатындарындай. “Ал-май-мын!” Несіне жетіседі, ей, бұл қуарған құнсыз!

Бибіш. Бекболатжан, жалақыңды неге алмай жүрсің?

Бекболат. Негесі сол... Еткен еңбек, төккен тердің төлеуінен артық бір тиын алу - қылмыс! Қайта құруды әркім өзінен бастауы керек. Ендеше, менің бұлқынысым осы!

Ажар. Мен бұлқынтам сені! Үйге барарсың! Көзінді көгертіп бұлқынтам! Әй, қайта құру сенің не теңің, ей!

Айша. Ажар-ау соншама өзеурегенің не? Сабаңа түсші енді!

Бибіш. Неге артық жазады?

Бекболат. Сіз, апа, менің егістікке гербицид пен пестицид себетінімізді білесіз бе?

Бибіш. Неге білмеймін, білем.

Бекболат. Білсеңіз, біз сол нитраттарды жоспарды асыра орындау үшін бір араға үш рет шашамыз. Көлемін көбейтіп жазу үшін шабындыққа, жайылымға, бұлақ-бастауға қоса шашамыз.

Бибіш. Гербицид пен пестицидтің не екенін білесіңдер ме?

Бекболат. Білем! Бүгінде менен оқымысты жоқ. Ол улы химикат арам шөптің ғана емес, бүкіл тіршіліктің де жауы! Жауыз - ол! Нағыз фашист! Барлық кеселдің бастауы ол! Бәрінен де бұрын адам бауырына кесел боп жабысып, ғұмыры айықпас гепатит дейтін ауруға душар етеді екен. Қазақ балаларының сары ауру боп

сарғайып кеткенін көргенде... Жас сәбилердің өлі туғанын көргенде, тірі туғандарының жасқа жетпей қыршынынан қиылғандарын көргенде... екі қолымды төбеге қойып, өмірден түңіліп, безіп кеткім бар. Ал осы нәубетті жоятын құдірет қайда?

Ажар. Сол жауыз дәріңнің арқасы емес пе, анау құрт теспеген қып-қызыл апортың! Сонда не, сен нақұрыс, алманы құртымен, бидайды қарақүйесімен қоса жейін деп пе едің?! Сол у дәріні сеппеші, не болар екен? Құрт-құмырсқа, шыбын-шіркей... қарақүйе, індет-сіндет өсімдік атаулыда қаптасын да кетсін!

Бекболат. Ажар, сол у дәрілердің халыққа әкелген апатын есептеп көрдің бе? Далаға тигізген залалын салмақтап көрдің бе?

Ажар. Мен саған әлі есептеп те, салмақтап та көрсетем!

Бекболат. Саған, Ажар, сөз өтпейді...

Ажар. Иә, өтпейді! Өткізбеймін! Қазақ балаларында сары ауру көбейіп барады деп қақсап қалыпсың. Қазақтың қамын жейтін сондай-ақ сен кім едің? Әлде министр, әлде хатшы ма едің?.. Әлде олар көрмей, сезбей отыр деп пе едің?.. Сезгенде солар сезсін.

Айша. Олар сезсе, онда мұндай қылмысқа неге жол береді?

Ажар. Қылмыс?.. Немене қылмыс? Ешқандай қылмыс жоқ. Өліп жатқан балаларды Алматыға не Москваға апарып көрсетпейсің... Ал азық-түлік программасын орындау - міндет. Міндетін орындамаса, шыбынын шырқыратып, орнынан жұлып тастайды. Ал кім жұмсақ креслосынан жұлынын үздіріп түсе қойғысы бар. Сондықтанда олар алманы да, бидайды да, күрішті де, мақтаны да, жүзімді де әр гектардан неғұрлым көп алуды көздейді. Ол үшін ең алдымен арамшөп пен насекомдармен күресу керек. Ең жауыз солар! Міне - нағыз фашистің тегі! Ендеше гербицидті де шашады, пестицидті де төгеді. Аямайды. Ол үшін ақша төлейді! Қып-қызыл ақша! Ал мынау!.. Нағыз кеңкелес осы! Жалақысын да алмайды!

Бибіш. Әй-ау, Аджария! Сен нитрат өсімдік зиянкестеріне қарсы қолданар бірден-бір құрал дедің.

Мақұл. Ал, торғайдың, құстың, жабайы аңның республикамызда, тіпті елімізде жыл өткен сайын азайып, құрып бара жатқанынан хабарың бар ма?

Ажар. Мен аңшы емеспін. Қапқанымды ұстаймын, тапқанымды асаймын... Енді мынау бас қосқаным ақ жүрек болғалы ұстарым да, асарым да жоқ. Бәрінен қағылдым.

Бекболат. Бұрын оған кінәлың - жалғыз мен болсам, ұзамай бәріміз жауап береміз. Бәріміз, Ажар! Себебі, далаңдағы ұшқан құс, жүгірген аң көзден бір-бір ұшады әлі...

Ажар. Маған тұп-тура сонысы керек. Кекілікті майға қуырып, бұлдырықты бұқтырып жейтін дөкейлердің ұябасарлары бөксесін май басып, әбден көзімді қызықтырушы еді - өзіме тимес дәмді өзгеге де бұйырмасын. Қарқылдап ұйқы қашыратын, балконға саңғып антисанитария жасайтын қарға мен көгершіндерге неге келмейді сол қырғыны қайта.

Бибіш. Біздің институттың соңғы мәліметі бойынша, республикада пайдалы жәндіктер жиырма есе азайып, құсы бес есе кеміп кетіпті. Ол - ол ма, кәдуілгі өсімдікті тозандандыратын шыбын-шіркей мүлде құрып бара жатқан көрінеді.

Ажар. Сол керек!.. Тісті-тіске басып, аштан бұралғанда ғана санды бір-ақ соғуға дағдыланғанбыз. Ал мен басқаның қатесіне жауап бермеймін. Сол күйге жеткізгендерді тірідей шыжғырса ғой. Зауалын табар еді. Қайта соларды менің қолыма берсе... көкелерін танытар едім шетінен! Ол қайда? Түгі де қисаймай шіреніп отыр түгел. Ендеше құсы да, жан-жануары да, шіркей-жәндігі де құри берсін!

Бекболат (ызалы). Ажа-ар! Жаның ашымай ма? Дәрігер емеспісің? Бүгінде жер-ана да бір, дәрі-дәрмексіз тұра алмайтын әбден қалжыраған дімкәс те бір.

Бибіш. Иә, Бекболат! Биоценоздың күйреуінің салдарынан көп ұзамай өсімдік біткен апиынкеш нашақорға ұқсап улы химикатсыз өмір сүре алмайтын болады.

Бекболат. Естідің бе, дәрігер жолдас? Жер-анадан күй қашса, табиғат үйлесімі бұзылса, Жер перзенті

аталатын, жаратылыс, бөлшегі саналатын адамзаттың жағдайы не болмақ? Осыны ескердің бе, дәрігер жолдас?

Ажар. Ескермей қалайын-ақ!.. Маған десе бәрі қараң қалсын!.. Немене, дәрігерде ауыз жоқ па? Дачамдағы алмама көбелек қонып, шіркей жола-сыншы, медный купоросты жаңбырдай жаудырайын! Жер-ана деп әлдеқандай қыласыңдар. “Адамзат! Перзент!” деп әспеттейсіндер. Қылғындырды ендеше перзенті анасын! Әне, бүгінгі табиғат үйлесімі! Бүгінде тартып алып, таласып озғандар ғана басқаға төбесінен қарайды. Біздің мынау сүмелек құсап еңбек-ақысын да ала алмай: “О-бәл! Әді-і-ле-ет!” “Тә-зә-лі-ік!” деп безек қағатындарды тәлкек қылатындар аз емес.

Айша. Солардан бұрын өзіміз Бекболат сияқты шырылдағандардың жер-жебіріне жетсек, әділетті кім іздейді, Ажар? Тазалықты кім жоқтайды? Шындықты кім әкеледі, Ажар?

Ажар. Ойбұй, сен де сондай ма едің, Айша? Сөз бен істің үйлескенін қашан көрдің? Біз жақсылық үшін жар салуға бармыз да, жасырып жұтып, жатып ішіп жан күйтеуге келгенде жеткізбейміз. Әділет деп айқай ұран тастап, үйінде әбілеттік жасайтын “жақсыларды” ұмыттың ба? Миллиондап пара алған министрлер мен обком хатшыларын қай қуысқа жасырасың? Балық басынан шіриді. Алдымен соларды жөнге салу керек. Әйтпесе... сонау “өңеш” атты құрдымға сіңіп жатқан байлық ел кәдесіне жарамайды.

Бекболат. Ажар?

Ажар. Әй, неменеге Ажарлап кеттің!

Бекболат. Бөлме сөзді! Ұры-қары, парақорды тексеретін мемлекеттік орган бар... Әлгі сен айтқан дөкейлерді домалатып, әділ заңнын бұйрығына іліндірген да өкіметіміздің пәрменділігі. Ал жердің тозып, судың азып бара жатқанына жаны ауырмайтын сендей медиктің барынан жоғы! Сен жыл сайын пестицидпен жұмыс істейтін адамдардың қаншасы емделетінін жақсы білесің. Соларды емдеуге кететін қаржының орасан зор мөлшерін де білесің. Емделетін тек солар ғана ма?.. Агрохимикатты егістік пен плантациядан жаңбыр шайып, су ағызып, өзен-көлге

құятынын ұғамысың? Сол өзен-көлдерден су ішетін жан-жануардың жағдайын пайымдадың ба? Самолетпен шашқан кезде ауа толқыны мен жел екпіні у тамшыны елді-мекен үстіне де себелейтінін қайтесің!..

Ажар. Оған сенің қабырғаң қайыспасын, Мәжнүнім менің! Оны бастығыңа айт. Жауапты сол берсін. Сен орындаушы ғанасың. Винтиксің!

Бекболат. Ал менің ожданым ше? Арымның соты ше?

Ажар. Ар!.. Ождан!.. Ой, Бекболат Ойлыбаев дейтін выдающаяся личности қалай білмегенбіз бұрын? Арының соты ожданын оятып, жанын жаралапты-ау! Мүмкін, мынау новоявленный Христос бүкілпланеталық проблемаларды да шешер. Ядролық қатерді де жояр!

Бекболат. Сен!.. Сен! Мен сені... *(Ұмтылады. Айша ұстайды).*

Айша. Бекболат тоқта!.. Ажар, сен адамның асыл мұратын аяқ асты етпе! Етпе! Ождансыз азамат болмайды.

Ажар. Тапқан екенсің азаматты. Букашка ол! И еще қол сілтемек. Мен сені... сен қаныпездерді жаптыртып қоям... Әй, мүмкін сен сол у дәріндіжелді сылтауратып ауыл мен қала үстіне әдейі себетін шығарсың. Сенен шығады ол! Зиянкессің!

Бекболат. Айша, көрдің ғой зайыбымның түрін. Не сенім жоқ, не сыйласу жоқ, не түсіну жоқ...

Ажар. Түсінігің өзіңе! Әркімге бір жіктетіп, мені түзетіп алмақ екенсің ғой. Тапқан екенсің майшелпекті.

Айша. Ажар, сен тіпті үдей бердің ғой...

Бибіш. Мен жақында Арал жақтан оралдым. Ажар, сен ол жақта болып көрдің бе?

Ажар. Аралы да, Оралы да өзіне. Екеуінде де екі туып бір қалғаным жоқ.

Бекболат. Барсаң, Арал жаққа барсаң, дәл бүйтіп туламас па едің, Ажар. Жергілікті жердегілердің тым мүшкіл жағдайын көзіңмен көрсең, тәубеңе келер ме едің. Гербицид пен пестицидтің көл мен дарияның суын бүлдіргені сондай... Қалай айтсам екен?..

Бибіш. Мен айтайын ба? *(Күледі).* Қайнатқан суына

бар ғой қанша шай салып бұқтырғаныңмен бірде дұрыс шықпайды. Қатқан сүтің заматында іріп кетеді. Шай емес құдды сорпа тәрізді. Кермек дәмі, қышқыл иісі жүрек лоблытады. Кеткенше бір шай ішіп жарығам жоқ. Қолы жеткендері дисциллированный сумен шөл басады екен. Тіпті бар ғой қайнаған суын ішуге де батылың жетпейді екен.

Бекболат. Бәрінен де сұмдығы химчисткада әлгі су химиялық реактивтермен реакция жасамайтын көрінеді.

Ажар. Оны маған несіне айтасың. Өз химчисткам өзіме жетеді.

Бекболат. Оны неге айтам ба... Саған түсіндірем деп неге әуреленіп отырғанымды қайдам. Сол судан Қарақалпақстан тұрғындарының алпыс төрт проценті, Қызылорда облысының тең жартысы ішетін көрінеді. Мүмкін, соған жаным ауыратын шығар. Өзімнің солар үшін күйзелген халімді өзгемен... мына сенімен бөліскім келген далбасам шығар, Ажар. Сондай судың әсерінен елде қан ауруы көбейген екен. Адам организмінің дамуы әлсіреп, әйелдердің босануы қиындайды екен. Әртүрлі бейдауа кесел молайған екен. Анасының омырауынан уыз сүт емес, улы қышқыл сорған бөбектер тұрақтамайды екен. Мүмкін, күрсінісімді сенімен бөліскім келген шығар.

Ажар. Бекер әуре боласың онда. Айдалада әлде-біреулер ауырады екен деп, Мәжнүн боп бас қатырар жайым жоқ. Бүгін адамдардың бір-біріне деген риясыз жанашырлығына сенбеймін. Бәрі есептеулі, бәрі санаулы. Әркімнің ойлағаны өз қамы,

Айша. Ажар, сен бұрын дәл мұндай емес едің... Қалай өзгеріп кеткенсің?

Ажар. Мен бе өзгерген? Өзгерген мына сендер! Бәрің! Мен ойымдағыны сол қалпында айтам. Ал сендер... Бірің періште, бірің пайғамбар, бірің менің Мәжнүнім тәрізді әулие боп көрінуге тыраштана-сындар. Осындай қол боста қоғам жайын ойлаған-сып, жұрт қамын жегенсіп, біраз данышпансып аласындар да, күні ертең-ақ бәрін ұмытасындар. Ал мен... жасым қырықты қусырды. Не көрдім? Шетел тұрмақ іргедегі Ыстықкөлге бардым ба? Сусар тұрмақ

суыр бөрік кидім бе?.. Өзгеріпсің дейсің, Айша. Өмір бойы талпынғаным тырнағыма ілінбесе, ашынған даусым қаттырақ естілмегенде қайтеді.

Бибіш. Апыр-ай, өзімшілдік неткен құдірет еді! Көз алдындағыны көрсеткісі келмейді.

Ажар. Бибіш апа, мен сіз сияқты биология ғылымының докторы емеспін. Мен бір қолыммен берсем, екінші қолыммен көп алғанды жақсы көрем. Бірақ менің үлесім ханталапайға түсіп жүр.

Бибіш. Жә, шырақ! Әркімнің өз тіршілігі өзіне. Біз мұнда отырып дүрілдегеннен түк өнбейді. Оның үстіне анау молайды, кебейді деп жатқан кеселдер бұрында да болатын. Соны босқа көпіртем деп, басқа бәле тілеп алғанда, Бекболат балам, не табасың. Кінәліні бәрібір айғақтау қиын.

Бекболат. Айғақтайтын түгі жоқ, Бибіш апа. Сіз де, мен де, басқаларымыз да кінәлымыз. Тіл тістеп, көз жұмып, теріс айналуды әдетке айналдырып алғанбыз әбден. Үрейіміз көп пе - үндемеуіміз көп. Жан ыңқылы ышқына айқайлайтын жерде де бас бұғып қаламыз.

Бибіш. Кайдам Мәж... Ә-ә, Бекболат. Бүгінде анау айтты, мынау айтты өсек көп. Халыққа қамқорымсынған әлдекімдердің: “Ойбай құрыдық! Ойбай, даламызды кесел мен дерт алып кетті!” - дейтін дәйексіз байбаламы-ақ құлақ сарсылтты... Әрине, халықтың қасіретіне жаны ауырмайтындар бірен-саран кездесіп қалады. Бірақ ел, республика басшыларының сен айтқан мәселеге селсоқ қарамайтынына сенем.

Ажар. Дұрыс айтасыз, Бибіш апа!

Бекболат. Ажар! Не айтып тұрсың!? Халқыңның қасіретін тәлкек етемісің? Отыз екенші жылдың трагедиясы сен сияқтылардың енжарлығынан өршіген.

Ажар. Әй, осы сен сөйлемеші маған! Сенің даусыңды естісем, жыным қозады... Сол отыз екінші жылы өзегін жарып, өңешін жыртып: “Халқым-ай! Ұлтым-ай!” деп үздігіп шыққан ұлдарынды аташы! Көп пе еді соларың? Енді кеп... сен де, басқаң да оңашада ғана батылсыңдар... Батырсыңдар. Бүгін білгішсіне қапсыңдар. Жариялық болмаса дәл бұлай тапсынбас едіңдер... Ал ертең онда шақырып, мұнда алдырып:

Сендер не бықсытып жүрсіңдер?” - дегенде... сайрағандарыңды сонда көрер едім. Арал дейді ғой... Ақымақ болмаса, сол аралдықтар мен қызылорда-нықтар неге кетпейді жан-жаққа бытырап. Қазақстанда жер жетеді.

Айша. Әркім туған жерін тастап кете берсе, тағы бір великое переселение болар.

Бибіш. Болмайды, Айша. Әй-ау, әркім қоршаған ортасы үшін күресу керек. Аралдықтар өз күресін бастады.

Бекболат. Сонда қалай? Арал қаласының төңірегі мен Сарышығанақ маңын басқа жерге көшіріп, анау тұншыққан теңіз... алқынған ел күл болмаса, бұл болсын деймісіз?! Қырылған жұрт қырыла берсін деймісіз? Апыр-ау, бүгін біздің қағанағымыз қарқ, сағанағымыз сарқ болғанымен, ертең бәріміз сол қызылордалықтың кебін киетінімізді неге ұқпайсыңдар! Сол экологиялық сүргіннің алдын алмаса, жылжып бізге де жетеді ғой! Неткен көрсоқыр меңіреулік!

Бибіш. Шырақ! Әр нәрсенің шегі бар. Шектен шықпа. Аяғын жоғары көтеріп, шалқалап жатқан шымшық: “Жерге құлап кетпесін деп аспанды тіреп жатырмын!” дейді екен... Басшылар көрмей, білмей отырған жоқ. Қолдан келгеннің бәрін жасайды. Мен сенем соған. Сенем!

Ажар. Оу, апа! Сіз сияқты оптимистерді бүгінде микроскоп түгіл рентгенмен табу қиын. Алтынды қадақпен өлшеп, адамды алтынмен бағалап, адалдықты алақай урамен көлегейлейтіндерді білмейсіз.

Бибіш. Алақайлаудың тасасындағы көзден жас көрмедің бе? Сол тамшыда ақиқат сүлдесі дірілдеуі мүмкін.

Бекболат. Бибіш апа, ақиқатты таразының бір басына салып, екінші табағына менің авиаотрядымның бастығының ақбарын тастап жіберіңізші. Ақиқат бар салмағынан айрылып, аспанға бір-ақ зымырасын! Диқанға әлі де өсіріп жазған өнімі қымбат, қоймашыға тығып қалған дефицит пайда, пилотқа қосып жазылған еңбек көлемі қажет. Ал менікі... *(Қолын сермейді).*

Ажар. Сенікі, Мәжнүн Нақұрысович, - айға

жұдырық білемдеу. Оққа кеуде тосу. Әйтеуір, сені бірдеме түртіп жүр.

Айша (*Ораудан домбыраны шығарып, серпи қаға әндетеді*).

Ел болса ер туғызбай тұра алмайды,
Ер туса елден көңілін бұра алмайды.
Ез ғана елден ерек ұрандайды,
Қайықтай қайрандағы бұрандайды.

Шұрқ етпе, Бекболат. Сенің осы шырылдағаның кейбір креслолы мықтының ұрандағанынан абзал. Үндемес ойнаудың уақыты өткен. Ақиқат алдында біз қайта құруға борышкерміз.

Бибіш (*домбыраны көрсетін*). Сайрап-ақ тұр! Нағыз шебер!

Айша. Кімді айтасыз, Бибіш мама?

Бибіш. Мынау ‘Горный гигант’ тұратын керім шебер жігітті айтам. Мына домбыраны сол жасаған. (*Думан кіреді*).

Айша (*Карсы жүріп*). Дума-ан!

Думан (*Құшақтан*). Айшкен!

Бекболат. Әу, бүгінгінің Жүсібі мен Зылихасы! Сендер өзгені көруден қалғансыңдар ма?

Думан. Ә, тағы да сен екенсің ғой, құрдас? Пәле-е, Бибіш апам да, Ажар да!.. (*Пауза*). Айшкен, худсовет мәжілісінде менің сюитамды қабылдады!

Айша (*қуанып*). Рас па? Сүйінші неге сұрамайсың?.. Құттықтаймын, Думанжан! Ең алдымен туған күніңмен. (*Сүйеді*).

Ажар. Құлағынан, құлағынан шырылдатып қырық бес рет тарту керек еді... Кел енді, жолдас именинник, бізге де құзырыңызды аударыңыз. (*Құшақтайды*).

Бибіш. Әй-ау, Ажар-ау, енді бұл тентекті маған бер. Думанжан, Айша - қызымдай, сен баламдайсың. екеуара сезімдеріңнің мәңгі тазалығына қуанам. Әйелдің нәзік биязылығы парасатты еркекті мәңгілік биік тұғырға қондырады. Бұны бір де. Жер бетіндегі ер-азамат ғасырлар бойы ұлылық иесі танылып келсе, сол ұлылықтың әр мысқалында әйел жанының асыл сыры бар. Бұны екі де. Сондықтан қос жұбайдың үйлестігіндей егіз екі ішекті мына домбыраны әкелдім.

Келесі туған күнінде симфониялық күй тындайтын болайық. Бұл - наказ. Тілегімді әнмен аяқтайын.

Өзеннен қашқан қол болмас,
Өзектен қашқан бел болмас.
Екеудің бірі сүймесе,
Жарына жары тең болмас.

Мә! (*Домбыраны Думанға ұстатады*).

Ажар. Өләй, Бибіш апа, керемет әнші екенсіз!

Бибіш. Тәйір-ай, Алжария, мен жас болмағандай...
“Әй бибай, саған айтам гигаимды” деп қабақ кере шырқағанымда айналама жігіттер толып кететін.

Бекболат. (*Домбыраны алып*). Апам менің де арқамды қоздырды.

Жарың үшін жалғанда
Таусылмайтын жыр бол.
Шашты қырау шалғанда,
Жүректе өсер гүл бол.
Өз еліңе тамыршы,
Өз халқыңа ұл бол!
Өз еркіңе әмірші,
Өз арыңа құл бол!

Думан. Рақмет, Бекболат. Сен ылғи тек ән салсаң ғой...

Айша. Ажар, стол жасайық. Бибіш мама, менің пісірген тортымды көр. Жаңғақ қосқан торт...

Думан. Айшкен, мен асығыс едім... өздерің менсіз-ақ, ә... Анау худсовет мүшелері... Сонсоң екі- үш керек адам... Керек болғанда... тағы Бәну бар... Бәрі ресторанға кетті... Келем деп...

Бекболат. Керек адам? Сюитаң өтпеп пе еді? Сатып алмақсың ба?

Думан. Жоқ, құрдас! Сюитаны бәрі мақтады. Бәну худсоветтегілерге менің бүгін туған күнім екенін айтып қойған көрінеді...

Ажар. Мәссаған безгелдек! Біз мұның туған күніне келіп, сарылып тосып отырсақ... Бұл бір шүйкебасқа бола...

Бибіш. Аджария, әй-ау бас жаққа барыспалық. Сұлулық пен ізгілік кейде бір кеудеге тұрақтамайды.

Айша. Ендеше, Думан, көп күтіп қалса, кісілеріңнен ұят болады. Онда сен анау жаңа сұр костюмыңды киесің бе? Жейдеңді де ауыстырарсың... Біз өзіміз отыра береміз ғой, кешікпе.

Думан. Жо-жоқ! Осы киімім де жарап жатыр... Айшкен, енді менсіз-ақ... Бибіш мама, ренжімей тойлай беріңдер... Тез оралуға тырысармын. *(Кетеді)*.

Ажар. Әй, бұл Думандікі не сонда? Мынау ырың-жырың жүрісінің жайы не? Айшкен-ау, сенікі қай қылық? “Думанжан, костюмыңды ауыстыр!” Ол ауыстырады. Бәрін тап-таза түп-түгел ауыстырады.

Айша. Думан - құдірет иесі талант. Ол адамзатты жылата да алады, жұбата да алады. Керек десендер, мен оған ауырғанымды да байқатқым келмейді... Себебі... себебі жылап отырып шығарма жазғаннан күліп отырып тудырған дүние әсем... Әсерлі, өйткені адам жаны күлу үшін ғана жаралған. Жылы сөзіммен көңілің көтере алсам... творчествосына ықпал ете алсам, мені кім бақытты емес дей алады... Ажар! Бибіш мама! Бекболат! Айтыңдаршы, бақытты қандай таразымен өлшеуші еді? Қандай асылмен бағалаушы еді? Қандай өксік, әлде қай күлкі бақыт нышанын таныта алушы еді?.. Неге біз шетімізден үркеміз? Неге бір-бірімізді аңдуға, сынауға, жазғыруға әуеспіз? Неге біз әркімді өз ойымызбен, өз бойымызбен өлшеуге құмармыз? *(Талтіректеп кетеді. Бекболат сүйеп, диванға қисайтады)*.

Бекболат. Басың айналды ма? Дәрің қайда?

Айша. Сендер не?.. Бәрің түгел үрейленіп. Тап бір мен қатты науқастай-ақ... Ажар, стол жаса.

Бибіш. Аджария, сәл кідір. Сен қарапайым келіншектен елден еркек періштенің қалай жасалатынын білесің бе? *(Пауза)*. Ол оңай. Ол үшін шын сүю ғана қажет. Мен соны бұрын бір мәрте көргем. Бүгін тағы кездестім. Міне, мен былай Айшкеннің мөлдір сезіміне бас ием *(Иіледі)*. Кешіре білген жан құдіретті емес, кешірім тілеген жан қасиетті.

Бекболат айда, бас күйге! Сал әнге! Енді мен билеймін!

Бекболат *(ашына)*. Жоқ! Кімге керек ол махаббат! Жаназа үстінде жан ләззатын күйттеуші ме еді?!

Азғындықты кешіру де - құдірет пе Бибіш апа? Жер мен жарға деген сүйіспеншілікті тәрк еткен ерді ел қалай қадір тұтпақ?

Біз кімбіз? Сезіміміз селт етпей, санамыз оянбай, жанымыз түршікпей отырғанда қай қылығымызбен сүт бетіндегі қаймақ атанамыз? Сезім өліп, ел қырылып жатқанда қай бетімізбен әнге салып, күйге баспақпыз!

Кімбіз біз! Кімбіз!!

Шымылдық.



ЕКІНШІ БӨЛІМ

Үшінші сурет

Сол бөлме.

Думан (*Телефонда*). Бибіш мама!.. Айша жоқ! Сіздікінде жоқ па?.. Оһ, мама!.. Бұл тегін емес... Сіз Ажарға телефон шалып сұраңызшы, мүмкін сонда шығар... Қашан дейсіз бе?.. Консерваториядан келсем, жоқ... Бұрын ылғи үйде отыратын. (*Трубканы қояды*). Айшкен! Әлде ол... Жо-жоқ! Маған Айшамнан қымбат ешкім жоқ... Мен... мен кінәлы бәріне. Бәну жастықтың символы тәрізді... Бірақ мен оған... мен оған қызыққаным рас... Бәну тежей біледі. Әрине, Айшкен өкпелейді. (*Бекболат кіреді*).

Бекболат. Сендерге дауа жоқ. Есіктеріңді тіпті шалқайтыл ашып тастапсыңдар.

Думан. Бекболат, сен бе едің?! Келгенің қандай жақсы болды!

Бекболат. Алдымен мені тында! Мен қылғынып өліп кетпей тұрғанда, естіп қал. Тұп-тура аянбай айқасып жеткен бойым!..

Думан. Осы сен жау шаптыңды қойшы! Қашан келсең, апшыны қуыра келесің. Кейін оның, кейін. Айша жоқ, Айша!

Бекболат. Ә, а-а!.. Ол қайда?!

Думан. Білмеймін. Келсем... үйде жоқ! Әбден басым қатты.

Бекболат. Мүмкін... ауруха-наға...

Думан (*Кілт өзгеріп*). Иә, иә! Ауруханаға кетуі мүмкін, ә?..

Бекболат (*Қолынан тартып*). Неғып тұрмыз онда?.. Жүр! Кеттік, ал енді! (*Екеуі кетеді. Сәлден соң Айша мен Бәну кіреді*).

Айша. Лифтімен көтерілгенді сондай жек көрем...

Сәл кешігіп келдік. Думан тосып қалды-ау...
(*Дауыстан*). Ду-ма-ан!.. Пәле-е, әлі келмепті ол.

Бәну. Мен тез шай қойып жіберейін.

Айша. Шайды мен-ақ қоя салайын, Бәнужан. Сен дем ал. Түстен кейін лекцияң бар ма еді?

Бәну. Жоқ, Айша тәте. Қайта сіз тынығыңыз. Күн ыстық екен. Барғанымыз жақсы болды. Үндістанның көркемөнері тарихы көне дәуірден нәр алатынын білмеуші ем, тәте... Біраз нәрсені сімірдік білем жанға.
(*Ас үйге кетеді*).

Айша. Жаны сондай таза! Сәл нәрсеге жас баладай қуанады. Ізгілік таптым-ау бұл сіңлімнен... (*Бәну кіреді*). Оу, сағат екі болып қалыпты. Думан неге кешікті екен?..

Бәну. Думан Көкетаевич кешікпеуші еді... Тәте, сіз оның жаза бастаған сонатасын тындап көрдіңіз бе?

Айша. Думанжан қандай шығармасын толық аяқтамай ешкімге көрсетпеуші еді... (*Түсі өзгеріп*). Сонда ол саған...

Бәну. Жо-жоқ Айша тәте! Мен кеше... партитурасы ашық қалыпты. Қарап көрсем!.. айтып ем ғой, Думан Көкетаевич - нағыз ұлы дарын!

Пианиноға отырдым. Алғашқы аккордтарды жүрексіне алып едім... сөйткенше мені шығарманың әсемдігі баурап әкетті. Мен сол шабыт сұлулығын сезінгенімді басқаларға... мынау үнсіз қабырғаларға жеткізгім келді. Сол сәттегі кеудемде тірілген әсем ырғақтардың құдіретін білсеңіз ғой, тәте! Бүкіл жан дүнием жаңғырығып, жан сарайым шырқап та ала жөнелді!.. Ғажап бір дыбыстар үйлесімі төгілді дейсіз пианинодан!.. Ондай сұлу сазды құлақпен емес, сезімтал жүректің лүпілімен тындау керек, тәте! Тек сонда ғана... сонда ғана дыбыс пен сезім үйлесімін бар жаныңмен ұғына аласың... Мен сондай күй кештім, Айша тәте! Думан Көкетаевичқа шашырауға болмайды!.. Оның ұсақ-түйекпен алдануы - қылмыс!

Айша (*Құшақтап*). Бәнутайым! Ағаңның жанын ұғыпсың-ау! Музыканы дәл сендей түсінетін жанның болғаны ғаламат қой!..

Бәну. Айша тәте... рақмет. Мен... мен ауылға кетсем деп ем...

Айша. Неге?.. Әлде біз...

Бәну. Жо-жоқ! Туған әпкем де сіздей болмас! Думан ағаның жаны нәзік! Мен... мен одан ылғи арман тұғырында оқшау тұрған творчество тәңірін көргім келеді... Төмендегенін, қарабайырлағанын қаламаймын. Анандай ғажап соната жазып, адамзатты шексіз бақытқа бөлейтінін ұққанда, мен оның бетіне тура қарауға да жасқанам... Думан Көкетаевич кейде қалықтаған биігінен жерге қонғысы да келеді... Тәте, менің ауылға кетуім қажет!..

Айша. Ол неткен қажеттілік?

Бәну. Апамды аяймын. Жалғыз бауырым... інім ауру... Бұрын денсаулығы мықты еді... *(Бетін басады)*.

Айша. Бәнужан, айналайын, босамашы! *(Құшақтайды)*. Мен оныңды білмеп едім...

Бәну. Тәте інім ғой... Төсектен тұра алмай қалыпты. Әнеугүні барғанымда...

Айша. Бәнужан, кісіден ақыл сұрамайтын халдесің. Дегенмен, өзіңнің искусствоға қажет адам екеніңді ұмытпа. *(Ас үйге кіріп кетеді де, тор көтерін қайта шығады)*. Үйде сүт жоқ екен. Дүкенге барып келейін.

Бәну *(Торды алып)*. Тәте, сізге кеп жүруге болмайды дедім ғой. Диванға қисайып, аздап дем алыңыз. *(Кетеді)*.

Айша. Кетем дейді... Әлде қаңқу-саңқу сөздер құлағына тиіп, жанын жазықсыз жаралады ма екен? *(Бибіш кіреді)*.

Бибіш. Айшкен-ау! Зәремізді ұшырдың ғой! *(Құшақтайды)*.

Айша. Қайтіп, Бибіш мама? Алқынып қалыпсың...

Бибіш. Думан сені үйде жоқ деп шала бүлініп...

Айша. Әй, Думанжан-ай! Ылғи солай ол. Бәну екеуміздің Үндістанның сурет көрмесіне барғанымызды білмеген ғой. *(Бибіш отырады)*.

Бибіш. Ал айтшы, денсаулығың қалай?

Айша. Менікі грипптың осложнениесі ғой. Қазір тыңмын.

Бибіш. Әп-бәсе! Әй-ау, сол дәрігерлерге көп жолай бермегенің де дұрыс. *(Пауза)*. Күтпеген кездесу!.. Қаншама уақыт өткен... Басқаға қарап өзіңді көр деген рас...

Айша. Бибіш мама, сен не айтып отырсың?

Бибіш. Ә, жалғыздыққа үйренген адам кейде мен құсап өзімен өзі самбырлап сөйлесе береді. (*Ажар кіреді*).

Ажар. Айшатай! Үйде екенсің ғой. (*Құшақтап сүйеді. Бибішке*). Апа, сіз неге жұртты дүрліктіріп жүрсіз?

Бибіш. Көптен осы үйден шай ішпеп едік... Соған сылтауратып шақырғаным ғой... Мен онда асты қамдайын. (*Ас үйге кетеді*).

Ажар. Анауың қайда?

Айша. Кімді айтасың?

Ажар. Қыз ше? Бәну ше? Өзі Думанмен көшеде бірге жүретін болған ба? Көргендер бар.

Айша. Ой, Ажар, сен енді көшені де қызғанайын дедің бе...

Ажар. Қызғанам... Сен үшін қызғанам. Сонда не, анау ұшып-қонған көбелекке Думанды өз қолыңмен ұстатып қойғаның ба?

Айша (*Атып тұрып*). Айтпа! Айтпа ондайды. Ажар! Думан менікі! Ешкімнің таласы жоқ. Махаббаттың асқақтатқанын ұмытпа! Думанды ондай өсекке таңба! Жауыз жанның әні болмайды!.. Ал Думан... Оның жүрегі толған сезім мен әуен. Сол әуен менің жанымның сандуғашы болып сайрайды!.. Сен мені қинама, Ажар!

Ажар. Айшатай-ау, сені қинап қайтем... Менікі, әйтеуір елдің пыш-пышынан сақтандыру... Подруга болған соң... (*Есік қоңырауы*). Есікті мен жауып келген екем-ау... (*Тұрып барып, белгісіз кемпірді - Рабиганы ертіп оралады*). Адасып жүрген жоқпысыз?

Рабига. Неге адасайын, құдаша-ау, әдейі іздеп келген соң.

Айша. Сәламатпысыз? Жоғары шығыңыз.

Рабига. Шүкір, қызым. Сен осы Айша шығарсың. Келші, еңкейші. (*Маңдайынап сүйеді*). Енді сен де қызым болдың. Баламды... Ерланжанды... (*Пауза*). Қыз да болса іштен шықты ғой деп, іздеп келгенім... Оның үстіне баласының от жаққан жерін көру - ата-анаға парыз. Содан артынып-тартынып... аттың басын тураладым да, тартып кеттім. (*Күледі*). Құдаша, ат

дегенде мені ит арқасы қияндағы Жартөбеден атпен келді деп отырмысың... Пойызды айтам-дағы...

Ажар. Құдағи, сонда отарбаға алғашқы мінуіңіз ғой?

Рабиға. Жоға, тәйірі! Әлгі қызым оқуға түсерде осы Алматыға әкелем деп алғаш мінгем... Отарба деп менсінбесең де... Телебездер, сібет, рәдио бізде де бар. Құдайға шүкір, өкіметім ауылды қалаға, колхозшыны сұлушайға теңеді ғой. Бүгінде елдің бәрі бірдей...

Айша. Ренжімеңіз, апай. Ажардың қалжыңдағаны ғой.

Рабиға. Е, бәсе! Құдаша, онда сенің де бөтен болмағаның. Келші, бұрынғының дәстүрімен төс түйістірейік. *(Құшақтасады.)* Тұу, иісің-ай! Ажар ма еді атың, иісмайға шомылып, әтірмен жуынып жүресің бе?

Ажар. Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсің дегендей... Әтір-сәтірдің күшін Бибіш ападан сезерсіз. Жартытөбе...

Рабиға. Жартөбе де.

Ажар. Жартытөбеден аман-есен жетіпсіз. Енді ептеп жөн сұрасақ, келмей жатып тергей жөнелді деп айыпқа бұйырмассыз.

Рабиға. Ойбай-ау, мен Бәнудың шешесімін ғой. Өттең, оқу-тоқуға зеректігімді қайтейін, соғыс басталып, тауқымет біткен бала-шаға түспеді ме. Қардай етім қарайып, қара көзім суланып, қала тісім азайып отырған бойым осы. Нешәуе, бүгінде еңбек еткеннің міндет ететіні белгілі. Кеудеме таққаным да, алғыс-құрметім де бір басыма жетіп жатыр. Әй, бірақ... елден күй кеткен соң, бізде не сый қалсын. *(Бибіш келіп, бас изеп амандасады.)* Шүкірмісің? Отыр. Тұстас-ау, мұнда отырсаңшы ыздимай... Не айтып отыр ем... Ә, содан шұу қарақұйрық деп жеткен бетім осы.

Айша. Танысып қойыңыз - бұ кісі менің мамам.

Рабиға. Көтек-ай! Не дедің? Шешең тірі ме еді?

Айша. Бұ кісі де - мамам. Бибіш мама - мамамның құрбысы.

Рабиға. Болар, қызым болар. Екі мамасы бар үйде екі қатыны бар еркек тұруға әбден тиіс.

Бибіш. Бәйбіше, бұл қалада қатын деген сөз

қашан.

Рабиға. Қойдым, ойбай қойдым. Қатынды ауызға алмайтын болсаңдар, онда адам бойындағы әне бір, міне бір жерлерін қалай атайсыңдар? Әлде шетіңнен ішпейтін, бірдеме етпейтін періштеге айналып кетіп пе едіңдер? *(Орнынан атып тұрады)*. Ой-бұй, бетім! Әңгіме бұзау емізердің кері... Құдағай, құшақтасып күн кешісейік. Ортақ өгіздің бас жібі екеуімізге қабат тиіпті *(Бибишті құшақтайды, Ажарға)*. Әй, құдаша, сендер, оллаһи, періштеге айналыпсыңдар. Пейіш иісін сездім тұп-тура! *(Босатады)*. Дәм айдап, домалап келіп қалдық.

Айша. Апа, мында отырыңыз. Қазір шай ішеміз.

Ажар. Өзіңіздің есіміңіз кім?

Рабиға. Ныспым ба? Бетім, әлі айтпаған екем-ау, мен Рабиғамын ғой. Сыбырлақ Рабиға емес, зуылдақ Рабиғамын. Біздің ауылда Рабиға екеу болған соң, мені сөзшең дей ме, әйтеуір зуылдақ Рабиға деп кеткен бәрі.

Ажар. Ендеше, шұрқ етпеңіз. Шөлдеп келген шығарсыз, Айша екеуіміз тездетіп үстел жасап жіберелік! *(Екеуі кетеді)*.

Бибиш. Ал, Рабиға, сен маған құдағиды да, қызды да, ортақ өгізді де дұрыстап түсіндірші.

Рабиға. Құдағайым - тап мына сіз. Қызым - Бәну. Ортақ өгізім - екеуімізге бірдей күйеу бала - Думан. Е-е, шала бүлінбеңіз. Қатын үстіне... Ә-ә, әйел үстіне әйел алған осы ғана ма екен. Бірі - бәйбіше, бірі - тоқал боп шүйіркелесіп отыра береді.

Бибиш. Әй, замандас, замандас! Қатты адасып жүр екенсің.

Рабиға. Жоқ, құдағай! Жанымды үмітпен құрсаулап, көңілді тілекпен жамап, өтінішті арманға жалғап әупірімдеп күн кешсем де, адасқан жерім жоқ.

Бибиш. Таласпа, құрбым. Былай болсын. Сен мені құдағи деуді ұмыт. Думанның некелі жары - Айша ғана. Бәну осы үйде пәтерде ғана тұрады. Қызыңа босқа айдар тақпа. Обалына қаласың.

Рабиға. Сонда қалай? “Қызыңыз күйеуге шықты. Тоқал болса да - нақсүйер. Жолдасы прәпеср” деп

хат жазып, осы үйдің жобасын көрсетіп жазып менің әңкі-тәңкімді шығарып жүрген кім екен, ә?

Бибіш. Қай желауызға қақпақ қоярсың, Рабиға. Бұл қалада да болғаны ғой сондай бір пәлеқордың. Айша - ауру...

Рабиға. Оны білем. “Көп ұзамай әйелі мүрдем кетеді. Қызың мүлдем жеке иемденеді кәмпәзитрді!”-деп төндіріп жазып еді... Неткен жауыз, ә? Бұл кісәпірлерге зауал бар ма, құдағай-ау!

Бибіш. Ақырын... Айшкен естіп қалмасын... Тазаға екеулеп кір жағып жүрмелік. Келістік пе?

Рабиға. Құзырыңа құлдық, құдағай!.. Әй, тіл шіркінге дауа болсайшы. Бәсе, бүгінде екі қатын... қатын емес әйел алуға зәкүн жоқ... Бәнужанды алып кетсем, екеулеп күн көрер ек. Одан да айрылып қалмасам... *(Ажар мен Айша кіріп стол жасайды).*

Ажар. Құдағилар, екеуің бір-біріңе ентелеп қалыпсыңдар. Ентіктеріңді бассандар, үстелге жақындаңдар.

Рабиға. Ойбүй, бұл ұмытшақтықты қой енді. Сауыншы ұмытшақ болды дегенше... Менің әлгі дорба-сорбаларым далада, есік көзінде қалып еді. Тастап кетіп ем, барып әкеле қояйын.

Ажар. Біреу-міреулерден аман қалса...

Рабиға. Әу, астанада да ұры бола ма? Қап! Аузымнан жырып сақтаған тәтті-дәмдімді қағып кетсе, сары кемпірдің сан сапалақ сандырағын еститін болдыңдар-ау. Әй, әкете қоймас. *(Далақтап жүгіріп кетеді).*

Айша. Жаны қандай таза адам! Жанасқан жанын жадыратып сала беретін қарапайым ұлылық жүрегінде екен.

Бибіш. Әй, рас-ау, рас! Әлгі зуылдақпен даланың кеңдігі, дарқандығы, момындығы, ақжарқындығы, көшіп келгендей болды-ау!

Ажар. Неменесін көріп өліп-өшіп қалдыңдар. Адам пері де, періште де болып тумады. Бірақ перінің періште боп құбылуы оңай.

Бибіш. Әй-ау, Аджария-ау, қарапайым жанның ұлылығы жатырқамас жүрегінде жататынын Айшкен әдемі айтты. Ал сен Рабиғаны бекер айыптайсың.

Ажар. Есі дұрыс шеше: “Қызым тоқал болды!” деп бұ заманда қуанбайды.

Айша. Адаспайтын адам жоқ. Мына өзің де әлі күнге дейін Думан екеумізді түсінбейсің. Ол кісі де әлденені әлдекімнен шала ұғып қалған ғой.

Ажар. Бәрібір бұл кемпірдікі көзбояушылық пен есепқорлық.

Айша. Сен екеуміз адам жаны мен тәнін емдейміз... Ал қылығымыз, өнегеміз, өмірге көзқарасымыз сауыншыдан көп төмен. Өзгені қорлағанды өзіңді қорлағандай сезіну неге бізге жат?

Бибіш. Айшкен! Сенің осы мінезің, осы туралығың ұнайды... ұнайды...

Ажар. Айхай, шіркін! “Өзін данышпан санаған еркектен без, өзін әлемнен асқан сұлуға балаған әйелден без” - дегенді ұмытпаңыздар. *(Самбырлай сөйлеп Рабиға кіреді).*

Рабиға. Қызық болды, әй! Төмен түссем, бала-біткен қоржын-дорбамды тіміскілеп мәз-мейрам. Әйтеуір ашып-шашпапты. Содан таңсықтағам ғой деп қолдарына ірімтпік-құрт ұстатып айналып қалғаным. Айналайындар азамат екен, бөлек-салағымды көтерісіп осы есіктің алдына жеткізіп салғаны. Айтпақшы, Ажар, Ажкен, тіпті бақайында да асықтай ақ теңбілі жоқ шымқай қара тоқтының жас еті бар еді. Соны қай жерге жайып алсақ екен.

Ажар. Жер түбінен ет тасып... Осындай ыстықта қайтіп шыдайды?

Рабиға. Ол жағынан қорықпа. Дегдітіп, кептіріңкіреп салғам. Самалы бар тұсқа бір-екі күн жаймаласам, мейіздей болады... Ауылдан келген соң... Айшатай ыстық сорпа ұрттап, біраз терлесе, құлантаза айығып кетеді.

Бибіш. Қам жеме, Рәке! Бәрін жасаймыз. Отыр мында, шай суып барады. *(Думан мен Бекболат кіреді).*

Думан. Айшкен!..

Айша. Думан! *(Екеуі құшақтасып, бір-біріне қызыға қарап тұр).* Қайда жүрсің, Думанжан?

Думан. Өзіңді іздеп... Ал, сен... сен, Айшкен!..

Бекболат. Әу, бүгінгінің Ләйлісі мен Мәжнүні, аймаласып болдыңдар ма? Айша, сәлем! Бізге де көңіл

бөлсеңші! (Бұл кезде осылармен бір мезгілде Рабига мен Бибіш стол басында сөйлесіп жатады).

Рабига. Думан бала осы ма?

Бибіш. Ну, Думан балам осы!

Рабига. Айналайын-ай, көзіме жылы ұшырап кетті ғой. (Орнынан тұрып барып). Келші, балам! (Маңдайынан сүйеді). Қарағым, мен... Бәнудің шешесімін... Осында тұрады деген соң... келіп ем. (Бекболатқа). Әй, балам, сен де кел бері! Кісі көрмегендей неге состиып қалдың. (Сүйеді). Мендей аналарың бар шығар. Дүниеде баласының маңдайына емірене жанасқан ана ернінен қасиетті ештеңе болмайды деуші еді шешеміз...

Бекболат. Рақмет, апа.

Рабига. Енді ме... келіндер, бәріміз дуылдап-шуылдап отырып шай ішейік. Құрт пен ірімшік бар. Жент пен ежігей бар.

Бекболат. Оу, апам... келініңіз пысық-ау...

Рабига. Соқа басым... Ал ауылдың кербез келіншектері байларына... ә-ә, бүлдірдім бе?.. Күйеулеріне еркелеп, бұрын шөп басын сындырмайтын. Бүгін естерінен танып, есеңгіреп қалды. Ол шіркіндерге де кінә жоқ... Шараналары шетіней берген соң...

Ажар. Бекболат! Әй, сен неге желпілдеп жүрсің? Жұмысың қайда? Не айлық жоқ, не жұмыс жоқ - сен есіретіндей не бар еді?

Айша. Ажар, арындай берме. (Рабигаға). Апа, мынау вареньедең... мынау кілегей... ақ сүзбеден алсаңызшы, шекер сепкем аздап...

Рабига (желпініп). Ой, лебізіңнен айналайын! Кілегей, сүзбе дегендерді бүгін тіпті ауыл балалары ұмыта бастады. Тәубе! Елі тұрғанда тілі ұмытылмайды екен ғой! (Пауза). Айтпақшы, маған бола жұмысыңнан қалмаңдар, балаларым. Әркім өз міндетін бұлжытпай орындауы қажет. Сонда ғана арбаға жүк тиеліп, аты жегіліп, көшірі отырып дегендей қозғалып сала береді. Біздің тұрмыс та бір үлкен ауқымды... Ілгері жүргіш алып бір арба тәрізді. Қайта құру дейміз ғой...

Бекболат (Қолпаңдап). Оу, апа-ау, өзіңіз мығым шықтыңыз! Иә, оны перестройка дейміз...

Рабиға. Сол перестройкаң - бір ұлы арба. Қазір көпшілік жұрт соны анық ұғынып, бұрынғыдай әркім өз бетінше ыдырамай, үйлесіп жұмылып жатыр. Әзірше арбаға жүк тиеуіміз жақсы-ақ. Соны орнын жанжалды, сонсоң зымыратып әкете алсақ, жүдә, әйбат болар еді!.. Менікі өз түйсігім, балалар. Күлмендер, шатассам... Әйтеуір көз алдыма осындай бір дүрбелең қарбалас елестейді.

Бекболат. Молодец, апа! Қайран үлкен кісілер-ай! Қарапайым теңеуімен менің айта алмай жүргенімді оп-оңай орната салды.

Думан. Сен мана қылғынып келіп ең. Қазіргі қалпыңда терің кеңіген сияқты. Құлағымызға тыныштық берерсің, Дон-Кихот Коктерекский?

Бекболат. Иә... Теріме сыймай келгенім рас. Өкінішім әлі бар. Азанда отряд бастығы шақырды дегенге, барсам... кабинетінде партия ұйымының хатшысы отыр. Екі жақтан дүрсе қоя берді. "... отряд арасында қыңыр сөйлеп, қырсық пікір таратып жүрсің"- деп, "бетбұрысқа қарсысың"- деп ал кеп сілкілесін. Мен де бетімнен қайтқам жоқ.

Айша. Сонымен не болды?

Бекболат. "Партия жиналысына саламыз. Жазбаша катаң сөгіс береміз"-деп қорқытпақ. Маған жиналысы керек. Коммунистердің мені қолдайтынына сенем. Неден қорқам...

Ажар. Шықты батыр! Жетістірерсің сен. Жаман қатты-ақ үркіп, қорқып жүр деген сенен! Әділетшіл! Шыншыл! Нағыз Наушаруан! (Пауза). Лақтырады! Сілкіп-сілкіп шаң-тозаңыңды қағады жиналыста! Лақтай бақыртады сонсоң олар сені!

Рабиға (Бибішке). Мынау балам Ажартайдың, сірә, күйеуі болар. Селкілдетуі қатты екен.

Бекболат. Жоқ, Ажар! Мен бүгінде қорқудан кеткем. Мен өлсем, ең алдымен анау ұрпақтар алдындағы ұятымнан өлем.

Ажар. Ұрпақты қайтесің, ей! Онан да анау ырылдаған немелеріңнің қарнын тойғызып ал. Ұрпақшылын! Ұялшағын!

Бекболат. Иә! Келешек алдындағы кешірілмес кінә-қылмысымнан жиіркенем! Байкал үшін, Арал мен

Балқаш үшін, уланған жер мен ағаш ағызудың кесірінен кеселге ұшыраған теріскей өзендері үшін қаншама ары таза адамдар, жазушылар, ғалымдар, академиктер шайқасып жатқанда, біз неге бұқпан-тайлауға тиіспіз. Әлде біздің арымыз -саңырау, ұятымыз - соқыр ма еді. Жоқ, Ажар! Сен анау шырылдап өліп жатқан сәбилерді көргің келмесе, сенің ырылдаған балаларың күні ертең өледі. Себебі даладағы зұлмат қаладағы бізге де жетеді. Кідірмей жетеді. Соны сезіп тұрып, бұрылмай кетсек, бұрынғыдан да көп жоғалтарымыз хақ. Еңсемізді неге көтермейміз?

Ажар. Мен көтертем еңсеңді! Көтергізем! Үш айдан бері үйге бір тиын әкелмей отырып, ел мен жердің қамын жегіш боп қапты. Бүйте берсең - отрядтан қуады да, мойныңды үзеді. Жай қуса - жақсы. Милициямен біраз сүйрелесе қайтерсің, милициямен, милау!

Думан. Әу, Аджария! Моя милиция меня бережет. Оның үстіне қазір демократия дәуірі. Еңсеміздің өсіп, кеудеміздің көтерілгені өтірік пе? Ал, Бекболат, действительно милау. Яғни миы көптеу. Сондықтан мен жанбасам, сен жанбасаң, ол жанбаса...

Бекболат. Сен жанарсың, Думан... Керосин қатқанда жанарсың.

Еңсе! Мен өскен еңсені көргем жоқ әлі. Анау прокуратуралар мен төбесі биік кеңселердің қабылдау бөлмесіне кіріп көріндерші. Сонда ма... сонда көтерілген еңсені таба қояр ма едіндер? Жоқ! Ол қайда? Қорланғандар мен жәбірлегендерді көрер едіндер! Анау тірі құдайсымақтар - бюрократтар бұрынғысындай креслоларында шіреніп отырғанда, Думан, сенің демократияң жалаң сөз ғана.

Думан. Сен, балақай, қара бояуды шелектеп төгуді доғар! Кешегі күннің үрейін бүгінге сүйрелеме! Прокуратураларда иіні түсіп отыратындардың жағдайы белгілі. Әркім онда өз жанын қинаған дертімен барады. Жәрдем тілеп барады. Бірақ заң - жылаған жүзге, аққан жасқа бола өзгермейтінін ұмытпа.

Рабиға. Рас айтасың балам. Біздің ауылдағылар піркәрол мен сотқа қол жайып барып, сандалып қайтып жүр. Оларды кім тыңдасын.

Ажар. Менің заңда шаруам жоқ. Маған өз ошағымның оты, өз шаңырағымның құты қажет. Ал мынау менің байсымағым отымды өшіріп, құтымды қашырып әлек. У болмақ түгіл одан әрмен зәһәр болса да шаш дегенін шашып, сеп дегенін сеуіп, көлді шөлге, даланы молаға айналдырса да бұл сілімтік неме менің қолыма бұрынғысындай көк ала қағаздарын неге салмайды? Неге?

Бибіш. Әй-ау, Аджария-ау! Көлің шөлге айналып барады ғой. Далаң - пестицид пен гербицидін себуін қоймаса, тірі жәндіктің моласына да айналар. Улы химикаттардың биотрансформациясы топырақтың биологиялық белсенділігін азайтады. Топыраққа қажетті микроорганизмді жояды. Жердің табиғи құнарлылығын кемітеді.

Ажар. Мен айтқам, сіз сияқты биолог емеспін деп... Менің білер-білмесімнен келіп-кетер ештеңе жоқ.

Бекболат. Бар, Ажар бар! Біз - адамбыз! Табиғат үшін жанымыз шырқырап ауруы керек. Таза ауа үшін жүрегіміз тыпырши шаншуы керек! Қоршаған ортаның бұзылмауы үшін отқа да, суға да түсуіміз керек! Ал сен, Ажар, қатысым жоқ дейсің. Гербицидті қолдану топырақтың шөп қабатын жойып, жерді су мен желге қарсы төтеп бере алмас көтеремге айналдырып, эрозияға жеткізетінін білесің бе? Өзен мен көліңнен ұшқан будың қышқыл жауын боп орман-тоғайыңды күйдіріп құйылатынын білесің бе?

Рабиға. Ойпыр-ай! Ойпыр-ай! Осы сұмдық жаңбырдың аспаннан дүниені түгел күйдіріп жауғанын ауылда талай көріп ек... Әу, Бибішжан, кербайситің әлгі бізде себетін кербайсит пе? Бізде ол әлі де көп себіледі. Күріштің суы жиналатын көлшік бар... Соның суын ішкен жануар да, адам да үйірге қосылмаушы еді! *(Кимешегінің етегімен көзін басады).*

Бибіш. Не болды, тұстас?! Өңің қашып кетті ғой!..

Рабиға. Көңілім босап... Әлдене ойыма түсіп кеткені.

Айша. Ыстық-ыстық ұрттаңызшы, апа. Шайыңыз суып қалыпты.

Рабиға. Айшажан, осы шайнек, ыдыстарды маған ұстатшы... Өзім құйып беріп отырмасам, шай ішіп

жарытпаймын... Кербайсит, бестаиситтерің нағыз кісәпір де...

Бекболат. Иә, апа! У дәрінің келешекте туар ұрпаққа және адам организміне тигізетін залалын ойласам, төбе шашым тік тұрады! Әсіресе, нитраттың адамның кеселге қарсы тұрар әрекетін жойып, иммунитеті мен ішкі ағзамға жасайтын зобалаңын білсеңіз. Анау шала есті мүгедек балалардың көбеюін арақтан көреміз. Оның да әсері бары рас... Бірақ... пестицидпен өскен көкеніс пен жемістің ақыл-есі кем нәрестелердің тууына тікелей әсері барын медицина дәлелдеп отыр. Амал не, біз қосымша сыйлық үшін күн сайын аспаннан у себеміз. Қоймай себеміз...

Ажар. Сенің сеуіп жетістіріп жүргенің белгілі. Есі дұрыс адам қалтасына сауылдап құйылған байлықтан безе ме? Арал, Балқаш дейді ғой. Көл, шөл дейді ғой. Жоғарыдағылар көрмей, білмей отыр ма еді. Біледі. Сенен жөн де сұрамайды.

Бибіш. Иә, біледі. Қазір сол кемшіліктерді жөндеуге жаппай жұмылып та жатыр. Бірақ... жергілікті Советтердің пікірімен санаспай, осыдан жиырма, отыз жыл бұрын жоғарыдан берілген әкімшілік шешімнің кесірінен Табиғаттың шеккен зардабын бірден жөндеу қиын. Екі басы бар, керісінше жүзу қанаты жоқ балықтардың пайда болуы, ал көл суын тазартып отыратын эпишур атты шаянның мүлде құрып кетуі сол кездегі экологиялық экспертизасыз шешімнің зиянды нәтижесі.

Рабиға. Естімеген елде көп деген рас екен. Екі басты балық деймісің, Бибіш? Екі басты жыланды көріп ем. О, тоба! Ақыр заман таянып қалғаны ма сонда? Анау біздің дайра маңындағы әйелдердің балалары өлі туатыны... талай ұланның көктей солуы - у дәрінің әсері де. Жұтар ауаң мен ішер суыңды жау қылып қойса, құдіреттің ісіне шара не?.. Бибіжан-ау, құрбым-ау! Біліп отырып айқайға неге баспайсың? Аттанды неге салмайсың?! Ана - ұлынан, жер - көлінен, ел - ұрпағынан айрылғанда... айрылғалы тұрғанда, құлындағы даусымыз құраққа неге шықпайды?

Бекболат. Оу, асыл апам? *(Келіп құшақтай алады).* Аттандау керек! Айқайлау керек! Енжарларды түртіп,

селсоқты оятып, өзімшілді ойландыру қажет! Әйтпесе, анау кеселді зардаптарға мән бермей етіміз өліп, мойынсұнып жүріп, түгел қырылып қаламыз.

Бибіш. Бекболат, сенің сөзіңнен есіме белгілі бір биологиялық тәжірибенің сақ ете қалғаны. Егер бақаны... кәдімгі тарбаңдаған көлбақа ше... соны ыстық су құйған ыдысқа тастап жіберсе, әлгі шіркін ыдыстан бір-ақ ытқып секіріп шығады. Ал сол бақаны суық су құйған ыдысқа салып, суды біргіндеп жылытса, әлгі байғұс температураның жайлап көтерілгенін сезбей, бырсыып пісіп, өліп қалады...

Бекболат. Міне, міне! Сілкінбесек, сестенбесек, экологиялық ортаның тазалығын қорғауға барынша ат салыспақ, онда бара-бара сөзсіз бақаның кебін киеміз.

Ажар. Бақалар әлі де көп...

Рабиға. Рас, ей! Әңгіме дағдыда. Ет өлді дегенше... бітті. Мойныға қамыт түсті дей бер.

Айша. Әлденені жақсы ұғыну үшін, меніңше, өте қатты шошыну қажет. Сонда ғұмыр бойы сабақ болады. Чернобыль бізге қаншама нәрсеге көз ашты. Салақтығымызды, жауапкершілігімізді, енжарлығымызды, немқұрайдылыққа салынуымызды бадырайтып көрсетті. Тоқырау жылдары да соның айғағы.

Бибіш. Репрессия кезеңі ше, Айшкен-ау! Қаншама аяулы азаматтан айрылдық... Анау отыз екінші жылдың ашаршылығы... асыра сілтеудің шоқпары төнбегенде халқымыздың саны мен сапасы бүгін қандай биікте болар еді?! Әрине, ондай нәубеттерге партиямыз енді жол бермейді...

Думан. Ядролық сынауларды да тоқтатса... Жер үсті, жер асты жарылыстарға мәңгі тыйым салынатын болса, онда мынау еліміздің... алып даламыздың әр тұсынан дүңк-дүңк жарылатын сынақтар болмас еді.

Айша. Болмайды, Думан! Ракетаның екі түрін жойған әділет ядролық қарудың басқаларын да жеңеді... Апа, шайнекті беріңізші қайта демдейін. Қызылы кесіліп, ағарып барады.

Бекболат. Отыз екінші жыл... Отыз екінші жылы халқымыздың үштен екісіне жуығынан айрылсақ та, қайта оңалдық, Бибіш апа! Қайта ес жидық, етек

жаптық, Думан! Ендігі экологиялық апат үшін отыз екінші жыл түк емес! Экологиялық сүргінді осы қалпында қоя берсек, тұқымсыз, тұ-қым-сыз қырышамыз. Халық аты жоғалады. Тарихтан біржола өшеді. Соны қашан ұғасыпқар? Қашан?! Жүйкемді жұқарттыңдар ғой әбден! *(Үйге Бәну кіреді).*

Бәну. Апа-а? Апа-та-ай!

Рабиға *(тура үмтылып).* Бәнужаным! Жүрек талым.

Бәну. Қайдан жүрсің, апа? Қашан кеп қалдың?

Рабиға. Жалғыз қалдым ғой, Бәнужан! Аирылдық қой Ерланнан!.. Құлыным сенің атыңды айта-айта, ақыры көре алмай арманда кетті-ау!.. Інің жоқ енді. Аңырап қалды анасы артында, Бәнужаным!..

Бибіш *(тұрып келіп скеуін ажыратады).* Рабиға, қазаның қайырын берсін... Бір сырды сезіп ем манадан... “Бала - бауыр ет” дейді қазақ. Қайтеміз. Қолдан келер не амал бар ажалға. Берік бол, Рабиға! Міне, Бәнуың бар... Тұлдырсыз емессің, Рабиға! Саған жете алмай жүргендер де кеп. Босама, Рабиға! *(Айша Бәнуді сүйеп отыртады. Рабиға орнына барады).*

Рабиға. Қайтейін-ай! Қу жалғыз қабырғамды қайыстырып, артына тастап кетті ғой. Қанша қатайайын десем де, он екі де бір гүлі ашылмай қыршын кеткені қинайды-ау жанымды.

Бәну. Көктемде барғанымда... Онша жүдей қоймағанына... Жазылып кетер деп жүрсем...

Рабиға. Бәріміз де жазылар деп ойладық қой. Он сегіздегі жас аяқ астынан кете қояды деп кім күдіктенсін.

Бәну. Іздегенде... Ерлан нашарлағанда... мені неге, шақырмадыңдар ?

Рабиға. Қаншама хат, қаншама тілгерам салдық. Өзіңнен хабар-ошар болмай, діңкеміз құрымады ма...

Бибіш. Ауруы неден басталды?

Рабиға. Неден дерің бар ма... Тірәктөріс шіркін алқынбай жүре ме?.. Анау әлгі күріштіктің суын жинайтын көлшіктен су іштім дейді... Байғұс бала шөлден шыдамаған ғой. Әйтпесе жұрттың ол көлшіктен татып алмайтынын білуші еді.

Бекболат. Дәрігерлер диагнозын не деді? Кеселінің түрін не деп атады? Қаны?..

Рабиға. Иә! Қан ауруы дейтін біздің жақта жаңа бір дерт шықты ғой... Екі-үш айда сол кесел құлынымды жұлып түсті.

Бекболат (*ортаға шыға, ашына*). Міне, есті, Ажар! Көр! Көр, Ажар! Сен маған көк ала қағаздарды қолыма судыратып сал деп қақсаушы едің. Ал енді наныңды қан соқталап қанға малып же! Пестицидтің құрбанын естідің. Естімесең, менің аспаннан әлі де өлім сепкенімді қала! Екі аяғымды бір етікке тығып, жанымды мұрнымның ұшына әкел! Содан соң көк ала қағаздарға сатып алған духиыңды көл мен жерден ескен уға қарсы шаш! Содан соң қарқылдап күл, “құлынымдап!” зарлаған дауыс құлағыңа енбесін. Ал біз... біз... Мен... мен! Мен - кінәлі! Рабиға апа! Мен - балаңыздың құныкері! Мен!

Думан. Бекболат, саған не болған осы? Қатын ба едің байбаламдайтын. Истериқаңды тоқтат! Маза бер!

Бекболат. Әй, кетші сен! Сенің жаның ауырмайды. Еще сезімтал композитормын дейсің! Сенбеймін! Ешкімге де сенбеймін! (*Шығып кетеді*).

Рабиға. Біреуің соңынан барындаршы... Бірдемеге ұрынып жүрер. Күйзелуі қатты екен, баламның...

Ажар. Әй, оның күндегісі осы (*қолын сілтейді*). Осы үйден дұрыстап бір шай ішетін күн болар ма екен? Ылғи да ырың-жырың...

Шымылдық

Төртінші сурет

Сол бөлме. Өзгеріс жоқ. Ішкі бөлмеден Рабиға шығады да, ілбіп келіп орындыққа отырады.

Рабиға. Қандай шыдамды! Бір ыңқ демейді... Жасаған! Жәрдемің болса, жасашы соны Айшатайға! Қиналды ғой. Үзбеші үмітімді, хақтағалам! (*Телефон шылдыры, селк ете қалады*) Осы бір тызылдағы-ақ бәле болды. (*Трубканы көтереді*). Әле-е... Әле деп тұрмын ғой... Бұл кім дұрс-дұрс еткен?... Ә, Бибішпісің! Даусың мүлде өзгерген, мырқ-мырқ... Айшатай ма? Нишәуа дейді өзі. Ал, мен айтсам... Айтпайын ба? Жарайды...

Қазанға? Қазан қайдан келсін. Дәу кастролге толтырып асып жатырмын. Пісіп қалар... Шай?! Қайнап тұр!.. Шай емес, чай-чай деймісің? Итәланша сау бол деген сөз бе оның? Әй, Бибіш! Біз бір-бірімізге чай-чай да, көс-көс те, қырау-қырау да демейікші. Мақұл. *(Трубканы қояды)*. Ә, бәтшағар, тірі болсаң көре берерсің деген. Чауа! Осыны тызылдатпай анда апарып қояйыншы. *(Ас үйге телефонды алып кетеді. Ажар, Бекболат кіреді)*.

Бекболат. Тағы да есіктері ашық. Өздері жоқ... Осы біз неге келдік?

Ажар. Неге келдік дейді ғой. Менде қадір, сенде қасиет қалғандай. Доктор наук, профессор, композитор сияқты өңкей сығайлардың арасында біз сияқты қолбалалар жүреді де борсаңдап. Бибіш қой шақырған тағы... Әлденені айтатын тәрізді.

Бекболат. Өз үйіне неге шақырмайды?

Ажар. Өз үйі... Бұл да соның үйі. Айша әкешешесінен айрылып қалғанда, бір жасар қызды бауырына басқан...

Бекболат. Солай ма еді?! Нағыз азамат екен!

Ажар. Азамат па, басқа ма - уақыт көрсетер.

Бекболат. Ажар, жұмбақтамай сөйлейтін күнің бола ма?

Ажар. Болады. Айша - ауру!

Бекболат. Білем.

Ажар. Білмейсің. Айша - жазылмайтын ауру. Оның кеселі - белокровье. Людмила Тимофеевнадан сұрап білдім. Былтыр күзде Кербұлаққа фольклорный экспедицияны басқарып барғанда дертті болған.

Бекболат. Емі бар ма?

Ажар. Жоқ! Қан клеткаларын жасайтын сүйек майлары мен жұлын қанға ірің ғана қосады.

Бекболат. Осы уаққа дейін ешкімге білдірмей келген, ә! Неткен қайсар жан! Қазіргі бас көтеріп жүруі бір жақсылықтың нышаны емес пе, Ажар?

Ажар. Жоқ! Қазіргі күйі - временная ремиссия! Көпке ұзамайды.

Бекболат. Мүмкін әлдебір ғаламат дәрі табылып, жазылып кетер, Ажар, ә?

Ажар. Жоқ! Ондай дәрі әзірше жоқ. Күдерді

Айшадан үзе беріңдер. Содан ғой Бибіштің де, Бәну, Рабиғалардың да қарға-құзғынша үймелеуі. Бәрінің көкейін тескен - Айшаның мұрасы!

Бекболат. Ажар! Сен қандай қатыгезсің!

Ажар. Жә, жә! Әкіреңдеме! Дүниеге қызықпайтын пенде жоқ.

Бекболат. Мүмкін, Айша Москваға барса, аман қалар?

Ажар. Жоқ! Рак пен белокровьең - айқайлап жеткен ажал!

Бекболат. Сен медиксің ғой... Мүмкін басқа ел... жапондар бір амалын тапқан шығар? Хабарың жоқ па?

Ажар. Жоқ! Жапон да, жасаған хақ та Айшаны ажалдан арашалай алмайды!

Бекболат. Сен жаңа Кербұлақ дедің бе?!

Ажар. Иә! Соның суынан жұққан кесел көрінеді.

Бекболат *(ышқынып)*. Ақыры осылай болды! Мен! Ажар, мен - онда Айшаның жендеті! Кербұлаққа химикат сепкен біздің отряд! Мен! Кеше - анау Ерлан, Бүгін - мынау Айша... Ертең... Ойламаймын ертеңді!!! Ойлаудан да қорқам.

Ажар. Әй, ақырын! Осы сенің есің дұрыс емес. Миың ауысқан, миың! Анаған да - мен кінәлы, мынаған да - мен жазықты деп жонынды тосасың да тұрасың. Құдай-ау, осындай нақұрыспен қосақтаған саған не жазып ем? *(Бекболат жүгіріп шығып кетеді. Ас үйден Рабиға шығады)*.

Рабиға. Самбырлаған кімдер десем, Әжкен келіп қалыпты-ау. Шай жасап жібірейін бе?

Ажар. Жоқ! Айша қалай?

Рабиға. Бүгін сәл-пәл... Қол-аяғын біраз уқаладым. Айшатай - азамат қой. Ол екеумізде түңілу деген болмайды.

Ажар. Өзімшілдіктен өтер жарамсақ жоқ. Қойыңызшы осы бір адам иланғысыз жасандылықты!

Рабиға. Әжкен-ау, менің он шақты күн болғанымды көпсіндің бе? Айшатайға бауыр басып... аз да болса себім тисе екен деп... Ертең-ақ құриын онда... Ал, сен, Әжкен! Айта алмаймын. Мысың басады да тұрады, Қорқақ иттің үруі көп те, қабуы жоқ.

Ажар. Босқа таусылмаңыз. Маған десеңіз, он жыл тұрыңыз. Жүріңіз асты қамдайық! *(Екеуі кетеді. Бибіш пен Мақаш кіреді).*

Мақаш. Бибітай, мені мұрнын тескен тайлақтай қайда жетектеп әкелдің?

Бибіш *(саңқ етіп).* Во-первых, учти, Макаш, мен саған әлі Бибітай емеспін. Во-вторых, бұл үйде менің ең жақындарым тұрады. Ойың түгіл бойында кір болса, онда кірме.

Мақаш. Қаталсың-ау, Бибіш Төребековна. Қайдағы кір? Моншадан шықпаймын.

Бибіш. Онда анау араға отыр. Жалпылдап әңгімеге араласа берме. *(Айшаның бөлмесіне кіреді. Ас үйден Рабиға шығады).*

Рабиға *(Мақашты көріп).* Есенбісіз, қария?..

Мақаш. Сәлематсыз ба, жеңгей?..

Рабиға. Бетім-ай, менен жас екенсіз ғой. Түріңізге қарап қартайтып жатсам... Танымадық.

Мақаш. Мен Бибішпен келгем. *(Есікті иегімен нұсқайды).*

Рабиға. Қайным, онда шай жасайын. *(Бибіш, Айша шығады).*

Айша. Сәләматпысыз?.. *(Мақаш ернін жыбырлатады).*

Рабиға. Ертерек тұрып кеттің-ау, Ай шатай?

Айша. Жоқ, тұла бойым сондай сергек!

Бибіш. Айшкен! Мен соған экстравагантный сюрприз жасаймын деп едім ғой. Сол - мынау Мақаш! Менің - болашақ күйеуім! *(Мақаш ұшып тұрып, бас изеді).*

Рабиға. Бибішжан, сұңқарың қайырлы болсын! Қайным... қап, енді қалай атасам екен сені? Қолыңа қондырған құсың құтты болсын!

Айша *(толғанып).* Бибіш мама! Есінде ме маған айтатын әлдің мен әңгімелерің? Есінде ме он жеті жасында кеткен туған жерге әлі бір орала алмай жүргенің? Ауылдан келгенде бұрымы салбыраған қыз едің, Бибіш мама! Енді міне, атыңды бүкіл Республика білетін профессорсың! Бірақ есінде ме, Бибіш мама, маған айтатын, маған ғана ашатын сағынышың? Кішкене ауылдың будақ-будақ түтіні қысқы кеште

батыстағы қалың өрттің қара түнегіне жалғасатын сен айтқан кезде, Бибіш мама! Сол кішкентай ауылдың ер-азаматы түгел майданға аттанып, кеудесімен оқ тосып, жауды жібермей, түгел шәйт кеткені есінде ме, Бибіш мама? Кішкентай ауылдың көктемде қызыл алау қызғалдаққа бөгетін аласа ғана төбешігі есінде ме, Бибіш мама? Сол төбенің қолтығынан сызып шығатын тас бұлақтың ерке сылдыры қандай? Сол тас бұлақтан тірсектері тәлтіректеп иінағашпен су таситын талдырмаш қыз есінде ме, Бибіш мама? Сол - сен едің ғой! Сол кішкентай ауыл, сол ауылдың азаматтары, бұралаң көшесі, таспа жолы, тас бұлақ, шоқталы сенің естелігің еді. Сенің алыстап, күн сайын бұлдырап бара жатқан арманың еді, Бибіш мама? Солар менің естелігім, күн сайын қол созып, бір ұстасам деген арманым еді, Бибіш мама! Сол кішкентай ауыл жақтан жел ессе, әлдебір хабары, сәлем-ынтығы жетердей елегізितिң есінде ме, Бибіш мама? Сол естелік, сол сағыныш, сол арман сені туған жермен кіндігіңмен матаған киелі құдірет емес пе, Бибіш мама! Енді сен сол туған ауылға екеу боп барасың, Бибіш мама, барасың, Бибіш мама! Біз де барсақ!.. Барсақ қой, шіркін!.. *(Рабиға егіліп тұрады. Бекболат кіріп үнсіз қалады).*

Бибіш *(Айшаны құшақтап).* Асылым, ардағым! Ұмытпапсың-ау әлі! Әлди уілім - сағынышым мен арманым болатын. Кішкентай ауыл - кіндік байларым еді. Бара алмадым. Әкем соғыстан қайтпады. Шешем жеңіс жылы қайтыс болды. Кімге барам деуші едім. Қателесіппін-ау. Жалаңаш табанымның ізі қалған туған жердің топырағынан қадірлі не бар? Соны сен ескерттің, алданышым! Арманына қарап азаматты бағалау керек екен-ау!

Бекболат *(өзіне айтқандай).* Тас бұлақ! Қызғалдақты төбе! Көзден бұлбұл ұшқан естеліктер...армандар. Тас бұлақ у бұлаққа айналды бүгінде. Қызғалдақ түгіл қырға қараған да өспейді бүгін...

Рабиға *(екеуін де құшақтап).* Ырзамын, жасаған! Ұмытпайды аулың, Бибішжан! Айшатай, бәріміз барамыз. *(Мақашқа).* Әу, құрдас! Бибіш менімен құрдас, оу, еркек емеспісің, бірдеме десеңші!

Мақаш. Мен осындай сентиментальный сезімдерге жоқ едім. Онша төгіліп-шашылуды жаратпаймын.

Бибіш. Болды, Мақаш! Керек кезде сөйлеп қалу қандай қиын болса, керек кезінде үндемей қалу одан да қиямет деп Ларошфуко сендейлерге қарап айтқан. (*Ажар кіреді*).

Бекболат. Қайда Мақаш? Тағы да Мақаш? (*Ілгері аттай беріп Мақашатты көреді*). Сізді... жоқ! Сені кім шақырды? Әлде мені аңдып келдің бе? Бұл... бұл не боп барады? Аспан асты, жер үстінде бас сауғалар қуыс қалмағаны ма? Апыр-ай, дүниені ниеті бұзық жандар қаптап кеткен бе? Ізгіліктің құдіреттілігі қайда? Жауыздықты қашанғы тайраңдатып қояды?

Айша. Бек, сонша неге қадалдың? Ол кісі - сыйлы қонақ.

Бекболат. Қо-нақ? Садаға кетсін ондай атақтан!

Ажар. Әй, Бекболат, қойсаңшы! Азаннан екі иығынды жұлып жеумен болдың! Шаңыраққа қара көкімей!

Бекболат. Мынаның кім екенін білесіндер ме? Неге келгенін білесіндер ме?

Бибіш. Білеміз, балам! Білем! Бұл - менің сокурснигім. Студент кезінде шашын жылмита тарап, жанымнан шықпайтын. Кейін тасы тауға өрмеледі. Қол түгіл көз жетпес қызметке орналасты. Мені ұмытты. Жеке машинасы жеке хоромы болды. Жеке хоромының хрусталь люстрасы жарқырап тұрғанда бұл высокопоставленный төре қараңғыны ойлаған жоқ. Ал енді ше? Мақаш, шайқама басыңды! Сол биігіңнен оңбай құлдырап, бұрынғы айбынды кеңсеңнің босағасынан да сығалай алмайтының өтірік пе. Ал өмір шындығы біреу-ақ - ол тек қана адалдық. Арың алдында да, жауың алдында да, ажал алдында да бір сәт жойылмайтын адалдық. Сондықтан әркімнің өз тағдыры, өз тарихы бар. Сондай өзіндік тарихымен, тағдырымен алдында тұрған Мақаш - енді менің қосағым аталады, Бекболатжан.

Бекболат. Жоқ! Жоқ! Сіз білмейсіз оны! Білмейсіз, Бибіш апа. Қателесесіз.

Бибіш. Алтынды - отпен, батырды - оқпен сынайды демексің ғой. Мен - алтын, бұл - батыр емес. Өткенін

кешірмесем, бүгін жолатпас едім. Балам, мен жалғыздықтан қалжыраған жанмын. Далбасама таласпашы...

Бекболат. Жоқ! Мұның бүгінгісін де кешіруге болмайды! Бұл - біздің авиаотряд ұйымының хатшысы саналады. Бірақ бұл аспаннан у септіруші! Апат төктіруші! Өліп жатқан жас нәрестелерге қарамайды! Үстінен шімірікпестен аттап өтеді! Маған жазбаша сөгіс бергізбекші боп жанталасқан. Бірақ коммунистер бұның да, отряд бастығының да бет пердесін сыпырды. Бұл - нағыз тас жүрек! Биіш апа, қалай арандайын деп тұрғаныңызды ұғамысыз?..

Биіш. Есеңгіреп қалдым... Кәріқыздың уысына бірдеме ілінгендей болып еді... айрылуы қиын екен.

Мақаш. Биіш Төребековна, сен мынау жалақорға сенесің бе? Бұл... бұл какой-то маньяк! Енді сені маған айдап салмақ.

Бекболат. Мен сені қазір мынау үйден... мынау Айшаның құтханасынан сүйреп шығарып тастаймын! Сен араласқан жеріңді өртеп, жанасқан жеріңді күйелеп кететін мерезсің! Мерезсің!

Мақаш. Сен... сен!.. Кімді балағаттайсың, ә! Мен сен сүмелекті үйретем әлі. *(Жұлқынып келіп жейдесінің омырауын дар еткізіп жыртады)*. Мә! Соқ! Сонан соң көзіңді темір тордың арғы жағынан сығалатып қояйын!

Рабиға *(Бекболатты ұстап қалып)*. Ойпыр-ай, мынадай да кісәпір болады екен, ә! Тісінің қанын жақпақ! Бекболат, итпен ит болма... Арамға былғама қолыңды.

Мақаш. Ә, қорқасың ба, күшік. Сенікі құр байбалам ғана. Күш әлі бізде. Бізде! Перестройка-перестройка деп безек қаққандарыңмен қолдарыңнан түк келмейді. Біз әлі де илейміз сендейлерді. Біз! Ал сен, Бибітай, сүйікті кәріқызым! Алдамшы арманыңды алданыш етіп қала бер. Сөйт, кәрі көгершінім!

Айша. Қандай жиіркенішті жан едіңіз! Адам бойындағы асыл қасиетті таптап өте бермексіз. Болмайды ол ойыңыз. Жібермейді әділет! Күш бізде, сізде емес. Қайта құру біздің санамызда жүріп жатыр. Мынау Бекболат - соның анық белгісі!

Мақаш. Оһо-о! Тағы бірі сайрады білгіштің! Оқы

дәрісінді! Үйрет жетесізге! Бірақ бәрібір сендер құл қалыптарыңда қаласыңдар! Қаласыңдар, үй ішінде ғана ұрланып бүлік көтерушілерім менің! Көшеге шығып, көзге түсуге қорқасыңдар. Сондықтан мың жерден перестройка болғанымен сендер менің табанымның астында жатасыңдар. Сендер и сендердің “бойларындағы асыл қасиеттерің”. Мәңгілік!

Бекболат. Аһ, сұмырай! Мен де сені бір жола жоқ қылайын! *(Ұмтылады. Рабиға, Бибіш, Ажар ұстап қалады).*

Ажар *(Бекболатқа).* Болды! Жетті! Сен енді түрмеге түсіп, мені анау ырылдақтарыңмен жеке қалдырмақсың ғой. *(Бармағын шығарады).* Мә, қалдыртам! Мойныңа тұзақ сап ұстаймын енді сені!

Мақаш *(қарқ-қарқ күліп).* Қалай, батырсымағым! Қатыныңның қармағына түстің бе. Сенікі, сен сияқтылардікі қазанбұзар тентектік қана. Әлеуметтік ортаны жөндейтін де, түзейтін де сендейлер емес, әрі әулие, әрі құл қауым!

Бибіш. Адам - жұмбақ осы. Тұңғығына бойлатпайды. Асқақтығы қайда азаматтың! Бейшаралығы неге көп пенденің?

Рабиға. Бибіжан, құзғынның ұясынан қаршыға ұшпайтынын көрдің. Жалғыздықтан қорықсаң, ертең колхоздан пенсиямды алып, біржола қасыңа келейін, ә?

Бибіш. Адал көңілді ақтардың не, ақтармадың не... Төрт тас қабырға қоршаған қаланың бітеу кеудесіне аяушылық енер ме Рабиға-ай! Сен жалғыздықтың не екенін шырылдаған жаныңмен сезінсең ғой... *(Ас үйге кетеді. Думан мен Бәну кіреді).*

Бәну. Сүйінші, Айша тәте!.. Соната - жеңімпаз атанды. *(Айшаны құшақтайды).*

Айша. Рақмет, Бәнужан!

Думан. Не болды, Айшкен? Өңің неге сынық?

Бекболат. Сен менен сұра не болғанын! Сен маған жауап бер сонсоң! Сен сонан соң мәз-мейрам бол! Сен сонан соң ахахуға бас!

Айша. Бек, сабаңа түс.

Думан. Айшкен-ау, Ажар-ау, мынау досты қандай түлен түртіп кеткен? Бүгін тіпті күндегісінен де үдеп тұр ғой.

Бекболат. Айтпа ондай киелі сөзді! Қорлама достық дейтін қасиетті сезімді! Былғама араммен асылды!

Ажар. Бекболат! Мен сені айғайлатам! Мен саған!..

Бекболат (*Ажарға төніп барады*). Жетті! Жап аузынды!

Рабиға. Балам-ау, әйелге таусылма... Е, шаптықпайтын ұрғашы аз ба... (*Бибіш келеді*).

Думан. Ә, Ажар екеуіңнің бітпейтін дауларың екен ғой... Құрдас-ау, сонда бізге шүйілгенің не?

Бекболат. Сен... сен жалтарма! Жалтарма өйтіп! Сен алдаусыратып құтылып кетем дейсің ғой. Құтылмайсың, Думан! Сен адамның ең ізгі сенімін аяқ асты етіп таптап жүрсің! Сен Айшаның ауру екенін білесің бе? (*Ажар ас үйге кетеді*).

Думан. Білем... Қазір сауығып келеді.

Бекболат. Атаңның басы білесің!

Айша (*шыңғырып*). Бек-бо-ла-ат!!

Бекболат (*жалт бұрылып, түсініп*). Кешір, Айшкен! (*Думанға*). Әттең, Айша бөгеді... Бөгеді... Әйтпесе...

Думан. Не әйтпесе?

Бекболат. Періге айналыпсың! Көрсеқызарсың! Тамырындағы нәрінді құртып жатқаныңды білсең ғой. Әй, бұтағыңа жан бітпес...

Бәну. Ағай, Бекболат аға! Сіз... сіз жазықсыз кінәладыңыз. Өнер адамы тез жараланады.

Бекболат. Өнер адамы! Сонда өнердің өнегесі осы ма? Өнегелі музыковедтің қылығы ма сенікі? Інің өлейін деп жатқанда... анау қансыраған далаңнан безіп кеткенің қалай? Жалғыз қашып, жан сақтамақ екенсің ғой. Елді ойламасаң да анаңды неге ойламайсың? Семья бірлігін кім сақтайды? Кім? Мәдениет ұрығын себер маманның негізінен жан түршігеді!.. Сенің Думан, сенің Бәну, дүнені топан суы қаптаса да, жүректерің сыздамайды... сыздамайды! Сондықтан да ауру жүректі шымшылап ойнайсыңдар.

Думан. Сен олай құбылтпа. Алдымен біліп ал! (*Ажар келеді*).

Бәну. Апа! Айша тәте! Бибіш апа!.. Біз!.. Мен... мен... Ойымда арамдық болса, қылаудай кіршік болса, адам деген аттан садаға кетейін! Мен Думан ағаның

творчествосына ғана табынам. Ал... ал, Бекболат аға, сіздің кінәлауыңыз жала! Жала!

Айша (құшақтап). Қиналмашы, Бәнужан. Мен сені түсінем. Сенем. Саған да, Думанға да сенем.

Думан (құшақтап). Айшам! Айшкенім менің! Сен бүкіл ғұмырдан да, бүкіл творчествомнан да қымбатсың маған... Темірқазығым өзің екенсің, Айшкен.

Бекболат. Сол темірқазықты ырғайсың. Ырғайсың кеп. Мықтылығын сынайын дедіңдер ме? Берік, Айша, берік! Шорт сынғанша, босамайды. Шайқалмайды! Ал сендер... Бәріңде де нәр жоқ. Күн жоқ. Бірің профессор, бірің хатшы, бірің композитор... Ақша үшін, атақ үшін ғана жанталасасыңдар!

Сен, Думан, даланы арзандатпа. Далам деп далиып, саусақтан сорып ән жазып, күй шығарып, қалтаңды қалыңдатпа! Дала сендерге ойыншық емес! Жаныңмен тағдырына күйінбесең, қарлығаш боп қанатыңмен су себуге жарамасаң, аулақ жүр даламнан! Аулақ жүріңдер!

Думан. Дала мен қазаққа келген ала бөтен қырғынды сен-ақ көргіш екенсің. Осы сен ауру емеспісің?

Мақаш. Иә-иә! Қазақ қамын жемейсіңдер деп әркімге бір арсылдағанына қарағанда сау емес.

Бекболат. Жоқ! Сендер қазақ қамын жемендер. Бірақ өздерің жейтін ет пен нанды неге ойламайсыңдар? Жер тозса, егінді қайда егеді? Малды қайда жаяды? Халық қырылса, малды кім бағады? Қойды кім жаяды? Ең болмаса, соны ойласа ғой... Соны ғана... Сонда мүмкін малшының да жағдайын ескерер. Ал профессорға жан тыныштығы керек. Мақашқа кішкене де болса, кресло қажет. Музыка-ведке өліп-өшіп табыну қажет. Композиторға ахаху ғана керек. Олардың баққан малы жоқ. Құлазыған даласы жоқ. Қаңсыған көлі жоқ. Неге жоқ? Неге?

Думан. Бибіш мама! Айшкен! Ажар! Мынау шынымен ауру...

Бекболат. Иә! Бәріміз де аурумыз. Күніміз санаулы. Даладағылар бүгін өліп жатса, сендер бүгін өлмесеңдер, өлесіңдер! Ертең!..

Мен барам! Кетем сол далама. Құрбандыққа шалам

өзімді. Анау плантацияға себетін пестицидтің астына барып тұрам! Айқайлай-айқайлай шаршадым. Даусым еш пенденің құлағына шалынбады. Мүмкін, өлі денем өзгелерге ой салар.

Кеттім у жаңбырдың астына. Барып жатам. Маған шашсын уын! Маған шашсын ажалын. Тек елге, жерге жоламасын! Жуымасын зобалаң!

Талшық етер ілік қайда? Қайда-а? Қармайтын тал қайда? Далам - панам еді!.. Сол панама пана табылар ма?.. *(Есікке жете бергенде қарсы алдынан милиционер шығады).*

Лейтенант. Бекболат Ойлыбаев кім? *(үн жоқ. Тұрғандар жым-жырт).* Мен сендерге қазақша Бекболат Ойлыбаев қайсың боласың деп тұрмын ғой. Тілдерің байланып қалған ба?

Мақаш. Мынау ол! Нағыз қоғамға зиянкес адам осы!

Ажар. Иә, осы, сол естұрқаң! Қуырып жесең де, пісіріп жесең де - еркің. Мына тұрған сол Мәжнүн. Осыдан бір құтқарып, абақтыңда шірітсең, құтылғаныма жеті шелпек!

Бекболат. Әй, Ажар, Ажар! Сен мені бір түсінбедің-ау... Айша Айшкен, сенбе! Аярлыққа сеніп қалма!

Лейтенант. Қысқарт сөзді! Түс алдыма!

Бекболат. Сіз алдымен маған “сен” деуді доғарыңыз!

Лейтенант. Сен, қандала, байқаймын, тым пысық көрінесің. Күш салыстырғың келеді, ә? *(Бекболаттың қолына жармасады).*

Думан. Жолдас лейтенант! Бұныңыз қалай?.. Мынау... Мынау заңсыздық! Өрескел заңсыздық қой.

Лейтенант. Сен кімсің?

Думан. А-а?.. Мен бе? Композитормын...

Лейтенант. Ендеше, пианиноңды шиқылдатып жайыңа отыр. Мен өз міндетімді орындауға тиіспін.

Айша. Қарап тұрған адамды үйден келіп алып кетсін деген заң жоқ. Күш жұмсасаңдар, наразылық білдірем.

Лейтенант. Жеңгесі, сен наразылық білдір, білдірме маған бәрібір. Өйткені мен сендердің учаско-вийларыңмын! Маған Ойлыбаевты әкел - деді. Мен бұйрықты бұлжытпай орындаймын.

Рабиға. Сонда жазықсыз, кінәсіз адамды қорлауға, жұлқылауға рұқсат ететін кім ол бастығың? Азаматты аздыру қай жосыққа сияды?

Лейтенант. Күшке сияды, әже! Билік пен білекке сияды, әжетай! Право да, заң да, жосық та - мен! Мен! *(Күледі)*. Өйткені менен соны жауапкершілік талап етеді.

Бекболат. Жауапкершілік деймісің? Сен өзің жауапкершіліктің не екенін білемісің?

Лейтенант. Білем. Менің жауапкершілігім - бұйрықты орындау.

Бекболат. Шын жауапкершілікті сезінетін күн туар ма? Әркім өз жауапкершілігін мынау құсап коллективтік жауапкершілікпен алмастырып алса, Арал үшін, Балқаш үшін, Байкал үшін, Дала үшін кім жауап береді? Кім?

Мақаш. Бейшара-ау, сен оған несіне күйінесің. Жоғарыдағылар бар жауап беретін.

Бекболат. Иә, жоғарыдағылар шешім қабылдап, жоғарыдағылар жауап береді дегенге дағдыланғанымыз сондай, халық деп атанатын мына біздер солардан... сол жоғарыда отырғандардан есеп алу правомыздан айрылып қалғанымыз қалай? Шындықты қажет ететін жауапкершіліктің адамгершілік екенін, жариялылық екенін, ар-ождан екенін енді сезіне бастағанымызда, сол ар-ожданды әрқайсымыздан неге талап етпейміз. Ар-ожданға біріміз қалмай түгел неге бас ұрмаймыз? Неге?

Лейтенант. Доғар мылжыңдауды! Жүр! *(Екеуі кетеді. Қалғандар ұзақ уақыт үнсіз тұрады. Әркім терең ойда)*.

Айша. Сезбейміз... Сезгіміз келмейді жауапкершілікті. Жаны шырылдаған біреу табылып еді, ауыш дедік, есуас дедік... ақыры түрмеге жөнелттік. Сезіміміз - соқыр. Санамыз - саңырау. Ақиқаттан аттонды ала қашамыз. Ал Бекболат - нағыз Адам! Болашақтың адамы ол!

Рабиға. Ол азамат енді менің ұлым болады, Айшатай. Елін, жерін сүйген ұлан сондай-ақ болсын! Ерланымнан өлі айрылсам, Бекболатымнан тірі айрылмаймын. Барам! Азаматымды арашалап қалам!

Мен - анамын! Балам үшін отқа да, суға да түсем. Ал далам үшін Бекболат екеуміздің аттандаған дауысымыз құраққа шығады. Дала - мола емес. Далам - панам болады. Мәңгілік панам ол!

*Шымылдық.
Алматы, 1987–1988 жыл.*





БОЙДАҚТАР

Екі бөлімді водевиль

Қатынасушылар:

Асан	}	- жас мамандар.
Мұса		
Иса		
Нышан		
Ғайша	}	студент-практиканттар.
Гүлсім		
Дәмеш		
Әсем		
Сағыр		- жатақхана кезекшісі.
Қатша		- оның жұбайы.
Жақып		- Гүлсімнің әкесі.
Сақып		- Гүлсімнің шешесі.
Бегәлі		- аулашы.
I өрт сөндіруші		
II өрт сөндіруші		

Уақиға осы заманда қазіргі бір қалада өтеді.



БОЙДАҚТАР

Екі бөлімді водевиль

Қатынасушылар:

Асан	}	- жас мамандар.
Мұса		
Иса		
Нышан		
Ғайша	}	студент-практиканттар.
Гүлсім		
Дәмеш		
Әсем		
Сағыр		- жатақхана кезекшісі.
Қатша		- оның жұбайы.
Жақып		- Гүлсімнің әкесі.
Сақып		- Гүлсімнің шешесі.
Бегәлі		- аулашы.
I өрт сөндіруші		
II өрт сөндіруші		

Уақиға осы заманда қазіргі бір қалада өтеді.

ПРОЛОГ

Телефон шырылдайды. Сағыр жалғыз. Трубкины көтереді.

Сағыр (*трубкаға*).

Алө-өу, алө... орын ба?
Нешеу?.. Төртеу!?. Табамын.
Констрөктер... инженер?!.
Қонағы бүкіл қаланың?!.

О дәупірім! Сайлатам
Бөлменің ең тәуірін!
Мейман күтіп көргенбіз,
Үйрете берме, бауырым...

Ойбай, қайтем қыздарды!..
Құтырар онда кей кісің..
Жігіттерді қарсы алып,
Гүл сыйлайды деймісің?..

Тапсырсын да гүлдерін
Тайып тұрсын қыздарың!
Шуылдап жұмыс істетпес...
Сөз тыңда, балам, қызбағын!..

(трубкины қояды).

Тыңдамайды айтқанды.
Өз, ақылы - ақыл-ақ!
Көнейін де көрейін
Әліптің артын бақылап.

(Шуылдаса күліп, шоқ гүлдерін көтеріп Гүлсім,
Дәмеш, Әсем келеді).

(өзіне). Келіп қалды мыналар...
(дауыстан). Сәламат па, қыздарым!

Гүлсім.

Ата, біздер таластық,
Шешіңізші сіз дауын!..

Әсем.

Біз үшеуміз не бәрі...

Дәмеш.

Төртеу дейді өздері!..

Сағыр.

Түсіндірші даурықпай,
Бұл атаң түк сезбеді?

Гүлсім.

Төрт инженер осында...

Сағыр (іле).

Алматыдан келеді.

Гүлсім.

Біз - үшеуміз. Ал сонда
Бір гүлді кім береді?

Сағыр.

Таластарың сол болса,
Тапсырайын мен онда.

Дәмеш (қыздарға).

Прическама ұнай ма?
Кіріп шыққам салонға!

Әсем.

Қас керіп, көз төңкерсең -
Мұрттай ұшар. Бәс тігем.

Сағыр.

Тәлтіректейтін оларды
Санаймысың маскүнем?!
Өңшең мықты инженер -
Қаламыздың қонағы!
Көз... сөз... бұлт-сылт не керек.
Оларың ұят болады.

Гүлсім.

Білдіңіз бе сіз бізді?

Сағыр.

Біліп қайтем, естідім!

Дәмеш.

Көбелекпіз ғой от құшқан?

Әсем.

Лағымыз ғой ешкінің?

Сағыр.

Кім екендеріңді сезсеңдер,
Мен несіне дауласам.

Гүлсім.

Жоқ, ата, түк те ұқпапсыз.

Дәмеш.

Мен сізбен тура жауласам!

Әсем.

Желөкпеге балайсыз
Үш болашақ ғалымды!

Гүлсім.

Арыма күйе жақтыңыз...

Дәмеш.

Жараладыңыз жанымды!

Сағыр.

Апырай, енді солай ма?!.
Артық кетсем, қыздарым,
Кешіріңдер шалыңды.
Құрметті жандар деген соң...
Аталарың жаңылды.

Әсем.

Ренжімеші, атажан!

Дәмеш.

Әзіл ғой қанға сіңдірген.

Гүлсім.

Жеріміз жоқ әзірше
Әдепті бұзып, бүлдірген.

Әсем.

Студентпіз бәріміз.

Гүлсім.

Диплом болып тұр үміт!

Дәмеш.

Қонақтармен жобаны
Жасамақпыз бірігіп.

Сағыр.

Е-е, оларың жөн екен!..
Жөн білмеген мен екем.
Жетеуің соны өткізсең -
Тасымай ма берекем!

(қыздар кетеді).

Сағыр стол қасында жалғыз отыр. Екінші шеттен дауыстай сөйлеп Қатша келеді. Жатақхананың ұзын дәлізі көрініп тұрады.

Қатша.

Әу, атасы, атасы!

Сағыр.

Даусың сондай сыңғырлап..

Сағындың ба, жамалдым!

Қатша.

Әкеліп ем ет асып,

Суып кетпей жеп алғын.

Сағыр.

Әй, бәйбішем, бәйбішем!

Қамымды ойлап бір менің

Тамақ тасып ыстықта,

Күйіп-жанып жүргенің.

Қатша.

Сөз еместі сөз қылып,

Айтасың-ау сен-дағы...

Сағыр.

Яратасың бик шалынды?.

Қатша.

Жалғыз ешкі қолдағы

От пен судан қағылды...

Завод суды бүлдірді,

Қап-қара көк су құйып...

Сағыр.

Су дейсің ғой құрғырды

Көлді құрттық у құйып.

Көгал да жоқ, көл де жоқ,

Азып дала барады.

Соны ойлайтын пенде жоқ.

Сағыр.

Апырай, енді солай ма?!.
Артық кетсем, қыздарым,
Кешіріңдер шалыңды.
Құрметті жандар деген соң...
Аталарың жаңылды.

Әсем.

Ренжімеші, атажан!

Дәмеш.

Әзіл ғой қанға сіңдірген.

Гүлсім.

Жеріміз жоқ әзірше
Әдепті бұзып, бүлдірген.

Әсем.

Студентпіз бәріміз.

Гүлсім.

Диплом болып тұр үміт!

Дәмеш.

Қонақтармен жобаны
Жасамақпыз бірігіп.

Сағыр.

Е-е, оларың жөн екен!..
Жөн білмеген мен екем.
Жетеуің соны өткізсең -
Тасымай ма берекем!
(қыздар кетеді).

Сағыр стол қасында жалғыз отыр. Екінші шеттен дауыстай сөйлеп Қатша келеді. Жатақхананың ұзын дәлізі көрініп тұрады.

Қатша.

Әу, атасы, атасы!

Сағыр.

Даусың сондай сыңғырлап...
Сағындың ба, жамалдым!

Қатша.

Әкеліп ем ет асып,
Суып кетпей жеп алғын.

Сағыр.

Әй, бәйбішем, бәйбішем!
Қамымды ойлап бір менің
Тамақ тасып ыстықта,
Күйіп-жаньш жүргенің.

Қдтша.

Сөз еместі сөз қылып,
Айтасың-ау сен-дағы...

Сағыр.

Яратасың бик шалынды?.

Қдтша.

Жалғыз ешкі қолдағы
От пен судан қағылды...
Завод суды бүлдірді,
Қап-қара көк су құйып...

Сағыр.

Су дейсің ғой құрғырды
Көлді құрттық у құйып.
Көгал да жоқ, көл де жоқ,
Азып дала барады.
Соны ойлайтын пенде жоқ...

Қатша.

Отырсың ғой сен әлі
Суып барад тамағың.
Келе жатыр Бегәлі
Санап басып қадамын.

Сағыр.

Жақсы болды келгені,
Жалғызға ас батар ма?
(Бегәлі келеді).
Мақтап жүрсең сен мені
Иісі аңқыған ет мынау,
Отыра қал қатарға.

Бегәлі.

Не гауари бешбармақ -
Көкірегім азады.
Біздің үйдің ісперва
Түспейді оттан қазаны!

Сағыр.

Қой, қой, құрдас, бұлданба,
Еттен қазақ қашпайды.

Бегәлі.

Балаларым тұрғанда,
Не думаю еш қайғы.
Күнде суадба, күнде той!
Біздің домнан бірәзнек
Некудә аяқ баспайды!
Старшой сын бастайды,
Сынаха бар прдавес
Бәрін үйіп тастайды!

Сағыр.

Дәмнен үлкен емессің,
Дабдырламай кел, отыр.

Бегәлі.

Кәкой үлкен емеспін?!
Менімен тең емессің!
Отдық менде... перекур.

Қатша.

Не деп кетті шүлдірлеп,
Қойыртпағының ішіне...

Бегәлі.

Менде мәлшек, киндер көп,
Тіл тигізбе кісіге!
Немерем бар, бінушкам!
Ал сендерде бала жоқ.

Сағыр.

Түрің құрсын құрысқан,
Құрдас итсің... шара жоқ.
Жолың әне, жарқыным!

Бегәлі.

Қамшым ұзын возшымын,
Ұлдарды айдап шалқыдым!
Мен бе, сен бе - жалкі кім?

Қатша.

Бар, бар қайқай... сөзшілін!
(Бегәлі кетеді).

Айтып-айтып тастамай...
Басылды неге қарқының?

Сағыр.

Ұнамайды, бәйбішем,
Өзеуреген тәртібің.
Төсін ұрып, төпелеп,
Бәсін білмей парқының,
Балам көп деп мақтанып,

Арына тиген жалқының.
Кісәпірге кіжінсем,
Ол ма, мен бе - шарқы кім?
Өзің бар да, ел бар да,
Атамекен жер бар да,
Қайғы бар ма, шер бар ма?
Нұрға толы әр күнім!
Өзекті өрт шалғанда,
Үмітті жалғап арманға,
Қайырын күттім артының.
Өзім деген адамға,
Мынау көпшіл қоғамда
Өз ұлындай болмай ма,
Әр ұланы халқының.
Шатып-бұтып елірген,
Көкірегін жел үрген.
Ол ма, мен бе - жалқы кім?

Қатша.

Алмадың ғой тамақты
Әкелейін жылытып,
Суып қалды бәрі де...

Сағыр.

Кетіппін ғой ұмытып,
Күлсеңдер күл кәріге...
“Келмекші еді меймандар -
Әрқайсысы зор маман.
Төсек-орын сайлаңдар”.
Деп директор зарлаған.
Айтпаса да білем ғой
Қонақ күтіп көрмеп пем...

Қатша.

Ылғи мықты бір өңкей
Келеді екен сендерге
Табылмайтын жер-көктен.

Сағыр.

Қой, бәйбіше, шаршама,
Сен екеуіміз бүлінсек...

(Сыртқа қарайды).

Пай, пай, қыздар қоршалап,
Келіп қалды сау етіп,
Екі-үш жігіт - кіл інішек!

(Жігіттер, қыздар кіреді).

Армысыңдар ұлдарым!
Әсем, Гүлсім... Оу, Дәмеш!
Төрлетіндер, келіндер.

Нышан.

Бар болыңыз, атажан!
Ұлдар, қыздар, жөн емес
Иіліп сәлем беріндер!

*Қыздар мен жігіттер қолдарын кеуделеріне төсеп,
Сағыр мен Қатшаға иіліп сәлем береді.*

Сағыр.

Көкірек жоқ, кеуде жоқ,
Кішіпейіл шетінен
Жайсаң менен өрімдер!
Шын көңілден өтінем,
Құшағыма еніңдер!
Ата деген лебізді
Бір естімей келіп ем...
Босап кетті көңілім,
Босай берсін, ерімен.

Жан сырыма сеніңдер!
Әу, бәйбіше... тұр ма едің...
Әжелеріңді көріңдер.

Асан.

Есенбісіз, ақ әжем!
Әниімнен аумайсыз.

Иса.

Тұр- түсіңіз - нақ әжем -
Арқам сүйер таудайсыз!

Мұса.

Мейірбанды бақ әжем,
Алмасы көп баудайсыз!

Нышан.

Сауысқандай сақ әжем,
Түнересіз, жаумайсыз.
Бәріміз де - балаңыз
Пейіліңізбен ауғайсыз.

Қатша.

Ә, балдарым!.. Атасы...
Шырақтарым, күндерім!..
Кеттім бе әлде шатасып...
Әжелеген үндерің...
Ынтызарым бұл менің!
Анамын да әжемін,
Өртеніп кетті-ау өзегім!
Айналайын бәріңнен
Қоянның да көжегін
Сипамаған көріңнен
Мейір-пейіл күтсеңдер,
Құрбандарың болайын
Ноқтаға басы керілген!
О, жасаған! Ырзамын

Еміренбеп ем дәл мұндай
Қауыштырдың балдармен
Көзіме ыстық көрінген.
Қазір алсаң, арман жоқ,
Күнім туды-ау көгімнен!

Асан.

Мейірлену дәл бұлай...
Қандай мөлдір едіңіз!
Ана болар - бар құдай
Құрбан болам дедіңіз?!
Ана ғана айта алар
Құдіретке бардыңыз,
Сая болып жайқалар
Ана болып қалдыңыз.
Баурыңызға басыңыз,
Мен балаңыз бола алсам...

Мұса.

Міне иілген басымыз,
Сіздей ана таба алсам...

Иса.

Шалқыңыз да тасыңыз,
Ұлыңыз боп жаңарсам...

Нышан.

Құшағыңызды ашыңыз,
Талпынайын қона алсам...

Сағыр.

Оу, дәуірім, дәуірім!
Тірлік неткен көңілді!
Әлгіңде боп ем әуірім,
Талақ етердей өмірді.
Жылуын сездім күнгейдің,

Жаныма шуақ құйылды.
Бегәлі досты кім деймін,
Жерлеген ұлсыз күйімді?
Е, бәсе, шындық бар екен,
Жеңілдеткен қиынды.
Жүріңдер онда, ұлдарым,
Мәртебем әлі зор екен
Көрсетейін үйімді.

Асан.

Барамыз, ата, барамыз,
Бүгінше ерік беріңіз.
Болдық қой түгел балаңыз,
Босамас бізден төріңіз.
Инженерміз арнайы
Келген тығыз жұмыспен
Көлдің суы сарғайып,
Өсімдігі бүріскен.

Иса.

Бәріне завод кінәлі
Көлге құйған зәр суын.

Мұса.

Тазалап суды біз әлі
Таппақпыз удан аршуын.

Нышан.

Мөлдіреп ағып бұлағы,
Көгалды жуар бал суы!

Сағыр.

Естідің бе, бәйбішем?
Жер де, су да тазармақ!
Маман екен ұлдарым,
Бар ма менен бай кісің,
Өтейікші базарлап.

Әсем.

Ата, бізді ұмытпа,
Диплом алып жатқанда...

Гүлсім.

Жігіттерге дем беріп,
Қосамыз ақыл ақылға.

Дәмеш.

Біздерге де өң беріп,
Өзгелермен тең көріп,
Еңбегімізді мақұлда!

Сағыр.

Ә, бәтшағар, солай ма,
Есеңгіреп, сенделіп,
Ұлдардан қызды соң көріп,
Жолатпаған маңайға
Атанды, қыздар, тақымда!
Шындыққа қазақ жығылғыш,
Кердеңдік жоқ затында.
Аталап бәрің келсеңдер,
Көңілдің нәрін берсеңдер,
Іңкәрім болып енсеңдер,
Қырсызға жау боп төнсеңдер,
Өкпем жоқ іште - сенсеңдер,
Бауыр боп кетті көрсеңдер;
Жақын боп кетті жатым да.
Аузынан тілек төгілген
Айналып кеттім ақынға.
Кіреуке кесе, сөгілген,
Айналып кеттім батырға.
Айналайын, ұлдарым,
Құлдығың болдым, қыздарым!
Нарқымды бүгін бұлдадым,

Бірі екем мен де тұлғаның!
Бөріктім мен сырғалым,
Сендердің өстіп тұрғаның
Ерітіп кетті іштегі
Баласыз қарттың ызғарын.
Жүріндер, кәне, еріндер,
Бөлмелеріңді көріңдер,
Үзілмесінші сенімдер...
Тасыды-ау әбден көңілдер.
Осы бір ынтық тілекті
О, жасаған, бұзбағын!





БІРІНШІ БӨЛІМ

Бірінші сурет

Бөлмеде төрт жігіт отыр. Үшеуі әбден желпініп алған.

Мұса.

Oh, шіркін-ай, шіркін-ай,
Төбедең жұлдыз тамғаны-ай!
Қомағай құрғыр құлқын-ай,
Талпынды да самғады-ай!

Иса.

Сыңғыр да сыңғыр күлкің-ай,
Дегбірім мүлде қалмады-ай
Бір жылға бермес бір күн-ай,
Арманға арман жалғады-ай!

Нышан.

От шашқан көзі құрғыр-ай,
Әлекке ынтық салғаны-ай!
Аспанда болса бір құдай,
Айналдым соған мен ғана-ай!
Қызық ең неткен, жалған-ай!

Асан.

Тұтанған бір тал шырпыдай,
Бар менен жоқты талғамай.
Өзеуреп, өршіп, тамсанып,
Бозға аунаған жылқыдай,
Достардың шұлғып қалғаны-ай!

Мұса.

Ұнамай ма күйіміз?

Иса.

Сақтаған қандай сыйыңыз?

Нышан.

Кінәміз болса, аямай
Төгіңіз де үйіңіз!

Асан.

Қандай іс тынды, не бітті?
Жұртшылық бізден не күтті?
Уланып жатқан көл анау,
Тұл қалып жатқан жер анау,
Жұмысқа кердең, керенау
Қос аттап қудық желікті.
Бірдуға мүлде тоймаймыз,
Тоймаймыз, күнде тойлаймыз,
Тойлаймыз, нені ойлаймыз?
Келеге кене қоймаймыз,
Ертіп ап бір-бір елікті.
Қандай іс тынды, не бітті?
Жұртшылық бізден не күтті?
Қиялды қуып, үркітіп,
Бір үміт әлде бір күдік.
Бәріңді тосып жүр күтіп,
Тізгіндеп мініп ерікті,
Қандай іс тынды, не бітті?
Ақтамай елдің үмітін,
Қыдырсақ тынбай күні-түн,
Жүректің тындап үгітін,
Шетінен құдай жігітім,
Қандай іс тынды, не бітті?
Аңқау жұрт бізге сеніпті,
Сеніпті, ерік беріпті.
Ал біз болсақ кердеңдеп,
Би десе қызып, өңмендеп,

Әукесі түсе сәумендеп,
Тұтатып іштегі өртті,
Ұмыттық берген сертті.
Не тынды, сонда не бітті?

Мұса.

Пай-пай-пай, ұстар жерін-ай!
Ақылға салсаң - жеңіп тұр.
Сананың шіркін керімі-ай!
Сылқитып бастан періп тұр.

Иса.

Сенделіп қалдым, тегі, мен
Бір сәтте кесек мұз болып.
Бір кезде майдай еріп ем,
Бар әлек - жалғыз қыз болып.
Амалсыз кейін шегінем,
Адыра қалсын қызбалық!

Нышан.

Қорқасың, Иса, несіне,
Махаббат - үрей сесі ме,
Жауығатындай өшіге?
Төбеден жұлдыз тамғызған,
Демінді әрең алғызған,
Үздіктірген, талғызған,
Көркімең құмар қанғызған,
Бұйырса ондай несібе,
Қорқасың, досым, несіне?
Дегбірден мүлде айырған,
Айдаған, қуған, қайырған,
Тамырға ду-ду жайылған,
Ток емес, сезім жайы ұрған
Орнаса ондай несібе,
Қорқасың, Мұса несіне?

Жауықса Асан өшіге,
Берген тайын өзі алсын
Сезімсіздердің көшіне.

Мұса.

Әб, бәсе, неге көнейін,
Тұтанбай жатып сөнем бе?!
Алаулап алауға енейін,
Тулайды қаным денемде!

Иса.

Ал ендеше жайым жоқ
Жайқалмай жатып солдым дер.
Қарсы алсын алдан дайын боп,
Махаббат, қызық мол күндер!

Асан.

Уәдеміз қайда, іс қайда?
Жаныңды арың қыспай ма?
Төмендеп шөксе тұғырың,
Шемендеп жетсе бүгінің,
Өзгеге мәнсіз ғұмырың
Бу болып көкке ұшпай ма?
Атаңның ұлы болғанша,
Қызусыз бықсып жанғанша,
Сергелдең күйді алғанша,
Азамат болар күн қайда?
Жобамыз қайда, іс қайда?

Иса.

Мән бар-ау мынау сөзінде,
Ақылға тақыл емеспін.
Саламын тежеу сезімге,
Ұмытам көркін Дәмештің.

*Манадан елеусіз келіп тыңдап отырған Сағыр
қайта-қайта қопандап қалады.*

Мұса-

Мен көндім, басқа жұрт көнсе,
Шыңғырып шыңдық күрсінді.
Жобамыз қашан біткенше,
Ұмыта тұрам Гүлсімді.

Нышан.

Жалтақшыл, епшіл, көнгіштер,
Барғыштар, қайта келгіштер,
Басқадан бәсің кем болып,
Ақылға дария кен болып,
Кен болып, бірақ жем болып,
Бір ауыз сөзге сенгіштер!
Сиқырлы сырға енгенде,
Төбеден Шолпан төнгенде,
Күлгін Ай көкте сөнгенде,
Жүректен жылу бергіштер
Көздерден маржан тергіштер,
Бақытын анық көргіштер!
Не біліп, нені сездіндер,
Қысасқа қалай төздіндер,
Сезімнен неге бездіндер?!

Иса.

Бір суып, рас, бір ысып,
Күлгенмін, жас та төккенмін.
Жүрекпен жүрек туысып,
Шарықтап шырқап кеткенмін.
Әлем мен қызды аялап,
Төбеммен көкке жеткенмін!

Мұса.

Дұп-дұрыс, Нышан, қосылам,
Ғарыштан белгі көремін!
Несіне жасып, тосылам,
Махаббат болса қорегім.

Нышан.

Тежелеп қанды жосыған,
Жастықтан кім бар шошыған?
Албырттық - жастық дегенің!
Салғырт боп қалай көнемін,
Ләззатты күткен мен едім.
Түн қатам, тынбай жосылам,
Жастықтан кім бар шошыған?
Кеудесі жалын мен едім,

Мұса.

Желкені болып керемін
Махаббат - деген кемеңің!

Иса.

Өзімше шырқап көремін
Махаббат, жастық өлеңін!

Асан.

Қалғыса арың, намысың,
Тілеуі елдің жанысын.
Сертіміз қайда, жөн қайда?
Біздерге сенген жан қайда?
Кеудеге күдік салмай ма,
Жертезек болған намысың?
Аяққа басар ар ісін!

*Төрт жігіт төрт бұрышта сілейіп, бір-біріне үнсіз
қарап қалысады. Асан одан сайын ашына түседі.*

Іс қайда күткен біздерден,
Жер анау жаз бен күзде өлген,
Көл анау у боп өзгерген,
Үмітті қусақ көздерден,
Сендерге-ақ бердім ғарышты,
Аяққа бассаң намысты.
Үндесем жағым қарыссын,
Гүлменен, қызбен, сезіммен,
Тыңдыра алсаңдар бар істі.

Иса.

Әй, әй, әй, айтты, шын айтты,
Дымымның құрып қалғаны-ай!
Ақиқат жеңді, мұңайтты,
Арымнан безем мен қалай!
Көгертпек түгіл құмайтты,
Адасып жүрміз, жалған-ай,
Парыз бен қызды талғамай.

Мұса.

Пай-пай-пай, қайтіп шоршырсың,
Бұлтартпай шындық шырмады.
Ну менен суға жер тұнсын -
Ырыс пен байлық құндағы.
Парызын ақтап ер тынсын,
Болмасын бөгет сырғалы.

Нышан.

Әй, үшеу, жөншіл, турашыл,
Айқайшыл, көпшіл, урашыл!
Сендерге Нышан бір масыл,
Нұрынан қара көзімнің
Құдірет қана сезіндім.
Өзімін - өжет төзімнің,
Келмейді серттен безінгім.

Сәтіне іңкәр сезімнің
Жетпейді тіпті мың ғасыр!
Бір сәтке сиған бір ғасыр.
Ән арна оған, мұң жасыр.
Сондықтан салам күнде асыр.
Бола-ақ қойыңдар урашыл,
Сендерге мен ғой бір масыл.

Мұса.

Қисыны бар-ау сөзінің,
Сезімнен жұрдай езі кім?
Арудан қашар мен бе екем?

Иса.

Үміт пен күдік айқасып,
Құрыды-ау әбден төзімім.
Өртеніп сүймес ер ме екен?

*Бәрі тағы бір сәт үнсіз қалған. Өзінің оңаша жерінен
Сағыр өзіне-өзі айтқандай залға қарап сөйлейді.*

Сағыр.

Пай-пай-пай, сөздің шарпуы-ай,
Жарқ та жұрқ сілтеп семсерді!
Анаусын мынау еңсерді,
Мынаусын анау еңсерді.
Тістеуін-ай, тарпуы-ай!
Өше бір беріп шалқуы-ай!
Асаны айтса, сенесің,
Нышаны айтса, көнесің,
Сенесің - соған ересің,
Көнесің - бұған ересің,
Бағаларының артуы-ай!
Тереңнен тартқан - қалқымай!

Асан (Үшеуіне кезек-кезек үңіліп өтеді).

Ақылдан қажыр қашырған,
Саудайы күйге бас ұрған,
Сендерден мүлде түңілдім.
Мағнасын ұқпай ғұмырдың,
Желөкпе арзан бүгінгің,
Желікке толған жүгіңнің
Асырдың бәсін ғасырдан.
Парыздың парқын жасырған,
Сендерге енді сөзім жоқ,
Борыштан мықты сезім жоқ,
Ақиқат өлсе - төзім жоқ,
Сендерден жайрап, шашылған
Түңілгенімді жасырман!

Асан кете бергенде, қарсы алдынан Сағыр шығады.

Сағыр.

Ұлдарым, сәл-сәл өтінем...
Әлгіңде... һім... келіп жетіп ем...
От тілдің көрдім шайқасын,
Сана мен сезім айқасын.
“Сананы сезім жайқасын”!
“Санадан сезім тайқасын!”
Деген бір ойға бекіп ем,
Қызыққа батып кетіп ем...
Алжастым... соған өкінем.
Солады күзде гүл ғана.
Солады күнсіп тұл дала,
Жаудырап көл тұр мұңдана.
Сөнбейтін жастық - бір ғана
Төзеді жастық сынға да.
Сондықтан батыл өтінем,
Бекіген дұрыс, бекіген.

Үмітін елдің ақтаңдар,
Азаматтықтарыңды сақтаңдар,
Көл менен жерді баптаңдар.
Содан соң (*пауза*) мүлде ұлықсат,
Яратқан бик қызды жақтаңдар.

Асан.

“Атаңнан сұра ақылды...”
Ұмыттық осы нақылды.
Әз атам айтты шешімін,
Парыз бен ардың кесімін.
Тапқанша істің шешуін,
Айтпаймыз қыздың есімін,
Қақпаймыз мүлде есігін.
Аламыз осы ақылды?
Дейміз бе “мақұл!” мақұлды?

Мұса.

Атамыз айтса, көнеміз,
Жөні бар мына сөзіңнің.

Иса.

Болайық қарсы неге біз,
Сөндірдім отын сезімнің!

Нышан.

Олай болса, жігіттер,
Мен - кесек мұздың өзімін!

Асан.

Қиялды қуып, үркітіп,
Осы еді буған бір күдік.

Мұса.

Ал ендеше бойдақ боп,
Сол күдікті сілкідік!

Иса.

Атамның сөзін ойлап көп,
Желіктің дуын іркідік!

Нышан.

Жастықты жиып қоймақ боп,
Шыға келдік жұлқынып.

(Залға).

Әлдекімдерді ойлап көп,
Жүрегім тұр ғой бұлқынып.

Сағыр.

Азаматтарым, ұлдарым!
Аспандап кетті-ау құндарың.
Қинадым біраз - наз қылдым,
Сөз бердің - шалды мәз қылдың,
Күзімді келер жаз қылғым.
Ақыл айттым да жазғырдым.

(Нышанға).

Кім білсін, әлде азғырдым,
(Бәріне жағалай қарап өтіп).
Жаныма түйдім сырларың,
Қанымдай ыстық ұлдарым,
Сақалды мүмкін бұлдадым,
Әйтеуір, бәрің тыңдадың.
Болмасын ділде терістік,
Тілек пен істі тегіс қып,
Адамға Жері - ең ыстық,
Сол Жерді толған жеміс қып,
Бойдақ болуға келістік.
Солай ғой, нардай ұлдарым?
Керек-ақ сертте тұрғаның!

Асан.

Еркекпіз, ерміз, жігітпіз!
Серт сақтауға даярмыз.

Мұса.

Сенімді ақтар үмітпіз.
Құлашты кеңге жаярмыз.

Иса.

Сезімге - темір құлыппыз,
Жұмысқа бәрін саярмыз.

Нышан.

Жүректі тастап жұлып біз
Қыздарды көрсек - таярмыз...
(Залға).

Жалт бергіш неткен жүлікпіз,
Әй, аярмыз, аярмыз!

Шымылдық

Екінші сурет

*Жатақхана алды. Бегәлі тротуар сыпырып жүр.
Екінші жақтан асықпай басып Сағыр келеді.*

Бегәлі.

Понимамайыш, шорт бәзми,
Маладежге жоқ тыным,
Туда-судә бегәйіт.
Өздерінде тіпті аз ми,
Бәрәдік бұзып обшының
Ношта да соғар гөләйіт.
А тый сыпыр мүсірді...

Қарап жүрмей соқтығып,
Ағаштан листыны түсірді.
Секек-секек дебішке,
Қоқаң-қоқаң ұйноша.
Шаққандары шемішке!
Нады комнәт лижат,
Алысса да ойнаса.

(Бұрқыратып сыпыра жөнеледі).

Сағыр.

Сөзді қой, сыпыр, құрдасым,
Листыны да, шанды да.
Жастығын жастар жырласын,
Асыға қарап алдына.
Бұлдырап біздің, Бегәлі-ау,
Қалды ғой артта бал дәурен.
Сол кезде-ақ сенде кем еді-ау
Бозбала кешкен сал дәурен.

Бегәлі.

А што я не кужы!
Мен де болғам бозбала!
Абижайыш, но тый жы
Шайтанымды қозғама!

Сағыр.

Сенен шайтан табылмас,
Табылса да шабынбас.
Бозбалашылын, мықтысын!
Жүрегiнiң түктiсiн!
Сезiмге шiркiн күптiсiн!
Жұмыста жүрдi қарындас,
Соғысқа кетiп ауылдас.
“Ауырдың” кезде, ауырмас.
Көбейттiң ыңқыл-сыңқылды,

Жоғалттың жастық күлкіңді.
Соғыстан қашып, жан күйттеп,
Қараттың жерге жұртыңды.
Жан азабы арылмас,
Арамға шындық бағынбас,
Сендейді жастық сағынбас.

Бегәлі. *(жан-жағына қарап).*

Ну, құрдас, дүрік дәрәгөй!
Дос жылатып айтады.
Бордақы... баран ала ғой...
табады дөшкә қой тағы.
Забудым кезді мәладой,
Туоя силнай шайтаны.

Сағыр.

Шындықтан, құрдас, қорқасың,
Сиыр бүлкілмен жортасың.
Аузымды қоймен жаппассың,
Другты менен таппассың.
Ниетің бұзық саппассың!
Адалды сірә, татпассың!
Өзгеге кінә артасың,
Бүлдірсең де елдің ортасын.
Сазанды әлі-ақ тартасың!

Сағыр кете береді. Жақып пен Сақып шығады.

Бегәлі *(Сағырдың соңынан бүлкетейді).*

Әбәжди, дүрік, ау, құрдас!
Болыпсың сәпсім қалжыңбас.
Баранды зашем алмайсың?
Тый - қазақ емес жандайсың.

Сағыр.

Жә, болды, сөзің өзіңе,
Тап келме қырсық кезіме!

Жақып.

Әу, сендерге не болды?
Біріңнің-бірің төбеңді
Оятыңдай-ақ дауласып!
Айқайға баспай жауласып,
Жүрмей ме достар жалғасып.

Сағыр.

Сүйекке сіңген әдеттен
Арылмас мынау Бегәлі.
Иттен де сүйек дәметкен.
Усойқы сыры көп әлі.
Жоқ енді ісім бұнымен.

(Жақып пен Сақыпқа кезек-кезек қарап өтеді).

Ұйықтамағансыңдар ма түнімен?
Біреуің қалмай біріңнен,
Жай жүрсіңдер ме екеуің?
Әй, Жақып, саған не болған,
Кетіпті-ау қашып кетеуің?

Жақып.

Біздерде маза болмай тұр...

Сақып.

Болмағаны нес... оңбай тұр...

Сағыр.

Кезекпен бірің сөйлеңдер,
Миыма түк те қонбай тұр.

Сақып.

Айтпағым... біздің Гүлсім ше...
Жүргенім деп сол күлсінші...

Жақып.

Әй, езіп, мыжып, тартпақтап,
Сенің де сөзің құрсыншы.

Қуатым, күнім, Гүлсімім -
Ашылып тұрған бүршігім!
Бойжеткен қызға бүгінде
Қадайтын мол ғой көп сұғын.
Қара ешкіге жан қайғы,
Бойжеткен қызға жар қайғы.
Бүгінде бойдақ жігіттің
Жерге де қаны тамбайды.

Сақып.

Ендігі уайым сол боп тұр,
Үй болу қызға сор боп тұр.
Арманым - жиен бесігін
Отырсам былай тербеп бір!

Бегәлі (*Жақыпқа жақындап келеді*).

Әу, құрдас, мені слушай,
Менде - ұл, сенде - әйбат қыз.
Пиба мен ботқа, бурыл шай
Жонқаңа самауыр қайнатқыз.
Екеуіміз сыбат боламыз,
Сынаха будит балаңыз.
Құдағи ишшо карашо,
Суадба гөләйт саламыз!

Сағыр.

Әй, тырқуым, тырқуым!
Қомағай-ау құлқының!
Былғамай жөнел адалды,
Зар болар әлі бұл күнің,
Шатасы қасқыр, түлкінің!

Бегәлі үн-түнсіз кетеді. Жақып басын шайқайды.

Жақып.

Қудың-ау бекер байғұсты
Құрдасқа қысас сия ма...

Сағыр.

Қондырмақ болды қай құсты
Былғаныш арам ұяға?
Білдің бе соны сен өзің?
Өртене қапты өзегің.
Қызыңды бер де ұлын ал,
Арамнан жиған пұлын ал!

Жақып.

Қой, әй, Сәке, қызынба,
Әлгіге келін - қызым ба?!

Сақып.

Жә, Сәкең дұрыс айтады,
Құрдас деп соны бұзылма.
Гүлсімнің жайы қыйнайды...
Бес күннен бері бір қайғы.
Кеудесін, сірә, тырнайды,
Әуелеп ұшқан аққуым
Дала мен үйге сыймайды.

Жақып.

“Мұса!..,” деп жайнап өткенде.
Қарамай сол ұл кеткен бе?..
Айрылып қалдық күйеуден,
Қолымыз енді-енді жеткенде.

Сақып.

Күйеуі несі, алжыған,
Майланғандай-ақ қанжығаң,
Меншіктеп қашан алып ең,
Мейірленіп ең, қанып ең,
Мерейленіп ең, жанып ең?
Тапқанда дертке анық ем,
Бұзды ма сертті әбжылан?
Жығылмаса екен бар жығам.

Жақып.

Қой, қой, қой, Сақып, қиналма,
Тігілер отау үйді ойла.
Қалауы Гүлсім сол болса,
Маңдайға Мұса симай ма?
Е, бәсе, неге симасын,
Көбейтсек, шіркін үй басын!
Тәңір бір ұлды сыйласа,
Болар ед Мұсам - қимасым.

Сағыр *(залға қарап тұрып сөйлейді).*

Е, дәупірім, дәупірім!
Менің де жоқ-ау сау күнім.
Ұлдарды қыздан бездіріп,
Сезімді сөгіп, сөз қылып,
Жандарды жүрген үздігіп.
Біріне-бірін мұз қылып.
Оу, дәупірім - сенгенім,
Пірім бол, жебеп сен менің!

(Жақыпқа бұрылып, иығына қолын салады).

Тыңдағын, құрдас Жақыбым,
Құлақ сал маған, Сақыбым.
Айтатын енді ақылым -
Жасай беріңдер той қамын,
Күйеу боп кірер бойдағың!
Орыңдалар ойдағың!
Тұрмаңдар, үйге қайтыңдар,
Гүлсімде болса жай тыңдар,
Мұсамыз деп те айтыңдар,
Күйеу деп ептеп айтыңдар.
Сеніңдер, дереу қайтыңдар.
Осында Гүлсім жөнелсін.
Дәнекер болар мен - елшің!
Қосылып жастар кенелсін.

Жақып.

Аузыңа май...

Сағыр.

Ойбай, атама!

Ішіме құрғыр жақпайды.

Сақып.

Астыңа тай...

Сағыр.

Қайырын қазақ сата ма?..

Адам деп іштей мақтайды.

Жақып.

Дем бердің, шалды тасыттың.

Сақып.

Болады, құрдас, басытқың...

Жүрсеңші, мен... мен асықтым.

(Жақыптың қолтығынан тартып, екеуі кетеді).

Сағыр.

Ойланбай оқыс не дегем?

Шалалық па еді өнегем.

Іңкәрлік саусақ жайғанда,

Қызығын неге бөгегем?

Қиянат қыппын арманға,

Қауызын гүлдер жарғанда,

Құштарлық шығы тамғанда,

Жалынды таптап, өшіріп,

Кеудеге ызғар көшіріп,

Данасып, күпсіп, төс ұрып,

Ақыл берудің оңайын...

(Залға қарап басын иеді. Екі қолын жаяды).

Қатемді шапшаң түзейін,

Ызғардың шебін үзейін,

Айланы біраз тізейін.

Бар өнерді салайын.

Кеуделерге лаулатып,
Асықтық отын жағайын.
Қартайған мынау жасымда,
Айналып кеудем асылға,
Дос түгіл таң боп қасым да,
Төрт бірдей отау қасымда
Тігілер сонда, ағайын!
Дабылды мықтап қағайын!

*(Ойланып отырып қалады. Солбырайып Мұса, Иса
және Нышан баяу басып кіреді).*

Сағыр.

Уай, не болды, ұлдарым?
Басы бос өңшең тұлдарым.
Ұнамай тұр-ау бұл халің.
Иіндеріңе су кетіп,
Ауызды тарс қып жұмғаның.
Бойдақтарым, құрларым!

Мұса.

Қуанатын жай бар ма?

Иса.

Қуаныш деген қай маңда?

Нышан.

Қар жатпай ма, ататай,
Күн көзі түспес сайларда.

Сағыр.

Е, дәуірім, ойланба,
Қанатын көктем жайғанда,
Махаббат дейтін пайғамбар
Көлеңке басқан сайларға
Күншуақ болып аумай ма?
Кеудеге сәуле жаумай ма?
Тілектен үміт саумай ма?

Тасыған қаның қайнарда -
Жастықты кісен байлар ма?
Жалындап кетер, жайнар да!

Мұса.

Махаббат дейтін пайғамбар...
Жүректен тілек саулайды, ә?

Иса.

Тасыған қаның қайнайды, ә?!
Жігіттер, сертті ойлаңдар...

Нышан.

Желік боп, жын боп ойнайды, ә?!.
Махаббат атты пайғамбар...

Сағыр.

Тілегін қиып, жойғандар!
Үмітін үзіп қойғандар!
Қалқаларынан айрылып,
Отауын өзі ойрандар...

Мұса.

Үмітін үзіп қой-ған-дар...

Иса.

Отауын өзі ой-ран-дар...

Нышан.

Жиырма бес келмес айналып;
Жігіттер, тілек жоймаңдар!
Ойнаңдар да тойлаңдар!

Сағыр.

Тәуекел деңдер! Таймаңдар!
(Жігіттер кетеді. Сағыр көңілденіп қалған).

Мың артық атақ, қадірден -
Айналдым жастық - тәңірден!
Қар жатыр менің кеудемде,
Шама жоқ бикешке “әу!” деуге,

Шара жоқ күйді жөндеуге,
Су ағады-ау тамырмен.
Буын-буыннан жел үрген.

(Жан-жағына қарап, үнсіз тұрған Гүлсімді көреді).

Егіз ғой жастық өмірмен,
Тайсалмас оттан, темірден.
Келеді әне, Гүлсімжан
Іштегі қайсар әмірмен,
(Гүлсімге бұрылып).

Кім десем, Гүлсім, сен бе едің?
Көп болды сені көрмедім.
Біреуді іздеп жүрмісің?
Кештетіп қалай келгенің?

Гүлсім.

Бір құрбыма келіп ем...

Сағыр *(өзіне айтқандай етіп).*

Түңілдім әбден жастардан
Бірінен бірі жеріген.

Гүлсім.

Көңілсізсіз ғой, атажан,
Кінәлімін бе, тегі, мен?

Сағыр.

Болайын қайдан көңілді,
Түсінбейсіңдер өмірді.
Жүрек қып тұтып жүрсіңдер.
Мұп-мұздай суық темірді.

Гүлсім.

Қабақтан ызғар төгілді.
Түнерттің неге көгімді?
Түсінбей тұрмын, жан ата.

Сағыр.

Шығып ем бүгін таң ата -
Бір батып, бетте бір жүзіп,
Бір сәтте күдер үзді үміт,
Көшкендей жүзден күзгі бұлт.
Түнеріп, қайта үздігіп,
Көрдім бір жүрген жігітті
Қармаған әлсіз үмітті.

Гүлсім.

Кім екен ол үзген үмітті?

Сағыр.

Айтар ем жауап жетер ме,
Жартастан тілсіз мәңгілік?

Гүлсім.

Қиналма, ата, бекерге,
Жүректің тілі өтерде,
Тастан да шығар жаңғырық

Сағыр.

Шықсайшы онда жаңғырық...

Гүлсім.

Дал қылып, ата, таң қылып,
Кеудеде шырақ жандырып.
Қуантып, естен тандырып.
Мен бе екен сөйлер тас үні?

Сағыр.

Иә, ботам, сөздің ашығы -
Сен едің ынтық асылы!

Гүлсім.

Ой, көке! Мен бе?! Шын ба өзі?!
Өткір еді қандай күн көзі...

(Аспанға қарап, торлаған бұлттан көзін ала қашады).

Бұлтқа сүңгіп кеткен бе...
Шатастым білем, мүлде өзім...
Ынтығым дей ме, көкежан,
Іңкәрім дей ме, жан ата,
Жайлай ма жанын нұр сезім?!
Аты кім, әке? Созбашы!

Сағыр.

Әдептен қызым озбашы...

Гүлсім.

Еместей мынау өз басым...
Қылтитып қоймай сөз басын
Көкежан, түптен қозғашы!

Сағыр.

Ибалық, қызым, тозбасын...

Гүлсім.

Дейсіз бе мені боздасын?
Ендеше, әке, өкірем,
Шапшымын, орғып секірем,
Өтінем, көке, өтінем!

Сағыр.

Е, осылай жалын маздасын.
Маздасын, ешбір азбасын.
Мұса мен Гүлсім табыссын,
Күмбірлеп көкке ән ұшсын,
Жылытсын мені әр ұшқын.
Қоздасын, бақыт, қоздасын,
Жұптарын жастар жазбасын!

Гүлсім.

Түс емес, көке, бұл өңім!
Мұса ғой! Мұса - тілегім!

Жан көке, онда мен кеттім,
Бұлқынды-ау тулап жүрегім!
(Сағырды құшақтап сүйіп, Гүлсім жүгіріп кетеді).

Сағыр.

Қабыл болсыншы тілегің!
(Залға қарап көзін қысып қояды).
Әсем мен енді Дәмешке
Исажан мен Нышандай
Ұстата алсам тірегің,
Табар ем жаным бір емін.
Айтады алғыс бұл елім!
Төрт тойды бастап жүремін,
Кеудеме симай бақытым,
Жарылсын сонда жүрегім!

Шымылдық

Үшінші сурет

Түн.Кезекшілер бөлмесінде Сағыр тамақ жеп отырады.

Сағыр.

Кептеліп қалды-ау өңешке...
(Залға қарап, басын шұлғып қояды).
Саспаңдар, сертім бәрі есте.
Шыр жұқпас, қазы жесем де,
Ал, айлаға келгенде
Жібергем емес есемді.
Исаны көзеп Дәмешке,
Нышанға мақтап Әсемді,
Орадым сиқыр елеске.
Сенгіш те нанғыш халықсың,

Жәудірей қарап қалыпсың,
Көзбенен тесіп кесемді.
Кептеліп қалды-ау өңешке...
Әй, енді жалғыз жемеспін!

(Асан қыбырсыз басып келіп, ту сыртында тоқтайды).

Асан.

Іздеген жоқ па мені ешкім?

Сағыр *(селк етіп жалт қараған).*

Асанжан!.. Балам, сен бе едің?
Жақсы болды ғой келгенің...
Іздеді сені демеспін,
Іздеген жоқ та демеспін.

Асан.

Анық айт, ата, жауабын,
Керек жоқ былқ-сылқ көмескің.
Бір сәтте мың сан ауатын
Өзгелердей емеспін.

Сағыр.

Апырым-ай, Асан - ақ кеуде,
Қақпасы берік, сақ кеуде.
Айтуға тілім бармай тұр
Әліптің артын бақ деуге.
Оралса кез боп сәтті күн
Кеудеңе қадап бақ гүлін,
Мың емес мың бес өзгеріп,
Жүрмегін сонда аптығып.

Асан.

Қайрат бар төзер дәл менде,
Салармын құлып әр демге...

(Чемодан көтеріп бейтаныс қыз - Ғайша кіреді).

Ғайша.

Қайырлы болсын кешіңіз!..

(Дір ете қалған Асан залға бұрыла қарап сөйлейді)

Асан.

Түскендей бұғау дәрменге.

Алаулы құйын бар демде,

Өзгеріп кетті-ау хал менде,

Перизат қызды көргенде...

(Ғайшаны бір айналып шығып, енді қызға тіл қатады).

Қайырлы... Бері көшіңіз...

Көшпеңіз... Мұнда өтіңіз,

Атажан, қазы кесіңіз,

Суып қапты ғой етіңіз...

Ғайша.

Рақмет, әуре болмаңыз...

Қонақүй іздеп, аландап...

Асан.

Онда ма, ата, онда біз...

Көреміз енді амалдап.

Солай ғой, ата, әлде не?!.

Сағыр.

Шұрқ етпе, балам, қам жеме!

Жасаймыз, әрине, амалын.

(Қызға бұрылып иек қағады).

Қай жақтан келдің, қарағым?

Ғайша.

Институтты тәмамдап,

Москвадан келдім мен.

Сағыр.

Бітірген Мәскеу сабағын

Жарадың, қызым, жарадың?

(Асан өзінен-өзі бүлініп, қуанып, залға бұрылады).

Асан.

Ішкендей бургун шарабын,
Лапылдап жанып барамын!

*Асан Сағырға әлденені сыбырлайды. Шал бас изейді.
Сахна қаракөлеңкеленіп, қайта жанғанда жатын бөлме
көрінеді. Терезеден Мұса секіріп түседі. Шамды жағады.
Бүркеніп алған Асанның кереуетінің қасына келеді.*

Мұса.

Құттықта мені, бауырым,
Кінәлап бекер жасқама.
Білемін күнәм ауырын,
Қимаймын бірақ басқаға.
Төрт бойдақ едік, сиредік,
Серт бұздым, жасын ұрған жоқ!
Кірпікке жем боп түйреліп,
Еркіммен келдім құрбан боп.
Көзіңмен көрмей нанбас ең,
Жанарға тұнған бар әлем!
Қызыққа мүлде қанбасам,
Азабын тағы алар ем!
Жаныңды жаулап алғанда,
Еріксіз лаулап жанарсың!
Жалынам, Асан, таңданба,
Айыңды сен де табарсың!
Көрші мені!.. Қарашы көзіме!
Кешірші күнәкарды...

*(Көрпені ашады. Төсекте Ғайша жатыр. Мұса сасып
безе жөнеледі. Терезеден шыға бергенде, Иса қарсы
кездеседі).*

Иса.

Қайда кеттің асығып?

Мұса.

Кеткені ұйқым ашылып....

Иса.

Асан ұйықтап жатыр ма?

Мұса.

Иә, не керек басқа пақырға.

Иса ішке кіреді. Тыста Мұса бақылап тұр. Ғайша қайта бүркеніп алған. Иса туфлин шешіп отырып сөйлейді.

Иса.

Жатырсың қарап жарға құр,
Қызық пен қыздан құр қалып.
Адамзат та бір, аң да бір,
Сезімнен жүрсе ұрланып.
Мақпал түн - тербеп шайқаған
Қуаныш күйдің бесігі.
Осынау түнде айқара
Ашылды бақыт есігі.
Жеткізбей жүрген бір қиял,
Ұстатпай жүрген бір үміт
Ару қыз боп оралды,
Жүректе әуен тіріліп.
Тілеші бақыт досыңа,
Тілейін соны мен саған!
Серт бұзды деп шошыма,
Туады айың аңсаған,
Ояншы, Асан, жалынам!..

Бір туфлиін шешкен, секіріп барып көрпені ашып кеп қалады. Қолаң шашы төгіліп жатқан Ғайшаны көреді. Сыртта Мұсаның күлкіден ішегі түйілердей. Иса терезеден атқиды. Жалаң аяғын көтеріп-көтеріп қояды. Әндетіп Нышан келеді. Иса аяғын жасырады.

Нышан.

Су шыққан ба төсектен?

Иса.

Қыз қуған сендей емеспіз.

Мұса.

Тазамыз әзір өсектен.

Нышан.

Жатырқап қалам жатсынып,

Секундке әрбір бос өткен.

Адю, пардон, бойдақтар!

*(Нышан бөлмеге кіреді. Пиджагін шешіп төсектегі
Ғайшаны жіберіп ұрады).*

Қашанғы, Асан, жатасың,

Қызық пен қызды ойламай?

Сезімге қалай батасың,

Күмп етіп терең бойламай?

Аңсаған жалын жүректің

Қызуын жанмен сезбес кім?

Су сеуіп, соған гүл еккен

Кермиық қызбен кездестім.

Қызынып, суып, бір ысып,

Жайғанда Әсем құшағын,

Тілек пен тілек табысып,

Туысып кетті Нышаның!

(Ғайшаны өзінің жастығымен жіберіп ұрады).

Естимісің, сұр бойдақ!

Құшақта суық тізеңді.

Сертті сен бұзбай, жүр ойлап,

Нышаның бүгін түзелді!

*(Сол бойда Ғайша жатқан кереуетке бір-ақ
қарғиды).*

Дәл, міне, былай құшып ап,
Дәл, міне, былай сүйгенмін!
Тулама деймін, Асаным,
Үйренген жақсы, үйренгін!

*(Алқынған Ғайша ауыр дем алады. Көрпесін ашқанда
көзі шарасынан шыққан Нышан ұшып тұра келеді)*

Ғафу, пардон, сұлу қыз!..

*Сыртта Иса мен Мұса мәз. Алдауына екеуін де
түсірген Мұса жер тепкілеп билеп жүр. Кенет... Темір
нәлді өкшесі Исаның жалаңаш бақайшағын түйіп
түсті. Иса бауыздаған лақтай бақ етеді. Сахна
айналғанда, кезекші бөлмесінде Сағыр жалғыз отырады.*

Сағыр.

Түнімен төртеу сабылды,
Аңсады, күтті, сағынды.
Жібiттi жылтып жанымды,
Сеземін мен де жалынды.
Салар ем тойға барымды,
О, тәңір, қолда шалынды!
Өй, әне бірі селтеңдеп
Телмірген көзге шалынды.

(Бөлмеге күндегісінен өзгерген Мұса кіреді).

Мұса.

Қайырлы болсын, таң, ата!
Атты ғой таңым, жан ата!

Сағыр.

Иілші, балам, иілші,
Қырандай көктен шүйілші!
Жүзіңнен шалқып нұр-жалын,
Көзіңнен атқып бір жалын
Сұрағандай екен сүйінші!
Маңдайды әкел, иілші.

(Еңкейген Мұсаның маңдайынан сүйіп арқасынан қағады).

Мұса.

Сөзінді, ата, тындаған
Бақытын тапты бұл балаң!
Болса егер өмір - теңізім
Қайықпын жүзген төсінде!
Жүректің іңкәр лебізін
Естідім мақпал кешімде!
Шуағын сезген күнінің
Батаңды сұрар бұл ұлың!

Алақанын жайып бата тілеп қарап қалған. Шет қолы көтеріле бергенде, есіктен ақсаңдай басып Иса әндете кіреді.

Иса.

Жомарт еді түн қандай,
Шарпысты ыстық деміміз,
Жарық боп кетті-ау көгіміз.
Кеудеме бір сыр тұнғандай...
Маған да, ата, сеніңіз!

Сағыр екеуін де құшақтайды. Ентіге еніп Нышан келеді.

Нышан.

Кеше шөл ем, көл болдым!
Жалтақшыл ез ем, ер болдым!
Пейішке еркін енгендей,
Шуақтан қамшы өргендей,
Нөсер де болдым, сел болдым!
Бақытымды, ата, көріңіз,
Маған да бата беріңіз.

Қолын жайып, бұл да столға жақындап келеді.

Сағыр.

Бата емес тегін, ұлдарым,
Жанымның сөзін тыңдағын.
Көбейтіп нұрлы бақ күнін
Құштарын, тәңірім, аяма!
Көлеңке сеуіп, шаттығын,
Ып-ыстық жаспен бояма!
Азабы болса, бұрып кет,
Арманы болса, бер жылдам!
Азары болса, бұрып кет,
Айырма мәңгі ән-жырдан!

Үшеуі.

Рақмет, ата, әз ата!
Айтқаның келсін тез, ата!

Мұса. *(мізесін бүгіп отыра кетін).*

Үйлескен жүрек бір болып,
Екеу боп есек өмірге...

Иса.

Қасымда жүрсе күн болып...

Нышан.

Арманым осы менің де!

Мұса.

Қайырлы болып қадамы
Келінің ашсын есікті...

Иса.

Іңгәлап жатса жаманым...

Нышан.

Тербетсем мен де бесікті!..

Сағыр.

Тойларға той ұлассын!
Ұмытсын адам жылауды!
Оқпенен емес шаттықты

Гүлменен білсін сынауды!
Аңырамасын Аналар
Тағы да жоқтап ботасын.
Сондайда мұңға батасың.
Сендер ғой ие әлемге,
Әлемге, ән-күй, өлеңге,
Тыныштық, бейбіт бар елде.
Кеудеде жанған ізгілік
Көздерден гауһар үздіріп,
Бақытқа қойса жүздіріп,
Сендерге өкпем көп әлі.
Неге Асан гүлден үзді үміт?
Жоқ па әлде досқа ізгі үміт?

Мұса.

Апырмай... досты ескермей...

Иса.

Етектен шауып, төске өрлей...

Нышан.

Қызарған көздер қыз десе,
Қалады екен дос көрмей...

Сағыр.

Қиналмай, қыңбай, сескенбей,
Суық бір ызғар ескендей,
Сөздеріңнен мен түңілдім.
Қинайды жаны бір ұлдың...

*(Ғайша кіреді. Өзіне қадалған үш жігітке басын
иеді).*

Ғайша.

Есенбісіздер, жігіттер!..
Азанда, ата, ұмытпай
Оятасыз ғой, жарай ма?

Сағыр.

Ұйықтай бер, қамсыз ұйықта

Оятam, Ғайша, бар айнам!

Ғайша шығып кетеді. Соңынан төртеуі қарап қалған. Кенет Нышан ортаға шығып, Ғайшаның жүрісін айнытпай салады.

Нышан (*Ғайшаның даусын қайталап*).

“Есенбісіздер, жігіттер!”

Есенбіз онда не түсті?

Мен емес сізге үміткер!..

Мұса.

Үміткер... тоқта, үмітке-ер!

Құлақтарыңды түріп көр...

Иса (*Мұсаны қолымен ысырып*).

Идея!.. Мен, мен... бұл нағыз!..

Жігіттер, ата, тыңдаңыз,

Біздікі - жігіт! Мұнда - қыз!

Нышан (*Исаның аузынан іліп әкетіп*).

Жігітім қыздан осал ма,

Қосамыз қызды Асанға!

Сағыр.

Мен дайынмын, ұлдарым,

Төрт тойды бірден жасауға.

Мұса.

Сөзді бұзсам, оңбайын!

Иса.

Ләппай, тақсыр мен дайын!

Нышан.

Құлдық ұрдым шартыңа.

Сағыр.

Мен біргемін әрдайым.

Мұса.

Онда осы сөз серт болсын,
Бақида, фәни жалғанда!

Иса *(алақанын сарт еткізеді).*

Баста бізді арманға!


Нышан. *(алақанын сарт еткізеді).*

Ерінге ерін жабыссын!

Сағыр. *(алақанын сарт еткізеді).*

Сендерден қалар шал бар ма,
Менің де сертім қабыссын!

Шымылдық



ЕКІНШІ БӨЛІМ

Төртінші сурет

Жатақхана алды. Бегәлі Сағырды өкшелеп қуып келеді.

Бегәлі.

Әбежди, дүрік, әбежди,
Алсаңшы құрдас сәлемін.
Менікі жаман әдежда,
Әйтпесе душа әдемі.

Сағыр.

Сәлемің сенің өзіңе
Әдемің сенің өзіңе.
Жақсылық түспес көзіңе,
Әдебің сенің өзіңе!
Жерің жоқ жүрер жынданбай,
Көзіңе қан кеп тұнғандай,
Төбе шашыңды жұлғандай,
Қуасың бақтан жастарды,
Туырлықтай етіп аспанды,

Бегәлі.

Әбежди, дүрік, шулама.
Барасың қайда, кудаға?
Алмам бар, дабай, кушайым,
Сердитса жашем, тулама.
Құрдасқа құрдас шутиды,
Мөлшек көп сенде, бала көп.
Ал, менде әйел... жона жоқ,
Әйелсіз жанда пана жоқ.

(Сағыр қалт тоқтап, Бегәліні иығынан ұстай алады).

Сағыр.

Әй, өзің, құрдас, Бегәлі!
Жылап тұрғаннан саумысың?
Жігіт емеспісің сен әлі
Дуадақ бүрер шәулісің!

Бегәлі.

Дуадақ... жігіт... зашем ол,
Алмайды тілді балалар.
“Мен - әтес, сен - сын” десем ол
Душамды дорақ жаралар.

Сағыр.

Қайтесің, құрдас, қиналып,
“Баланы жастан” демей ме.
Ашынған сырым жиналып,
Тіреліп тұр-ау көмейде.
Есекке атты теңей ме?
Суықсың! Мұз боп көбейме.
Ешкімге қабақ бермейсің,
Зарлаған шерді көрмейсің.
Шаттыққа балқып ермейсің.
Сендейді пенде демей ме,
Осы еді тұрған көмейде.

Бегәлі.

Пенде? Ол іштө? Адам ба?
Ухама түк те кірмейді.
Бәйбіше туая аман ба?
Жонкасы жоқ істариқ
Өмірдің мәнін білмейді.
Мә, ябілокә. Ұсталық!

Сағыр.

Рақмет, құрдас, алмаңа.
Адалды бірақ алдама.

Жастарды қума парктен,
Тілегім сенен сол ғана.
Жете ме осым кәллаңа?

Бегәлі.

Кәлла ма? Ә! Иә, гәлаба,
Работайыт как іштык!
О войне зашем балаға...
Рәскәжи маған таныс қып.

Сағыр.

Бегәлі, қолқаң орынды.
(Орындыққа отырып, қызынып сөйлей бастайды).
Дауылдай бүрқап ескенбіз!
Елемей өмір, өлімді,
Белшеден қанды кешкенбіз!
(Сырт жақтан төрт жігіт келіп, өңгімені үзеді).

Асан.

Қайырлы кешпен, аталар!

Мұса.

Мақпал түн, жұлдыз...

Иса.

Оңаша Ай!

Нышан.

Ақтамақ! Көздер боталап...

Бегәлі.

Разгәуорам не мешай!
Ну, құрдас, қолда өбтамат...

Сағыр.

Автомат!?. Ә, иә, бір үйге
Ұрлана басып келемін.
Жастықтан үрей іри ме -
Деген ой жоқ: “өлемін”.
От пенен судан таймаймыз,

Қақпақыл ойнап оқпенен,
Ашу боп, кек боп қайнаймыз!
Ә-ә... содан үйге жеткен ем...
Сығалап едім әйнектен, *(Пауза)*.
Толып отыр көп неміс...

Нышан.

Тізгінді, Сәке, сәл тартып,
Аз-азырақ ептеңіз.

Сағыр.

Өтірік айтып мен саған
Бастығым бедің жағынар.
Тіпті оларды көпсінсең,
Үш-төрт әйел тағы бар!
Бал шарап буып, шуылдап,
Әй, қызған сауық-сайраны.
Ызадан бойым дуылдап,
Қап-қара қаным қайнады!

(Бұл кезде Қатша келіп, сырттан елеусіз тыңдап тұрады.)

Нышан.

Гранатаны құлаштап
Лақтырып ке-е-еп жіберіп!..

Сағыр.

Шығындап қайтем қаруды,
Жау емес олар - тірі өлік.
Винтовкамды кезеніп...

Бегәлі.

Әбтәмат... ігде әбтәмат?

Нышан.

Автомат зашем? Ақ тамақ
Тұрғанда алда безеніп...

Сағыр.

Винтовка - досы батырдың...
... Кіріп-ақ бардым есіктен.
“Қанды кек!” деп ақырдым,
Фашистеріме өшіккен.

Иса.

Біле ме екен қазақша?

Мұса.

Білдірген ғой, білмесе.

Сағыр.

Тым қаражаяу емеспіз
Атаңа, балам, күлме сен.
Түсіндірейін білмесең.
“Қанды кек!” бұйрық немісше
“Қолыңды көтер” дегенім.

Бегәлі.

А ігде немка дебішке?..

Сағыр.

Төнгенде үстен, тегі өлім
Сес қалмас мүлде сүлдерде.
Қалшиып қалды бір демде
Шырылдаған құр сыбыс бар,
Шұрылдаған пәс дыбыс бар,
Қойды ғой деймін... жіберіп.

Бегәлі.

Бісегда солай тырустар!

Мұса.

Вот қандай болған ұрыстар!

Иса.

Сағакем бар ғой дұрыстар!

Нышан.

Шаншып бір, түйреп кеттіңіз,
Ұрыста қандай тұрыс бар!

Қатша.

Текесіп, қағып тым жылмаң
Кетіп ең бәсе, қағыңды.
Жіберейін жып-жылдам
Жаһаннамға жаныңды!

(Шалының жағасына жармасады. Сағыр шегіне береді.)

Сағыр.

Сабыр ет, қосақ, ярамид,
Дәтіңіз қайда, япырым!
Ақылға ашу карамид,
Ақырын, бикем, ақырын.

Бегәлі.

Изменет ету жонкаға...
А ишшо салдат байевай!
Мен болсам тура жаңқалап,
По башкам дал бы аямай!

Сағыр.

Әй, құрдас, отқа май құйма,
Басыңның жұқа-ау құйқасы.

Бегәлі.

Во, Қатша! Сұлу! А тиба
Немістің нужын қилкасы.

(Асан Бегәлі мен Қатшаға кезек қарап сөйлейді.)

Асан.

Ойыннан өрт тұтату -
Ұят қой, Бәке, мұныңыз.

(Қатшаға).

Қалжыңды қажап жұтату -
Әділін айтсам - мініңіз.

Сағыр.

Баланың ісі шала -деп
Аталар айтқан дұрыстап.
Саудалап сатса намысын,
Жұмсауға қанжар тұра ма.
Айдап кеп мына арысың,
(Сағыр маңғаздана төсін қағып-қағып қояды.)
Қамай салдым ұраға!

Нышан.

Бикештер қайда? Қай елден?
Қайтті екен сонда сері ағам?

Сағыр.

Дәупірім, қашан әйелмен
Соғысушы еді, ер адам..
Қоқайтып шашын ораған.
Біреуі күліп қараған,
Бауырынан түгел жараған,
Бүлінсін содан сері ағаң!
Күлімдеп көзі күлмей ме,
Қылт еткенді ілмей ме,
Қан шеңгелді бүрмей ме!
Мен дағы бір кез жас болғам,
Құштар да болғам, мас болғам.
Кеудеге түсер бір шоқты
Іздегем жерден, аспаннан.
Қызындым, жандым, өртендім,
Төрт бикеші екен төрт елдің.
Жалын да құштым, өрт емдім!
(Манадан үнсіз отырған Қатша жұлқынып шыға
келеді.)

Қатша.

Білем ғой, Асан, әзілді
Тоқтамай қайтем дұрысқа.

Бегәлі.

Бақырайтып туая глаза
Измена жасау дұрыс па?
Пастабит шорт бәзмиді
Бірәмі нады бұрышқа!

Сағыр.

Әзәзіл шіркін, әзәзіл!
Құртар мен өршіп жанбасаң...

Қатша.

Шынға айналар бұл әзіл
мытып кеп, мытып алмасам!

(Сағыр Бегәліге басын шайқайды да залға қарайды)

Сағыр.

Ойнайды жасын төбемде,
Аяққа күшті салмасам.

Сағыр жүгіре жөнеледі. Қатша қуалайды. Бегәлі айқайлап қосылады. Асан соңдарынан жүйткіді.

Қатша.

Бик һарам икән ойыңыз...

Бегәлі.

Башкадан мықтап соғыңыз...

Асан.

Тоқтаңыз, ата, қашпаңыз!
Тоқтаңыз, әже, қойыңыз!..

Бірін-бірі қуалап төртеуі сахнадан шығып кетеді.

Мұса.

Тілінен тапты-ау бүрісіп.

Иса.

Өнеге болды мұнысы.

Нышан.

Бүйтіп көрген күн құрысын!..

Мұса.

Асанның жайын ойлайық,
Сол болар бізге дұрысы.

Нышан.

Ал, онда былай жасайық,
Ғайшаның жолын тосайық.
Түсіріп құрған қақпанға,
Қос бірдей жасты қосайық,
Аяулы сәті соққанда.

Мұса.

Жорыққа өзің баста онда,
Байлауға мұндай берікпіз!

Иса.

Ұранды мықтап таста онда,
Қандай ісіңе де серікпіз!

Нышан.

Айрылып күндіз күлкіден,
Ұйқыдан түнде қағылып,
Кездерде жүрек кілкіген,
Жүрегің құм боп шағылып,
Айынды көрмей сағынып,
Қайғыдан көрпе жамылып,
Жүргенде сертпен сабылып,
Қалмаймыз ба біз жаңылып?

Мұса.

Бұл серттен ешбір таймаймыз!

Иса.

Жүрекпен сертті байлаймыз!

Нышан.

Ал, онда мықтап ойнаймыз:
Жылайтын жерде күлеміз,
Күлетін жерде жылаймыз.

Мұса.

Өртті де, сертті сынаймыз!

Иса.

Бәріне әбден шыдаймыз!

Нышан.

Асанды қызға қосамыз,
Асудан солай асамыз.
Орындап осы сертті
Сайранға сонсоң басамыз!

Мұса.

Шаттанып әлем күлсін де,
Тапсырсын мені Гүлсімге!

Иса.

Үшырсақ желпіп елесті,
Құшармын мен де Дәмешті!

Нышан.

Күрсінбе, Мұса, күрсінбе,
Құлақ сал, Иса, кеңеске!
Зердеңде жобам жүрсін де,
Жоғалмай тұрсын бәрі есте.
Ақиық деген Асанның
Икемдер қызды ебі жоқ.
Саламыз барды осалдың
Жәрдемі болып, себі боп.
Оңаша қосып қызбенен,
Көрінбей қызға біз деген
Көзбенен, ыммен, белгімен
Жүректі түртіп мүлгіген,

Суырып алып ернінен,
Табамыз сөзін іздеген.
Жігітке көзін сүзбеген
Табылмас бүгін қыз деген.

Мұса.

Әй, рас-ау, тамаша!

Иса (*саусақтарын тарбита түйістіреді*).

Екеуін қоршап, қамаса...

Нышан.

Асанмен онда біреуің

Боласың бүгін оңаша.

Мұса.

Тірейсің неге маған кеп?

Иса.

Көрмеген едім маман боп...

Нышан.

Бастар ем өзім, шарам жоқ.

Жеңгелерің дәл қазір

Күтіп тұр мені алаң боп.

Мұса.

Мені де күткен Ай, Күн бар!

Нышан.

Осылай мөңкіп тайқыңдар!

Мәлім болды сырларың.

Мұса.

Апырау, неге ұқпайсың

Жарымның күтіп тұрғанын?

Алқына жүгіріп, артына жалтақтап Сағыр келеді.

Сағыр.

Ой, дәупірім, дәупірім!

Құтылдым білем әупірім.

Тоқтай тұр бөлем, Бегәлі,

Білмейсің мені сен әлі!
Құрдасты құрдас сатқаны-ай!
Бәйбішемнің, ә, сотқары-ай!
Басымды бөркім сақтады-ай!

Нышан.

Ә, бө-рі-ік! Сап-сап, тасыма!
Беріңізші, ата, бөрікті.
Нышанның мына басына
Мықты идея келіпті.

(Сағырдың қолынан бөрікті алып, төңкеріп ұстайды)

Ал, серілер, салыңдар
Орамалдарыңды мынаған.

(Үшеуі бөрікке орамалдарын салады. Нышан Сағырға)

Енді сіз, Сәке, пәк қолмен
Арылған бүгін күнәдан
Суырыңыз біреуін.

Сағыр.

Ол жағын өзім білемін.

(Қолын бөрікке салып, бір орамалды алып береді)

Анау кім? Сірә, бәйбіше-ау!..

Шаншып-ақ кетті жүрегім.

(Кеудесін қолымен басып, жүгіре жөнеледі)

Нышан.

Көтергін, Иса, күйікті,
Бұл кезек саған тиіпті.
Әлі де талай оңаша

(Қарқылдап күліп, Нышан Исаға орамалды ұстатады)

Кездесер Дәмеш сүйіктің,
Жүр, Мұса, біздер ептейік,
қалмайық босқа кешігіп.

(Кенет Иса ішін басып, шықылықтап күліп ала жөнеледі)

Алғашқы соққы дөп тиіп,
Қалған ба байғұс есіріп?..

Иса.

Шеті күйген орамал
Сенікі ғана, Нышан-ау!
Осы сәт - басқа жоқ амал -
Ақырзаманға ұсады-ау!
Қайтесің көтер күйікті
Бұл кезек саған тиіпті.
Әлі де талай аңсап кеп
Кезігер Әсем сүйіктің!

(Иса мен Мұса күледі. Нышанның өңі қашып кеткен.)

Нышан.

Қажамаңдар, жігіттер!
Басымнан бағым аттапты.

Иса.

Атылуға дайын тұр

Мұса.

Тұтануға шақ қапты.

Иса.

Жарылмай тұрып қашайық,
Тәңірім өзі сақтапты.

Мұса, Иса кетеді. Екінші жақтан Асан шығады.

Асан.

Сенейін бе әлде көзіме,
Нышанның мынау өзі ме?
Тартпай ма бүгін Әсемі,
Кеткен бе әлде безіне?

Нышан.

Қарашы қырсық сөзіне,
Күлсеңші онан да өзіңе.
Бойдақ боп, шал боп қаусайсың,
Ұялап шыбын көзіңе.
Таяғың тарс-тұрс сартылдап,
Ілбисің әрең қалтылдап.
Кемпірге көзді сүзесің,
Төбенде тазың жалтылдап.
Тірліктің сөнер май шамы...

Асан.

Ұмытам ба онда Ғайшаны?
(Нышан Асанға таңдана қарап, залға бұрылады)

Нышан.

Болмады-ау мынау жай жұмбақ,
Ғайша деп тұр ғой қарқындап.
(Асанның иығынан ұстай алып, көзіне көзін қадайды)
Ашып па ең қызға сырыңды,
Қызынып, күйіп, жарқылдап?

Асан.

Жүректе бөккен сезімді
Айта алмас, мылқау халім бар.
Жұтардай қорқам өзімді,
Іштегі жылан - жалындар.

Нышан.

Батылдық деген шын білсең -
Қыздарға салар бұғалық!
Қаз мойынға бір ілсең,
Алдыңда тұрар бұралып.
Жасқанба! Күдер үзбе түк
Жақындап, былай қолын ал.
Мәселен, мені қыз деп ұқ -

Оның сиқыр мәні бар.
Алдыңда тұрған мен емес
Елестет Ғайша аруды.
Саусағын сүйрік қысып қой,
Ер дәрмені қарумен.
(Айқай салып, қолын жұлып алып, сілкілейді)
Ойбай-ай, сығыр, қаусаттың!
Қыз деп педің шынымен...

Асан.

Кешіріші, Нышан, дәл менен
Түк шықпайды-ау, түңілем.

Нышан.

Баяғыда-ақ білгем бұны мен.
Қыз деген халық - дәл мысық
Сипауды сондай сүйеді.
Ал, алпыс екі тамыры
“Жаным-ай!” десең иеді!
Қасқая қарап көзіне,
Махаббат болып ақтарыл.
Сына боп кірсін сөзіңе:
“Асылым!” “Жаным!” “Ақтаңым!”
Қыз емес пе ол, Ғайшаңа
Үздігіп, өшкен ұнайды.
Қаншама қатал болса да,
Құшағыңа өзі құлайды!
Ал, ойбай, мен тез кетейін,
Келеді, әне, ғашығың.

*(Жеміс ағашының басына шығып кетеді. Асан біресе
сахнаның сыртына, біресе залға қарап әрі-сәрі тұр.)*

Асан

Жүрем бе қарсы? Не етейін?
Апырай неге жасыдым?

(Бір аттап, бір тоқтаған Асанның қасына Ғайша келеді.)

Ғайша.

Әлгінде сізді ойлап ем...

Қайтармыз біраз қыдырып...

(Асан қызға жақындай беріп, залға қарап сөйлейді.)

Асан.

Қай сөзді жаңа сайлап ем...

“Ойлап ем!” дейді... “ойлап ем!”

Қалмасам енді мүдіріп.

(Қызға бұрылып, жүзін тайсақтатып сөйлейді.)

Бөгелсек сәл-сәл кідіріп...

Ғайша.

Бөгелдік онда... несі бар.

(Асан тағы да жасқаншақтап, залға қарап сөйлейді.)

Асан.

Бұл қыздың зілдей сесі бар,

Әлгінде Нышан деп пе еді...

Сүйріктей қолын көсіп ал?

(Қызға жүзін туралап, көзін қадаған болады.)

Не деуші ед... әлгі “Есіңе ал...”

Ғайша.

Алмақсыз, Асан, кімді еске?..

(Жігіт тағы именшектеңе залға қарай бұрылады.)

Асан.

Шараңыз бар ма күлмеске...

(қызға)

Ән бар ғой... Іштей тілдескен

“Сәулештің тілді қатқаны...

Кеш батып, таңның атқаны...”

Ғайша.

Ән ғой ол - “Әлі есімде”

(Қыз қуана қиялдап, бал-бұл жанып тұр.)

Шіркін бір жаздың кешінде...

Жүрек пен жүрек жалғасып,

Көк бұлттың жүзсек төсінде!

Асан *Нышанды көзімен іздейді. Нышан жоғарыдан әлденелерді ымдайды. Асан түсінбейді.*

Асан.

Не дейді? Не деп ымдайды?

Көргендей мен бұрын мұндайды.

(қызға)

Көк бұлттың дейсіз төсінде...

Есімде, Ғайша, есімде...

Ғайша.

Рас па?! Сіз... Сіз... шын ба, Асан?

Тыңдасам... Бәрін тыңдасам!

(Көзін жұмып, ілгері ұмсынып тұрып қалады.)

Асан (залға).

Жарасып мүмкін қалармыз,

Состиып қарап тұрмасам...

Батылданып қыз денесін құшағына ала бергенде тарс етіп мылтық атылады. Ойбайлап Нышан жерге домалайды. Айқайлай ақсаңдап, жамбасын сипалап қаша жөнеледі. Соңына сахнаға Бегәлі қуып шығады. Асан мен Ғайша шошып оянгандай состиып тұрып-тұрып қалады.

Бегәлі.

Мелитсия! Караул!

Ыстой тый, ыстой! Қарақшы!

Әбшестбенни наш мүлікті

Еткізбеймін қарапшит!

Нышан.

О, қақандаған қария-ау!
Әлемге болғыр жария-ау!
Күйдірсін көк тұз саныңды!
Ас ішіп, сұйық жұтқанда,
Сәждеге басты жыққанда,
Шығарсын көк тұз жаныңды,
Жаз бен әсем көктемде,
Күз кетіп, қысың жеткенде,
Қуалап өткін сағымды! Әумин!

(Асан мен Ғайша, Нышан мен Бегәлі төрт жаққа кетеді.)

Шымылдық

Бесінші сурет

Мұса мен Сағыр жатақхана қасындағы скверде отыр.

Сағыр.

Алғырсың, Мұса, бәрінен,
Ерекше көрем сені мен.

Мұса.

Әй, қайдам, ата, жаңдаймын
Жоғалтқан құсын көгінен.

Сағыр.

Ойланба, балам, қиналма,
Тастүйін шүйіл, жинал да.
Соншама неге шоршисың,
Сен түгіл мен басты қиғанда.

(Сахнаның екінші жағына қарап, атып тұрады.)

Барылдап анау кеп қалды,
Көрмедім мұндай сотқарды!..
Екеуін бүгін түсір сен,
Жақсылап құр да қақпанды.

(Екі иығын жұлып жеп, даурығып Бегәлі шығады.)

Бегәлі.

Шорт бәзми күргөм бейбастақ!
Кужы шем баран, қой, баспақ!..

Сағыр.

Пай-пайдың қараш тұрысын
Арқардай шында ойқтастап!

Бегәлі.

Прауда пақож мен арқар?

Сағыр.

Кім еді басқа? Сен - арқар!

Бегәлі.

Ну, дүрік, бәйдем потоға,
Снимайт етер ірепертар!

(Бегәлі сыпырғышын тастап, халатын шешіп, Сағырды қолынан жетелейді. Сағыр Мұсаға кетіп бара жатып, мықтап пысықтап қояды.)

Сағыр.

Сен тартар да мен тартар,
Болмасын, балам, кертартар!

(Мұса жалғыз. Қолындағы бір шоқ гүлге үңіліп тұр.)

Мұса.

Тұрсың-ау күтіп, Гүлсімім,
Көрдің бе сәттің қырсығын!
Онсызда қалтам жұқа еді-ау,
Екі ортада гүл шығын.

(Асығып Иса келеді. Оған Мұса өлердей жалынады.)

Ер мойнында қыл арқан
Шірімес ешбір демей ме?

Иса.

Қатты айттың-ау! Бұл қолқаң
Қалмасын жатып көмейде.

Мұса.

Қыз аңдыған Асанды
Бұл Мұсаң бүгін жебейді.
Гүлсімге уәде беріп ем,
Бара алмай қайғым көбейді.
Гүлсімге гүлді тапсырсаң,
Келмеді өзі демейді.

Иса.

Шұрқ етпе! Бәрін қатырам!
Мақсаттан титтей бұрылма.
Дәл осы жолы Асанды
Қосақтап жібер бұрымға.

Иса жүгіріп кетеді. Мұса соңынан мәліе қарайды.

Мұса.

Өзге түгіл өзімді
Жарылқап, желпіп жүргендей...
(Асан мен Ғайшаны байқап қалады.)

... Екеуі бірдей кеп қалды,
Бір-бірін иіскеп білгендей!
Танытпай, әзірше тұрайын
Ғайшаға сезік сыр бермей.

*Жерде жатқан сыпырғыны алып, халатты киіп,
сыпыра бастайды. Сахнаның екі жағынан Ғайша мен
Асан шығып, біріне-бірі қарсы жүріп келе жатыр.*

Ғайша.

Ә, Асан! Сізді тағы ойлап...
Келейік біраз сейілдеп...

(Бетпе-бет кеп тоқтаған Асан залға қарайды.)

Асан.

“Тағы ойлап!” дейді, “тағы ойлап!”

Бассам ба тамырын абайлап...

Кете алсам бірден бейімдеп...

(қызға)

Мен-дағы соны дейін деп...

Ғайша.

Дейін деп?! Ә, иә, түсіндім.

Асан жан-жағына алақтап Мұсаны көреді. Әлдене күтіп үңіледі. Одан залға бұрылады.

Асан.

Қараптан қарап ұшындым.

Әй, анау біздің Мұса ма?

Не дейді? Көзін қыса ма?

(қызға)

Қалай ед... әлгі “Қайдасың?”

Ғайша.

Бөлmemнен аттап шықпаймын.

Асан (залға)

Осы мен ептен жұттаймын.

(қызға)

Ән сөзін мүлде ұқпаймын:

“Жағасы ма еді бұлақтың,

Сырласқан екеу ұзақ түн...”

Ғайша.

Ән ғой ол шіркін - “Қайдасың!”

Кеудеде нұр шоқ жайнасын.

Демінен демге от құйып,

Уәдесін жастар байласын.

Асан Мұсаға бұрылады. Екі алақанын жаяды. Анау бұрқырата сыпырып жүріп, әлдебір белгілер жасап, ымдап көрсетеді. Асан оның қимылдарын түсінбейді.

Асан.

Ұқпайды адам қимылын,
Сиқын-ай киген киімінің.

(қызға)

Бір уыс шоқ іште жайнасын...
Қайдасың, Ғайша, қайдасың?

Ғайша.

Шының ба, Асан? Барың ба?
Айналдым білем жалынға!..

(Ілгері аттап, жігітке елжіреп қолын созады.)

Асан *(залға)*.

Апырмай, өзі қол созды-ау!
Басыма қонған бағым ба?
Тәуекел! Ендім жалынға!

(Бұл да қолын созып, саусаққа саусақ жанаса бергенде, оқыс дауыс сол шақты үзіп жібереді. Сыпырғышты жұлып алып, Мұсаны Бегәлі қуып жүр, ұрып жүр)

Бегәлі.

Әй, ыстой! Тоқта, әй, патсан!
Мен или сен бе дүәрнік?
Пәнимаиш тый, орныма
Кәгіда тебә жібердік?
Тый бөкә емес дүәрнік,
Мен оған нет еш бейнауат.
Туая пенжак не нады,
Шеш дабай, әкел мой қалат!

Мұса.

Өңінде және түсінде,
Далада, үйдің ішінде.
Сыпырғыш қусын, ататай,
Алдыңа шайды алғанда,

Бақида, фәни жалғанда,
Сыпырғыш қусын, ататай! Әумин!
*Екіленген Бегәлі жолында тұрған екі жасқа да
сыпырғышын көтеріп жетіп келеді.*

Бегәлі.

Көздерін қарашы мәлиген,
Шетінен бәрі хөлиген!
Бөкәжу я вам ататай!

*Үш жас үш жаққа безе қашады. Сахна айналғанда,
авансценада Гүлсім мен Иса айтысып тұрады.*

Иса.

Жалынам, босат, Гүлсімжан!
Көп тосып қалды Дәмешім.

Гүлсім.

Босамақ оңай уысымнан,
Қарашы бұның дәмесін.
Ересің маған, қос көрім
Өлмесін десең құса боп.
Папама және мамама
Таныстырам сені Мұса деп.

Иса.

Жоқ, Гүлсім! Кейін білгенде
Ұяттан мүлде өлермін.

Гүлсім.

О жағын өзім көрермін...
Қыз қолқасын қайтарған
Ер жігітке не дермін.

Иса.

Дауыңа дауды айта алмай,
Бұлқынтпадың-ау.
Көндім мен!

Гүлсім.

Иса емессің - Мұсасың!
Алматыдан келдің сен.

Иса.

Баста папам, мамама,
Қуанар олар мен білсем.

*Сахна айналады. Бөлме. Жақып, Сақып қарсы
ұмтылады.*

Жақып.

Әу, мамасы-ау! Мамасы!
Мұсамыз келді-ау, шамасы?!

Иса.

Есенбісіздер... Гүліңіз!..
*(Гүлді алдымен Жақыпқа, одан алып, Сақыпқа береді.
Жақып Иса мен Гүлсімді қабат құшақтайды.)*

Жақып.

Тотымсың - қызым, ардағым,
Ал жігіт - алғыр сұңқар ғой.
Сұңқар едім мен-дағы,
Заңғарға жаным іңкәр ғой.

Сақып.

Болды енді, болды, папасы,
Бізге де кезек берсейші...
(Сақып Исаны кеудесіне қысып, маңдайынан сүйеді.)

Жақып.

Күнім мен Айым туды ғой!
Мұсажан, бері енсейші.
Ұялма, ұлым, өз үйің.
*(Гүлсім Исаның білегінен шымшып қалып,
сыбырлайды.)*

Гүлсім.

Мұса болып әп-сәтте
Кетті ме шертіп сезімің.

Иса (сыбырлап).

Папашкам сұңқар деген соң
Біразға жетер төзімім.

Жақып.

Сағындың ба, ұлым, қаланы?
Сағынтпас па Алматы...

Сақып.

Тамағын жесін, папасы,
Алаңдатпағын баланы.

Жақып.

Алыңдар! Жеңдер! Алматы -
Қаласы еді-ау жастықтың!

Сақып.

Папасы, шыда, ас бітсін...

Жақып.

Артта қалды-ау адасып,
Махаббат, қызық, мастық күн.

Гүлсім.

Махаббатты айтып масайрап,
Есуге әбден болады.

Жақып.

Мақтанар едім, тыңдаса,
Мамасы менен қонағым.

Иса.

Айтыңыз, папа, өтінем.

Жақып.

Еске алмай көптен кетіп ем...
Көздерге - көктем, көңілге -
Бар әлем түгел ұялап,
Қылшылдап тұрған жиырма бес
Жаныған еді қиялап.
Қалтамыз - тесік, жаным бай!
Күлкіміз тауды жыққандай!

Жүргенде бір таң жұлдыз
Алдымнан туып шыққаны-ай!
Ұшырап дертке жүрегім
Өлерде жаным шықпады-ай!

Сақып.

Қартайған кезде, балалар,
Папаңа дерттің жұққаны-ай...

Жақып.

Тәңірімдей сол қызға
Жазып жүрек арызын.
Оңашада бермек боп,
Бақыладым әр ізін.
“Көк базардың” түбінде
Еңселі бір үй тұратын.
“Тәңірімнің” дәл сол үй -
Сол кездегі тұрағы.
Тәуекел деп есікке
Жақындап ем енгелі...
Дәл осы сәтте әкесі
Үйден шыға келгені.
Қапелімде жалт бердім,
Мандайға бір зіл сарт етті!
... Сүзген екем теректі,
Көзімнің оты жарқ етті.

Сақып.

Қиыстырасың-ау сен-дағы...
Жылытайын етті, картопты.

Иса.

Жетеді, мама, алдағы!

Гүлсім.

Иә, папа, жерге жалп еттің...

Жақып.

Есімді жисам, таң атқан,
Бұлбұл салған әніне.
Екі аяқты қайшылап,
Мен безейін жөніме.

Гүлсім.

Хат ше, папа, бердің бе?

Жақып.

Қойнымнан алып көрдім де...
Сенбедім... Сонсоң сендім де!
Әріптер бір-бір маржандай!
Қағаздың жұпар иісін-ай!
Жүрегін орап жіберген
Қыз хатын папаң сүйсін-ай!
Шіркін-ай сол бір қарагөз,
Жігіттің сырын ұғыпты!
Ерніме ернін тигізіп,
Қойныма хатын тығыпты.

Иса.

Сонымен, папа, не болды?

Жақып.

Бұл мамаң әлі шырқайды
Сондағы айтқан өлеңді.

Сақып. Бұл папаңның кейде бір шалқып кететіні бар, Мұсажан. Тыңдай бер де, тамағыңды суытпай алып отыр, балам.

Жақып. Ә, иә! Мамасы, әлгі анау?.. Ә-ә, керек емес. Алпыстан кейін ол шіркінді қойдық қой. Мұсажан, жұмыстарыңның барысы қалай? Бірдеме шығатын түрі бар ма? Мынау Гүлсімдер сендерге көмектесе алып тұр ма?

Иса. Көмектескенде қандай? Әсіресе Дәмештің сызуы жақсы. Проект - жобаны сөзсіз бітіреміз.

Жақып. Оларың дұрыс болған екен. Ал енді бір сұрақ өзің Алматының қай көшесінде тұрасың?

Иса (*Сасып, Гүлсімге қарайды*). Ме-мен-бе?

Гүлсім (*тез*). Комсомол көшесінде тұрамын деп едің ғой әнеу күні.

Иса. Иә, иә! Сонда.

Жақып. Әлгі біздің жиенмен көрші боп шықпасаң сәтін салғанда. Үй нөмірі қанша?

Иса.

Жиырма... Жо-оқ, отыз бес.

Жақып.

Е-е, Бөлекбайды білесің.

Отыз үште ол тұрады.

Гүлсім қолымен әлденені көрсетеді. Иса оны түсінбейді.

Гүлсім.

Жиенді қарны қампиған

Алматы түгел біледі,

Қуалап ішкен сыраны.

Иса Гүлсімнің “подсказкасын ” түсіне қояды.

Иса.

Өзінің бар ед бір әні...

Жуандап толып барады.

Жақып.

Е, шайлығып қалған ғой,

Ұмытқан соң даланы.

Оқып жүр ме Мұраты?

Иса Гүлсімге қарайды. Гүлсім ішін басып, бүрісе қалады.

Гүлсім.

Ой, папа, ішім бүруі-ай!..

Сақып.

Не боп қалды, күнім-ай!

Дәрігер шақыр, папасы,

Етінің жанып-күйі-ай!

Жақып шыға беріп, сасқалақтап қайта оралады.

Жақып.

“Скорыйдың”, әлгі “помощтың”

Қалай еді өзі нөмірі?

Көрмеп ем шалып өмірі...

Сақып.

Енді қашан, папасы,

Әй, Алланың өмірі...

Жақып шығады. Гүлсім бір көзін ғана ашады.

Гүлсім.

Су, мама, су бер... ағынан...

Иса (сасып).

Жазылшы, Гүлсім, жалынам!

Сақып.

Сүйей бер, Мұса, қолынан.

Сақып шығады. Гүлсім орнынан ұшып тұрады.

Гүлсім.

Кеттік тез! Иса, бол енді...

Иса.

Ұқпадым түкті мен енді...

Екеуі терезеден ытқиды. Жақып пен Сақып келеді.

Жақып.

Мұсажан, Гүлсім қайдасың?

Сақып.

Жөнеген екен тентегім,

Бітпеген соң ертегің.

Жақып.

Отыршы онда, мамасы,

Жуайықшы, ә, оңаша

Балаларымыздың ертеңін.

Стол басына отырады. Ішке өрт сөндірушілер кіреді.

І өртсөндіруші.

Жалын қайда? Өрт қайда?

II өртсөндіруші.

Алау қайда лаулаған?

Жақып.

Айтындаршы, жарқыным,
Неғылған өрт ол жанбаған?

I өртсөндіруші.

Алтыншы ғой осы үй?

Жақып (Сақыпқа).

Алтыншы, иә, шешесі?

I өртсөндіруші.

Металлургтер мекені?

Жақып.

Иә, Metallургтер көшесі.

II өртсөндіруші.

Алпысбаев боларсыз?

Жақып.

Болар емес, өзімін!

II өртсөндіруші.

Дігерлеттің несіне
Қалмай әбден төзімің?

Жақып.

Кешіріңдер, енді ұқтым.
Шатастырып дәрігермен
Шақырыппын сендерді.

II өртсөндіруші.

Отағасы, сен де бір...
Дүрліктіріп адамды.

Жақып.

Айыбым бар дедім ғой,
Кешір бір жолға ағаңды.
Төрлетіндер, ас дайын
Кетпейсіңдер дәм татпай.

Тойым алды болған соң
Жібермеймін ел жатпай.

I өртсөндіруші.

Жұмыс бар ғой, ақсақал,
Бөгелуге болмайды.

II өртсөндіруші (залға).

Өз аузынан қағынып
Осы бар ғой оңбайды.

(Жақыпқа.)

Отағасы айтқан соң
Тіл алмауға болмайды.

Жақып.

Ал, мамасы, құй онда
Бүгін жаным самғайды!

Алтыншы сурет

*Парктің гүлді алаңы. Музыканың көңілді әуені.
Кешкі мезгіл. Сағырмен Бегәлі ұзынша орындықта отыр.*

Сағыр.

Қандай бір әсем кеш еді!
Көңілден әуен еседі.
Әй, құрдас, неге түнердің,
Түспей ме еске кешегің?

Бегәлі.

Қайдағы зашем кешегі?
Ойлап та оны нешегө.
“Кеш” дейді, кәкой бешер бұл -
Жынойнақ, шорт-морт өсегі...
Дірәка бәрін шешеді,
Куләком мозгі теседі.

Сағыр.

Апырмай, неткен сығыр ең,
Етесің үңірең, үңірең.
Сұп-суық қандай құбыр ең!
Тамыры жоқ құрғақ түбір ең.
Жақсылық көрмес сығыр ең.

Бегәлі.

Тый искайт, дүрік, жақсылық?
Он ишшо сіләби кәк шыбық.
Дошканы пәрен ап шығып,
Пәрендi девка ковшы ғып,
Ругатса етед тапсынып.
Нет! Жоқ ол сәбсем жақсылық!

Сағыр.

Бопсың-ау әбден күйбелең,
Жанбаған, мүлде күймеген.
Сұлуға тамырың имеген,
Аулақсың әннен, күйменен.
“Ізгілік” атты сый деген
Еншіңе қалай тимеген?

Бегәлі.

Кел, дабай спор жасайық,
Тайнасын кештің ашайық.
Лубоп?.. Нету мақабат
Жігітті депке тақап ап,
По морде дает шапалақ.
Вот қандай нонше мақабат!

Сағыр.

Бәстесең десең, келістім!
Бермеспін туын жеңістің.
Көздерден ұшқан көп ұшқын
Толтырар әнге жер үстін.
Бәсіңе, құрдас, келістім.

Бегәлі.

Мен ұтсам пиба бірәма!

Сағыр.

Қымбатың сонда сыра ма?

Айтуға ауыз тұра ма.

Мен жеңсем - жастарды қумайсың,

Сүңгітем, жеңсең - сыраға.

Бегәлі.

Әй, издес таса, туда жүр,

Вот иди, дүрік, мында отыр

Сағыр (залға).

Боларын байғұс білмейді-ау,

Тас таразы мен қыл көпір.

(шалға)

Қызыққа бат та күл де отыр.

Екеуі жасырынады. Алдымен Мұса, сәлден соң Гүлсім сахнаға шығады. Сағыр қуана залға қарайды.

Әб, бәлем! Сәтін салғаны-ай!

Мұсаның келе қалғаны-ай!

(шалға)

Махаббат, лубоп жоқ дейсің

Айтасың сөзді талғамай.

Мұса шалдарды көрмей, жан-жағына қарап тұр.

Мұса.

Тулаған мына жүректің

Үрейі неткен ғаламат!

Сахнаға Гүлсім шығады. Мұса кібіртіктеп жақындайды.

Гүлсім ғой... Неге дір еттім?..

Гү-Гүлсім!.. Жаным аманат.

Гүлсім.

Бір емес жаның көп пе еді?

Жан-жаққа безіп кеткені.

Мұса.

Ұқсаңшы барлық сырымды,
Қайтеміз аршып өкпені.
Кінәсіз тұрмын алдыңда
Жазығым болса, сөк мені.

Гүлсім.

Мен емес, сен бе өкпелім?
Белгісіз қайда кеткенің?
Кінәлің болған екем ғой?
Қап-қара көзім телміріп,
Күтумен таңды ендіріп,
Уәдеме сені сендіріп,
Кінәлің болған екем ғой!
Қатыгез едім мен неткен!
Сүйем деп ерді сенделткен.

Мұса.

Көрсеңші, Гүлсім, жанымды,
Тірлікке арнап барымды,
Көгіне бақыт бірге ұшып,
Тауып ем сені нұр құшып,
Қосылмап па еді мәңгілік
Жүрекпен жүрек бірге ысып.

Гүлсім.

Кірді ме суық кеудеңе?
Төнді ме сұр бұлт сәулеңе?

Мұса.

Қайтейін, Гүлсім, сап қойса,
Сергелдең жұмыс әуреге...

(Жақындап барып Гүлсімнің қолынан ұстайды.)

Гүлсім

Сылтауды бұрма әрнеге...

Мұса.

Тосып ем жолын Ғайшаның...
(Гүлсім қолын жұлып алып, кейін шегініп кетеді.)

Гүлсім.

Кеудеңе жаққан ол қай шамың?

Мұса.

Түсінші мені, Гүлсімім!

Гүлсім.

Ғайшаңа жөнел түсінер
Аңдағыш жүрек дүрсілін.

(Гүлсім тұра жөнеледі. Мұса сүлесоқ қана ілеседі.)

Мұса.

Көктегі күнім сөнді ме?

Әй, Асан! Сенің қырсығың!

(Мұса кетеді. Тасада отырған Бегәлі шиқ-шиқ күледі)

Бегәлі.

Қошқарды депка, мой дүрік,
Жіберген жоқ па қой қылып!

Сағыр (залға).

Мына бір қылық қай қылық?
Келеді әне Исажан,
Көтерер көңілді жай қылып!

(Иса мен Дәмеш кіреді)

Иса.

Кеткендей құздан жығылып,
Аузыма жүрек тығылып,
Не болды сонша сескеніп,
Түйер ме Дәмеш жұдырық?

Дәмеш.

Қорқасың менен несіне,
Сөзі не, қыздың өзі не?

Иса.

Ілесіп жастық көшіне
Асығып едім кешіне,
Жазғы бір түнді аймалап
Ай қондырғам төсіме.
Кінәсіз едім алдында
Түсірерсің бәрін есіңе.

Дәмеш.

Көлеңкең болып қуалап,
Күлкіммен сыңғыр дуалап,
Кеудеңе енген сыналап,
Мен екем ғой кінәлі.
Әй, қандай аяр едім мен,
Сырымды шашқан көңілден!

Иса.

Аспан мен жерге жар слып,
Айғақтап тапқам, жарымды!
Бақытты құшып қарсы алып
Шалқытқам шаттық әнімді.
Айналып түсім өңіме,
Қондырғам Айды көгіме.

Дәмеш.

Шалды ма суық жаныңды?
Бұзды ма күдік әніңді?
Екі күн тостым келмедің,
Сертіңнен тайдың, сенбедің.

Иса (өзіне)

Мұса боп барып “папама”
Ұнағанымды айтам ба?
Асанға еріп апанға,
Құлағанымды айтам ба?

(Қызға)

Қайтейін, Дәмеш, сенбесең,
Айналам онда шайтанға.

Дәмеш.

Өтірік айтып шалқайма.

Иса.

Ғайшаның ізін аңдып ем...

Дәмеш.

Екі күн келмей қаңғып ең,
Ғайшаңа бар онда алдымен.

(Исаны итеріп жібереді де, жөнеле береді).

Иса.

Ұқсаңшы дұрыс, Дәмешім!

Дәмеш.

Ғайшаңа барып ұғыңдыр,
Өзің ұқ оның кеңесін.

*Дәмеш кетеді. Артынан ілби басып Иса да кетіп
барады.*

Иса.

Балқыған Айым батты ма?
Қап, Асан! Сен... сен көресің!

Кетеді. Бегәлі қутыңдап Сағырды қызжыртып отыр.

Бегәлі.

Ал, құрдас, қалай дебешқаң!
Пәренға дает по башкам.

Сағыр (залға).

Апырмай, қалай адасқам!
Аунап бір түсті қара аспан!
Нышан мен Әсем келеді,
Осылар болар жарасқан.

Нышан мен Әсем дауласып сахнаға шығады.

Нышан.

Бір шыжғыр майға, бір пісір,
Бір қақтап отқа, бір түсір.
Кінәлің менмін, Әсемжан,
Жазығым да жоқ көл-көсір.

Әсем.

Мазалап сені мен - кесір
Азалап кетсем, сен кешір,
Әрине, айып жоқ сенде
Ием деп қайсар еменді,
Далбаса қыппын мен енді,
Әрине, айып жоқ сенде.
Жауын мен жасқа малшынып,
Кеудемнен үнсіз зар шығып,
Махаббат атты тал шыбық
Кетпесін деп жаншылып,
Жасаппын әлсіз қарсылық.
Әрине, айып жоқ сенде!

Нышан.

Өршіт те қозға дертімді.
Көзіңнен шашып өртіңді!
Ұмытар ма екем көркіңді,
Байлап алған еркімді?
Жалғанда Әсем - қиялым!
Әлемге қалай сиямын.
Сен бар да жыр боп құямын,
Күн болсаң - қонар ұямын!
Ей, менің алау тандарым!
Жеткіздім жүрек ән-зарын
Күлімдеп туған алдымнан
Сен - менің жарқын арманым!

Сағыр (*залға*).

Е, бәсе жігіт емес пе,
Тастады қалай қармағын!

Әсем.

Айтқызды-ау шыны арманын.
Көтермес жүрек салмағын.
Көктемді сүймес жоқ пенде,
Ендеше неге келмедің?

Нышан.

Жұмысым болып қалғаны...

Әсем.

Не қылған жұмыс ол тағы?

Нышан.

Ғайшаны аңдып шығып ем...

Әсем.

Ей, менің тоқты-торпағым!
Қосылмас гауһар шынымен.

(Шапалақпен беттен тартып жібереді. Шығып кетеді).

Нышан.

Жанталаса жар іздесең досыңа,
Опық жеумен көрген күнің осы да.

Нышан кетеді. Бегәлі әбден есі кетіп лепіріп алған.

Бегәлі.

Нукә, дос, дабай бірамы,
Бөшкебай әпкел сыраны!
Тый, дүрік, іспор прәйгірал,
Пәренді қыздар ұрады!

Сағыр (*залға*)

Жігітті қыздар ұрады.
Құлақта керіс тұр әлі!
Өзгеріп заман кеткен бе? -
Бүгінгі күннің сұрағы.

Сахна айналғанда жатақхана бөлмесі көрінеді. Үш жігіт кереуеттерінде қимылсыз жатыр. Ортада Асан тұр.

Асан.

Қаншама таңды атырдық,
Қаншама күнді батырдық.
Көк аспанды шатыр қып,
Қиялмен қызды шақырдық,
Өшкен бе сол бір батылдық?
Балауса далаң көкпеңбек?
Көкпеңбек көңіл көктемде,
Хош иісін гүлдер төккенде.
Көктемді сүймес жоқ пенде.
Шақырар қораз тауықты,
Жаңғырып көктем жеткенде!
Сырмінез - үшеу құрдасым,
Үзіліп үміт тұрмасын.
Махаббат әнін жырласын,
Ақ отау шаңырақ көтеріп,
Екеу боп кетсін бір басын!

(Мұсаның қасына барып, еңкейе тіл қатады)

Көктемнің ұқпай тылсымын,
Неліктен, Мұса, тыншыдың?
Жас қайыңды жамылып,
Қалмасын күтіп Гүлсімің.

(Мұсаны кереуеттен көтеріп тұрғызады. Мұса көңілсіз)

Мұса.

Неткен сұрғылт бұл өмір?!

Асан.

Жылап тұрып күле біл!

(Асан Исаға барып, оны да көтеріп тұрғызады)

Көктемнің көріп елесін,
Ғажайып нұрға енесін!
Сол көктемнің нұры боп,
Тұрмасын тосып Дәмешің.

(Иса ештеңені көрмес бей-жай халде баяу сөйлейді)

Иса.

Бұл өмірден болдым әбден тұншығар...

Асан.

Дауылдан кейін жадырап қайта күн шығар...

(Асан енді Нышанға барып, оны да көтеріп тұрғызады)

Күй толқытқан неше мың,
Көктем сылқым - әсем үн!
Сол көктемнің өзі боп,
Жүрмесін іздеп Әсемің.

Нышан *(әлсіз).*

Бұл өмірдің таусылған ба шаттығы?

Асан.

Ащыны татпай білер ме едік тәттіні?

(Асан шәйнекті алып бөлмеден шығып кетеді)

Мұса.

Гүлім еді-ау Гүлсімім,
Нұрым еді-ау аңсаған!
Естімес жүрек дүрсілін
Енді кімді қарсы алам?

(Муса кереуетке сылқ құлайды. Иса зарлай жөнеледі)

Иса.

Жаным еді-ау Дәмешім,
Мақпал түнде табысқан!
Әнім еді-ау Дәмешім!
Жетпей ме үні алыстан?

(Иса төсегіне дүрс етіп жсығылады. Нышан сарнайды)

Нышан.

Кеудемде қалған әсем үн -
Бұлбұлым еді-ау Әсемім!
Айрылдым да қайғырдым
Мұса, Иса - қос мұңлық,
Қайғыларың бес күндік -
Кісінегеніндей айғырдың
Махаббат деген бір арман -
Сендер үшін жалаң сөз
Сегіз әріптен құралған,
Мен таң Шолпаннан айрылдым!
Мұса, Иса - қос мұңлық,
Қасіреттерің бес күндік -
Күйінуіндей-ақ маймылдың.

*Мұса мен Иса орындарынан атып-атып тұрады.
Бірақ қимылдары баяу, сылбыр.*

Мұса.

Ғашық та болып көргенбіз,

Иса.

Сезімге мас боп ергенбіз.

Мұса.

Әлім жоқ тілін кесер ем...

Иса.

Халім жоқ төбең тесер ем...

*Екеуі де жатады. Асан келеді. Оны үшеуі де
байқамайды.*

Нышан.

Сұр бойдақ сылқым достар-ау!
Қорсылдмасын қос танау.
Көкірек керсек - құдаймыз.
Құдаймыз, бірақ құлаймыз.

Күлетін жерде - күлеміз,
Жылайтын жерде - жылаймыз!
(Мұсамен Иса орындарынан атып тұрып, Нышанға қарап).

Мұса.

Жо-жоқ, Нышан, серт бұзба!

Иса.

Жылайтын жерде - күлеміз,
Күлетін жерде - жылаймыз!

Нышан.

Ал, онда мені тындаңдар.
Сүмірейіп босқа тұрмаңдар.
Ғайшаны ертіп келемін -
Асанның жайын жырлаңдар.
Көп созбаймыз мұны біз,
Жігітпіз, демек, іріміз.
Ғайшаны қоссақ Асанға,
Біздің де туар күніміз.
Мұса! Сен сөзді бастайсың.
Иса! Сен бұны қостайсың.
Дүрбеленді дәл бүгін
Мен тәмамдап тастаймын!

Мұса.

Қосылса екен өздері...

Иса.

Аландатпай өзгені
Асан манадан тыңдап тұрған. Енді залға бұрылады.

Асан.

Жаңа ұқтым ғой бар сырды,
Соншама Асан ез бе еді!
(Асан шығып кетеді. Үш жігіт үш жерде өздерімен өздері).

Нышан.

Ән болып еніп қайнарға,
Гүл болып қонып сайларға,
Қанатын көктем жайғанда,
Жүр екен Әсем қай манда?

Мұса.

Гүлсімім қайда? Ай қайда?

Иса.

Дәмешім құшақ жаймай ма?
Үшеуі де үнсіз қалып, кереуеттеріне қисаяды.
Бөлмеге кірген Сағыр мен Асанды байыңдайды.

Сағыр.

Е, дәуірім, солай ма?
Махаббат жолы оңай ма.
Мен едім бәрін бастаған,
Сезбес адам сезбейді-ау.
Қар жауса да самайға
Бермек болдық көмекті,
Көмек бірақ бөгепті...
Ал онда былай етейік.

(Сағыр Асанның құлағына сыбырлайды. Асан күледі.)
Келістік қой, жарай ма?

Асан .

Келісу, ата, оңай да.
(Сағыр қалтасынан әлденені алып, Асанға береді.)

Сағыр.

Бір-біреуден саларсың
Кеселерге мынадан.
Аттандасаң оянбас,
Бәйбішеме сынағам.
Кейінгісін, дәуірім,
Қойып бер менің өзіме.

Ауырды деп үшеуі
Гүлсім, Дәмеш, Әсемге,
Хабарлайын тезінен.
(Сағыр кетеді. Асан иіай жасай бастайды).

Асан

Уай, серілер, тұрындар!
Маған сәл мойын бұрындар.
Азап екен шай баптау
Соны мықтап ұғындар,
Сүр бойдақтар тұрындар!

Мұса.

Сорлаған біз ғой жай шабар.
Ал, сенде сұлу Ғайша бар.

Асан.

Ғайша ма? Бар ғой ару Гүлсімің.

Мұса.

Тыңдар емес жүрегімнің дүрсілін.

Иса.

Ал, сенде сұлу Ғайша бар.

Асан.

Ғайша бар ма. Ұмыттың ба сұлу Дәмешті?

Иса.

Амалым бар ма, бастаса бітпес егесті.

Нышан.

Ал, сенде сұлу Ғайша бар.

Асан.

Ғайшам ба? Ертпей ме бүгін Әсемің?

Нышан.

О! Ол жанымда жаңғырып қалған әсем үн.

Асан

Жоғалсын егес бітпеген,
Жаңғырсын жаңда әсем үн!

Табыссын келіп қайтадан
Гүлсім мен Дәмеш, Әсемің!
Көтерелік сол үшін!

*(Төртеуі кеселерін көтеріп, шайларын қағып
салысады. Үшеуі кезек-кезек есіней бастайды).*

Мұса.

Жабысқандай кірпігім...

Иса.

Төсек қана ынтығым!..

Нышан.

Мен - ұйқының қабымын...

Асан.

Қылжиыңдар тезірек

Қалар емес сабырым.

(Үшеуі үш кереуетке құлайды. Асан есікке беттейді).

Ал, қағайын оңаша

Махаббаттың дабылын!

*Шам сөніп қайта жанады. Бөлмеге асыға басып
Сағыр Бегәліні ертіп кіреді.*

Сағыр.

Бассаңшы, құрдас, аяқты,

Қирандап неге балқыдың?

Көрсетем қалай боларын

Ғашықтық дерттің қарқынын.

Бегәлі.

Кешегі пибаң теплай,

Бересің бүгін салқынын.

Сағыр.

Көрерміз кімнің шалқырын.

Кеуделей берме, жарқыным!

*(Екеуі шкафқа тасаланады. Гүлсім еніп, Мұсаға
жақындайды)*

Гүлсім.

Мандайы - өрт!
Күтпеген дерт?!
Ашуды қардай боратып,
Кетіп ем жерге қаратып,
Жанына қатты тиді ме?
Өртеніп содан күйді де!
Нұрың болып жебейін,
Гүлің болып өбейін!
Жаным Мұсам!

Бегәлі.

Не дейді депка шорт бәзми!
Нет пиба, тәқда жоқ мәз күй.

Сағыр (залға).

Сыра да қайғы азда ми.

*Дәмеш жүгіріп кіреді. Мұсаны құшақтап отырған
Гүлсімді де байқамай, Исаны бас салады.*

Дәмеш.

Жалын-демі!
Бар ма емі?
Наздан әбден түңіліп,
Бастап ем егес бүлініп.
Шошынған жүрек әлсіреп,
Қалды ма сәл-пәл кідіріп?
Әнің болып демейін,
Айың болып төнейін,
Тұршы, Исам!

*(Дәмеш Исаны құшақтай алады. Жүгіріп Әсем
кіреді).*

Әсем.

Күйіп бойы,
Тыншыпты ойы!

Оң-солға қолды сермедім,
Қинадым, сөктім, тергедім,
Тигенін соққым жүрекке
Қалайша сонда көрмедім?!
Таңың болып жетейін,
Аялап мәңгі өтейін,
Нышантай, ояншы!

(Нышанды құшақтай жығылады).

Бегәлі.

Депкада сәпсім істид жоқ!
Сыра жоқ енді іспірт жоқ.

Сағыр.

Сезімсіз жанда үстірт көп.

Бегәлі.

Пошел ты, дүрік, үшкір бок!

*(Бегәлі кетеді. Қатша кіреді. Үш жігітті аймалап
жатқан үш қызға екеуі елжірей қарап қалған).*

Сағыр.

Құдірет пе едің, о жастық!
Қадіріңді кім білген?
Жылатқан да күлдірген,
Жұбатқан да бүлдірген,
Айырмай қойған бір гүлден,
Әзәзіл шіркін құрғыр ма ең?!
Оу! Бәйбішем, бәйбішем,
Алыстап қалай кеткенбіз
Сонау бір ыстық нұр күннен?!

(Сағыр бәйбішесін құшақтамақшы болады).

Қатша.

Тоқташы енді! Қой, ойбай!
Өткен күнді кім білген?
Қайдағы жоқты айтасың,

Әзәзіл шіркін құрғыр ма ең?
Оянды әне балалар
Естерін жинап бір-бірден.

Мұса.

Гүлсімім бе, апырмау?!
Түсім болар, нанбаймын...

Гүлсім.

Өңің, Мұсам, оралдым,
Енді сенен қалмаймын!

Мұса.

Гүліме жырымды арнаймын!
(Құшақтайды. Иса оянады да, Дәмешке үңіле
қарайды)

Иса.

Дәмешім бе шынымен?!
Түсім болар әлі де...

Дәмеш.

Өңің Иса, келдім мен,
Айыптымын бәріне!

Иса.

Басайын бақыт әніне!
(Дәмешін құшақтайды. *Нышан оянады. Әсемге
қарайды. Басын шайқайды. Қайта жатады. Қайта
тұрып Әсемге қарайды).*

Нышан.

Әсемім бе, елес пе?
Шапалағы әлі есте...

Әсем.

Елес емес, Нышаным,
Ашылды міне, құшағым!

Нышан.

Арманға самғап ұшамын!

(Екеуі құшақтасады. Ғайшаны қолтықтап Асан кіреді)

Асан.

О, атажан, атажан!
Аруағыңа сиыншы!

Сағыр.

Ұшқын атқан жанарың
Сұрағандай екен сүйінші!.. Иә?..

Асан.

Оңай екен табысу,
Бірін бірі сағынса!

Ғайша.

Екеу ара бір тілек
Қос кеудеде табылса.
Әлем қандай кең еді!
Шыным, ата, сеніңіз...

Асан.

Сол әлемге, атажан,
Бізбен бірге еніңіз!

Сағыр алақанын жая бергенде, Гүлсімін ертіп Мұса жақындайды. Артынан кезекпен Иса, Нышандар қосылады.

Мұса.

Жүректері жұптасқан
Бізді де, ата, көріңіз!

Иса.

Арманға қарай нық басқан
Шарпысын бізді деміңіз!

Нышан.

Тебіскен де табысқан
Бізге де бата беріңіз!

Сағыр аса көңілденіп, бәрін иықтарынан қағып сипайды.

Сағыр.

Уай, бәйбішем, көрдің бе,
Төрт қыз бен төрт ұлымды!
Арман етіп келмеп пе ек,
Төрт отауды бүгінгі!
Тумаса да туғандай,
Төрт бірдей енді балам бар.

Қатша.

Төрт келінім - төрт тәубем,
Жайым жоқ мүлде алаңдар!

Сағыр.

Тойыңа онда тез қамдан,
Жайғай бер қара ешкіні!

Қатша.

Жөнелдім, міне, жүгірдім,
Тілекті тәңірім естіді!

*(Қатша кетеді. Төрт жұп Сағырға кезек-кезек
жақындайды).*

Асан.

Мәңгі-бақи бір болып.
Екеу боп ендік өмірге!..

Мұса.

Қасымда тұр ғой Күн болып!..

Иса.

Аруым келді менің де!

Нышан.

Қайырлы болып қадамы,
Келінің ашты есікті!..

Мұса.

Іңгәләп жатса жаманым!..

Иса.

Арқалап жүрсем баланы!..

Асан.

Тербетсем мен де бесікті!..

Сағыр.

Тойларға той ұлассын,
Ұмытсын жер жылауды!
Оқпенен емес Адамзат
Шаттықпен білсін сынауды!

(Қатша мен Бегәлі кіреді. Қатша әжей қуана алқынады).

Қатша.

Балалар-ау, о, шал-ау!
Дәмеш, Гүлсім, Әсем-ау!
Жарылды ғой, жарылды
Ақ түйенің қарыны!..

Тұрғандардың бәрі аң-таң. Сағыр қасындағыларға.

Сағыр.

Не деп кетті бұл анаң?

Бегәлі.

Пәнимайыш, тілгәрам!!!
Дабай, Сәке, мағарыш!

(Сағыр тұрғандарға Бегәліні нұсқап көрсетеді).

Сағыр.

Құрдас өзі бұл маған.

Бегәлі.

Құрдас-мұрдас не балтай,
Денгі дабай, тауарыш!

Сағыр.

Не деп кеттің шүлдірлеп?
Қазақшаңмен шүйілші!

Қатша.

Балалар-ау! О, шал-ау!
Сүйінші бер! Сүйінші!

Бегәлі.

Так гәуарит тілгарам,
Қабылданған бірәйек.

Асан ұмтылып келіп телеграмманы алып оқиды.

Асан.

Проекті... Жігіттер!
Бекітіпті жобаны!

Бегәлі.

Сыра болса бір аяқ...

Сағыр.

Әй, құрдас-ай, құрдас-ай!
Қолқа қылып сыраны.
Аузыңа тай түспей ме,
Әкеліп тұрып мынаны?

Бегәлі.

Зашем тай? Әпкел сыраны!
Нылза жылқы гортта.

Сағыр.

Айттым ғой құрдас, той бар деп.
Құр қалам деп қорықпа.

Асан.

Сүр бойдақтар, жігіттер!

Нышан.

Бойдағы нес, көрмей ме?
Әлде бізді сынай ма?

Асан.

Жобаны да өткіздік,
Қолды күнге жеткіздік -
Аз емес-ау бір айға?

Бәрі:

Дұрыс, дұрыс! Аз емес!

Асан.

Тіршілікке жегейік
Ғылыми прогресті.
Ұмтылайық бәріміз
Күшейтуге күресті.

Бәрі:

Оған жанды саламыз!

Асан.

Көтеріңкі міндетті
Аламыз ғой?

Бәрі:

Аламыз!

(Асан Сағыр ақсақалды иығынан құшақтай алады.)

Асан.

Төрт отауды көтеріп,
Онда осында қаламыз!

Бәрі:

Ата! Әже! Еркелет!
Бәріміз де балаңыз!

Сағыр.

Өмір қандай тәтті еді!
Уай, бәйбішем, мойыма.
Шақыр анау қауымды
Айдай әлем тойыма!

(Авансценаға жақындап келіп залға қарап сөйлеп тұр.)

Тасығанымды көріңдер!
Осы отырған барлығың
Бірің қалмай келіңдер!

Шымылдық

1970- 73жыл.





ТАҒДЫРЛАР

Екі бөлімді драма

Қатысушылар:

Ноян - студент, 20-да

Саян - студент, 23-те

Хадиша - Саянның шешесі, 50-де

Гүлмира - студент қыз, 22-де

Марат - инженер, 40-та

Қарлығаш - Мараттың жұбайы, 30-да

Сарыбай - жазушы, 60-та

Әскен - 35-40-тарда

Қыз - даяшы

Бала

Оқиға уақыты қазіргі кез.



БІРІНШІ БӨЛІМ

Сахна ашылғанда кафе көрінеді. Шеткі жақтағы екі стол қатарласып қойылған. Саян, Гүлмира және даяшы қыз столды жасап жүр. Алыстан музыка естіліп тұр.

Гүлмира. Қоя берші деймін, Саян.

Саян *(жібермей).* Алжапқыш саған қалай жарасады, Гүлім. Нағыз хозайкасың!

Гүлмира. Мен саған бірдеңе айтайын ба?

Саян. Не айтқың келіп еді, жаным?

Саян. Иә, мен... келін боп түсем ғой. Сондықтан...

Саян. Иә, сонда не?

Гүлмира. Ешкім жоқта... тойға дейін қарашы, Саян. Келін тізе бүгіп ибалық көрсетпей ме. Былай ма? *(Иіледі).* Сен неге күлесің?

Саян. Жарайсың! Тағы бір рет! Тағы, тағы, тағы! Жаса, жаса, қазақтың келіні! Міне, сені өмір бойы сүйіп өтуге болады. *(Куанышты күледі).*

Ноян кіреді.

Ноян. О-о! Ғашықтарға сәлем! Танысып қоялық. Мен - Ноян. Саянның інісі болам. Сен - Гүлмирасың ғой.

Гүлмира. Иә!

Ноян. Білесің бе? Мен сені, Гүлмира, анау-мынау ғой деп ойлап қап ем. Ал сен! Бақыт ала келген боларсың? Ағузы билләһи мына шайтан ирражим. *(Шұбыртып ала жөнеледі. Бәрі күледі. Магнитофонын қосады).* Қалай, Гүлмира? Шик-модерн! Аздап қырылдайды. Мәселе онда емес. Жүр, жеңгем, билейік! *(Гүлмира твистке билемекші болып еді).* Жоқ! Мен тек вальсті ғана билеймін.

Гүлмира. Ренжіп қалдың ғой.

Ноян. Саған неге ренжимін. Жай... Саян, мамамның қайтар кезі болды, жолын тосайық.

Гүлмира. Ноян, шынында да, саған не болды? Көзіңнен көріп тұрмын, бір нәрсеге ренжігенсің ғой.

Ноян. Бүгін маманың тойы... Ренжуге болмайды. Гүлмира, Саян! Сендер билей тұрындар, Мен қазір...

Гүлмира. Ноян!

Ноян. Қайным де! Немесе, Ақтентегім де. Қазақтар қайнысына ат қоймаса, үйге кіргізбейді. *(Кетеді).*

Саян. Дурак! Сенің атың Сужұқпас!

Гүлмира. Саян, несі бар. Қойсам қоям.

Саян. Ақылыңнан айналайын, Гүлім!

Ноян *(телефон-автоматта).* Айқайлама! Сегізде кафеде бол! Немене? Қап! Тастап жіберді-ау! *(Қолында гүлі бар Әскен шығады).* Ә-ә-ә, Әскен аға, енді ғана алдыңыздан шығайын деп жатыр ем... *(Бір гүлін жұлпыт алады).*

Әскен. Қой, қой! Жұлма гүлді!

Ноян. Неге?

Әскен. Гүлді жұлсаң, кеудеңе тақ! Аяқпен таптама. *(Ноян Әскенді шырық айналдырады).*

Ноян. Қанша гүлді кеудеңізге бастыңыз, Әскен аға! Шыныңызды айтыңызшы, нағыз Дон-Жуан болдыңыз ғой, иә?

Әскен. Түу, қайдағыны еске түсіріп. Ойнама, Ноян. Жібер! Салиха жеңгең естіп қалса...

Ноян. Қорқасыз ба? Жеңгейден қорқасыз ғой?

Әскен. Енді... аздап ол жағы бар. Сен жаңа кіммен сөйлестің осы?..

Ноян. Сөйлесу үшін біреу керек пе, Әскен аға? Мен оңаша отырып-ақ сөйлей берем. Кейбіреулерге тілінді ауыртып, қабырғаға айтқандай жаңғырық тыңдағаннан да, өзіңмен-өзің сөйлескенің мың артық.

Әскен. Қалай?

Ноян. Бір кеудеде екі “мен” болады. Бірі - ары мен ұяты, біреуі - пиғылы. Ол екеуі мәңгі шайқаста. Оңашада сол екеуін рингке шығарып, судья болып көрсеңіз - онда Адам деген атақтың шеңберінен асып кетпейсіз.

Әскен. Ноян, мықтысың өзің. Дұрыс айтасың. Мен аздап жұтыңқырап алғанда... енді кейде деймін шамадан артықтау бөсіп кеткенде, оллаһи, түп-тура екі Әскен боп шыға келем. Біреуі: “Ішпе, Әскен! Үйінде аюдай ақырған Салихаң отыр” - десе, екіншісі:

“Салиха болса қайтейін. Сен - Әскенсің! Сен - арыстансың!” - дейді. Міне, гәп қайда жатыр. Мәселе - соның қайсысын тындауда. Содан кейін қолды бір сілтеймін де, әнге басам. Әннің көкесі - “Құсни - Қорлан” ғой!

Ноян. Әскен аға, танысып қойыңыз. Келешек жас жұбайлар. Мынау - әрине, Саян. Ал оның қасындағы Гүл-ми-ра! Туған жеңгем!

Әскен. Ә, иә-иә... Дұрыс... Мен өзі... Ноянмен біраз сөйлесіп. Кешіріңіздер.

Ноян. Ағамыз айтады: “Сенбеймін қазіргі жастарға” - дейді. “Мен Салихамен алғаш қосылған кезде былай жасайтынбыз” - дейді. Саян, рұқсат ет, көрсетсін. (Гүлмираның қолынан жетектеп, Әскеннің қасына апарады). Әскен аға, құшақтаңыз.

Әскен. Қой, қой! Бала боп кеткенбісің, Ноян.

Ноян. Гүлмира, будь дамой! Құшақта! Өне, қатып кетті! Билендер! Дұрыс. Әскен аға айтады: “Былай жүретінбіз. Құшағы Салихамның от болатын, өрт болатын. Лапылдап ол жанатын. Қызуына өртеніп, балбырап мен тұратынмын. Шіркін, өтті-ау дәурен! Қайта келмейді!” - дейді. (Әскен Гүлмираны қоя береді).

Әскен (өзіне ашпқандай). Иә, өтті-ау дәурен!

Ноян. Вот как! Әскен аға, сіз не дедіңіз?

Әскен. Ә-ә, жай, әншейін. Қайдағы-жайдағылар еске түсіп... Көңіл босап...

Гүлмира. “Махаббат - ғұмыр бойы маздайтын от” - дейді ғой ақындар.

Ноян. Иә! Соны сіз қалай суытып алдыңыз?

Әскен. Тәйт әрі. Суытқаны несі. Менің Салихам...

Ноян. Міне, лапылдаған жүрек, махаббат!

Әскен. Ол енді кезінде болған.

Ноян. Ағам үшін бір рет атпаймыз ба шампанды?

Гүлмира. Ноян! Мамамызды тоспаймыз ба?

Ноян. Гүлеке, менің атым Ақтентек.

Әскен. Егер менің Салихам тағы бір Ақтентек тауып берсе... (пауза).

Ноян. Әскен аға айтады: “Махаббатты суытайын деп суытты дейсіңдер ме? Салихама алдымен тісім жақпады. Ақар-шақар, арасынан ел көшіп өткендей екен” - дейді. Солай ғой, Әскен аға.

Әскен (күледі). Тұу, саппас-ай!

Ноян. Әскен аға айтады: “Жеңгеңе содан кейін ісім жақпады. Басы таудай да, аяғы қылдай екен” - дейді.

Әскен (Кеңк-кеңк күліп). Әй, соның бәрін қайдан біліп жүргенсің?

Ноян. Әскен аға тағы да айтады... “Салихама бара-бара түсім жақпады. Ақ құбаның өзі де емес екем, қара торының көзі де емес екем” - дейді.

Әскен. Сүмірейтті. Рас-рас! Ақ құба да, қара торы да емеспін. Ортасы шығармын.

Гүлмира. Ноян... Ақтентек!

Ноян. Пожалуйста! Қойдым, жеңеше!

Әскен. Ойбай-ау, Ноянжан, мына гүлдің ағы көп, ал қуаныштың қызылы мол болу керек деген жеңгең. Ноянжан, жүр. Тез барып келейік. (Әскен, Ноян кетеді).

Гүлмира (өзіне). Саян командировкаға кеткенде көңілсіз болмайтын болдым ғой.

Саян. Гүлмира, сен де Салиха жеңгей құсап мін тағар ма едің?

Гүлмира Енді қалай! Мына шашты қобыратпай тарап қой. Бұл - бір де. Екіншісі, мені ешкімнен қызғанба. Жаңа ғой Әскен аға мені құшақтағанда өңің құбылып кетті.

Саян. Өтірік айтпа, өңім өзімде болатын.

Гүлмира (күліп). Міне, міне, қызарып кеттің. Значить, қызғаншақсың. Қызғаншақтық - басты мін. Бұны екі де.

Саян. Жарайды, қойшы енді. Санай берсең көбейте берерсің, Гүлмира. Қойдым. Ынтымақ керек. Бірлік, тату-тәттілік керек. Әйтпесе, семья берекесі болмайды.

Гүлмира. Айтасың-ау сен де. Сонда семья деген қатты сөйлесең қабырғасы сөгіліп кетер бір нәрсе шығар. Мәселен, сен жатасың кең диванда шалқаңнан. Қолыңда газет, алдында - телевизор. Мен жүремін аяғымның ұшымен қыбырла-ап қана. (Сыбырлап сөйлейді). “Не ішесіз, Сәке?” “Не жейсіз, папасы?” “Нені қалайсыз?” “Басыңызды жазасыз ба, тақсыр?”

Саян. Гүлмира!..

Гүлмира. Семья ондай емес қой. Келісесің бе?

Саян. Келісем. Құрысын ондай құбыжық. Құрысын

паңдық пен тәкаппарлық! Сен ожау ұстасаң, мен қазанын көтерем. Сен қамырын илесең, мен сорпасын сапырам.

Гүлмира. Сонда кімді кім тындайды?

Саян. Саянды Гүлмира тындайды. Гүлмираны Саян сыйлайды.

Гүлмира. Жарайды, оныға да көнейін. Ал енді сен қазан көтеріп, сорпа сапырып жүргенде, мартенде болат қорытып, темір ағызатын кім?

Саян. Екеуміз. Мен болат балқытсам, сен слябты қамырша илейсің. Көрерсің сонда біздің семьяның тұрмыс пен қызметте жұптары жазылмағанын. *(Құшақтайды).*

Гүлмира *(күлімден).* Бүгін сондай тамаша күн! Жіберші!

Саян. Әне, мамам өтіп барады. *(Шығып кетеді).*

Гүлмира. Інісі қандай. Нағыз ноян! Тіпті Әскен ағаның өзі ше! Екеуінің әзілдері қандай! Қызық қой өмір! Егер мен Саянға тұрмысқа шықсам, мені біреулер: “Келін!” “Келін келе жатыр!” “Қараңдар, келін тамақ пісіріп жүр” - дейді-ау!

Саян *(Хадишаны ертіп келеді).* Құттықтаймын, мама!

Хадиша. Немене, құлыным-ау?

Саян. Мама, бүгін сенің туған күнің ғой.

Хадиша. Солай ма еді. Мен тіпті ұмытып кетіппін-ау. *(Столға қарап).* Мыналарың үлкен тойдың дайындығындай екен. Нағыз банкет!

Саян. Мама, сенің туған күніңнен артық той бола ма. Гүлмира екеуміз аяңған жоқпыз. Айтпақшы *(Гүлмираны жақындатып),* танысып қой, мама. Гүлмира деген болашақ көмекшіңіз осы қыз болады.

Хадиша. Көмекші... Көмекшім болады дедің бе, ұлым!.. Әй, айналайын, көмекшімнен. Кел, келші, Гүлмира! Садағаң болайын. *(Маңдайынан сүйеді).*

Саян *(ораулы затты ұсынып).* Мама, мынау саған. Гүлмира екеуміз бір күн іздеп, әрең таптық.

Хадиша *(орауды ашып, көйлектік матаны көреді).* Саян-ау, күнім-ау, соншама шығынданып мұның не? Екеуіңнің құттықтағандарыңнан артық сыйлық бар ма еді.

Саян. Мама! Менің аудармашы екенімді білмейсің.

Мен бір ақынның өлеңдерін орысшаға жолма-жол аударып жүрмін.

Хадиша (*қуанып*). Рас па, Саян?! Сен... сен өлең жазасың ба? Шын ба, күнім?.. Жазған өлеңдерің бар ма? Көрсетші?

Саян. Әзірше өлең жаза қойғам жоқ.

Хадиша. Жазасың. Сен жазуға тиіссің, Саян! Кімді аудардың?

Саян. Сарыбай Кәрімов дейтін ақынды.

Хадиша (*кенет тіксініп*). Сарыбай...

Саян. Иә, мама...

Хадиша. Өлеңдері қалай екен? Ұнай ма саған?

Саян. Жақсы өлеңдері көп. Сіз оны білесіз бе?

Хадиша. Білуші ем... Бір кездерде өлеңдерін оқитынмын...

Әскен мен Ноян келеді.

Ноян. Білесіз бе, Әскен аға. Күн күйіп тұрғанда, мый шіріп тұрады. Во! Ендеше, қам жеменіз. Мама! Құттықтаймын! Дайте я вас поцелую (*Сүйеді*).

Хадиша. Рақмет, Ноянжан.

Әскен. Қадірлі жеңеше! Көршілік көңілдің белгісі. (*Гүл шоғын ұсынады*). Әлгі біздің үйдегі Салихасы құрғыр толғатып...

Хадиша. Не дейді? Онда мұнда неғып тұрсың?

Әскен. Тұмса келіншек емес қой.

Ноян. Жеңеміз тағы бір Әскеновичті “Мә, Қоңқай!” - деп ұстата салар. Мама! Білесіз бе, Әскен аға сізге не сыйламақ болғанын.

Әскен (*қолын сермен*). Қой деймін, Ноян...

Ноян. Фарфор піл сатып алайық дейді. Менің мамам жөне фарфор піл. Қалай келіспейді. Жоқ, Әскен аға. Это старомодно и еще менің мамам мешканка емес.

Саян. Заманымыздың ұлы ойшылы келді. Енді құлаққа маза жоқ!

Ноян. Жоқ, ағасы, қателестің. Мен ойшыл болайын деп болмаймын. Соған еріксіз итеретіндер көп.

Хадиша. Даурығып болсаңдар, дастарқанға жақындайық. Гүлмираш, мына ағайынды екеудің дауы құлағынды даң қылып жіберген жоқ па, қызым? Әлі-ақ үйреніп кетесің.

Ноян. Мама-ау, между прочим, Гүлмира - мировая

девушка. Білесіз бе, мам, айналамызда қандай қыздардың жүргенін. Ал біз, Саян екеуміз, шешілмеген проблемаларды шешеміз деп көп нәрседен құр қала жаздаппыз. Так что, Саян, осындай қара көздердің дүниеде барлығы үшін көтеріп қоялық. Қара көздер тұрғанда проблема біткен өз-өзінен шешіліп жатады.

Саян. О-о! Аға да келіп қалды!

Марат келеді.

Марат. Қайырлы кеш! Ас тәтті!

Ноян. Кешіккен жандарға иесі қатты.

Әскен (*орнынан тұрып*). Марат-ау, өзіміз әсте кешігу дегенді білмейміз. Әйтпесе, Салиха...

Марат (*Хадишаны қолынан сүйіп*). Құттықтаймын, жеңгей! Шын көңілден қуанышыңызға ортақпын.

Хадиша. Рақмет, Марат! Кел, отыр. Ноян, орындықты бері сырғыт.

Марат. Қазір, жеңеше. Отырам ғой, отырам. (*Марат отырады*).

Әскен. Жеңгей, біздің Саян азамат қой. Қайдан ойына түсті екен. Туған күннен артық той бола ма.

Хадиша. Азаматым ғой, азаматым бұлар. (*Марат бір шарапты үстелге қояды*).

Марат. Кешіріңіз. Аяқ асты, кеш естіп... Басқа ыңғайлы нәрсе таба алмадым. Қадірлі адамына ең қымбатты затын сыйлайтынын ұмытпаңыз, жеңеше. Мынау шараптың мен үшін бағасы жоқ.

Үнсіз қалады. Ноян шишаны алады. Этикеткасын оқиды.

Ноян. Марат аға, мынауыңыз выдержанный шарап қой. 1965 жылдың жемісі. Қайдан таптыңыз?

Марат (*бейжай*). Не? Ә-ә! Иә, көп күткен шарап... Бүгін сәті түсіпті.

Хадиша. Әскен, ашсаңшы. Құй. Ыдыстар бос тұрмасын.

Әскен. Хоп мәйлі! Міне, мен дайынмын.

Саян. Мама, кешіріңіз. Қазір ақын ағамыз келетін еді. Сәл күтсек болмас па екен?

Хадиша. Оны қонақтарыңнан сұра, ұлым!

Бәрі: О не дегеніңіз. Сәл тоса тұрайық. (*Үнсіздік*).

Хадиша. Гүлмираш, ән салшы бір. Ән тыңдамағалы не заман.

Гүлмира. Даусым онша емес еді...

Саян. Мама, сенбеңіз, Гүлмира - сұмдық әнші.

Ноян. Шырқап жібер, “Ғалиябану еркем” деп. Құлақтан кіріп бойды алсын. *(Гүлмира ән салады).*

Ноян. Қалай-қалай сайрайды. Нағыз бұлбұл!

Хадиша. Қойшы, Ноян. Ұялтпа қызымды. Даусыңнан айналдым! Сыңғырлап тұр екен. Рақмет! *(Әскенмен Маратқа).* Сендер біліп қойыңдар, Гүлмира - менің болашақ көмекшім.

Ноян. Келінім де, мама.

Хадиша. Келінім де, көмекшім де - өзі. Көптен күткен тілегім орындалды. Бақытты болыңдар, балаларым. *(Саян мен Гүлмираны маңдайынан сүйеді).*

Ноян. Мама, мені ұмытып кеттіңіз ғой. Ерегіскенде мен де біреуді жетектеп әкелейін бе?

Хадиша. Әкел күнім, әкеле бер. Той тойға ұлассын.

Марат. Саян, Гүлмира! Мен де құттықтаймын!

Әскен. Мәссаған. Мен не естіп отырмын. Саян, мен бар ғой, құдалыққа өзім жүрем. Тұп-тура қазір барам да.

Марат *(тоқтатып).* Әсеке, аттыға еріп...

Әскен. Ол да дұрыс екен. Тоқта, осы мен өзімнің... аздап *(Марат “шыда” дегендей белгі береді)* Сүйкеп жіберуге болар еді...

Ноян. Шындықтың критерийі - мораль дейді менің профессорым. Ал моральдың критерийі не десем? Моральдың критерийі - шындық дейді. Сонымен, семья кілті - үйлену десек, үйлену - семья құру болады екен. Мама, Гүлмирадан үйленуге, семья құруға өз келісіміңді бердің бе деп неге сұрамайсыз. А то уважаемый братец маған жасайтын насильственный методын Гуляға да қолданып жүрмесін.

Саян. Мама, қуып жіберіңізші. *(Ноянға).* Барып ұйықта, балақай!

Хадиша. Гүлмира қалқам. Ноянның сөзінің жаны бар. Кеңесіп пішкен тон келте болмайды дейді. Ойландың ба?

Гүлмира. Иә...

Саян. Мама, біз көп ойланып, ақыры бүгін өзіңізбен ақылдасып... той күнін белгілесек деп.

Хадиша. Той... Біздің шаңырақта да той... *(Саянға).*

Әлгі ақынның сенде кітабы бар ма? Жо-жоқ! Кейін көрермін.. Той... Той жасаймыз. Үлкен той жасаймыз, балаларым... Бәрін, бәрін шақырамыз... Ән де айтылады, күй де тартылады... Айта қалғандай той жасаймыз... *(Үнсіз ойланып қалады)*.

Әскен *(бокалын көтеріп)*. Мен айтайын ба. Той деген жарықтық... Түу, жарықтық емес... той деген дүрбелең... Тағы да дұрыс емес. Той деген құбылмалы бірдеңе... Той үшін алып қоялық. Айтпақшы, әлі сәл кідіру керек екен ғой.

Ноян. Енді мен айтайын. Тост деген жарықтық... Но, жарықтық емес... Тост деген тілек білдіру деген бірдеңе.

Әскен. Ноянжан дұрыс айтады.

Хадиша. Гүлмира, оқимысың, қалқам?

Ноян. Оқығанда Гүлмира оқысын, мама. Саян екеуі бір группадан. Саянның курсовойын кімге сызғызып алып жүргенін әлі күнге дейін білмеймісіз?

Хадиша. Ағайын, туыс бар шығар. Біз өзі қарым-қатынасы шамалы жанбыз. Туыс табар ек. Өрісіміз кеңір еді.

Гүлмира. Ағайын бар. Әкемнің бір досы қаражатпен көмектесіп тұрады. Бірақ мен оларды білмеймін.

Хадиша. Құдамыздың аты кім?

Ноян. Мама, оны қазір қайтесіз. Осы бүгін құдаңыздың үйіне қонаққа аттанғалы отырғаннан саумысыз.

Хадиша. Қызым, Саянның ақыны келгенше сәл серуендей тұрайық.

Гүлмира. Жарайды, мама! *(Екеуі кетеді)*.

Марат. Саян! Жыландардың өмірі жөнінде бір тамаша кітап шығыпты. Сенде жоқ па?

Саян. Жақсыбек сатып алдым деп мәз боп жүр еді.

Марат. Бері келші. *(Екеуі кетеді)*.

Ноян. Мен тағы бір рет звандап көрейін. *(Кетеді)*.

Әскен *(жалғыз)*. Салихам, жаным менің. Телевизоры түскір де бұзылып тұр еді. Той... той дейміз қуанышы қайда. Асқар Тоқмағамбетов ағам айтқандай, “Бәрі бар, бәрі тұр. Өріктің де дәні тұр”. *(Гүлмира келеді)*. Қызым, бері келші.

Гүлмира. Иә, аға. Бірдеңе айтасыз ба?

Әскен. Ой, Хадиша - сондай жақсы адам. Екі

азаматты жалғыз тәрбиелеп жеткізу оңай деймісің. (*Саян келсді*). Саянжан, мына выдержанныйдан тартып жіберсек қайтеді, ә?

Саян (*басын шайқайды*). Марат ағай келсін де. Сіз отыра тұрыңыз. (*Гүлмира, Саян шығады*).

Әскен. Не істесем екен? (*Марат әкелген шишаны ашуга ыңғайланады да, орнына қояды*). Мұнда бір гәп бар. Алпыс бесінші жылдан бері сақталса... (*Саусағын санап*). Тура бақандай он жыл өтіпті.

Алдымен Сарыбай, біраздан соң Ноян келеді.

Сарыбай. Ассалаумағалайкүм. Рұхсат па екен?

Әскен. Әліксалам. Кіріңіз, келіңіз. Біз өзі Салихашка екеуміз қонақ жатырқамайтын жандармыз. Төрлетіңіз, ақсақал.

Сарыбай (*отырады*). Мен біреуді іздеп келіп едім. Шатасып қалған жоқ па екем?

Әскен. Кімді іздеп едіңіз?

Сарыбай. Саян деген інішек бар еді.

Әскен. Е-е онда дұрыс келіпсіз. Сізді күтіп отыр екенбіз ғой. Піскен астың күйігі...

Сарыбай. Не десем екен... Асықсам да жеткенім осы болды. (*Марат кіреді*).

Марат. Сәке?! Сіз... Сіз қайдан жүрсіз?

Сарыбай. А, Маратжан, бұл бір қызық кездесу болды-ау... Мен де тойға келдім.

Марат. Е-е, қош келдіңіз. Шынында, бізде бүгін той.

Сарыбай. Той барын білем. Қалыңдық қайда? Саян қайда? Бірі көрінбейді ғой?

Әскен. Адамдар болады. Бәрі болады, ақсақал?

Хадиша кіреді.

Сарыбай (*орнынан ұшып тұрып*). Ха-ха-диша-а! Сізбісіз? Сіз... сіз... Е-есен-бісіз?..

Хадиша. Сәке?! Танымай қалдыңыз ғой. Танымауыңыз да мүмкін. Жиырма бір жыл болыпты. Әйтеуір атымды ұмытпапсыз. Ұмытып кетті ғой деп жылы жауып қойып едім. Рақмет... Мәнсияның денсаулығы қалай? Балаларыңыз азамат болды ма?

Сарыбай. Әй, Хадиша-ай! Бір қыңырайған шаруа оңала ма? Бес-алты жыл бұрын Мәнсия қайтыс болған. Құраған қу басым алдыңда тұр.

Хадиша. Шақырса да келмейтін қонақ едіңіз. Жақсы болды.

Сарыбай. Мен, шынында, шақырылған қонақпын.

Хадиша. Онда отырыңыз, Сәке! Асықпаңыз. Тойдың үстінен шықтыңыз. Менің туған күнім еді.

Сарыбай. Ә-ә! Солай ма? Мен Саянның тойына келдім десем...

Хадиша. Үрікпеңіз. Ол той да болады. Бәрі болады.

Әскен. Оу, біздің жеңгейде не арман. Саян мен Нояндай ұлдары бар.

Сарыбай. Саян?! Саян сіздің ұлыңыз ба еді? Мен оны басқа... Апырмай, Саян сіздің бала екен ғой.

Хадиша. Бұл не тұрыс? Кәне, отырыңдар. Ноян!...

Ноян. Иә, мама мен онда қызметіме кірісейін. Біздің үйдегі шеф-повар мен екенімді ұмытпасаңыздар болғаны.

Хадиша. Ноян, сен қонақтардың көңілін тап. Әскен, өз міндетіңмен айналыс. Рюмкалар бос тұрмасын.

Әскен (*Сарыбайға*). Ақсақал, адамдар болады демеп пе ем. Міне, жинала бастадық. Ыдысыңызды бері жылжытып жіберіңіз. Келген соң ішу керек. Әйтпесе, оның несі той. (*Саян мен Гүлмира келеді*). Міне Саяндар да келді. Ақсақал, мынау біздің Гүлмира деген қызымыз.

Саян (*қуанып*). Сәке! Қандай жақсы болды! Кешіккеніңізге жұмыс болып қалды ма деп абыржып отыр едім. (*Гүлмираға*). Гүлмира, менің саған өлеңін оқып беретін ақын ағам осы кісі!

Сарыбай. Саян! Азамат болыпсың-ау! (*Қолын біраз ұстап қалады*). Сен... сен өсіп кетіпсің...

Саян. Сәке, мен сізді мамаммен таныстырайын. Сізді сырттай біледі екен.

Хадиша. Біз танысып алдық, Саян. Төрт көзіміз түгенделді. Балалар, отырыңдар. Гүлмира, қасыма кел. Неге үндемей қалдыңыздар. Жиырма жыл той жасамаппын... Уақыттың қалай зымырап өте шыққанын да білмей қаламыз.

Әскен. Дұрыс айтасыз. Шіркін, күнде той болып тұрар ма еді. Әй, бірақ бітпейтін, таусылмайтын жұмыс. Мысалы, мына мен Салихаға жыл сайын "Ауылға барамыз. Демалысымызды елде өткіземіз", - деп уәде

берумен келем. Сол орындала ма? Жоқ. Бәрі күйбең. Күйкі тірлік.

Ноян. Әскен аға, мен сізбен келіспеймін. Күйкі тірлік дейтін тірлік жоқ. Күйкілі ғұмыр кешетін пенделер ғана бар. Солардың өзін-өзі төменшік ұсғап, тізгінін босатпайтыны қинайды. Қазір жиырмасыншы ғасыр дейміз. Атом мен физика ғасыры. Сонау жиырмасыншы, отызыншы жылдардың ойшыл рухы қайда? Бүгінгі жетпісінші жылдардың Боры, Капидасы, Әуезовтары неге жоқ?

Сарыбай. Жігітім, сіздің атыңыз кім?

Хадиша. Сәке, ол менің Саянымның інісі, аты Ноян.

Сарыбай. Ноян... Ноян... Сонда сізді қалай түсіну керек?

Ноян. Түсіндіретін түгі жоқ. Шындыққа құдайдай табынатын жастар талабына барынша кең жол ашу керек. Тобықтан қақпау керек.

Сарыбай. Жастарды құдайға шүкір мен де білем. Шуы мен дуы көп. Желпініп алып желік қуатындары мол. Дегенмен, жастардың да жақсылары бар, бірақ...

Ноян. Бұның бәрі жаттанды сөз. Әбден құлаққа жауыр боп бітті. Сәке, осы “жетістігіміз бар, бірақ”, “жақсылығымыз бар, бірақ” дегенсіз сөйлеуге болмай ма?

Саян. Ноян, жетер!

Сарыбай. Саянжан, бөлме сөзін. Ноян, ғафу етерсіз, тағы бірақ десем. Бірақ мен сізді түсінбей отырмын.

Ноян. Шынында да, түсінбей отырсыз. (Мысқылмен). Осы үлкендер, профессорларымды айтам, бір нәрсе туралы сөйлесе, мәселен, кемістік туралы: “Кемшіліктеріміз бар, бірақ...” деп күмілжіп қалады да, жетістікті айтса “тағы да үлкен серпінмен” деп “тағы да”, “тағы даны” тақылдатып ала жөнеледі. Осы “бірақ” пен “тағысыз” нақты сөйлеуді қашан үйренесіздер?

Хадиша. Ноян, осы сенің қызбалығың-ай! Әскен, күйсайшы.

Әскен. Аанада Салихашка телевизорды көріп отырып...

Ноян. Мама, көп сөйлеп жіберсем, кешір. Жо-жоқ, Әскен аға, менің ішімдігім - боржоми.

Марат. Ноян, сенің әлгі сөзінде астар бар сияқты.

Ноян. Нені айтып отырсыз?

Марат. Әке мен бала арасындағы түсінбеушілік.

Ноян. Түсінбеушілік дегеніңізге қосылмаймын. Ал кейбір пікір таласы бұрын да болған, әлі де бола бермек.

Сарыбай. Иә, Марат, аталар мен балалар таласы Тургенов заманынан бар дейміз де, соны өзіміз ойдан ұлғайтып ала жөнелеміз. Жоқ, біз жастарды оқытамыз, үйретеміз... Мен емес, әрине... Ноян, Саян, сендердің профессорларыңды айтам. Солар өмірдегі ізгілік, мейрімділік, жарқын жақтарды жастарға әбден ұғындыруға тырысады. Бірақ... кешіріңіз Ноян, бірақ кейбір жастар...

Ноян. Оныңыз енді менің қақпама соғылған доп қой, Сәке. Ал мен Құралбек Ордабаевтан бір де кем емеспін. Қақпама дарытпаймын.

Сарыбай. Ноян, бір нәрсе сұрасам, айып етпессіз. Осы сіздер неменеге құлай сенесіздер?

Ноян. Сәке-ау, тақымдап барасыз ғой. Мынауыңыз тұп-тура допрос. Ал шынына келсек, мен жастыққа табынам. Махаббатқа сыйынам. Шындықты сүйем. Ізгілікті ұнатам. Қарттықты сыйлаймын. Әрине, жастық жалынын жоғалтпаған қарттықты ғана. Жек көретінімде көп. Бюрократты, өзімшілді, жағымпазды, қараулықты ит етінен жек көрем. Аз болса тағы қосайын.

Сарыбай. Қызынбаңыз, Ноян. Ізгілік те, зұлымдық та бұрын да болған, бола береді.

Ноян. Онда зұлымдыққа қарсы аяусыз күрес ашу керек қой.

Гүлмира. Тамырын жұлу керек.

Әскен. Тамырын жұлу керек демекші... Аанада Салихашка екеуіміз киноға кетіп бара жатсақ, бір есерсоқтар...

Сарыбай. Сонда зұлымдықты туғызатын кім? Қазақша баламасын сұмырай десем, орысшасы - подлец. Соларды өрбітетін не? Ал осы подлец дегенді қалай тануға болады. Кейде соларды құрту үшін өзіміз зұлымдықты қару қылып жүрмейміз бе?

Ноян. Е-е, сіз тепе-тендікті ұсынасыз ғой. Сұмырай

да жүрсін, сұлулар да жүрсін дейсіз, ә. Түсіндік сізді. Бір кезде жыртқыш деп қасқыр біткенді қырып салдық. Аң мен малда ауру мен індет көбейді. Сондықтан қасқыр керек екен. Енді қасқырды көбейту қажет дейміз. Сіздікі де осы қағида ғой.

Сарыбай. Білмеймін. Арам бар да, адал бары рас. Бірақ адалдық арамдыққа дес бермесін. Әйтпесе, ақиқаттың салы суға кетеді.

Ноян. Мистика! Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам. Сенбеймін.

Сарыбай. Сенбейсіз ғой. Ендеше тындаңыз. Мына Маратты алайық. Адал ғой?

Ноян. Адал!

Әскен. Оу, Маратжанды Салихашка да мақтап отырады.

Сарыбай. Жарайды. Адал болса араммен неге аяқспайды? Он жылдан бері бастаған жобасын неге аяқтамайды? Қарлығашын неге іздеп таппайды? Соның бәріне қолын бір-ақ сілтеп, неге бұйығып қала береді?

Марат. Қажеті жоқ, Сәке. Ол менің өз шаруам!

Хадиша. Мына бір гүл солып қапты. Алып тастайыншы.

Әскен. Жеңеше, ол гүл еді ғой! Егер су құйса...

Сарыбай. Марат! Сен бізге түсіндір.

Марат (*шарапты ұстай*). Сәке, менің мына шарапты сатып алғаныма бүгін он жыл толды. Жобаны қабылдаған күні Қарлығаш екеуміз ашпақ болғанбыз...

Әскен. Ал онда мен бұл шишаның тығынын Байқоңырдан ұшырған ракетадай ытқытып жіберейін. (*Ұмтылып барып көтерем дегенде, шарапты жерге түсіріп, сындырып алады*).

Марат (*ұшып түргеледі де бұрылып кетеді*). Бітті!

Әскен. Апыр-ай, Маратжан-ай, байқамай... Қалай түсіріп алдым... қалай...

Марат. Сіз... сіз...

Сарыбай. Саған не болған, Марат?

Марат. Бәрі құрыды!... Бәрі қирады. Жоқ ол енді. Бітті бәрі!

Әскен. Маратжан, апыр-ай. Бір емес он шишасын мөлдіретіп қояйын осы қазір.

Марат. Жоқ! *(шығып кетеді)*.

Ноян. Әскен аға, неңіз бар еді сол шарапта.

Әскен. Е-е, бұлай боларын білдім бе. Кешіріңіздер енді.

Ноян. Әй, Әскен аға, мүмкін оның үлкен сыры бар шығар. *(Ноян кетеді)*.

Әскен. Ойпырмай. *(пауза)*. Мен кетейін, жеңеше. Тап бір ұстап алған ұрыдай болдым ғой.

Хадиша. Отыр! Ешқайда кетпейсің.

Әскен. Отырайын. Дегенмен... Салихаш жоқта осындайға ұрынып қала берем...

Гүлмира. Қарлығаш деді ғой, ата. Ол кім?

Сарыбай. Оны Мараттың өзі айтады.

Саян. Бүгінгі мінезін түсінбедім.

Марат пер Ноян кіреді.

Әскен. Қарағым Маратжан, кешіре алсаң кешір мені. Ойымда түк жоқ еді. Кесір қылғанда байқамай... жылп еткені.

Марат *(Сарыбайға)*. Сәке, сіз жобаны айтасыз... Өмірдің мәні тек жоспарға тіреле ме? Өмірдің өз жоспары бар болса, ал мен соның барлығынан айрылдым. *(Пауза)*. Оған кім кінәлі?

Саян. Марат аға, сөзіңіздің бәрі жұмбақ. Түсіндірерсіз?

Марат. Ол ұзақ әңгіме.

Гүлмира. Ағай, Қарлығаш сіздің жолдасыңыз ба еді?

Марат. Иә!.. Жұбайым болатын.

Әскен. Ой келін бар екен ғой. Салиха екеуіміз қалай естімегенбіз?

Гүлмира. Ол кісі қайда?

Марат. Басқа қалада.

Хадиша. Хат-хабар алысып тұрасыңдар ма?

Марат. Хат-хабар... Хат-хабар. Болған... Бірақ бір кезде хат-хабарына да зар болам деп ойлап па едім. Енді сол күнге тағы да бір кездессек... Мен Қарлығашпен осыдан он үш жыл бұрын танысып едім. *(Марат авансценаға шығады. Театрдың тепкішегінде жұмысшы киімді Қарлығаш тұр. Асығып келе жатып Марат байқаусызда Қарлығашпен соқтығысып қалады.)*

Марат. Кешіріңіз. Сіз бе едіңіз, Қарлығаш!..

Қарлығаш *(күліп)*. Қарлығаш екенімді қайдан

білдіңіз? Көзіңізді абайлаңыз, ұясынан түсіп қалып жүрер.

Марат. Не дедіңіз?

Қарлығаш (*сықылықтан*). Соншама бақырайғаныңыз не, адам көрмеп пе едіңіз? Айтпақшы, менің атымды қайдан білдіңіз?

Марат. Жаңа ғана озат құрылысшылардың слетінде сізге сыйлықты мен тапсырып едім ғой.

Қарлығаш. Қолымды қысып жібермей қойған сіз екенсіз ғой. Рақмет.

Марат. Шіркін, өмір бойы қолыңызды ұстап өтсем арман болмас еді.

Қарлығаш (*күліп*). Арманыңыз осал болмады-ау! Бірақ кешігіп қалдыңыз.

Марат. Қалай?

Қарлығаш. Сіздің бар екеніңізді білмедім ғой. (*Күледі*). Білгенде, қолымды басқа жанға ұстатпас едім.

Марат. Сіңіліңіз жоқ па?

Қарлығаш. Оны қайтесіз?

Марат. Оның қолы бос шығар.

қарлығаш (*күледі*). Сіңілім жоқ. Құрбыларым бар. Құрылысшы қыздар.

Марат. Сізге ұқсайтыны бар ма?

Қарлығаш. Сұрағыңыз қиын екен. Тергеу ме, тексеру ме?

Марат. Екеуі де емес. Қыдырып қайтайық.

Қарлығаш. Тым қызба болмаңыз. Қазір менің құрбым келеді. Қолы бос. Сонымен қыдырыңыз. (*Күледі*). Қабағыңыз түсіп кетті ғой. Жігітке томсыраю жараспайды.

Марат. Қайда асығасыз, Қарлығаш?

Қарлығаш. Концертке.

Марат. Осы киіміңізбен бе?

Қарлығаш. Қызды киіміне қарап бағалайтын болғанбысыз?

Марат. Жалғыз ғой?

Қарлығаш. Жоқ. Екеуміз.

Марат. Қолдың иесі ме?

Қарлығаш (*күліп*). Қолдың иесі.

Марат. Бақытты жігіт екен.

Қарлығаш. Иә, өзі де бақытсызбын демейді. (“Қар-

лы-ғаш!” деген дауыс естіледі). Әне мені шақырып жатыр.

Марат. Шынымен кеткеніңіз бе?

Қарлығаш. Жүріңіз, құрбыммен таныстырайын.

Марат. Жоқ. Рақмет. Қолыңызды беріңіз.

Қарлығаш. Айтпап па ем басқанікі деп. Болмайды. Тағы да бір сыйлық бергенде қысарсыз. Биыл тоқсандық жоспарды да мерзімінен бұрын бітіреміз деп уәде бергенбіз. Біз - уәдеге берік халықпыз. (Күледі). Ұнжырғаңыз түсіп кетті ғой. Қыз іздесеңіз - кранға шығыңыз. Айналаңыз тегіс көрінеді. Сау болыңыз. (Күліп жүгіре жөнеледі).

Қарлығашқа түскен жарық сөнеді. Марат бөлмеге енеді.

Марат. Алғашқы таныстығымыз осылай басталып еді.

Гүлмира. Өмірге неткен ғашық жан еді! Айналасына сыңғыр күлкісімен шуақ төгіп тұрғандай.

Ноян. Ех, он бес жыл бұрын туар ма ем!

Саян. Тыныш отыр!

Әскен. Иә-ә. Жас кезімізде Салихаш екеуміз де талай көгершіндей күркілдесіп едік. Әй, Маратжан, нағыз қызық жерін айтсаңшы. Қалай өзі?

Авансценаға жарық түседі. Сквер. Ұзын скамейкада Қарлығаш отыр. Иегін алақанына сүйеп, бір нүктеге көңілсіз қадалып қалған.

Марат (бөлмедегілерге). Мұңайып отырған Қарлығашты көргенде қуанышым су сепкендей басылды. Мен оны күлкі мен шаттықтан жаралғандай сезуші ем. Жүрегім сыздап қасына жақындадым.

(Қарлығашқа). Қарлығаш? Сәлеметпісіз? Рұқсат па екен? (Бөлмедегілерге). Ұмытпасам, екінші жолы дәл осылай кездескенбіз. Қарлығаш мені танымады.

Қарлығаш. Отырыңыз.

Марат. Әңгіме айтыңыз, Қарлығаш, ермек болсын.

Қарлығаш. Еркекке ермек керек екенін айтпасаңыз да білем.

Марат. Кешіріңіз. Мен сізді өзімсініп... Ойымда ұшқарылық жоқ еді.

Қарлығаш. Маған бәрібір. (Маратқа қарап). Сіз... сіз бе едіңіз?

Марат. Сізге бүгін не болған, Қарлығаш? Ренішіңіздің үстінен шықтым ба әлде?

Қарлығаш. Әзірше күле қойғам жоқ.

Марат. Реніш пен қуаныш күн мен түндей егіз, әлі-ақ қуанасыз. Шын айтам. Сізге мұңаю жараспайды екен.

Қарлығаш. Мұңаю кімге жарасушы еді. Сіз жылаған жанның күлгенін көрдіңіз бе?

Марат. Үміт қуса, ұмытылмас қайғы жоқ. Үміт үзбеу керек.

Қарлығаш. Бәрі өтірік. Үміттің де ұрлайтыны көп.

Марат. Ал мен алдансам да айнымас ем, Қарлығаш.

Қарлығаш (*кекетін*). Бақытты екенсіз. Өткенде бақытсызбын деп егіліп едіңіз.

Марат. Иә, әзірше өкпем жоқ.

Қарлығаш. Сол бақыт бар ма? Үйретерсіз маған да.

Марат. Қаласаңыз үйретем, Қарлығаш.

Қарлығаш. Бәсе, тәжірибеңіздің мол екені көрініп-ақ тұр.

Марат. Түсінбедім, Қарлығаш. Сөз астары тұйық.

Қарлығаш. Сабақ берген қарындастарыңыз көп болған ғой.

Марат. Аз да емес.

Қарлығаш. Еркектің бәрі солай. Күлімдеп келіп, бұлбұлдай сайрайды да...

Марат. Болмашыға мін таға бермеңіз.

Қарлығаш. Аз күнгі қызыққа бола жаңа ашылған бәйшешек гүлді жұлып тастау сіздер үшін болмашы екен ғой. Орамал ауыстырғандай таныстықты көбейтіп, бүгін бірін бастап, ертең екіншісін жаңарту - сіздер үшін болмашы екен ғой.

Марат. Білмедім. Өз басымнан өтпегенді ойлап көрген жоқ едім.

Қарлығаш. Мүмкін сіз әулие боларсыз.

Марат. Мақұлдай қоймаспын бұныңызды.

Қарлығаш. Неге?

Марат. Қазақта бір мақал бар еді.

Қарлығаш. Айтпай-ақ қойыңыз, түсіндім.

Марат. Немене, менен көңіліңіз қалып қойды ма?

Қарлығаш. Көңілден шығу - көңілге байланысты. Әуейі болмаңыз.

Марат. Өзіңіздегіні өзгелер көргіш келеді ғой. Өз көзіңнің көрері келеңкең ғана.

Қарлығаш. Солқылдақ сөйлесеңіз де - алдамадыңыз. Сау болыңыз.

Марат. Апыр-ай, шынымен-ақ айрылысқанымыз ба, Қарлығаш?

Қарлығаш. Онда менің жұмысым жоқ.

Марат. Сенбедіңіз-ау. Қайтейін. Сау болыңыз. *(Кете беріп қайта оралады).* Қайда тұрасыз? Қалай табам?

Қарлығаш. Жұмыскер қыз жалғыз басты болса, жатақханадан басқа қайда тұрушы еді. *(Қарлығашқа түскен жарық сөнеді).*

Марат. Ең алғашқы қақтығысымыз да осылай басталған болатын.

Әскен. Иә-ә. Бәрін де түсіндім. Салиханың қыз кезі, менің де солқылдаған жігіт шағым. Екеуіміз ойламаған жерден бір күні дуэльге шығып қалғанымыз!

Ноян *(Сарыбайға).* Сәке, дуэль демекші, екеуіміздің арамыздағы айқас әлі итжығыс боп тұр ғой.

Хадиша. Тыныш отыр. Мен Қарлығашты кінәлай алмаймын. Бәрі орынды.

Саян. Сол кеткеннен кездеспей кеттіңіз бе?

Марат. Кездестім. Мен оны көп іздедім... Алматыда бұрын соншама көп жұмысшы-жастар жатақханасы бар деп ойламап ем.

Авансценаға жарық түсіп, Абай ескерткішін көрсетеді. Қарлығаш пен Марат.

Марат. Сізбен кездесетініме сеніп едім. Сәлем, Қарлығаш.

Қарлығаш. Тым сенгіш екенсіз.

Марат. Жолым болатынына күмәным жоқ, Қарлығаш. Мен сізге сенем.

Қарлығаш. Еркектің бәрі сондай. Шетінен өзімшіл.

Марат. Ол жайын сіз білмесеңіз, менің шамам жетпейді.

Қарлығаш. Әйелдің ақымақтығы алдынан тосар дегеніңіз бе бұл айтқаныңыз?

Марат. Ондай ойым жоқ.

Қарлығаш. Тым сенгіш екенімізді сіздер айтпағанмен, өзіміз жасыра алмаймыз. Жақсы айтса

жайраңдап, егіліп айтса еңіреп жүре берер мінезіміз - сорымыз ғой.

Марат. Егіліп айтатын жанның алдайтынына сену қиын.

Қарлығаш. Тыңда онда. Осы қалаға бір ауылдан екі жас бірге келіп, ол - оқуға түсті, мен - жұмысқа орналастым. Екеуміз жүз таныс қана едік. Жігіттің аты - Қарсақбай. Бір күні сол мұңайып келді. Әлденеге қапаланып отырғанын айтпай-ақ білдім. Елден бірге келген мені ес көрді ме, жақын тұтып, жан күйігін тарқатайын деді ме, әйтеуір солқылдап жылап тұрып шешесінің қайтыс болғанын айтты. Анасын білуші едім. Аяныш сезімі бойымды билеп алды. Содан кейін күн аралатып не ол, не мен бір-бірімізге жиі баратын болдық. Арада жыл өтті. Егіліп талай сырды ол айтты. Елжіреп мен тыңдадым. Сөйтіп жүріп... (Үндемей қалады).

Марат. Не болды? Қазаға...

Қарлығаш. Жо-жоқ! Қаза тапқан менің ұлым! Өлтірткен әкесі. Дүниеге тумай кеткен ұлының артынан көп ұзамай әкесі де ат құйрығын шорт кесті. Той тарқады, думан бітті.

Марат. Нағыз... нағыз жыртқыш екен!

Қарлығаш. Сіз де сондайсыз. Қасіретіне қамыққан болсам, қарайлап қасымнан кетпес дейтін шығарсыз. Солай ойлайтыныңызға күмәнім жоқ.

Марат. Мұныңызды күтпеп едім. Қарлығаш.

Қарлығаш. Сіздің күтеріңіз - жылы құшақ, ыстық ерін болар. Бауырыма тартсам, кеудемнен итермес. Етегі жыртылған әйел емеурінімнен түсінер, еркелік етер назы жоқ дейтін боларсыз.

Марат. Ашынған жанның адам біткенге ашулы болатын жайы бар. Айта беріңіз.

Қарлығаш. Айтсам, бұдан былай мені іздеп бекерге әуре болмаңыз. Бір сынақ, бір бүтін жарасып кетпеспіз. Көңіліңде күдік қалмаса да, кеудеңнің бір түкпірінде тығылып дақ тұрар. Сол дақ өмір бойы алдан шыға берер. Кетіңіз! Мүмкін, шыға беріп ұмытарсыз. Басқа айтарым жоқ, сау болыңыз!

Гүлмира. Қатты айтты-ау. Қатты айтса да, жақсы айтты-ау.

Қарлығашқа түскен жарық сөнеді. Марат бөлмеге кіреді.

Марат. Иә, қатты айтты!

Әскен. Иә! *(пауза)*. Салиха қиналғанда осы мен не деп едім?

Сарыбай. Тоятын тапса, тайғанақ көңіл бұлт еткіш болатын.

Марат. Мүмкін. Әркім өз сезіміне жүгінеді. Бірақ... мен сеніп ем, сыйынып ем.

Хадиша. Маратжан, бәрібір көңіл өз күдігінен арылмайды ғой.

Сарыбай. Саян! Қарашы маған. Ақ қырау шалған басымыз, әжім түскен жүзіміз мынау. Сол күндердің әні басым ба, зары басым ба. Оған сендер, жастар жауапты емессіндер. Әркімнің өз сұрлеуі бар. Жүгірсе де, жығылса да өзінен. Қалықтап келе жатып неменеңе күлгеніңді, қуанғаныңды білсең, басқаның қажеті шамалы. Күлер жерде жыласаң, зар төгерде қарқылға бассаң, одан өтер бейшаралық та жоқ. Мен өзім боп күле де, жылай да білгем. Сүйенерім де осы.

Саян. Ал мен себепсіз күле алмаймын. Сіз ғой өткенге жастарды жауапты емес дедіңіз. Сонда адамдарды біріктіріп тұрған жауапкершілікті жойып жіберсек, тірлікпен жалғасар тұлдырымыз не болмақ?

Ноян *(Саянға)*. Міне, міне мынау әңгімең ұнайды ағасы! *(Сарыбайға)*. Біз сонда қуыршақ болғанымыз ба?

Марат *(kuin ketin)*. Иә, Сәке, оның артында үңірейіп тұрған үнсіздік бар емес пе.

Сарыбай. Үнсіздіктен қорықсаң -ымырашыл бол.

Марат. Сонда қалай, жалғыздықтан қорқып келісімпаздықты қалайын ба?

Сарыбай. Ат-тоныңды ала қашқанда не ұттың? Күн сайын сиреп бара жатқан маңайыңды көресің бе? Кешегі атақ-даңқыңды жер көкке сыйғызбай дәріптейтін мықтылардың бүгін сені елемейі қалай? Әлде уақыттың өзі сыншы, әділетін айтар деп үміт ететін шығарсың?

Марат. Мен ешкімнің дәріптеуіне мұқтаж емеспін.

Гүлмира. Сәке, сіз келісімпаздықтан не ұттыңыз?

Сарыбай. Шынымен білгің келе ме, қызым?

Ноян. Иә. Білгіміз келеді. Мына көрсоқыр жастарға түсіндірерсіз.

Әскен. Менің де естігім келеді. Қап, Салиханың болмағаны-ай!

Сарыбай. Мен орынсыз өсек, бос даурықпа, жалаң мадақтаудан құтылдым. Бір еңбекті шығарудың соңында бұрынғыдай бес жыл жүгіруді қойдым. Мен мықтымын деп төс те қақпаймын. Сен сондайсың деп сыншылар да даурықпайды.

Саян. Бақыт таптыңыз ба?

Сарыбай. Мен табаныма тыныштық таптым. Бақыт деген не? Бақытты кім бар? Мен қанағаттандым. Сол жетеді өзіме.

Ноян. Тоқмейілсудің тақсиреті творчество адамына өліммен тең емес пе еді. Ондай жанның сезімін түрткілер құдірет бар ма?

Марат (*киіп кетіп, қызына сөйлеп*). Мүмкін, қартайғанда бір бала деп жастықтың ұшқалақ қылықтарына бой ұрып жұтынып, жылмиып шыға келгендегі аларымыз үн-түнсіз қабылдар қыз құшағы ма. Сол ыстық құшақ иесі дәл сол сәтте басқа біреуді ойлап жатса қайтеміз. (*Есін жигандай*). Саян, Ноян, Гүлмира, кешіріңіздер. Қызып кетіп сендерді байқамаппын.

Сарыбай. Оқасы жоқ. Мен түңіліп те, күңіреніп те болғам. Түңілген жан не демейді. Оған тірліктің өзі ылғи сол күңгірт қалпында көрінеді. Мен жалыққан жанмын. Сондықтан қиналғым келмейді.

Әскен. Ой, пәле-ай деген! Сіздей жазушы кісі дүниені тәрк етіп ығысып қала бергенде, мына біз сияқты тобан аяқ жұрт не істемек? Айтыс-тартыстың қажеті қанша сонда?

Сарыбай. Айтыс-тартыстан ештеңе шықпайтынын білсең, басылмағанда қайтерсін. Анда-санда еске алар тәтті күндерің болса жетеді. Қарашада тұрып мамырын аңсаған кәрі бәйтеректей жапырағыңнан бірте-бірте арыла бересің. Арылған сайын бір күрсініп қойып, өзінді-өзің жұбатарсың.

Саян. Сәке, сіз өзіңізге сұрақ беріп көрдіңіз бе?

Сарыбай. Не жайында?

Саян. Тіршілік жайында. Сізге қарап отырып осы

сауалды мен өзіме қойып отырмын. Алғаш рет көңілімде оянған бір дүрбелеңмен осынау құпия сырдың мәнін ашпақ болған шығармын. Таба алмап ем. Сізден сұрайын енді. Өткен ізіңіздің бір шиырында жауабын тапқан боларсыз?

Сарыбай. Таппасам ше? Талайдың ғұмыр бойы қинап өткен тірлігі сол жұмбақты қиындатып кетпеді ме.

Хадиша. Сәке, ондай емес едіңіз-ау. Өмір сізді қалай өзгерткен!

Сарыбай. Иә, өзгердім... Қиял қуған тірлік оңған емес, Хадиша.

Әскен. Талпыну, талаптану деген бәрімізде де бар ғой. Біздің Салихашка артист болам деп... Даусын естідіңдер ғой. Содан...

Сарыбай. Иә, талпыну, талаптану бар. Мен де жас болғам. Бұрын, баяғыда ойын қусам, енді ойды көбірек қуатын боп қалдым. Тәңірге емес, тағдырға емес, өзіме, тек қана өзіме табынуым көп. Қисығымды түзей алмасымды білсем де, өткенге өкінішім жоқ. Себебі мың біреу емес. Көптің бірі ғанамын. Бірмен бұзылып, біреумен түзелер тарих жоқ. Ендеше, тарих доңғалағына жармасқанда не табам?

Ноян. Сол көптің өзі жеке адамдардан құралмай ма. Әрқайсымыз әр жаққа тартсақ, орнынан қозғалар жүк бар ма?

Гүлмира. Кешіріңіз, аға! Мен осындай үгіт-насихат сөздерді ұнатпаймын, онан да Марат ағайдың әңгімесін естігім кеп тұр.

Марат. Қарлығашты көрмегелі төрт-бес ай өтті. Жапырағы сарғайған қоңыр күз. Көшеде ел аяғы сирек. Өз орындығымызға келсем... *(Жарық авансценадағы Қарлығаш пен Маратқа түседі.)*

Қарлығаш. Марат?! Сен... сен бе едің?

Марат. Күтпеп пе едің, Қарлығаш?

Қарлығаш. Менің сырым саған аян, Марат. Алдыңнан шыға берер ме деп қорқам.

Марат. Өткенді ойға алмайық дедім ғой. Енді алданбасақ жетпей ме.

Қарлығаш. Өсек пен ғайбаттың улы тілі үшкір болатын. Жылжып келіп, жаралап жүрмесе.

Марат. Айтпа, Қарлығаш! Қинама, сәулем! Адам антымен емес, жүрегімен сендіре біледі. Сен маған керексің. Бар білерім осы ғана. Мен сені тыңдаудан жалықпаймын. Кешір мені, Қарлығаш. Сенің адалдығыңа еш күмәнім жоқ. Бір-бірімізді мәңгі-бақи ренжітпейміз. Сен менің бақытымсың. Ал мен бақытымды әлдилеп ұйықтатып, әндетіп оятам. Сонда ғана бақытымды барынша сезінем.

Шам сөніп қайта жанғанда задниктен ал қызыл гүлді дала суреті көрінеді. Үстінде қызыл көйлекті Қарлығаш гүл теріп жүр. Авансценада Марат. Кафедегілерге қарап сөйлеп тұр.

Марат. Қарлығаш екеуміз көктем туа қосылдық. Сол кездегі дала қандай еді! Тау қандай еді! Сондай қызық дәурен кешкен адамның да арманы бар ма екен! Әлі есімде. Қарлығаш екеуміз қырға шықтық. Дала өртеніп тұрды. Қып-қызыл. Қарлығаштың үстінде де қызыл көйлек!

Сарыбай (*бөліп жіберіп*). Міне, міне сол қайрылмай кеткен күндердің өкінішін неге айтпайсың?

Марат. Ешқандай өкінішім жоқ. Бір адамды бақытты еткен сол күндерім - қуанышым мен жұбанышым ғана. Жолыңа қарап, сарғая күтіп отырған жұбайыңның жалғыз сен деп қана соғар жүрек тынысымен дем алудан артық не бар. Мен соны сездім. Мен соған құмар едім. Өкінішім бе сол?

Сарыбай. Өкініш болмаса, сол күндерің қайда бүгін? Қарлығашың қайда?

Марат. Мен адаммын. Адамның бір басында қуанышы да, қайғысы да, махаббаты да, өкініші де, табуы да, жоғалтуы да болады. Ал менің қайғымнан қуанышым, өкінішімнен махаббатым көп. Қарлығашым менде, жүрегімде.

Әскен. Ай-ай, шіркін! Махаббат үшін ішуге болады. Түу, кел, келіңдер бір көтеріп қоялық.

Сарыбай. Басын бұлт шалған бұта да ашық аспанды аңсайды. Өткен күнді өгейсімейісің? Қарлығашың тастап кетпеді ме?

Марат. Өгейсімеймін. Ол күндерім өзіммен бірге. Қарлығашым дейсіз бе? Ал қызыл жастықтың ал қызыл періштесі ғой ол.

Сарыбай (*кекетін*). “Ал қызыл дала”, “ал қызыл періште”. Мен сондай “ал қызылдардан” адасып қалсам ше? Сонда менің мына жалғыздықтан есеңгіреген күйімді кім түсіндіреді? Үй-жайынан безіп кеткен еркектің мінезін кім ақтайды. Сен бе?

Марат (*күмілжіп*). Асыл аға, түсінбедім.

Хадиша (*орнынан тұрып*). Мен түсіндірем.

Саян. Мама?! Мен ештеңе ұқпай барам.

Хадиша. Ұғасың. Әлі-ақ түсінесің, ұлым.

Сол уақытта аспанды бұлт торлап, шатыр-шұтыр етеді де, жауын құйып жібереді. Бәрі де оған көңіл бөлер емес. Мылқау тыныштық.

Хадиша. Өткінші ғой...

Шымылдық

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Сол кафе, бәрі орнында.

Хадиша. Өткінші ғой. Марат, мен түсіндірем дедім ғой. Әңгімеңді жалғастыр.

Марат. Қосылғанымызға он жыл өтті. Татулығымыз бұрынғыдай. Бірақ сәбиіміз болмады. Бір күні жұмыстан оралғанымда бір еркекпен сөйлесіп тұрған Қарлығашымды көрдім. Қарсақбай емес пе екен деген күдік еніп, кеудемде қызғаныш тұтанды. Арада ай өтті. Бұрынғы кәкір-шүкір әңгімеміз сап тыйылды.

Ертеңгілік үйде отыр едім, хат тасушы келді. Қарлығаш жоқ болатын. Газет-журналдардың арасындағы көк конверт көзімді қарып түсті.

Авансценада Қарлығаш пен Марат.

Марат. Ерте қайттың ғой. Әзілдерің жараспай қалған ба?

Қарлығаш. Марат, қашанғы дүрдараз боламыз. Қояйықшы.

Марат. Әрине, есебің түгенделген соң қоймағанда қайтесің.

Қарлығаш. Не болды? Ренжіп тұрсың ғой, Марат.

Марат. Ренжігенімде жұмысың қанша. Бәрібір сен менің мұнымды мұндап жарытпассың.

Қарлығаш. Бар білерің осы болса, қайтейін.

Марат *(ашулы).* Бәрі алдамшы! Бәрі жат! Сенбеймін! Ешкімге сенбеймін!

Қарлығаш. Марат, екеуміздің бір-бірімізді түсінбеген күніміз бар ма еді. Ерлі-зайыпты адамдар бір-бірін кешіре білмесе, өкініші өртемей ме.

Марат. Сонда кімді кімнің кешіруі керек? Соны айтшы. Ә, ә, үндемейсің. Білем сені. Сен өзіңді жазықсыз жәбірленуші санайсың. Иә, иә! Сенің жауызың мен!

Қарлығаш. Мен саған бәрін бергем. Енді менен аларың қалмаған ғой.

Марат. Бөлме сөзді! Жауап бер!

Қарлығаш (қызулана). Қарашы маған. Отыздағы өңімде бұрынғы өң бар ма. Сонау ал қызыл даладағы өзің айта беретін “ал қызыл” көйлекті келіншекті көре аласың ба? Соның бәрін мен саған бердім ғой.

Марат. Оған мен кінәлі емеспін.

Қарлығаш. Иә, сен кінәлы емессің! (Пауза). Сағая жоспарынды тезірек бітіру керек болды. Өзіңе пайдам тие ме деп қызметімді тастадым. Кірінді жудым, тамағынды әзірледім... Бәрін ұмыттым. Сен кінәлы емессің. Жоспар ақыл-ойыңды түгел билеп алды. Тынымың болмады. Мезгілімен асыңды да ішпеуші едің. Бір күні ауырып қалдың. Төсек тартып ұзақ жаттың. Көз алдымда жалғыздық елестеп тұрып алды. Денең күйіп-жанып сандырақтал жаттың сен. Сол кездерде алғаш рет өзімді-өзім ұмытқан едім. Мүмкін, сол күндерде салақтық деген жүкдалы дертке душар болған да шығармын... Сен кінәлы емессің, Марат.

Марат. Ештеңе де есімде жоқ.

Қарлығаш. Мен сенің төзімділігіңе қуанамын. Сен әлі-ақ жарып шығасың, Марат. Жобаңды бітіресің.

Марат. Сен ше? Сен нені күтесің?

Қаолығаш. Мен бе? Білмеймін. Мүмкін, сенің ырзалықпен қараған көз қиығың барлық қызметімнің қарымтасы болар.

Марат. Ырзалықпен қараған көз қиығы дейсің бе? Соған сенің еңбегің сіңді ме?

Қарлығаш. Қатыгез емес едің ғой, Марат. (Отырады үнсіз).

Гүлмира (бөлмеден). Бұдан артық қатыгездік бар ма еді.

Ноян. Еркектің бәрі қатыгез дейсің ғой, Гуля?

Саян. Сен оны өзіңнің Сараңнан сұра.

Марат. Айналамды қоршаған дүниеден алдаудан басқа ештеңе көрмесем, қатыгездікті қаруым етпеске амалым бар ма.

Қарлығаш. Марат, сен әбден шаршапсың. Дем алуың керек. Кетейікші, құтылайықшы мынау тар қапастан. Сонау далаға барайықшы. Баяғыдай ал қызыл көйлегімді киейін.

Марат. Әуре болма. Ол күндердің жалыны азайған.

Қарлығаш. Сөнбеген шоқты қайта тұтатуға болады ғой.

Марат. Тамызық етер не қалды? Дәл мына хатпен су құйып өшіріп тұрған жоқсың ба! *(Хатты береді).*

Қарлығаш *(хатты оқып шығып, Маратқа қайтарады).* Мә, сенің білгің келгені осы ғой. Оқы, Марат.

Марат. Жоқ. Керек емес.

Іштегілер: Оқы, Марат. Біз тыңдайық.

Марат *(оқыды).* “Қарлығаш Айдынғалиевна! Сізден өтініп сұрайтыным энеугүнгі жағдай. Біздің жұбай әлі бұрқан-тарқан. Баяғыны естіпті. Содан бері әйеліңе кет деп мазамды алуда. Сіз өзіңіз жолығып, түсіндірмесеңіз іс насырға шабатын. Қайын атам главканың бастығы еді, құлағына тисе, ойранымды шығарып жүрер. Сізбен қосылмағанымды білесіз. Соны айтыңыз. Баланың жарық көрмегенін де айтарсыз. Өтініп сұраймын. Құрбыңыздың үнін өшіріп беріңізші. Қарсақбай”.

Қарлығаш. Марат, сенің кінәң жоқ. Кінәлі мен. О баста осылай боларын сезсем де, келісім берген едім. Ақыры мына халге жеттік. Қарсақбай тағы алдымнан шықты. *(Пауза.)* Марат, екеуміз жол айрыққа тіреліппіз. Мен де сенен сыр жасырмайын. Әрқайсымыз жолымызды табайық.

Марат *(кілт өзгеріп).* Не? Не дедің?

Қарлығаш. Сен менен бала сүймейсің.

Марат *(құшақтап).* Тоқташы... Не дедің Қарлығаш? Қайтып алшы мына бір лебізінді.

Қарлығаш. Бәрі рас. Түсіктің салдары дейді. Мен дәрігерде болдым.

Марат. Қарлығаш, жыламашы... Рас айтасың ба? Қайтып алдым деші.

Қарлығаш. Бәрі рас. Қандай бақытты едік, Маратжан...

Марат. Әлі де бақыттымыз, Қарлығаш! Есінде ме, мен сені әлдилеп ұйықтатып, әндетіп оятам дегенім. Сен маған керексің. Естисің бе, Қарлығаш. Адам мен адам үміті мен үміті жарасса ғана бақытты. Үмітіміздің шегі жоқ. Әлемнің дәрігеріне қаралсаң да, сауығасың, Қарлығаш! Айтпа, кетем деген сұмдық сөзінді. Сен

мені, мен сені тапқам. Бізге басқаның керегі жоқ. Мен сенен айрылмаймын. Түсінші, Қарлығаш!

Қарлығаш. Мен сені түсінген сияқтымын, Марат. Сонау ең алғашқы түн арамыздағы ұзақ үрейден құтылудың әлсіз бір ғана қарсылығы болар. Сол қорқыныш бықсып келіп бүгін лап етіпті. Одан алыстауымыз мүмкін емес. Бұл қорқынышты сейілтуге арамыздағы жақындықтың шамасы жетпейді. Үйлену - екі жастың шаңырағын көтеру болса, сол отаудың беріктігіне біз не жасадық. Ендеше, қалт-құлт еткен баспанадан құламай тұрғанда неге кетпейміз? Неге?

Марат. Қарлығаш, бәрі баяғыдай болады. Құрысын жобасы да, жұмысы да, атақ-даңқы да! Көрген түстей мынау парықсыз шақты ұмытшы! Ұмытшы, Қарлығаш!

Қарлығаш. Ұмытылар ма екен.

Марат. Қарлығаш, өтінемін ұмытайық. Мен тез кейіп, тез шаршаймын. Адамға жұғымы аз қылықтарыма сенен де гөрі өзім кеп қынжылам.

Қарлығаш. Жоқ! Мен кеттім. Сен мені есіңе аласың. Сол кезде мен сенен екінші рет, біржолата кетем... Сонда... сонда ойланғайсың, Маратжан!..

Қарлығашқа түскен жарық сөнеді.

Гүлмира. Қарлығаш! Тоқтаңыз, кетпеңізші!

Ноян. Осыдан кейін, осыдан кейін бұл жалғанда кімге сенуге болады? Кімге?

Хадиша. Кейде дауыл құдіреті алып кемелерді де ұршықша үйіреді, балам.

Әскен. Апыр-ай, жеңеше-ай, мына сөзіңіз тұла бойымды түршіктіріп жіберді ғой.

Марат. Қарлығаш қайтып тіл қатқан жоқ. Сұлқ қалған жүзінен сонау бір ал қызыл келіншекті қанша іздесем де таба алар емеспін. Бәлкім, сол отырысында ол бір кездегі қуаныш-қызығын, мереке-думанын дәл мендей аңсап іздеген де болар. Мүмкін, дәл сол күні махаббатымнан жалығып қателікке ұрынған шығармын. Алғашқы күндердегі Қарлығашпен бірге өткізген сәттердің ұсақ кикілжіңінен осынау шапшағын өміріміз құралып, тұрмысымыз басталыпты. Екі адамның бірін-бірі сүюі - екі сәбидің бірін-бірі ұнатуындай ғана ма? Бой өскенде ой да өсіп, махаббат та есеймей ме? Әлде жас кездегі көмескі сезімдердің

әр қыры бадырайыш ашылып, қуанышы мен қайғысын қат-қабат өсіре ме екен? Соның қуанышын ғана қабылдап, қайғысына төтеп бере алмастай өзімшіл қызыққа бейімделіп келдік пе? Айтындаршы!..

Хадиша. Сәби мінездің қалтқысы жоғы рас. Оның аспаны ашық, күмбезі сәулеге толы. Ол - адам өмірінің таң шапағы. Көкжиегі енді-енді түріле бстағанда дүниенің бәрі жарқын, бәрі көркем. Оған торлаған қара бұлт, дүлей дауыл, қарлы боран кездеспейтін тәрізді. Бірақ кездейсоқтықтан қауіпсіз жан бар ма? Ал махаббат сияқты мөлдір сезімді бұзбай, тауыспай әкету әркімнің қолынан келе бермейді.

Сарыбай. Иә, ол әркімнің қолынан келе бермейді. Бірақ себепті себеп қумай ма?..

Ноян жүгіріп кетеді.

Хадиша. Ноян! Қайда барасың?

Саян. Келеді қазір, мама.

Хадиша. Жаңа сіз себеп дедіңіз бе? Қандай жиіркенішті сөз! Осы сөзді естімесем деп едім. Тағы да...

Әскен. Оу, ағасы, әу, жеңгесі! Бұ не боп барады. Тойға жиналып зорға отырмыз. Ішпейміз бе, әндетпейміз бе. *(Айқайлап)* Саян, Гүлмира! Неғып отырмыз? *(Ноян жүгіріп келеді).*

Ноян. Мама, мен Сарамен ұрсысып келдім.

Хадиша. Не деп тұрсың, балам. Сорлы анаңның жұдырықтай жүрегіне тағы да зіл тастадың ба?

Ноян. Маматайым, кешірші. Мен... мен қазір.

Гүлмира. Марат аға, Қарлығашыңызды табыңыз. Ізденіз. Сеніңіз. Сендіріңіз. Мен, мен сіздерді түсінбеймін.

Әскен. Тіфу-у-у, бүйткен дүниесі! Түймедейден түйедей кесел туғызамыз да, аһылап-уһілеп жүреміз. Батылдық керек, Марат. Батылдық.

Марат. Іздегем, қарындасым. Көп іздедім. Бір күні... Білесіздер ме, мен Қарлығашымнан телеграмма алдым. Қосылғанымыздың он бір жылдығымен құттықтапты. Тура бір жылдан кейін.

Әскен. Алда айналайын-ай! *(Ноян шығап кетеді).*

Гүлмира. Айтпадым ба сүйеді деп. Ұмытпайды деп.

Хадиша. Марат, кейін... кейіннен хабар болды ма?

Марат. Келесі жыл тәулігін менің қалай асыға күткенімді білесеніздер. Сол күні, осыдан тура бір жыл бұрын ерте тұрып почтаға бардым.

Жарық авансценаға түседі. Кішкене терезе, телеграмма бөлмесі. Марат.

Марат *(кафедегілерге)*. Телеграмма келмеді. Көңілім су сепкендей басылды. Қарлығашымды тап сол күні біржола жоғалтқандай сезіндім. Сол сәтте, Сәке, сізбен таныстым.

Сарыбай *(авансценаға өтеді)*. Иә, алғаш рет телеграфта жолыққанбыз. Сыртыңнан бақылап тұрғам. Аяп кеттім бе, қасыңа келгем. *(Жақындайды)* Жігітім, өңіңіз қашып кетіпті, жәрдем қажет емес пе?

Марат. Рақмет, ағасы, қажет емес.

Сарыбай. Жүріңіз, үйіңізге апарып салайын. Сіз ауырып тұрсыз. Маған сүйеніңіз.

Марат. Ауырғаным рас. Бірақ шипасы табылар ма екен?

Сарыбай. Біреуден хат-хабар күткенсіз ғой, шамасы?

Марат. Күтіп ем...

Сарыбай. Үміт үзбеу керек, жігітім. Мен түп-тура жиырма жыл күтудемін.

Марат. Жиырма жыл дейсіз бе?

Сарыбай. Иә. Аларыма күмәндімін. Бірақ күдер үзген емеспін. Ойда жоқта бір хабар тиіп, қуанышқа шаш-етектен кенелердей елегізімін.

Марат. Кімнен күтесіз, ағасы?

Сарыбай. Жұбайымнан, баламнан...

Кафедегілер: Кімнен?

Сарыбай. Хадиша - сенен! Саян, құлыным, балам - сенен! Сен екеуіңнен! Жиырма бір жыл күттім! Күтумен келем әлі.

Саян *(орнынан ұшып тұрады, қайта отырады)*. Сәке! Па-па-па... Айта алмаймын. Айтқым келеді... Айта алмаймын...

Сарыбай. Саян! Балам! Әкеңмін ғой. *(Қолын созады)*.

Саян *(орнынан тұрып стол жағалап келеді де, кейін шегінеді)*. Әке?! Папа?! Ес білгеннен жоқтаушы ем. Ел айтқанда мен айта алмай булығышы ем... Оңаша қызығушы ем. Папа... Кешігіп шыққан күйсандықтың соңғы аккорды секілді. Әрі тосын, әрі жат. Папа!..

Әрі сүйкімді, әрі ыңғайсыз бір ғана сөз. Еміс-еміс есімді қалған күндер бар. Қыдырушы ек екеуміз. Папа... Айтқым келеді. Айта алмаймын.

Сарыбай. Неге, неге, балам?

Саян. Жаттықпаған ауыз жатырқайтын тәрізді! Айтқым келеді. Айта алмаймын, Сәке.

Сарыбай. Сәке дейді. Әке демейді. *(Үнсіз отырып қалған).*

Әскен. Апыр-ай, қалай-қалай болып кетті. Саянжан, айтсаңшы. Оу, әкесіз біз де өсіп ек. Іздеуші ек зар болып. Көлеңкесіне ғана ынтық ек әкеміздің.

Саян. Әске, менде әке жоқ. Жас кезімде тастап кетіпті. Бірақ аңсауым күшті еді. Келмеді. Бар екенін білетінмін. Іздейтінмін мен де. Түсімде ғана көретінмін. Келмеді. Неге келмедіңіз, Сәке?

Сарыбай. Саянжан, неге келмедің дейсің. Мен неге кеткенімді әлі ұға алмай жүрмін. *(Пауза).* Ақшам көп болды да, апталап, айлап ішетінбіз. Шараптың буы, картаның дуы деп жүргенде бір досымның ел жақтан қарындасы келе қалды. Сонымен... Жаңа отау көтердік... Жұмыстан шығып қалдым... Басқа қалаға ауыстым... Жылдар өте берді... Енді міне... Міне алдында отырмын. Ар жағын мамаң айтсын.

Хадиша. Мен не дейін. *(Ойланып).* Алай-түлей дауыл соққандай есеңгіреп қалдым сонда... Арамызда ешқандай ұрыс-керіс те болмап еді... Әлде сізді ұстай алмадым ба... Ең болмаса, бір соғып кетпедіңіз. Саян іздеуші еді. Неге келмедіңіз? Өз үйіңізден, өз балаңыздан мүлдем жеріп кеттіңіз.

Сарыбай. Мен досымнан сені, “Хадиша тұрмыс құрды. Тағы да балалы болды” деп естіп... Саянымды сағынсам да, Хадиша, сенің бақытыңды бұзғым келмеді. Екінші рет опасыздық жасағым келмеді.

Саян. Мама, Ноянның әкесі кім? Екеуміздің әкелеріміз бөлек пе еді?

Хадиша. Иә, екеуің екі кісінің баласысың?

Саян. Сонда Ноян менің інім емес пе?

Хадиша. Інің, ұлым. Тумаса да туғаннан артық бауырың!

Әскен. Шым-шытырық боп барады. Мен егіз бе деп жүрсем...

Хадиша. Ешкімге тіс жармаған сырым еді... Екі жесір бір шаңырақ астында тұрып жаттық. Менде үш жасар Саян. Онда бір жасар Самат. Ауру ана бір күні қайтыс болды. Саматты Ноян деп атадым да, өз атыма тіркетіп, бауырыма бастым. Содан бері осы екі ұлымның тілеуімен келем.

Саян. Мама! Маматайым! Ноянды менен де гөрі неге жақсы көретініңізді енді түсіндім. Кешір мені, мама!

Сарыбай. Солай де... Өмірдің өзі күтпеген жайлардың тізбегі-ау. Өксігіне шыдай алмасақ, өкініште кетеміз. Өкінішімен кейде қайта ораламыз. Сол кезде түсінісердей болсақ қой.

Хадиша. Елес қуып қайтеміз, Сәке. Ендігі алдануымыздың жөні жоқ.

Сарыбай. Үміт қуып келсем ше?

Хадиша. Қиын екен. Өткенді ұмыта қоярмыз ба?

Сарыбай. Мен ұмыттым.

Әскен. Тұу, сол да сөз бе екен? Оп-оңай ұмытасыз.

Хадиша. Мен сізден хабар күтумен болғам. Қайтадан атағыңыз шыға бастады. Іздеп баруға намыс жібермеді. Балаңызға келер дедім.

Сарыбай. Ә, иә-иә... Ел есінде жаңғыру да, қаңғыру да оңай. Күні біткен сынық арбаның шиқылын да жақтырмайтын кезіміз бар ғой. Күдіктің көзі көп.

Әскен. Барымызды базарлауды да үйрене бастадық.

Сарыбай. Ол рас. Бірақ тереңнен сүзбей бетінен қалқып алуды да қоя алмай келеміз. “Иесін сыйласаң, итіне сүйек таста” демей ме? Ал біз итін жақтырмасақ, иесіне таяқ ала жүгіреміз. Көреріміз көлеңкеміздің астында ғана.

Әскен. Елу жылда еңсеріп кете қоймаған жақтарымыз әлі де бар. Көш жүре түзелер. Салиха айтпақшы...

Сарыбай. Салақтық пен салғырттықты жеңерміз-ау. Күндестік пен қызғаншақтықтың қызыл шоғы іште жатыр ғой, күйдіріп тынбай құрыр ма?

Гүлмира. Құриды, құртамыз.

Әскен. Мен ішпесем үндемеймін. Ал ішіп алдым ба, оллаһи білмейтінім жоқ. Әлде іштегі тығылып жатқан көп көмбем мың басты жыландай арақтың уытымен өре көтеріледі-ау деймін. Кей-кейде дүниені

бір шайқап-шайқап алғым кеп тұрады. Кәне, бір көтеріп қоялық.

Сарыбай (бокалын көтеріп). Саян, қағыстырып бір көтерелік. (Саян жақындайды. Екеуі біріне-бірі қарап тұрады. Сәлден соң маңдайларын түйістіреді). Ұлым!.. Ұлым дедім, кешіресің бе?

Саян. Папа... (Бокалын аузына апарады). Сіздің денсаулығыңыз үшін! Мама, сіздің денсаулығыңыз үшін! (Гүлмираға) Гүлмира, кел билейміз.

Гүлмира. Керек емес, Саян.

Саян. Керек! Керек болғанда қандай! (радиоланы қояды). Күні бойы тыңдадық. Енді бізді көрсін. Бізді тындасын! (Билеп жүр, сөйлеп жүр.) Біз билейміз! Өзіміз үшін де, Қарлығаш үшін де, мамам үшін де! Біз бармыз! Биле, Гүлмира! Билеп қал! Сенде әке жоқ. Сен жетім емессің, менде әкем бар. Бірақ жетім өстім. Билейік. (Шаршап тоқтайды. Шығып кетеді. Артынан Гүлмира кетеді).

Әскен. Қайран жастық-ай! От қой, лапылдаған от! Оу, неге үндемей қалдыңыздар. Мен бір ән салып берейін.

Марат. Рақмет, кейін айтарсыз. (Саян, Гүлмира келеді).

Әскен. Жо-жоқ, Маратжан. Осы әннің бүгін кеш бойы айтушысын күткені бар. Аты “Құсни-Қорлан”. “Қорланғайыны” емес. Екінші түрі, сәл тыңдаңыздар. (Әндетін).

Бар екен жердің аты Қорланғайын.
Табиғат берген екен күн мен айын.
Мұратқа іздеген жан бәрі-ау жетпес,
Дарига-ай, арманым көп, не қылайын.
Айхай, жалған,
Құсни, Қорлан!

(Сөзбен түсіндіріп). Басқа емес, тек қана Құсни, тек қана Қорлан. (Әндетін)

Екеуі-ай туған екен бір анадан,
Қарағым, қасың қара қиылып тұр,
Аш белің құмырсқадай...

(*Сөзбен түсіндіріп*). Именно құмырсқадай, себебі құмырсқаның белі жіп-жіңішке ғой. Қыз сондай нәзік, үріп ауызға салғандай болса керек. (*Әндемін*).

...Аш белің құмырсқадай иіліп тұр.
Шіркінді қандай адам алды екен деп,
Сыртынан орыс, қазақ сүйініп тұр.

(*Сөзбенен*). Қараңдаршы, екі жас қолтықтасып Ертіс жағасына кетіп барады. Ата-ананың қолынан шығып кетті. Мейлі, барсын. Бақытты болсын! Ал енді соларға деген тәтті тілек, жақсы ниеттен басқа ала көңіл бар ма? Екі жас кетіп барады. Құсни мен жігіт. Жігіт Құсниды құша түседі. Құсни еркелей қарап мәз болады. Ал артында, соңынан сүйініп қарап қалған орыс-қазақ, қалың жұрт. (*Әндемін*.)

Айхай, жалған!
Құсни, Қорлан.
Екеуі-ай туған екен
Бір анадан!

Сүйініш, сағынышы мол. Қол жетпей өкінген өкініші де бар. Әне кетіп барады екеуі. Ешкім қумайды, қуғындамайды. Әнімен ұзатып, әнімен батасын беріп тұр. Ол - махаббат қуанышы, махаббат қызығы. Көрдіңіздер ме, сол кезде де ғашықтықты қуғындамаған.

Марат. Ескерткіш... Ескерткіш орнату керек. (*Әскенге бұрлып.*) Махаббат дедіңіз. Махаббат ескерткіші көп. Зұлымдыққа орнатылған ескерткішті көргеніңіз бар ма? Білмейсіз. Ендеше, орнату керек. Көңілден көлеңкесі кетпейтін жауыздыққа үлкен ескерткіш орнату керек. Ұмытпау үшін ұрпаққа қажет ол!

Сарыбай (*Мараттың иығынан ұстайды*). Не ойлап кеттің, Марат?

Марат (*туфлиін қарап*). Сәке, мен сізге бір болымсыз жайды әңгімелейін бе?

Сарыбай. Өтірік айтсаң да, сөйleshі бірдеме деп.

Марат. Менің мына туфлиіме қараңызшы.

Сарыбай. Ал қарадым. Табаны төрт елі, жылтырынан жүз көрінеді.

Марат. Менің бірде осы туфлидің салмағын өлшегенім бар. Екі кило тартты.

Сарыбай. Ал иә? Маған десе он кило болсын.

Марат. Орта есеппен күніне қанша адым жасаймыз?

Әскен (*kuin ketin*). Басқаны білмеймін, Салихашкам базарға жұмсағанда мен сол жиырма-жиырма бес мыңды шарлап-ақ тастаймын. Құдай екі аяқты жүруге берген.

Марат. Сонда біз құдай берген осы екі аяқпен күніне он тонна жүк тасиды екенбіз.

Әскен. Мәссаған безгелдек! Он тонна деймісің?

Марат. Ең кемінде он тонна. Оған киімді қосыңыз. Осы ақылмен, санамен келген қажеттілік пе?

Әскен. Жалаң бұт жүреміз бе енді.

Марат. Болымсыз әңгіме дегенім де сондықтан. Өмірде ойланбай жасайтын көп әрекетіміз осындай артық қажетсіздіктен туындамай ма екен?

Марат оңаша. Даяшы қыз келеді.

Қыз (*жақындайды*). Сіздер осы Қарлығаш, Қарлығаш дейсіздер. Менің Қарлығаш деген подругам бар еді. Суретін де көзімнің қарашығындай сақтап жүрмін. Міне. (*Суретті ұсынады*). Қайран Қарлығаш!..

Саян. Не дедіңіз? Қайран Қарлығаш дедіңіз бе?

Қыз. Ол күнді еске алуға да қорқып тұрмын. Сәске кезі болатын. Қарлығаш төртінші қабатта әлі бітпеген балконда жұмыс істеп жүр еді. Төменде болатынын. Қасымдағы бір қыз: “Қарлығаш! Саған бір жігіт келіп тұр. Төмен түс” деп айқай салды. Содан... Содан... Айта алмаймын. (*Жылайды*).

Бәрі: Не болды? Не болды Қарлығашқа?

Қыз. Құдайым-ай, неменеге жан ұшырғанын қайдам. Баспалдақтан ауып кетіпті. (*Жылайды, өксігін баса алмай*). Біз келгенде Қарлығаш көзін ашып бәрімізге қарады да, сәл езу тартқандай күлімсіреді. Еріндері жыбырласа да, үні шықпады. Әлден уақта барып: “Марат па?” деді. Сөйтті де... (*Өксиді*) Содан соң қайырымсыз сол жерден мен де біржола кеттім. Анау кісі сол Марат емес пе? Мен түсінбеймін. Әлде

жастығым ба? Әр адамның өз жүрегінің соты болуы керек қой. Одан кім қашып құтылмақ. Тараңыздар! Таң атқанша кірпік ілмей қызмет көрсетсем бе деп едім. Ал сіздер... сіздер... *(Жылайды. Кетеді.)*

Марат *(ұмтылып келіп)*. Жаңағы қыз қайда? Неғып тұрсыңдар! Шақырсаңдаршы. Сұрайтыным бар, сұрайтыным.

Әскен. Маратжан, сабыр етші. Біз естіп... *(Сырттан бір бала жүгіріп келеді)*.

Бала. Марат аға, телеграмма! Сізге! Не ғып тұрсыз. Мен сізге телеграмма әкелдім. Мамам жіберді.

Әскен. Телеграмма!? Жүгермек, бері кел. *(Алып оқиды)* Маратқа!..

Марат. Маған. Әрине, маған.

Әскен. Сақтай гөр, қосылғандарының он үшінші жылымен құттықтапты.

Марат *(телеграмманы береді)*. Көріңіз, он үш жыл... *(Шығып кетеді)*.

Сарыбай *(оқиды)*. “Марат үтір үйлену күнінің он үшінші жылымен құттықтаймын нүкте...” *(Пауза.)*

Хадиша. Сонда... Қарлығаштан келгені ме?

Әскен. Мен осы түкке түсінбей барам. Бұл неғылған жұмбақ шегінен. Мынау Сәкен, Ноян, Қыз. Басым даңғарадай болды.

Гүлмира. Мүмкін, Қарлығаш өлмеген шығар. Қазіргі медицинаның құдіреті ғажап қой. Аман алып қалған болар. *(Өз ойына өзі қуанып.)* Егер... егер тірі болса, іздеп барам. Түсіндірем, бәрін. Ол түсінуі тиіс.

Саян. Кім жіберіпті. Кімнен екен?

Хадиша. Иә, кімнен екен?

Сарыбай. Жіберген адамның аты-жөні жазылмапты.

Әскен. Мен айтайын ба... Телеграмманы жіберген Қарлығаш емес. Ал сонда кім дейсіңдер ғой?

Гүлмира. Иә кім жібереді?

Әскен. Телеграфшы қыз. Жаны нәзік адам болуы мүмкін бе? Мүмкін. Мараттың қайта-қайта барып хабар күтіп жүргенін көрген соң, осындай ерлік жасаған. Мен мұны адамгершілік пен ерлік деп білем. Жаны таза телеграфшы қыз үшін ішуге болады. О-о, әбден болады.

Саян. Қыз емес, егде кісі болар, Әске.

Әскен. Жо-жоқ, таласпа, Саян. Мен бар ғой, керек десең сол қызды суреттеп берем. Қара көз, ақша маңдай, қыр мұрын... Ұшы сәл дөңестеніп біткен. Ерні жұқа. Значит, сезімтал. Жасы он сегіз бен жиырма бестің арасында.

Сарыбай. Босқа даурықпайық. Не де болса бұл өзі бір күтпеген жай болды. Қарлығаштың қаза тапқанын естідік. Марат оны бізден жасырып отыр. Мүмкін, ол да көзі көрмеген соң өлгеніне сенбейтін шығар. Үмітін үзбеген соң, елеңдеп кіріп келердей боп күтетін болар. Ендеше, Марат өзі айтқанша үндемейік.

Хадиша. Қорықсақ та үндемейміз. Қуансақ та үндемейміз. Үндемей өтіп барамыз. Өте береміз. Несіне жасырынамыз? Неге оқшауланамыз? Қайғыдан өзек өртеніп бара жатқанда, түк болмағандай жым-жырт қаламыз. Ышқынған жанның ащы өксігі қайда? Өңештен үн шықпай ма? Көңіл бітеу, құлақ саңырау ма? Сенбейміз бе бір-бірімізге, жақын-туыс, көрші-қолаңға сенбей кетеміз бе? Оңаша қиналып, оңаша қапаланып алып, бәрі жақсы, бәрі керемет деп алдап, алданып жүре береміз бе? Солай жасататын не? Ақыл ма, есеп пе? *(Теңселіп барып столға басын сүйеп отырып қалған. Марат кіреді).*

Марат. Мен сіздерге... *(Пауза)* Әскен, маған су құйып жіберіңізші, тамағым құрғап кетті. *(ішеді)* Сұп-суық екен. Мен сіздерге бір нәрсе көрсетейін. Мен... Қарлығаш... Қарлығашымды...

Саян. Біз білеміз...

Марат. Қарлығаштың...

Сарыбай *(Маратты отырғызып).* Естідік бәрін... Марат, берік бол...

Марат. Мен... мен берікпін. Қара таспын. Меңіреумін. Жыламаймын ағыл-тегіл. Басымды тауға да, тасқа да соқпаймын. Көппен бірге... көппен бірге ауқаттанып, көппен бірге арақта ішемін. Қарлығашым жоқ. Ал мен тірімін. Көңілденсем - ән салам. Жарқылдап ойнап, қарқылдап күлем. Гүлмира, Саян! Сендер мені түсінбессіңдер. Білмеймін. Осал болсам да - адаммын, берік болсам да - адаммын. Қарлығашым жоқ енді. Бұрын бар еді. Бүгін екінші рет, соңғы рет айрылдым.

Гүлмира. Жоқ, аға, “Қарлығашым менде, жүрегімде” дегенсіз. Айрылған жоқсыз. Қарлығаш сізбен бірге. Бірге!.. Сіз... сіз... жоғалтпайсыз.

Марат. Телеграмма қайда? Сәке, оқыдыңыз ба?

Сарыбай. Оқыдық. Кім жібергенін білмеймісің, Марат?

Марат. Білмеймін, Сәке. Мүмкін, мен өзім жіберген шығармын.

Әскен. Не дейсің? Өзіңе өзің телеграмма бергенің бе?

Гүлмира. Сіз Қарлығаш болып, өзіңіздегі Қарлығаш болып өзіңізге жібердіңіз ғой. Мен түсінем. Түсіне бастадым. *(Барып қолынан ұстайды.)* Жоқ! Сіз оны жоғалтпайсыз!

Марат *(Гүлмираның маңдайынан сипайды.)* Иә, Гүлмира! Солай болар. Айсыз түнде жолға шыққаның бар ма. Бір жанып, бір сөнген жұлдыз көрдің бе? Кішкене ғана көк нүкте. *(Пауза)* Қай кино екенін ұмыттым. Кемесі апатқа ұшыраған жалғыз теңізші жүзіп келеді. *(Ойланып.)* Тұңғыыққа батареда ақырғы рет телміре қараған теңізші әлгі бір жанып, бір сөнген жұлдызды кімге балады екен? Кімді елестетті екен?.. Ал бірақ сондағы жанар, көк нүктеге телміре қадалған жанар есімде. Әлі есімде...

Гүлмира *(ышқынғандай).* Жоқ! Сөнбейді ол! Көк нүкте ғана емес. Ол... ол мен айтсам, мен айтсам... *(Жылап)* Сөнбейді...

Марат. Жылама, Гүлмира! Сөнбейді!

Сарыбай. Марат, телеграмманы неге бергеніңді айтпадың ғой. Сонда, сеніңше, әркім өзін-өзі алдап, өтірік жұбатып өтсін бе? Ал, бердің телеграмманы. Оны өзің алдың. Не өзгерді? Бәрі бұрынғысындай. Бәз-баяғы қалпында.

Саян. Мен сізді ертерек папа десем керек, Сәке, Марат ағай жоғалтқанына өкінсе, мен тапқанымға қуанбаймын. Әзір қуана алмаймын.

Марат. Саян, қызуланба. Мүмкін, кейін мені де, Сәкенді де түсінерсің.

Әскен. Тойымызды жалғастырсақ деген ұсыныс бар.

Хадиша. Той... Той жалғассын. Үзілісі, реніші болса да жалғассын. Жалғаса берсін. Онсыз болмайды екен.

Міне, жиырма бір жылдан кейін бас қосып отырмыз. Кеш қалсақ та бас қосыппыз.

Әскен. Манадан аттың басын тежеп отыр ем. Аянбай бір сілтейінші енді. Кәне, отырыңыздар. *(Арақ, құяды)*

Сарыбай. Өзің ала берсеңші.

Әскен. Ең болмаса, қиқуласып көтеріп жіберсеңдерші. Біле білсеңіз, көнім кепсе де жәнсіз ішкен жерім жоқ. Бірде жылаған бала жұбансын деп ішкен, бірде күлімдеген күн батпасын деп ішкен. Әр істің астапыралласы болады. Солар сылтауым, Сәке.

Сарыбай. Е, онда бөгемейін, тарта бер.

Әскен. Оныңыз болмайды енді. *(Шишаны көрсетіп)* Мынау мөлдіреген көз жасы. Осыны сіз ішерсіз?

Сарыбай. Шырағым, маза бер!

Әскен. Жарайды. *(Құйып алып, қағып салады)* Түу, ішімді тырнап жіберді ғой. Қуаныштың ағыл-тегіл жасы емес, қайғы-зардың ауыр өксікпен бір сығып жіберген мөп-мөлдір тамшысы екен. *(Маратқа барып)* Кел, Маратжан, зәрді зәрмен басайық.

Марат. Ішейін, Әскен. Бірақ өзіңе қояр тілегім бар. Сенем саған. Бүгіннен бастап арағыңды азайтуға уәде беремісің? *(Ноян кіріп, тыңдап тұрады)*

Әскен. Маратжан, уәде деймісің. Уәдеде тұрған кімді көрдің. Қарсақбайды есіңе түсірші. Алдымен уәде бұзған сол емес пе. Ал Қарсақбай кім! Дөкейдің өзі. Лауазымның да, байлықтың да, атақ-даңқтың да кілті бар қолында. Аспан алақанында, жұмыр жер жұмырығында. Уәде бұзған сен, Марат. Көңіліңе келсе де айтайын, Қарлығаш тағдырына Қарсақбай екеуің бірдей жауаптысыңдар.

Сәке, сіз де сондайсыз. Иә-иә түсіңізді босқа суытпаңыз. Саян... Сен әлі жассың, бауырым. Сені кінәлай алмаймын. Тек, бауырым, адаспа. Адасушы болма.

Уәде бұзбаған кім екен. Алып жібер, Марат! Мен анау дөкей Қарсақбайды да аяймын. Байғұста кілт атаулының бәрі бар. Бірақ бақыт кілті, адамгершілік кілті жоқ екен. Сол үшін аяймын. Марат, Сәке, сіздердің тапа тал түсте адасып, жоқтан бар туғызған тірліктеріңізді ойлағанда қиналам да жабығам.

Жеңеше, сіздің жасаған ерлігіңізге сүйсінсем де, көрген қиындығыңызға күрсінбей көз салуға болмайды. Кел, тартып жібер, Марат. Бөгеме кісіні. Уәде анау-мынаудың аузына түсе беретін жай сөз емес. Ол - киелі сөз. Уәдемен ойнауға болмайды. Болмайды. Сөз бердің бе ел-тіріл орында. Бәрін, бәрін жаса. Сол уәденің орындалуы үшін, тартып жібер, Марат!

Ноян. Әскен аға!

Сарыбай. Ноянжан, сіз... сен... менің қасыма отыр.

Ноян. Рақмет, Сәке! Әскен аға! Сұмдық шешен екенсіз, қалай білмегем сізді. Тек қана бір жерінде қателестіңіз. Уәде махаббатқа жүрмейді. Ол жүрекке табынады. Жүрекке! Мама! Мен Сарочканы ертіп келіп едім. Ұялады. Кірмеді. Бірақ мен тірі болсам, томпылдатып ертіп әкелем.

Хадиша. Ноян, ертіп кел. Жатырқамасын. Жүгір, балам.

Ноян. Кеттім, мама.

Хадиша. Қане, енді дұрыстап отыралық. Таң да атып қапты-ау.

*Шымылдық
Алматы - Ялта, 1974 - 75 жыл.*





КӨРЕР ЕМ КҮНІМ ТУСА

Екі бөлімді музыкалы драма

Қатысушылар:

Жаяу Мұса - әнші, ақын, композитор,

Мұстафа - болыс, шонжар.

Дәмөгөй - бай.

Қдмысбай - Дәмөгөйдің баласы.

Жексен - кедей.

Күлән - Жексеннің жұбайы.

Нияз - Күләннің әкесі.

Сұршақыз - әйел

Ақсақал, жігіттер, қыздар, халық.



БІРІНШІ БӨЛІМ

Жасыбай көлінің жағасы ән мен күйге бөгіп тұр.
Ауылда той бар. Жеке қалықтап Жаяу Мұсаның
“Қыздар-ау” әні естіледі. Дауыс - әншінің өзінікі.

Мұса даусы:

Қазаққа дүбірім шыққан мен бір тұлпар,
Қыздарын орыс- қазақ қылдым іңкәр.
Үйректі қарапайым суға жығып,
Қаз ілген айдын колден мен бір сұңқар.
Киргизский қрасивай,
Қыздары оның сұлу-ай!
Я прошу потселуй,
Не женатый холостай!

Дауыстар. - Ой, пәле! Айтады-ақ!

- Ше-еркеннің шебері-ай! Сілекейді шұбыртты-ау!

- Орысшаңа қалай жүйткіді, ә!

- Тұлпар десе тұлпар! Шашасына шаң жуытпайды-ау!

(Бір топ жігітімен Мұстафа, Дәмөгейлер шығады. Қарсы ала қоймаған ауылға сұстана қарасып тұр).

Мұстафа. Мынау ауыл салтынан жаңылған екен. Онда шындап жаңылтармын!

(Қалбалақтап Жексен шығады. Бүгежсектеп қол ұсынады. Оны ешкім елемейді).

Жексен. Мырза! Тақсыр болысеке!.. Келіп қалғандарыңызды байқамай... Оңаша үй табылады ғой.

Мұстафа. Анау шүлдірегің кім? Не деп шатты-бұттылап жатыр?

Жексен *(Кілт еңсесін тіктеп, жүзіне нұр жүгірте сөйлейді).* Оу, мырзабегім. Ойпырау, сіз өзі оны шынымен білмейсіз бе?! Ол дегеніңіз осы өлкенің

еркесі емес пе! Үні қандай сабаздың! Өнері қандай жігіттің! Он саусағы сырнай тілінде сиқырдай ойнайды-ау! Домбыра мен скрипкада майдабоздай жорғалайды-ау! Бұрын-сонды адам баласына бітпеген барлық өнер, бар құдірет бір басына орнай салған!

Мұстафа. Ез, езе түс малтаңды! Шұбырған сілекейіңе түп-тура ат суарғандай. Ел еркесі болардай ол қаратаяғың қай ордада туыпты? Қай тілеуден жаралыпты. Біздің Мұсадай жандаралмен жалғасып, оязбен орайласып жүр ме екен?..

Жексен. Енді, әрине, Мүсекеңе кім теңесуші еді... Дегенмен өнер жолы басқа. “Әу” дегенге атын түсіп беретін қазақпыз. Әнді айдап, күйді ерттеп мінген нағыз мықтыны көрген соң... (*Мұстафаның бетіне қарап, шатасып*). Ә-ә, біздің Мүсекең дарылдап ән салып тұрса, дүние не боп кетер еді.

Дәмөгөй. Әй, Жексен! Сен өзі қырт екенсің. Қане, қағыл былай! Қысатын жерді қысып, басатын жерді басып, шұлғып тұрудың орнына, қақшаң-қақшаң қапталдасасың.

Мұстафа. Үйренген ауыз ғой бұлардікі, Дәке. Бөсе берсін.

Дәмөгөй. Онда бұл боқташақтарды балақтан басқа өрмелет. (*пауза*).

Мұстафажан, айтпақшы әлгі уәдең не болды? Көрем бе? Көре алам ба бүгін осы? Бүгілген белге сүйеу болар құба талды ұстатармысың тезінен?

Мұстафа. Ой, Дәке! Қырттықты қиратардай жең сыбандыңыз ғой жаңа... Енді өзіңіз мыжисыз кеп, мыжисыз кеп...

Дәмөгөй. Өйдөйт, өйдөйт! Сыңарезу ауыздыққа ерін жыртқызатын. Ойлан, шырақ) Шал мөңкісе, малы мөңкиді. Мөңкісе - жығып та кетеді, теуіп те кетеді.

Мұстафа. Әй, қайран Дәкем-ай! Қара нарым-ай! Қара жорғаңыз мөңкімейді ғой?

Дәмөгөй. Мен айтқам. Бүгін анау жас иісіңнің жүзін көрсет те, “күп” дегізіп, бас шұлғыт! Сонсоң қара жорғамды тақымға бас та, құба жоннан шаң суыр. Қара жорға тақым жаңартса, менің тақымыма да жаңа “тоқым” бұйырар.

Мұстафа. Болды, Дәке! Уәдем уәде. Сіз де мінесіз, мен де шабам. (*Қарқ-қарқ күледі. Ән тағы құйқылжиды. Скрипка үні бебеулене қосарланады*). Әй-й, анау немесі тағы аусарланды-ау! Не істесем рауа мына ауылға, ә!

Жексен (*қызығып, қызынып*). Пай-пай-ой! Аңыратуын сабаздың! Тұлабойымды бір ысытып, бір суытып дірілдетті де қойды. Өлгенді тірілтіп, өшкенді жандыратын дейтін ән құдіреті осы-ау! Кеудеме ұйыған мұңым қайда? Жүрекке тамған шерім қайда? Сылып тастады ма, дуалап құды ма - ынтығуым ғана бар. Талпынып әлденеге қол созуым анық. Айта түсші! Әуелетші, әншібегім!

Мұстафа. Мә саған ынтығу! (*Салды кетті қамшымен*). Міне саған талпыну! Мынау ұйыған мұңыңа жамау боп қосылсын. Мынау шеменіңе шеге боп қадалсын! Басынбақсың ғой! Аулыңмен, аймағыңмен көз түрткі қылмақсың ғой, жоқ-жітік!

Жексен. Ойбай-ай! Мен бе екем!... Жазығым ән тыңдағаным ба... Қай қазақтың құлағы саңырау... кеудесі бітеу еді... Ел естір... Есітер әлі... Тексерер. Қамшы сілтейсіз!.. Неменемен кінәлі ем? Басқа түскен тілік тегін қалмас. Әруағы азбаса, қалдырмас жоқтамай...

Дәмөгөй. Әй, Мұстафажан! Мынау ит тілін не деп шолжаңдатып барады, ә?! Басқа тілік түсірмек түгіл, сол доптай басты домалатып қағып та тастайтұғын. Кімді кеуделемек бұл көн тулақ?

Мұстафа. Өмәй-ау! Ел естір, жұрт тергер деді-ау! О-о, байғұс! Қарсы алдыма көлеңке көрсетер бірі табылмай тұрып, белдесер жерін сайламақ. Қане, тулап көрші, тыпырлап көрші осыдан. (*Тартып өтеді*). Біріңді емес, бәріңді көгенге қосақтап тізейін!

Дауыстар. - Өлтірді-ау!

- Аулыңа келіп, адамыңды сабаған қорлығын қалай ұмытарсың!

- Тал түсте тарпа бас сала бергені ме?

- Зорлықты тыяр күн қайда?

- Тілім-тілімін шығарды-ау есіл ердің!

Мұса (*Екпіндеп жетін*). Тоқтат! Тайқы былай!

Мұстафа. Құйысқанға қыстырылған мынау
шіңкілдек кім өзі!

Мұса. Тағы айтам, тоқтат, мырза!

Дәмөгөй. Кімге қарсы келмек. Өйдөйт!
Мұстафажанға дауыс көтермек, ә! Заман азғаны ма?
Ақ жағаға қара қол жармаспақ. Ақ төрені қара құл
билемек. Жоқ! Заман азбайды! Жіберші маған, ә!
Күпсінген көкірегінің желін найзалап шығарайын.
(Мұсаға ұмтыла түсіп, әншінің айбарлы сұсынан
сескеніп, кейін шегіншектегенде, шалынысып жығылады).
Ә-ә, итересің бе? Кеудеден түйесің, ә, көнтулақ!

(әндетін). Аттан, әруақ, кәрі әруақ!

Мендей жақсың санаулы-ақ.

Салдым намыс жолына

Анау малды, анау бақ!

Аттан, аттан, кәрі әруақ!

Құл қаптады бері аунап.

Қыр! Жой! Қапта, жігіттер!

Қалмасаңдар манаурап.

Аттан, аттан, кәрі аруақ!

(Лап берген жігіттерге Мұса қарсы беттейді).

Мұса. Тоқтат, дүлей сесінді!

Кескектетпе кесірді!

Арпылдамай айтаққа,

Жина, халқым, есінді!

Бас кеспек бар болса да,

Қызыл тіл қашан кесілді?

Қызынбасын өлі әруақ,

Ел айтсын әділ шешімді.

Дауыстар. - Дұрыс.

- Әділі сол! Ел айтсын шешімін.

- Кеспекке кеспек әрқашанда табылады. Дауға бітім
табайық та онанда.

- Өзің айт, әншібегім! Әнің - азан, сөзің - намаздай
ұйтты бәрімізді.

- Иә! Жөн-ақ! Ұйғарымымыз осы!

Мұстафа. Жә, көп шуылдақ! Төрің мен көріңнің
арасы төрт-ақ адым сендер ненің парқын білуші
едіндер. Сендерге сөзім - зая. Сөз ұқпастан құдай да
ыққан.

Дәмөгөй. Әй, негіздім! Тектім! Тереңсің-ау, Мұстафажан! Тіреспек болды ғой бұлар. Онда, Мұстафажан, кері бұлтаққа түсірер ақ тақыр тар соқпақта кермелдеспей, кең отырып, керіле шіренер ақ ордаға жетелік. Көженің буы көпке ұзамайтын, ісіп-кепкен кеуделері көн торсықтай қабысқан кезде құйрықтарын бұтына тыққызып, қыңсылатып оралт бұл тексіз бұралқыларды.

(*әндемін*). Қаңсыласын көп төбет,
Бөгемек болған жолыңды.
Аялдамай аттап өт,
Былғама босқа қолыңды!
Былғама, төрем, қолыңды!

Мұстафа. Онда, Дәке, мына жас қораздай жалпылдаған шіңкілдектің аты-жөнін біліп кеткім бар.

Дәмөгөй. Жөн-ақ. Бұл көні кепкен көн тулақтардың қайсы бірімен қаржасамыз. Атын білген дұрыс. Түптеуге жақсы. (*Мұсаға*). Әй, қызыл көрген бұқадай көз алартқанша, есің болса сақалыңмен етік тазаласаңшы. Әй, оны сезер білік қайда, ныспың кім?

Мұса. Мәдениетті елдердің азаматтары біреудің атын сұрарда алдымен өзін таныстыратын. Қайран қараңғылық-ай, бәрін кеудемен алмақ!

Дәмөгөй. Шырақ! Оқыған зиялы елің - Іресей шығар. Мәдениетіне таласым жоқ. Жалбыратып шаш қойып, қырыққан серкеш секілденіп тылтиған шалбар киіп, түрегеп дәрет сындырғаныңды бұлдасаң, орыстан әрман орман, немістен әрман керман боп кет. Оған мынау Мұстафажан да, мына мен - Дәмөгөй де пысқырмаймыз.

Мұса. Е-е, жетпіске келіп жер таянғанша балаңның баласынан да кіші бейкүнә жанға әукенді салбыратып, тұмсығыңды көтеріп сәумендеп жүрген Дәмөгөй сен екенсің ғой. Осыншама ұзақ ғұмырыңда тұнықты лайламаған, адалды һарамдамаған, тазаны былғамаған, күлкіні өшірмеген бір күнің болмапты деседі сені білетін барша жұрт. Манадан бір байқағаным: төрт көз, төрт аяқтыдан асып кеткен жерің шамалы екен.

(*Әндемін*). Көрмедім сендей ноқайды,
Сыйлаған бас деп бақайды.

Бәшерденің кеткен соң,
Ақсақ иттей шоқайдың.

Дауыстар. - Қатырды әбден!

- Шоқ бәлем, шоқ! Бәшерденді кім көрінгенге жұмсап, елдің жасын көлдей ағызып еді.

- Бәшердені кім?

Жексен. Ойбай-ау, білмеймісің? Ол - ұрысы. Мына Дәмөгөй байдың барымта, сырымтаға сілтер қара балтасы-тұғын. Бәшерденді ұрлығын қойғызып, тура жолға салған анау әншібегім емес пе!

Мұстафа (*кекетін*). Әнші-бек!.. Бек... бек!.. Садаға кетсін бектен. Көн қатайса қалыбына деп, көргенсіздігін жасайды да... Әйтпесе ордан өрге ұмтылар ма еді кимелеп. (*Жексенге*). Мынау құдайдың құлағынан ұстағандай кекірейген немеңнің аты кім? Аспанымды төбемнен төңкеріп жіберсе де аташы!

Жексен. Әй, тақсыр болысеке, көзіңізді шел басты ма десем ғой, арқама тағы да қамшы ойнатасыз. Әнші Мұса, ақын Мұсаны танымайтын бұл өлкеде жан бар ма еді. Мұса ғой! Атақты әншібек Мұсамыз емес пе!

Дәмөгөй. Өйдөйт! Ойдөйт! Жаман иттің атын Бөрібасар қоядынын кері. Мұсашылын! Әлде бұ неменің Мұстафа а'пты інісі де бар шығар?

Жексен. Иә-иә! Әншібектің інісінің аты да Мұстафа.

Мұстафа. Шіркіндерде ес болсайшы. Рулы елдің ұранындай Мұса аты ұлыған иттің атауына бұйырыпты-ау! Өзгертермін-ақ!

Мұса. О, тәңір! Ел мен жерді меншіктенгенді біліп едік. Тау мен көлді иеленгенді естіп едік. О, құдауәнде, енді азан шақырып, айқайлап қойған есімімізге де жармасқанды көрсеткенің бе? Бұдан былай жұтқан ауа, тұтқан сәулеге де борыштар болармыз.

Мұстафа. Тағы да осылай ойыса түс. Ығыса түс! Иықталастырам деп жалаңаш иінді құр жалтыратқанда табарың не? Онанда, түсінің бар екені байқалды, ылдилап қана ыққа жығыл! Қорғалағанды жел де алмайды, тіл де алмайды. Сөйт, әнші-бе-ек! Арындамасаң - араңдамайсың.

Мұса. Апырай десе, үйренген ауызға дауа жоғы рас

екен-ау. Саз созғанды жақтырмаған паң көкірек
кеңірдектеп көмейден арыл мен ырыл ғана төгеді екен-
ау. Ендеше, менің де сөзім шығын.

(*Әндетін*) Шындық іздеп шырылдасам -

Ар мен сырды баққаным.

Сұмдық іздеп ырылдасаң -

Алдан табар қақпаның.

Азаматқа жерік әлем

Аламаннан жериді.

Әніменен, шеріменен

Әділетке телиді.

Мұстафа (*ақырып*). Ырылдағанның қабатынын
ұмытпа, қарасирақ! Кесігіңді өзің шығардың!
(*Дауыстан*) Уай, Шорман әулеті! Намысыңа ит
сарымаса, қу кекті! Қыздыр қаныңды, тазала ыластан!
Құл-құтан тіл тигізді сүйегіңе! Күлімсі көкіректің
көбігін шашыратты тәніңе!

(*Әндетін*) Қу кекті! Қыздыр қанды! Намысты қу!

Талақ боп аппағыма жабысты қу.

Сал қырғын! Қаптал сүргін! Таптал сұмды!

Тазамды ыластанған қанымен жу!

Мұстафа жігіттері: - Ә-ә, қарасирақ!

- Дәндеген екен сұр кедей!

- Кімге тіл тигізбек!

- Салып кет! Шауып кет!

- Маған берші! Уай, мені жіберші!

Ауыл азаматтары (*қарсы лап қойып*). - Қарап тұрып
талата қоймаспыз!

- Тентекке келтек таппасақ, ел болмай кетелік!

- Ел намысын ер ұстайтын. Ерді белге ұрғызба!

- Қарсы ұмтыл, кедей! Салып кеткішті соғып кет!

Жарып кет!

Мұса (*қолын көтеріп*). Ағайын! Сендерге де,
сендерге де - айтарым, мен үшін қанға бөкпеңдер.
Біріңе алғысымды арнасам да, біріңе қарғысымды
атамаспын. Сойылға өкпе, шоқпарға арыз жүруші ме
еді. Сендерді сілтеп тұрған қол иесінен - анау
мырзаларыңнан ізгілік қашқан соң даланың

құйынындай ұйтқыған желбуаз мінездеріңнен бүгін ғана түңіліп пе едім. Тек қана тағы да айтаққа елігіп, өздеріңдей тесік өкпе шаруа жанының қызығын бұзғандарыңа қынжылам. Тойын топалаңға айналдырғандай не кінәсі бар еді анау жазықсыз адамның?

(Екі топ та кері серпіледі).

Дәмөгөй. Өйдөйт! Өйдөйт! Қызыл тілде сүйек жоқ. Олай сүйреңдеп, былай сүйреңдеп, кінә, жаланы бүркеп жасырмақ. Бар жазықтың! Әруаққа тіл тигіздіріп, ата сыйлаудан баз кешкен осы ауылдың ақсақалы ең алдымен жазықты! Берсін жауабын! *(Қамшымен қара тасты салып өтеді).*

Ақсақал. Айып бізден. Ат, шапанымыз дайын, тақсыр болыс! Ауыл да өзіңіздікі, ауыл тентегі де өзіңіздікі. Тартып кетсеңіз де, кінә артып кетпеңіз. Міне талша бас, міне қылша мойын. *(Иіледі).*

Мұса. Әй, қайран көнбістік! Тағы да қорғалаттың ба. Дала күңіренбей қайтсін, қиянатымен де үнем айырды, әне. Дала шерленбей қайтсін, өктемдігімен-ақ өкпеңді суырды, әне. Жалтақта! Жалтақтай түс, өңшең қалбалақ! Сауырыңды жалаңаштап дүреге тос! Қамшысымен сыйласын. *(Өтіп кетеді. Мұстафа тобы қалады. Сырттан қайтадан ән қызады. Күлкі естіледі).*

Дәмөгөй. Мұстафажан, бопсамды көрдің ғой. Мына жаман ағаң үзеңгіге табан тіреп, таралғы үзердей шіреніп бір бергенде, жетегіңе ат ілесіп, иығыңа шапан жабылды да қалды. Көрдің бе екпінімді!

Мұстафа *(өзіне).* О-о, қырт! Кімнің екпіні, кімнің тепкісі екенін айырмаған, желөкпе қырт. Шорман әулетін сыйламай көрсін! *(Дауыстан)* Дәке! Қыршаңқы шобырды жетелеп үйренбеп ем, атты да, шапанды да сізге байладым.

Дәмөгөй. Ой-ой, өйдөйт шіркін! Өзім де алдым-дағыны айдай алмай жүрмін. Сен онан да, Мұстафажан, анау қызыл түлкі немені... жас иіс шіркінді... бұраңбелді толықсытып, бұлықсытып билетіп әкеп қана... көзіме көрсетіп қана... көз құмарымды осы бүгін қандырып қана сауабымды алшы. Сөйтіп бір ерлік жасашы! Күл астында шоқ қалған ба, мына жерім *(кеудесін ұрғылайды).* қыз-қыз!..

(Әндемін) Қоз астында қоламта,
Жылтырады, шалынды.
Дәмеленіп қол артам,
Көп сарғайтпа шалынды.
Өйдөйт, өйдөйт, өйдөйтім,
Қыпшабелге жалғарсың.
Тас кеудеме қысайын
Қу тамырға қан барсын!
Өйдөйт, өйдөйт, аңғарсын
Көрген жұртым таң қалсын!

Мұстафа (өзіне). Әбден жаныққан екен кәрі қақпыш. Тамырымен қан жүрер ме, у жүрер ме, болсын жазмышы. Қара жорғасына саусақты бір іліндірсем... (Дауыстап) Дұрыс, Дәке! Уәде - құдай сөзі. Бүгін қыпша бел жас иістің жылан бұрымы мойныңызға оралады.

Дәмөгөй (Кеңк-кеңк күліп). Жылан бұрым, ә!.. Жас иіс,ә! Мынау мойынға бүгін оралады, ә!... Өйдөйт! Онда Дәмөгөй айды аспанға атпай ма! Атқанда қандай! Тұп-тура тымақтай бүйтіп лақтырады. (Қопаңдап қатты қимылдағанда ұшып түседі. Жексенге). Әй, боқташақ! Соз қолды! Мен ашуға мінбейін. Онда... онда ма аулыңмен қосып... аумағыңмен қосып... байтағыңмен қосып қарап қылам. (Жексен тұрғызады).

Мұстафа (Жексенге). Сен осындағы жалғыз биелі үйшіні ертіп... Әй, тоқта! Сақалын сапситып үйшіні қайтеміз. Сен оның қызын... бойжеткенін... қыпшабелін тез жеткіз.

Жексен. Күләнді ма сонда?

Мұстафа. Күләнді!.. Қыз Күләнді!.. Қыпша бел Күләнді!.. Жеңгең Күләнді!

Дәмөгөй (Қуанып). Өй, аузыңа май, астыңа тай! Жеңгеңді! Бол! Үш! Әлгі шапанды өзіңе жабам!

Жексен. Күләнді ма? Үйшінің қызын ба?!

Мұстафа. Үйшінің қызы Күләнді! Бар!

Жексен. Күләнді дейді, ә?! Күлән дейді, ә!?
(Кетеді).

Дәмөгөй (Әндемін)

Мен бастайын бір әнді.
Уыстап бұрым - жыланды.

Аймалап қыпша белінен
Үйшінің қызы Күләнді!
Өйдөйт, өйдөйт, өйдөйтім!
Созайын баптап бұл әнді.
Аңсаған жаным бұралды.
Басамын қашан кеудеме,
Үйшінің қызы Күләнді?
Өйдөйт, өйдөйт, өйдөйтім!

Мұстафа. Болды, Дәке! Күйеу жолы жіңішке.
Жымасын жым! Әне, қаптап келеді. Қойны-
қоншыңды дайындай бер.

Дәмөгөй. Бар ғой. Сырға да, сақина да, белбеу де,
орамал да түйін-түйін. Игілігімнен несіне аянам,
аштым, міне, алақанымды. *(пауза)*. Әй, өй! Не
дегенмен өздері шетінен әнші-ау! Заулатып-ақ келеді.
Мұстафажан, қарсы алдарынан күйсін, жансын,
аңыратып шырқап жіберсем қайтеді, ә?!

Мұстафа. Ойбай, Дәке! Жап! Біте тесік атаулыңды!
(Қыз, бозбалалар әндепін айтысып шығады)

Жігіттер. Қыздыр-қыздыр тамашаны!
Той көрігін дүрілдет!
Ақ жүзіңе жарасады
Тұрсаң, қалқам, күлімдеп.

Қыздар. Сыңғыр-сыңғыр маржан токсек,
Ұнатар ма жігіттер?
Жүректерге таңдап сепсек,
Қабысар ма үміттер?

Бәрі. Тілеуі бір жаспен жастың,
Түйіні бір жібектің.
Ақ ниетпен қадам бассаң,
Қабысқаны тілектің.

Мұстафа *(Қолын сермен)*. Жә! Жетті! Бұл не ғылған
бітпейтін шуылдақ! *(Жексенге)*. Қайда?

Жексен *(Түк ұқпағанын)*. Кім, тақсыр болыс-еке?

Мұстафа. Күлән!

Дәмөгөй *(Қосарлап)*. Қыз Күлән! Қыпшабел
Күлән! Жеңгең Күлән!

Жексен. Ә-ә, Күлән ба? Күлән тұр ғой. Әне, анау
ортадағы... әншібек Мұсаның қасындағы бұраңбел.

Дәмөгөй *(Қызығып)*. Өйдөйт! Нағыз бұраңбел екен,
ей!.. *(Мұстафаға)* Білігің керім екен, жаңылмай

тандапсың. Өйдөйт-ай! Ұстат енді үздіктірмей ақ білегінен.

Мұстафа Күлән қарақ!

Күлән. Жай ма, төрем?

Мұстафа. Бір қолқа бар еді өзіңе. Оңаша сырға өзгені ортақ етпесек деп ем...

Күлән. Ауылдағы ағайыннан аулақ ұстар сырым болмаушы еді. Тобымдағы құрбы-құрдастан тығып сақтар құпиям жоқ еді. Қолқаңыз қолды бола қоймас, айта беріңіз.

Мұстафа. Сұрап алған аурудың емі жоқ, тыңда онда, сұлу қыз. Сен түлеп ұштың, көрі бүркіт сені тілеп тояттамақ. Соныма қалай қарайсың?

Күлән. Түлеп ұшқаннан тоят тілейтіндер аз ба, бірақ бәріне ол бірдей жетер ме? Бүркіттің өзі ілмес пе.

Мұстафа. Рас, рас! Ал, онда қапы қалма, қыз Күлән! Сен түлеп ұшсаң, тілеп қосылған қыран - мынау Дәмөгәй бай. Қауырсыныңды жарқ-жұрқ ойнатып, көкке атыл, қияда табыс!

Дауыстар. - Не дейді? Күләннің теңі қаусаған шал ма еді!

- Шал алмайды, малы алады да.
- Болыстың тізесі тағы бір батпақ қой.
- Зорлығын жобам дейтіндерін қайтерсің.

Дәмөгәй (*Ортаға қиралаңдап шығып*). Өйдөйт!

Қырып алыңдар бәрің шулап. Е-е, мен кімнен кем екем.

(*Әндетін*) Көп жылкым көкалалы көл жабады,

Қой-ешкім керсетпейді боз даланы.

Бәсіңе кырық қысырақты матап бергем,

Атаекең таппас мендей бозбаланы!

Өйдөйт-ай! Өйдөйт-ай! Өйдейт-ай!

Жексен. Тағы да мал. Тұяғы - қылыш, түгі - найза құбыжық болды, мал болмай. Айдап беріп, байлап әкетеді. Шырылдатып, зарлатып әкетеді. Жас-жастың тілеуі қайда әлгіндегі, Мұсажан-ау? Бірге түйілген түйіні қайда, әншібек құрдас-ау? Қорда сасыған теке сақал жүрегімді паршалай бермек пе?

Дәмөгәй. Теке сақал?!. Мұстафажан-ау, не деп қорлап тұр мынау көнтулақ! Арқасына қамшың дұрыстап батпаған-ау. Берші маған!

Мұса. Тоқта! Жөн-жобаға жол берейік. Жануарды да жалын сипап, кекілін тарап барып сатып алатын. Күлән - тоқты-торым емес, адам. Әлпештеген аруың. Үндетпей, үмітін кеспек пе едіңдер. Тіл қатқызбай, тілегін үзбек пе едіңдер.

Уа, ағайын, көз қуаныш - қызын, қарындас қалқашын, ару-аяшын сыйламаған қазақ көрдіңдер ме? Ендеше, Күләннің лебізін тыңдайық. Жан ыңқылын естіік, тілек-талабын ұғайық.

Дауыстар. - Айтсын, айтсын!

- Жөні осы!

Жексен. Осы қазір бұтарлап шауып тастаса да, жасырмашы түкті, Күләнжан.

Дәмөгөй (*Екіленіп*). Әй, сен өзің не деп үдеп барасың. Сен осы тегін емессің. Сенің Күләнжан деуінде бір гәп бар. Ол гәп рас боп шықса, тулақтай сүйретіп өлтірем. Қайда қыз әкесі? Уай, неге көрінбейді көзіме? Көмейлеп қылғытарда жұтынып, “қол сипатарда” көлгірситіндерін қайтерсің бұ тексіздердің!

Нияз (*Күмілжін*). Мен тұрмын ғой... Әлпештеген Күлән еді... Күләнжан нетіп... бұзыла қоймас.

Күлән. Ата, атеке, не деп барасыз? Онан да отқа тастап шыжғырсаңыз етті!

Нияз. Қарағым-ай, енді... нетіп, мен... мен...

Мұса. Күлән, әлгіндегі әнінді... шағымыңды айт.

Мұстафа. Әй, заржақ, араласпай жайыңа тұр.

Мұса. Заржақ жайына тұрар-ау, тістеуік те тепкілегіш қыршаңқыны кім тыяр?

Мұстафа. Кесермін тіліңді! Ызыңдатармын көмейден! Жатқан жыланның құйрығын өзің бастың.

(*Әндетін*) Кесемін қыл түбінен кесір тілді!

Байы жоқ, байламы жоқ жесір тілді!

Сүйретем тау мен тасқа тұлыбынды,

Үйретем үндемеуге тасыр құлды.

Мұса. Шалқырсың, болыс! Ата әруағын, баба байлығын бу қыларсың. Будың сейілерін, таудың жығыларын, әруақтың азарын, байлықтың тозарын да ескер. (*Әндетін*)

Шақыра берме әруақты,
Әруақ та бір күн семеді.
Тепкілей берме намысты,
Намыс та бір күн сөнеді.
Жүгенсіз кеткен бас анау,
Айтқанға қайтып көнеді.
Ақымаққа айтқан насихат
Аққан сумен тең еді.
Даңғойды кім жеңеді.
Жиналған мына бұқара
Еріксіз шұлғып көнеді.

Дауыстар. - Әй, әділ-ақ! Бұдан артық не десін.

- Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ.

- Бас асаулықтың шегі бір болсайшы!

Дәмөгей. Өйдөйт. Өңшең қырт! Шауып аларсың
жаман қатты! Құл жиылып бас болмас. Жә, жетті!
Сасық көмейлерің қолқамызды қапты. Күләнжан,
өзің... өзің бірдеме деші... қыпшабелінді талшыбықтай
солқылдатып қана... бұраңбелінді билетіп қана... көз
құртымды қандырып қана өзің бірдеме деші.

Күлән (Мұсаға қарайды. Екеуі бас изсседі. Жексенге
коз құйрығын. түсіреді.). Атамның атасымен құрдас кісі!
Мен бірдеме айтқанда сізге не түседі? Мұз бен жалын
шарпысушы ма еді? Әкемнің әкесінен де үлкен кісі!
Мен бірдеме десем текке өтіңіз қабынар. Сөзімді әкеме
айтайын.

(Әндетін) Атаеке, мені саттың жастай зорлап,

Бұл шалға жетпістегі күштеп, қолдап.

Қазақтың қыздарының күні құрсын,

Келмесе заман, бақыт өзі қорғап.

Сәлем айт ағаларға ойласын-ау,

Бұл шалға мені беріп қоймасын-ау.

Бұл шалға кім сатса да мен сорлыны

Төбенде төрт аяғым ойнасын-ау.

Кетем бе жылай-жылай сатылып-ай,

Қайғымен қапаланам, қысты ғой бай.

Әкемнің әкесімен жасы құрдас

Бұл қу шал дейді-ау мені “қатыным-ай!”

(Күлән жылап, қыз-бозбала қоршап шығып кетеді).

Дауыстар. - Шын сыры-ау! Зорлап сатқан екен!

- Өзін жаттап алып, ел-елге таратайық.

- Қалай тауып айтты, ә!

- Ойбай-ау, анау Мұсажан Күләнге әлгінде ғана өзі шығарып үйретіп жатқан.

- Е-е, қайран қырғи тіл әнші азаматым қарындасының халін түсінген екен. *(Кетеді).*

Дәмөгөй. Бәсе, осындай қитұрқысы бар де. Әйтпесе, Күләнжан айтпайды. Анау Мұса ит қой. Мен барайын. Қай қыз “көрейін, көрейін де көнейін” - деп ере кетуші еді бірден. *(Кетеді).*

Мұстафа *(Жан-жағына қарап).* Әй, бәрі кетіпті. Шалы да кіж-кіж. Шауқаны да кіж-кіж. Тұмсық көтеріп, иіс алған шетінен. Менің мұрным неге жыбырлайды, ә? Әлде менен күйек астыны қажетсінбестей күй қашып па еді. Жоқ! Қыз-қырқынның бірін топшыммен неге қақпаймын онда. *(Кетеді. Жексен шығады).*

Жексен. Шіркін Мұса! Жол тапты-ау! Ол болмағанда бұл Жексен қу тізесін құшақтап Күләнінен айрылып қалатын еді. Енді міне Күлән зарын қыз-бозбала жаңғыртты да әкетті. Анау Дәмөгөй өлексенің бәйбіше, тоқалы да, балалары да тойға келген көрінеді. Әсіресе, адуын бәйбішесі сұмдық қызғаншақ деседі. Соның құлағына мықтап жеткізіңдер деп тапсырды Мұса. Ал сол кемпір туласа... кім білсін Күләнжанның басы босап сала берер.

(Әндетін) Онда мына Жексенді.

Басынбайды жөпшенді.

Құшақтап ап Күләнді,

Көтермес пем өкшемді.

Мұстафаның тоспас ем,

Қамшысына бөксемді!

Әридайт! Әридайт! Әридайт-ай!

Ойбай анау өйдөйт келе жатыр. Менің әридайтым шымбайына батып жүрмесін. *(Дауыстан).* Дәке! Екпініңіз қатты екен, бір қуаныш бар-ау ә!

Дәмөгөй *(Қамшысын білемдеп).* Мә! Саған қуаныш! Мә, саған екпін! *(Ұра бергенде Жексен өрімнен ұстап,*

жұлқып қалып, етпетінен түсіреді. Жотасынан аяғымен басып-басып қояды).

Жексен. О-оу, Дәке, екпін-екпіннен ығады. Куәсіз жерде, оңашада қанды қол өкпе езетін! Езіп тастайын ба осы!

Дәмөгөй. Әй, әй! Өй, тентек! Өстіп те ойнай ма екен. Қысылды... Тарылды тынысым, ойбай!..

Жексен. Бер жаңыңды! Күлэнге де, маған да жоламаймын де!

Дәмөгөй. Ө-ө-өлдім! Күләні-ің де құры! Өзің де құры! Көрмегенім сендер болыңдар.

Жексен. Бер жаныңды. Сал кісеңді мойныңа!

Дәмөгөй. Ойбай-ау, жіберсеңші. Босатсаңшы енді. *(Жексен көтеріп тұрғызады. Дәмөгөй кісесін шешіп мойнына салады).* Бердім жанымды. Серт бұзсам, иманым хасыл болсын!

Жексен. Сенген болайын. Тайқысаң - сен де өлесің, мен де өлем! *(Кетеді. Мұстафа шығады).*

Мұстафа *(Ызалы).* Құтырған екен құл-құтан. *(Жауырынын қиқаңдатады).* Кімге қол сілтейді, ей!

Дәмөгөй. Не боды, Мұстафажан!

Мұстафа. Шетінен дүрелеу керек. Болыстарын танымайды. Надан қойшының жаман қатынына назар салып, мықынына қол жүгіртсем, надан күйеуі жапалақтай жарбандап келіп, жауырынымнан салды кетті, салды кетті. Қызғаншақ ит екен. Ал, Дәке, мына асып алған кісеңізге жол болсын?

Дәмөгөй *(Кісесін буынып).* Гәп кісе де емес, кісіде! Кісінің қырсық мінезінде. Қызғаншақтығында. Біз бес-алты күн ел аралап жүргенде, бәйбішем балаларымен осы ауылға тойлап келіпті. Жаңағы Күлән қыздың әнін естіп, ал құтырсын.

(Әндепін) “Қарыныңды жарам, ойбай” - дейді.

“Қаныңды жұтам тоймай” - дейді.

“Қағынған қақпас, жыныңды қағып,

Қамайын қапас торға-ай” - дейді.

Мұстафа. Қатынға қараған қай қазақты көрдіңіз. Қағып, жығып кетпейсіз бе, Дәке!

Дәмөгөй. Ойбай-ау, мен - тас, қатын - тау емес пе, Мен - дімкәс, ол шіркінің сау емес пе!

Шетінен балаларын қайрап қойды,
Әр ұлы үйден шыққан жау емес пе!

Мен кетейін, Мұстафажан. Тезірек ауылыма жетейін. Қыпшабел Күлән деп жүріп бұрынғы өйдөйтімнен де айрылып қалармын. Ал, сен Күләнге ән шығарып берген анау әншісымақты бір шөкелетші. Қыжырым қанып, сонда ақырғы рет өйдөйтке бір басайын. *(Кете береді).*

Мұстафа. Әу, Дәке! Қайда сырғыдыңыз. Уәдені бұзбаңыз.

Дәмөгөй. Не бұзыппын?

Мұстафа. Қара жорға қайда?

Дәмөгөй. Қайдағы қара жорғаны айтасың, Мұстафажан?

Мұстафа. Қыпшабелді көрсеттім бе бұлықсытып қана... Көрсеттім. Бұраңбелді жеткіздім бе толықсытып қана... Жеткіздім. Қызыл түлкіге көз суардыңыз ба... Суардыңыз. Ендеше, қара жорғаны неге ұстатпайсыз маған?!

Дәмөгөй. Е-е, Мұстафажан, екеуміздікі тамақтың буына тиынның шылдырын саудалаған сияқты одағай келісім болды ғой. Менің де тақымым, сенің де тақымың қышымасын. Көз түрткі болған шалдың ендігі тізгіні қатын мен балаға тиді. Жорғаның шылбыры енді солардың қолында ғой. Аса алмай көткеншектеп тұрмын. Бұрынғы өйдөйт жоқ. *(Кетеді).*

Мұстафа. Қап! Қырт! Қатырған-ақ екенсің! *(Жан-жағына қаранады).* Әй, анау қамысқұлақ кімдікі екен, ә! Жануардың келбеттісін! *(Ыңылдап көңілді Жексен шығады).*

Жексен *(Әндетін).*

Қой айдадым базарға,
Пысқырмаймын тажалға.
Жаным сүйген, Күләнжан,
Қарасаңшы назарға.

Мұстафа *(Саңқ етіп).* Әй! *(Жексен селк етеді).* Кел бері!

Жексен. Жай ма, болысекем?..

Мұстафа. Сен маған анау аттың кімдікі екенін аташы.

Жексен (*Үңіле қарап*). Анау ма? Ойбай-ау, ол біздің Мұстафажанның бәсіресі ғой. Анасы Нақым - Мұсаның шешесін айтам, осы атты өзі бағып, өзі баптап, баласына дайындап жүруші еді. Мұсажан Омбыдан келгелі белінен ер түсірмей мініп жүр. Маңдайға басқан жалғыз қылқұйрығы.

Мұстафа. Солай де. Онда бір істің сәті келген екен! (*Сахнаға әндегіп қыз-бозбала шығады. Жексенге*). Әй, сен маған әншіңді, (*кекетіп*) әнші-бегінді бері жеткіз.

Жексен. Тұр ғой әне... өзі тұр ғой алдыңызда.

Мұстафа. Сен соныңды, тағынан түссе де, мына... қарсыма әкел!

Мұса. “Қызым саған айтам, келінім, сен тынданың” кері ғой сіздікі. Түсетін тағымыз жоқ. Ал, келдік.

Мұстафа. Ау, әләулейдің айтылар орнын пайымдамағандарға не істейтінін білуші ме едің?

Мұса. Ән айтқанды айыпты санаған қазақ болмаған.

Мұстафа. Міне білместігің. Әннің де әні бар. Кей әләулай, орынсыз айтылса, арсылдағаннан әрман. Бір емес үш қидың бүгін жолымды.

Мұса. Бітеу кеудеге ән арсылдау боп естілсе, амал қанша. Онда бұдан былай жолдарымыздың қиыспауын тілейік те.

Мұстафа. Ә-ә, күш танытасың. Онда... қысасқа қысас. Уа, жігіттер! Қайдасыңдар?

Дауыстар. - Осындамыз.

- Бармыз!

Мұстафа. Қысасқа қысас! Шорман әулеті намысын жібертпейді. Айттым кесікті! Төрт құбыласы түгел сай Мұса ағамның есіміне еншілесіп, мына менімен иық таластырмақ болғаны үшін мынау қусирақ әнші-бекті бұдан былай жай Мұса да демей, жаяу Мұса деп атасын жұрт. Ол үшін анау атын айып деп алғалы тұрмын. Жігіттер, ер-тоқымын сыпырып тастаңдар. Арқалап алып, әләулейын айтып аулына жаяу қайтсын. Жаяу!

Дауыстар (*Карқ-қарқ күлкі аралас*). - Жай Мұса да емес, Жаяу Мұса.

- Жаяу! Жаяу!

Мұса. Мырза! Қолы қысқаның өрісі тар. Өктемдігің өкпемді қысты. Бірақ еркімді ала алмассың. Тізелерсің

талайды. Сілкілерсің әлсізді. Нашарға зорлық жасарсың. Сол солар үшін кеудеңді бір басайын. Келер ұрпақ, өсер төл есіне ұстап, жадына тұтатын болсын. Озбырлығыңнан жерітін болсын! (Домбырасын қағып-қағып жіберіп, “Ақ сисаға ” басады).

Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса,
Қалмайды кімдер жаяу зорлық қылса.
Шорманның Мұстафасы атымды алып,
Атандым сол себепті “Жаяу Мұса”.
Жаныма батқандықтан ашынамын,
Мен неге жаяуым деп басыламын.
Малым жоқ Шорман айдап алатұғын,
Қылығын Мұстафаның паш қыламын.

(Әнді қайырмалап, қайтармалап жаңғыртқан жұрт Мұсаны, Жаяу Мұсаны көтеріп алып кетеді. Жалғыз қалған Мұстафа сілейіп тұрып қалады).

Мұстафа (Дір-дір етіп). Тентіретермін! Жер түбіне қуармын! Көмусіз шірітермін! Шірітермін-ақ!

Шымылдық





ЕКІНШІ БӨЛІМ

Баянауыадағы ауыл. Жаз кезі.

Жексен (*Асығып шығады*). Күлән! Уа, Күлән! Ой-пой-пой! Осы бәтшағарлардың қайда жоғалып кететінін қайтерсің, ә... Қырсыққанда қымыран іриді деп... Күлән! Уау, қаты-е-е-ен!..

Күлән (*Сарықарын тартқан*). Не болды қақсап? Қатын деп қақылдауын қатып қалғырдың!

Жексен. Пай-пай, Күлән, сөзге қонақ берші... Енді қатын дегенде... қашанғы.

Күлән. Жерінген екенсің онда...

Жексен. Пой-пой, Күләнжан! Қырық есекке жүк табуға шеберсіңдер-ау... Онан да тыңдасаңшы... Кім келе жатқанын естісеңші!

Күлән. Қайбір жөні түзу адам келуші еді апақ-сапақта. Онан да еңтігіңді бас.

Жексен. Күлән! Қышытпа тілімді! Егетпе азуымды!

Күлән. Айтарыңды неге созбай айтпайсың енді. Іш кептірдің ғой...

Жексен. Айтқызып тұрсың ба? Аузымды олай қақтың, бұлай қақтың (*пауза*). Мұса келеді!..

Күлән. Кім? Кім дейсің?!.

Жексен. Мұса! Жаяу Мұса!..

Күлән. Жексен, сенде жан жоқ. Ойбай-ау, бағанадан сүйінші сұрамассың ба... Қайда? Қашан келеді?

Жексен. Келіп те қалар... Менің қыр асып, олардан озыңқырап жеткен бетім.

Күлән. Енді неғып тұрсың? Марқанды ұстаттың ба? Анау Әтекемдерге хабарлаймыз ба?

Жексен. Шұрқ етпе! Бәріне айтып келген бетім. Марқаң да, басқаң да дайын.

Күлән. Аллаһ, жүрегім орнына түсті-ау. Өзі қалай? Қартайып па? Соңына түсе-түсе сындырып бітпеп пе?

Атын алып жаяулатып еді, арманын үзіп, қанатсыз қалдырмады ма екен?

Жексен. Өйдөйт! Сен өзі Жаяу Мұсаны кім деп ойлайсың. Мұстафаның сұмдық-сұрқиясынан қылжия қалатын болса, несіне Жаяу Мұса аталсын. Қайта ол қажаған сайын шарболаттай қайралып, лыпылдай түседі!

Күлән. Әй, қайдам! Мырза қайнаға соңына мықтап түсіп алып еді. Сонау итжеккенге айдатып...

Жексен. Әй, шашы ұзын, бойы қысқам-ау, итжеккенің не? Біздің Мұса Қазан, Петербор, Полша, Литуа елдерінде болып, одан соң Шернай пашаның әскерінде Шымкент, Әулие-атаға дейін келген ғой. Ал, сен итжеккен дейсің. Аты өшсін итжеккеніңнің. Мұсажан... әншібек құрдас бүкіл дала уәлайатынан бір де бір қазақ баласы аяқбаспаған жерлерді көрмесе, әрқайсысы атан түйедей ән шығарар ма еді.

Күлән. Болша, Литуа дедің бе?!. Ол анау Омбы, Томбының маңайы емес пе?

Жексен. Болша!.. Сен тіпті болыс дерсің. Омбың не? Полша Көкшетау, Қарқаралыңнан да алыста. Білетіндер жер түбі деседі. Петерборға барған кісіңе Литуаң сөз бе екен?

Күлән. Олай, Әшкентайдың көкесі-ау! Ұмытып барады екем. Әлгінде осы ауылға анау өйдөйт қайнағаның көңілін сұрауға мырза қайнаға келіп еді. Қап! Әншібектің қарсы алдынан тағы арсылдап тұратын болды-ау.

Жексен. Қорықпа, Күлән. Біздің Мұса бұрынғы Мұса емес. Мұстафанды бір-ақ шайнайды.

Күлән. Қайдам? Малы бардың - әлі бар, билігі күштінің - білегі күшті заман ғой. Жаяу құрдасты жабыла қуалап жүрмесе.

Жексен (*Жасып*). Оның рас енді. Тоқсанға келіп тобығын кеміріп жатса да, сенен айрылып қалғанын кешірмейтін Дәмөгейлер кімді аясын. Жаяу Мұсаны бір мұқату үшін Көкаланың үйірін тағы ұшықтар. (*пауза*). Сен шай жемінді қамдай бер. Мұстафасы бар ауыл Мұсасын шақырмасын деген заң жоқ. (*Алыстан ән естіледі*). Әне! Қайран Жаяу Мұса! Ақиық әншібегім! Кеудесін тірі жан түгіл тәңірге

басқызбайды. (Ән бірте-бірте күшейіп, кешкі даланы кернеп, шарықтап, шалқып барады. Ән “Хаулау”, айтушы - Мұса).

Үш жүзге болған мағлұм атым Мұса,
Жігіттер шешен болсаң, маған ұқса.
Сыртымнан мені қазақ қашқын дейді,
Көрер ем қашқындықты күнім туса.

(Халық жиналып тосып тұр. Қуанғандар да, қызғанғандар да кездеседі).

Дауыстар: - Тасқа салсаң мұқалмас шарболат-ау!

- Қуғын-қашқыңды болса да, кеудесі асқақ!

- Шіркіннің әнін де, өзін де сағындық қой.

- Зәкүншік неме заржақ келмей ме, соның әуілдегі кімге зәру.

- Әй, шырағым, босқа кісәпір болма. Жаяудың ояз бен болыс-билерге болмаса, басқаға қылдай қиянаты жоқ.

- Әй, мынау арызқой зәкүншікті қорғай қалыпты. (Сахнаға бір топ жігіттер мен шау тартқан Жаяу Мұса шығады. Өзі әлі де қып-қызыл ала киінген).

Жексен. Төрлет, Мұса! Ардақтайтын елің бар.

Мұса, Армысың, ағайыным! Армысың, елім!

Дауыстар: - Бар бол әншібек!

- Есен жүр, Жаяу Мұса!

- Тілегің елден арылмасын, жүрегің жаудан тайынбасын!

Мұса. Рақмет, аяулы әулие тұтар қауымым! Рақмет, қадір білер халқым - кемеңгерім! Лебің - батадай, алақаның арқа тірер жотадай сезілді-ау! Уа, жігіттер! Аңырап жүріп сағынып айтар әнім - елім еді. Жүрегімнің аңсап соғар дүрсілінің ыстық лүпілі де елім еді. Елім - әнім еді! Әнім - аңсатқан елім еді! Шырқаңдар кеудемнен жарып шыққан сағыныш назымды. Жеткізейік! Қабылдар көңіл болса, құялық лекілдете. (Өзі бастайды. Қалғандар “Көкаршынды” түгел қосыла көтеріп алып кетеді).

Көкаршын ән еркесі баппен айтса,
Ер жігіт не болады серттен қайтса.

Ән болмас “Көкаршындай” қайда барсаң,
Ән білем деген адам шынын айтса.

Жексен. Мұсажан, көңлімізді бір көтеріп тастадың. Аспаным биіктеп, мерейім үстем болды-ау қашанғыдан да бұрын. Атташы оң аяғыңмен табалдырығымнан! Озшы төріме! Қонағым болшы қадірлі!

Дауыстар: Әй, Жексен! Сен әншібекті жалғыз меншіктенбе. Көріп көзіміз тоймай қалды, естіп құлағымыз қанбай қалды.

- Қадірлі қонақ - ауылға да, қауымға да ортақ қонақ. Сен бөлектеме.

- Елін аңсаған ерін елі сағынбай ма екен. Мауқымызды басқыз.

Мұса. Апырай, ақсақал-ай! Ниетіңіз қандай жақсы еді! Еміренген елім бар екен, тебіренген көңілім неге көл боп толқымасын. Неге сел боп ақтарылмасын. Жексен! Телегей тілектен суырып әкетпегің - қай қинауың. Қасиет тұтып табынар тәңірім - тобырымның үнін естісеңші. Жүрегін ұқсаңшы. Талайдан күткен мына қауышу сәтінде елі мен ері әдемі әнімен де, әндегі зарлы шерімен де мауықтарын бассын да. Басайықшы. *(Өзі шырқап ала жөнеледі. Ән - “Сұрша қыз”).*

...Неше жыл жүрсеңдер мен айдауда,
Шыдаймын қажымаймын денім сауда.
Дәм жазып, осы жаздан аман қайтсам,
Сұрша қыз көрісерміз Баян тауда.

(Басына кимешек салған, жеңсіз камзол киген қартандау әйел тізесін бүгіп иіліп сәлем етеді)

Әйел. Разымын, әншібек! Байласқан серт-сыйласқан кезеңнің сыралғысы ғана. Бүгінде бәрі ұмыт. Көлдей көңілдің көлеңкесін жатырқама.

Мұса *(Таңырқап).* Үнінде - діріл, көзінде - мұнар... Көлеңке ұзартар кәрілік-зауалдың күңгірт сәулесі екеумізді де адастырып тұр ма екен?.. *(Кеудесіне бұл да қол төсейді. Екі ойлы).*

Әйел. Танымадың, Мұса. Көзден таса, көңілден тыс қалдырған уақыт құдіретке не шара. Көкшетаудағы

уәдең Баянаулада табысу еді. Кешіккенімізді қай өксік жуа алар... Кеудеде жаңғырық қана қалыпты. Жалыны жоғалыпты-ау!..

Мұса. Япырай, Сұршақыз?! - Өзіңбісің?.. Атыңды әніме де қимап едім... Жүрегіме орадым деп едім. Бәрі бекершілік болғаны ма?!.. Қалауым... тірліктегі тірек қылған өзіңе арналған бір қалауым бар деуші едім. Үміт етуші ем сол қалауды... Енді не? Сағымға сіңіп, сейіліпті дейін бе?.. Танымағанымды тартылғаныма жориын ба? Сұршақыз! Өзіңе айтар қалауым енді өзімде қалсын. Сондағы... мендегі әсем бейнең Көкшетауда да, Баянаулада да емес, мәңгі-мәңгі әнде, сол әнге ұйыған мынау тілкем-тілкем тыпырлағыш жүрегімде қалсын. Ұмытпас! Ұмытпаспын, Сұршақыз!

Әйел. Қарлығаштың қаны, адамның жаны болса да қалауыңды ата деуден мен де аулақтандым, әншібек. Айттың - жеткіздің. Өксісем де, өкінішім жоқ енді. Аз дәуренге көп сүйініш бұйырыпты. Жұбанышым да, бұдан былайғы мінажатым да сол, әншібек... әншібегім!

(Кенет оқыс күлкі естіледі. Екі жігітке өзін көтертіп жеткен Дәмөгәй күлкісі ол. Қасында паңдана қабақ керген Мұстафа).

Дәмөгәй. Өйдөйт! Өйдөйт! Қылтанақ шашты қыпша бел қағынғырлардың көкейін тесіп бара жатқан бітпейтін бір ашық-машұғ әуресі. Әй, Мұстафажан, сен не білдің? Мынау біздің келінге әукесін салбыратқан әнебір қызылала киінген құшынашың кім? Емешесі үзіліп бара ма, қайтеді, ә?

Мұстафа. Тәйір-ай, Дәке-ай!.. Алжиын дегенсіз бе? Бұл өңірде қызыл саңнан киім киетін заржақ Жаяудан басқа жөн-жобадан адасқан кім бар еді.

Дәмөгәй. Жаяу дедің бе?! Жаяу Мұсаның өзі ме?.. Сен оны қаңғытып қуып жібердім дегенің қайда? Біздің келінге шүйілгеніне қарағанда... Сұршақыз деп сұңқылдауына қарағанда... кайран жастық бізден мүлде өтіпті-ау... қалауым деп тоят тілеуіне қарағанда... бұл қызылала құшынаш бұқаңның қылшығы да қисаймаған-ау тәрізі.

(Әндетін)

Өйдөйт, өйдөйт, өйдөйтім,
Күн таусылды-ау, жол кеміп.
Бұйда үзер заман жоқ,
Сүйек біткен боркемік.
Жыбырлай ма қайтеді,
Алабас көңіл құртым-ай!
Қызыл бұқаны келінге
Гүж-гүж дер мед шіркін-ай!
Өйдөйт, ойдойт, өйдөйтім!

Қамысбай. Алжыған сорлы! Жөнімен де алжымайды. Енді келінінді қашыртайын дедің бе? *(әйелге)* Бар! Кекшетаудағы сертің Баянаулада жүзеге асты. Көріп көзайым болдың. Ендігі жәргемің менің қолымда. Уәде байлаймын ба, шиелермін бе, шорт кесермін бе - өзім білем. Жөнел, қатын! Көп бөгелсең - не қамшының өрімімен қаның сарқылар, не ұрғашы көрсе езуі көпірер бәтуасыз қайнатаң құнжыңдап үстіңе артылар.

Дәмөгөй. Әй, жүгермек! Жұлыныңды үзем! Келінді кума! Мықты болсаң, Жаяуды тықсыр! *(Шиық-шиық күледі)*. Әй, ол сенің өзінді шайнап тастар. Азуы алты қарыс Мұстафажанның шамасы келмеген Жаяу емес пе! “Жер түбіне жөнелттім, Қоңыз тергіздім. Көзіне көк шыбын үймелеттім” - деген. Бәрі бекер. Қайта сендерден гөрі осы Мұса маған ұнайды. Өзіме тартқан. Жақсы көрген қызына жасырмай ән шығарады. Қызыл-ала киінеді. Кума келінді! Күйек асты қызықтың да құрт қайнатардай қызуы болатын. Кума дейім келінді!

Мұстафа. Ел ақтаған Жаяудың жұрт қызығар несі қалды дейсің. Саяқ тағыға сүзіле қарайтын тай, байталдың әдеті де мынау жүгенсіз жұрттыкі. Ал, мынаныкі *(Мұсаны көрсетіп)*, желкеден түйген жерге жотасын тосып келе беретін жетесіздіктің күйі ғой. Селеу сақалы шудадай ұйысқанша қылтың-сылтынды қоймай, сарысу ұялаған буындарын сартылдатып жүріп қызыл киінгені не теңі.

(Әндетіп) Тон киген қызыл саңнан Жаяу оңбас,,
Шайтанға жалбыр шашты бақыт қонбас.
Үрген иттей әуілдеп ғұмыр бойы
Қайдағы жын-перімен болған жолдас.

Қамысбай. Бір қоспасы жоқ. Әуілдегеніне әукесі түсер әулекілер көп. (Өйелге) Жоғал дедім ғой саған! Сүзбе дедім ғой көзінді!

Мұса. Жүрек сәулелері үйлескен көңіл қақпасын жабам деп босқа тыраштанба. Күн көзін алақан жасырмас. Әнші сөзін еш үкім тоқтатпас. Ел көкейіндегі іңкәр Сұршақыз сен қатыным деп тақымдағаныңмен басыла да, тосыла да қоймас. Талайдың жүрек дірілдетер сағынышына айналып, елден елге кетер. Заманнан заманға ауысар. (Өйелге). Сұршақыз, сен айттың - мен көншідім. Тағдыр бұйрығы осы. (Мұстафаға). Ел ақтады дедің. Сол елге қадірі өтіп, қасиеті сіңген сен бе, мырза, әлде Жаяу атанған мен бе? Тексермей-ақ қоялық оны.

(Әндетін) Кигенім үстімдегі бәрі қызыл,
Шорманов, сөйлер созге тілім ұзын.
Жылансың екі басты ел жалмаған,
Қоймаймын өлтірсең де айтар сөзім,
Болдыңдар елменен бай жер қожасы.
Жібермес зәбір көрген көздің жасы.
Түсімде талқандалап қара кидің,
Төгілер тасығанның мейманасы.

Дәмөгәй. Өйдөйт! Енді сен менің мынау балама шүйіл! Қағып-соғып өт! Топыраққа домалап, Мұстафажанның қасында шаң-шаң боп қатар жатсын. Қарашы, бұ шіркін де доңайбат танытпақ! Жаяудың жағасына жармастым демек қой әлі. (Күледі).

Мұстафа. Азған ауыл, тозған әруақты жын иектеген екен әбден! Ауысқан ақсақалы қасының қолтығына дым бүріксе, туған қайынатасын аямаған бұл қаншелек неден тайынсын. Жел бер! Үрле! Қанаңнан шыққан ұлыңды тамызық етіп таста!

Дәмөгәй. Өйдөйт! Мұстафажан, шымбайыңа батып кетті-ау! Шұрқ етпе, азар болса бір зорлығыңның қарымтасы шығар. Әй, Мұса! Сен қайынатанды да қайқаңдатыпты дейді, рас па?

Мұстафа. Әй, Дәке, маған сенбейтін болғанбысыз? Бұл өзі Құлбайды...

Дәмөгәй. Қай Құлбай? Қыпшақ бай Құлбай ма?

Мұстафа. Иә. Қыпшақ Құлбайдың Сапар деген

өрімдей қызын алып отырып, қайынатасын келеке еткен.

Дәмөгөй. Ол Құлбайынды білем. Малдың басын ғана санаған, қитабан сасық қой. Өйдөйт, заман-ай! Сондай қоңырсықтан да асыл туған десейші.

Мұса. Иә, Дәке! Көң арасынан кейде маржан табылатыны рас. Құлбайдың бай деген аты болмаса, тірлігін итке де бермесін.

Мұстафа. Тілінің қыршаңқысын! Өле алмай жүріп өзгеге күлуін бұл тырқудың! Кедей - тыраш осы-ау!

Дәмөгөй. Мұстафажан, сен сөз бөле бердің ғой. Бәріңнің кеңесіңнен Жаяудың лебізі артық боп барады. Көріме кіргенше, көріп, қанып кетейін, килікпендерші.

Қамысбай Шықты бір тақуа. Біресе ілініп отырып, етек аулайды. Біресе құдайға қараған боп әділет аулайды.

Мұстафа. Ауған заманның азбан шалы дұрыстап та алжымайды.

Дәмөгөй. Өйдөйт, өйдөйт! Бірің боздап, бірің кісінедің. Көс-көс! Құрау-құрау! Жаяу шырақ, мен де өзіңді әншібек десем, атаңа шақырған әніңді айтармысың?

Мұса. Ондай қолқадан іркілер әнші көріп пе едіңіз. Ал, онда.

(Әндетін) Құлбай байдың іргесі

Бұзауының сіргесі.

Битіне төзіп жатсам да,

Тыным бермес бүргесі.

Құлбай байдың тұсағы,

Өткір екен пышағы.

Өзі оңбаған болса да,

Қызының жақсы құшағы.

Әй, Құлбай бай, Құлбай бай!

Әнім менің қрасивай!

Қыпшакский жәрмеңке-ай!

Дәмөгөй. Көп жаса, әншібек! Ел сенің осындай тапқырлығыңа сүйінеді екен-ау. Қырғилығыңа табынады екен-ау. Бай Мұсадан Жаяу Мұсаның даңқы неге күшті десем, осындай әділің үшін екен ғой. Ойдөйт, онда танауын желге беріп, желбірек көйлек

іздеп, желөкпе тірлік кешіп бос өткен мені де әшкерелеп әніңе қос, шырақ. Мынау талағы тарс айрылған баламды да аяма. Кеудесіне нан пісіре алмай ісініп-кебінген Мұстафажанды да табала.

Жексен. Өнер құдіреті осы-ау! Ән десе арқасынан аяз құрсайтын Дәкенді қалай ентелетті, ә! Уа, мың жаса, құрдасым! Күлән-ау, құрдасқа сен өзің бірдеңе демейсің бе? Әлде дастарқанға шақырасың ба?

Дауыстар: - Жексен, сен өйтіп жекеленбе, дастарқан бізден де табылады.

- Мұсажанды әлі де тыңдай береміз.

- Дәмге тояр қарыннан, әнге қанар көңіл артық.

Мұстафа (Кекетін). Өңшең жалбағай! Сояды лақ текесін, тартады құлақ шекесін. Қаңғыбасын қажыдан келгендей қастерлеуін. Ертоқымын арқалатып жаяу куып едім, енді ол арқаға қамшыммен кңізыл шапан жапқанымды қалайды-ау көп шуылдақ. Дәм таба алмай жүріп әншілін бұлардың.

Мұса. Ә-ә, естідің бе, мырза! Бірақ дұрыс ұғын. Қомағай қарыннан сезімтал дарын артық деп тұр ғой халқым. Осындай тілек сауған жерде мен жығылам деп тартынармын ба, сен омақа асырудан жалығарсың ба. Тізгін-шылбырымды кесерсің. Қамшымды жұлып, талшығымды да үзерсің... Бірақ Мұстафа мырза, тілімді кесе алмассың. Мұсамнан айырғанмен, Жаяуыма жолай алмассың. Тамырым елде, тереңде! Ол сөзімді жаттаған мынау тобырымның жүрегінде. Әнімді аялаған кедей көбімнің сенімінде. Мынау артымда қалар ұлымда. Садығымда! Қопарам дейсің ғой. Солдырам дейсің ғой. Оның болмас. *(Баласына, құшағына қысып).* Садықжан, көріп, танып ал айқасар жауың мен айтысар дауыңның түп-төркінін. Құйып әкет жадыңа кескін-келбетін айықпас дұшпаныңның.

(Әндетін) Қарағым, айналайын асыл туған,

Сорлы әкең жаяу жүріп зәкүн қуған.

Мұсамен қағаздасып жүргенімде,

Садықжан айналайын сонда туған.

Ішуге Омбы барып шай таппадым,
Қайтейін көңлі құрғыр жай таппадың.

Жұлдызға аспандағы қолым сермеп,
Жыландай қара шұбар қайқаңдадым.

Мұстафа. Қара шұбар жыландай емес, кесірткедей шоршытармын. Күш салыстырмақ екенсің ғой, тыраш кедейі Ендеше, көріп ал. Көтеріп ал мықты болсаң!

Мұса. Аспанымның тіреуін құлатып жіберсең де еркін, мырза. Тек мына халқыммен тілдесер сәтімнің, аңсаған уәзипа қауышуымның шырқын бұзба. Ел - ана, ер - бала. Ыстық алақанға қызулы маңдайымды төсейін. Ел еміренсін, мен еркелейін. Көпсінбе осы мерейімді.

Мұстафа. Зэндемінің тілінің тәттісін! Ана деп, бала деп аңқаулатып алдамақ. Саған мерей маған мерез екенін ескермейтінің қалай. Сені тайрандатып, мен неге жайрандаймын. Олай болса, мен жайрандауым үшін, сені ойрандауым қажет. Себебі екеуіміздің жұлдызымыз қарсы.

Мұса (Кекете). Әй, Мұстафа! Маған істемеген нең қалып еді? Тақымға басқан жалғыз жалдымды алдың. Есімімді алдың. Жерімді тартып алып, елден құдың. Жаным мен әнімді алмассың. Ендеше, ата бер ағаш оғынды. Тек, жарқыным, халқыма, халқымның қызығына тіл тигізбе.

Дәмөгөй. Өйдөйт! Қайран қызыл тіл! Жер құдайы - Шорман әулетін шарпып өтіп, тып-типыл еттің. Жаяужан, кер аузындағы адамда көңілжықпастық болмайды. Сен одан әрі ұнап барасың. Елдің дәстүрі, атаның салты бар. Жеңген мерейленеді, жеңілген айып төлейді. Сен жеңдің, әншібек. Сен мені де, Мұса, Мұстафаны да жөніңмен де, әніңмен де жеңдің. Сені су түбіне кетіруге осы өлкенің игі жақсысымыз дейтіндер түгел ат қосқанбыз. Бәрі зая... Әділет өшпейді екен. Сен жеңдің. Мынау Мұстафа үшін де, өзім үшін де, басқалар үшін де мен саған баяғы қара жорғамның тұқымы - Бозжорғамды көлденең тартқалы тұрмын. Айыбым сол төлеген.

Дауыстар: - Атақты Бозжорғаны қиғаны ма?

- Дәкең бір ерледі.

- Бұ дүниенің қысасын о дүниеге әкеткісі келмеген ғой.

Қамысбай. Әке! Не сандалып барасың? Ердiң құны, нардың пұлына балаған Бозжорғаны қайдағы бiр қаңғыбасқа жетектетiп жiбере алмаймын.

Дәмөгей (*Саңк етiн*). Жетектемейдi ол! Жаяу Бозжорғаны мiнiп кетедi. Жаяу емес, қайтадан Мұса атанады.

Мұса. Ниетiңiзге ырзамын, Дәке. Бiрақ Жаяу тоқымсыз емес едi.

Дәмөгей. Сол тоқымды онда Бозжорғаға ауыстыр. Адам жүйрiгiне жануардың жорғасы сай болсын, балам!

Мұса. Рақмет, Дәке! Мынау Мұстафаның арқасында мен жалпақ жұртыма Жаяу Мұса атанып, жаяулардың әнi мен мұңына айналып кеткем. Сол Жаяу Мұса дәрежемнен төмендемеуге тырысармын. (*Жексенге*). Жексен-ау! Жаяу әнiн сатып, жанын жалдап күн көрмеп едi. Не iстеймiз?

Жексен. Дәкең саған әнiңе бәс, өзiңе құн төлеп тұрған жоқ. Азаматтығыңды сыйлап, көңiл жарастығын бiлдiрдi. Аттың әншiге лайық екенi рас. Ұсынған қолды қақпау - қасиетiмiз (*Сыбырлайды*). Құрдас-ау, жауды аяған жаралы. Берiп тұрғанда алып қалу керек.

Мұса. Құрдас, олай түтiндетпе. Көздi де, кеуденi де ыс баспасын. Маған Дәкеңнiң бүгiнгi өзгерiсi қымбат. Жауым емес, жақыным боп, жанымды түсiнiп созған қолы қадiрлi. Өмiрден түңiлу емес, түсiнiсу iздесекшi. Тiресер емес, тiлеулес тапсақшы.

Күлән. Апырай, құрдас-ау! Ойымдағыны айттың-ау. Өмiрдiң мәнi - табысу, ұғысу дедiң-ау!

Мұса. Күлән, мына Жексеннен өзiң мығым шықтың. Әуен мен саз үйлесiмнен туады. Үндес көңiлдерден сусындайды. Бiрiн-бiрi ұғысқан бейбiт заман сарыны шiркiн қандай дүбiрлi болар екен! Сондай күнге жетер ме едi!

Мұстафа. Ол тұрмақ осы күнiңе де зар боларсың. Құлдың би болғанын көргем жоқ.

(*Әндетiн*) Күмпiлдеп үрпитесiң жонтерiңдi,
Мен бе екен туламайтын көнтерiмдi.
Жаныңның жарасына тұз сепкiлеп,
Тепкiлеп тамшылатам қан-терiңдi.

Зарыңды жаным сүйер күй қыламын,
Илеймін, умаждаймын ій қыламын.
Солдырып, семдіруім оп-оңай-ақ,
Дәл сендей әуілдегіш миғұланы.

Мұса. Төбет қабуынан, тарпаң тебуінен жаңылып па. Жігіттер, қыздырыңдар думанды! Күпсінген кеуделер ұлып қалсын, үркіп қалсын!

Күлән. Құрдас! Садаға кеттім өзіңнен!

Әйел. Жаяу! Лебізіңе жан пида!

(Екеуі екі жақтап келіп Мұсаның қолтығына жармасады).

Жексен. Күлән, қазаныңа қара! Тасып кетпесін!

Қдмысбай. Қатын, қайт кейін! Батыр қараңды!

Дәмөгөй. Өйдөйт, өйдөйт! Қос қызталақ! Қызғанған түрлерін! Қума келінді! Көңіл ұшасы қанатын сәт болады. Үзбе, үзбеңдер сонысын. *(Күлән мен Сұршақыз сабасына түскендей кері серпіледі).* Күлән... мен сені қызыл түлкі кезінде... Құба талдай бұлықсып тұрған кезінде көріп, көз құмарымды қандырам деуші едім... Енді ең болмаса қолыңнан бір ұстайын... бері жақындашы! *(Күлән түсінеді. Түсінеді де иіліп тәжім етіп, қолын ұсынады. Шал алақанды сипайды).* Рақмет, қызым! Бақтылы бол! Көшке мінер күлігіңді Қамысбай өзі ұстап берер.

Қамысбай. Шашып кетейін деген екен малын! Өртеп кетейін деген екен артын!

Дәмөгөй. Қос атты көпсінсең, балам, қосарлап жетектетермін онда.

Мұстафа. Қатыны бүлінген, ақыны ұрынған, баласы қорынған, шалы жынданған зауал шақ осы болар, Қамысбай. Малыңды ғана шашпай, артыңды да ашпасын алжыған әкең.

Мұса. Мұстафа мырза, сенікі әзәзілдің азғыруындай шаптан түрту ғой. Ендеше, сенің айтағыңа құлақ сарсылтпай, әнімізді асқақтатайық. Күлән, саған да, Сұршақыз, саған да жүрек жаңғырығым баяғыдай бір жетсін. *(“Әрине күн ” әнін шырқайды).*

Ақ тұйғын көлден қарсы-ай қаз іледі-ау,
Жиылып қыз-бозбала бір жүреді-ау.

Жігіттер, осындайда ойна да күл-ау,
Ұлғайып, үйде отырар кез келеді-ау.
Әрине күн.

Дауыстар. - Рас-ау, зымыраған заман-ай!

- Қалмадық па үйде отырып...

- Иә-ә, ойнап-күлгенге не жетсін!..

Мұстафа. Ойнағыларың келген екен, ә! Күлкілерің келген екен, өңшең жітікке саяқ! Ойындарыңды осылтып, күлкілеріңді көмір қылайын!

Әй, Мұса! Сен шерді әнмен, зарды күймен көмбек болдың ғой. Ендеше, сенің әніңді шерге, күйіңді зарға айналдырайын. Сен ел ақтап жүргенде қатының... нақсүйерің қайтыс болған.

Дауыстар: - Ойпырай, не дейді?.

- Жаласы ма жауып тұрған, шаласы ма тастап тұрған?!.

Мұса. Сапарым ба!?. Рас па?

Мұстафа. Елдің бәрін қатыны өлгенше қаңғып жүретін өзіндей көремісің. Ақ жуып арулап қойғанына апта өткен. Неге безбүйректенесің!

Мұса. Ей, Мұстафа! Қанжарыңды тағы да сұқтың-ау! Жан қазасын жалғызымның жүрегіне де жеткіздің-ау! Өйтпесең бітіспес жау, келіспес қасым болар ма едің.

Жүр, Садықжан! Қос мұңлық қосылып, біріміз анамызды, біріміз жарымызды жоқтайық. (*Сахна қараңғыланып барып, қайта жанады. Жалғыз қабір басында екеуі тұр*). Келдім, Сапар, басыңа. Жалғыз Садық қасымда. Кеттің, Сапар, дүниеден, отыз жеті жасыңда...

(Музыкада осы әннің сазы).

1967 жыл

СКЕТЧТЕР

ДИАЛОГ

(Екі микрофон алдында әкесі мен баласы)

Баласы. Ал-оу, Ақтерек... Ақтерек пе? Оу, телефонистка, маған Ақтерек керек... Ал-оу, старикашка, привет!

Әкесі. Әй, Алматы! Стәрікашка-містәрікашқанды қойып, маған дереу ұлымды қос! Бірібет-сірібетің өзіңе!

Баласы. Ал-оу, көке! Культураны мүлдем ұмытып, соншама самбырлағаның не, естіп отырған адамдар бар. Приветик!

Әкесі *(қуанып)*. О-о, құлыным, дауысыңның зекеті кетейін! Бірібет, күнім, бірібет!

Баласы. Общем, папочка, халдарын қалай? Как дела? Мамочка шапқылап жүр ме?

Әкесі. Құлыным-ау, ботам-ау, диала қалпақтай. Апашқаң... мәмішкен аздап... баяғы ыңқыл-сыңқылы. Өзінді сағынып... Әйтпесе оның да диаласы хорошай.

Баласы. Вот что, старикан, көп сөйлеуге қалта көтермейді. Затрудняюсь с финансами.

Әкесі. Сыңғырлаған үніңнің садағасы кетейін, қозым. Ештеңеден қам жеме. Бөка стәрішкашка жибой пинаныс табылады. Қалтаңды қаңсытпа. Бар малжанды бір өзіңнің жолыңа айтам, құлыным. Мен көлтөрнәй стәрік. Ақтеректен менен басқа істудент баласы бар шал тауып көрші. Тәк што, ботам, сұрай бер.

Баласы. Ендеше, папочка, маған табылса бір дөңгелекті, в крайнем случае, жарты дөңгелекті дөңгелетіп жібер!

Әкесі. Әй, ботам, көзің әбден қарауытқан екен. Мен - көлтөрнәймын. Жарты дөңгелектің дөңгелемейтінін пізика оқымасам да білем. Салған соң, брямы бүтінін зыр еткізейін.

Баласы *(қуанып)*. Ой, папочка! Молодец старикан!

Қарызым көбейіп кетіп еді. Екі жүз берешекті сызып тастағанда...

Әкесі (*саңқ етіп*). Әй, шырақ! Сенің бір дөңгелегің - қай дөңгелек? Жүз бе?

Баласы. Оу, папасы! Культурныйлығың осы ма? Жүз деген шарик қана. Шарик! Дөңгелек есть дөңгелек! Ол - мың сом! Бүгінде алыс-берістің дәйлері араларындағы деловой махинацияларды дөңгелету үшін осы дөңгелекті ойлап шығарған деседі. Сондықтан, бұдан былай, папочка, дөңгелектің не екенін мықтап ұғып ал.

Әкесі (*қатаң*). Әй, жүгермек! Сен кәлакайтты қой! Естідің бе? Менің саған мындап салатын қазынам жоқ. Топырақтан ақша жасап жатыр ғой деп пе едің мені. Бір шариктен артық шыңғырып шарқ ұрып кетсең де, ештеңе салмаймын. Болмай жатып болдыртуын күшіктің. Сен есірсін деп менің шашылар шамам жоқ!

Баласы. В таком случае, предок, менің скелетімді... қаңқа сүйегімді жинап аласың.

Әкесі. Есің дұрыс па? Біредігің не?

Баласы. Предок, көкесі, предок. Ол - орысша әкесі, көкесі, негізі, тегі деген сөз. Так что, дорогой предок, алақанды ашпасаң, ұлың аштан өледі.

Әкесі. Әй, не оттап барасың? Аштан өлді деген не сұмдық? Истепендияң қайда?

Баласы. Стипендия... тью-тью! Бермейді. Қиып тастады.

Әкесі. Кім? Неге қияды?

Баласы. Неге қымайды? Қияды, әрине... Өзің кінәлі... Өзің еше ұрсасың. Экзаменді құлатсаң - стипендияны ұстатар ма?

Әкесі. Ойбай-ай, мына шіріктің сөзін-ай! Әй, экзаменді құлатып шошқа тағалап жүрсің бе-й! Әй, сені біз ұлымыз институтте оқып жатыр. Әкедем нәуік болады деп мақтанып жүрсек.

Баласы. Папасы, өзің виноват.

Әкесі. Әй, милау, бинауатың не айтып тұрған. Алматыда жүріп сен екі аласың, жердің түбіндегі Ақтеректе тұрып мен бинауат болам. Есектің миын жемесең, жөндеп түсіндір!

Баласы. Ну, көкесі, слушай тогда. Сентябрьде өзіме

жүз жиырма, өздеріңе шай сал деп жүз сом жібердің бе?

Әкесі. Жібердім. Шай қайда?

Баласы. Октябрьде өзіме жүз, Майраға етікке деп... импортные сапожки деп, жүз сом салдыңдар ма?

Әкесі. Салдық. Ал, етік қайда?

Баласы. Ноябрь-декабрьде өзіме екі жүз отыз, өзіңе құндыз бөрік деп екі жүз сом переводить еттің бе?

Әкесі. Иә. Бөрік қайда?

Баласы. Индийский шай Алматыда емге де табылмайды, это раз, папочка. Импортные сапожки под прилавками екі бағасына жылт етеді. Это два. Ал, мех қымбаттағалы бөрік түгіл берет қат.

Әкесі. Ақша ше, ақша?

Баласы. Вот, виноват өзің, папочка! Бәрі сол ақшаның кесірі. Шай дедің, етік, бөрік дедің. Перевод келгенін жолдастар көреді. Сонсоң, әрине, дәмепіп келеді. Студенттерді білесің ғой... Бүгін тоқ, ертең шала құрсақ. Қалтадағы ақшаны тығып, үндемей қалсаң - сараң деген атақ тағылады. Папасы, естіп тұрсың бе?

Әкесі. Иә... Сараңдық, әрине, жақсы рәсім емес...

Баласы. Вот, вот! Содан соң кафеге еріксіз апарасың.

Әкесі. Әй, кәпең не? Ырастран емес пе?

Баласы. Эх, культурный папочка. Кафе мен ресторанды айырмайсың. Ресторан - ағасы, кафе - інісі.

Әкесі. Жә-жә! Оны білем. Інісіне барғаның дұрыс. Ағасын жағалаушы болма.

Баласы. Інісі де індетіп тынады... Сонымен кафелетіп жүріп... бірер лекцияны жіберіп алып... содан экзаменде құлап... стипендиядан қағылып...

Әкесі (ұяң). Қой, балам, жасыма. Әкең тірі әлі.

Баласы. Кешеден бері қара нан мен қара шай...

Әкесі (елжіреп). Құлыным-ай, жүдеп қалдың-ау!

Баласы. Бүгін автобусқа мінетін медяк та болмай...

Әкесі. Медәгің тиын ба? Қара бақыр ма? Ботам-ау, сені өксітіп, жиған-тергенді қайда апарам? Жолыңа жаным құрбан, жалғызым! Бөка стәрік жибой. Біредігің сұрағаныңды қарастырады. Қам жеме, қозым!

Баласы. Дөңгелей ме, папочка?

Әкесі. Дөңгелетем, құлыным! Тұп-тура зуылдатам.

Баласы. Чао, папочка? Чао, старикашка. Мамочкаға привет!

Әкесі. Бірібет, қалқам, бірібет. Стәрікашка деген даусыңның зекеті болайын!

Телефонистка (радиодан). Дедушка, уақытыңыз бітті. Кончайте.

Әкесі (ашулы). Дедішка дейді, ә? Тілді шұбарлауын пәтшағардың? Ата десе, аузы қисая ма екен. Осы қызды да ата-ана өсірді-ау. Тәрбиесінің түрін, тәрбиесінің...

Кетеді.

1977 жыл



РЕПЕТИЦИЯ

Қатынасатындар: Қортық, оның әйелі, балдызы және Ұзынтұра.

(Қортық пен Ұзынтұра қарсы кездеседі).

Қортық. Ау, жол болсын, намаздыгердің көлеңкесі! Салпақтап әлі жүрмісің?

Ұзынтұра. Жүрміз ғой.

Қортық. Жүр. Жүре бер. Сұп-сұр сұрбойдаш-ка, түбінде сұрлем боласың. Қалтылдаған қубас мүлдем боласың.

Ұзынтұра. Қалай?

Қортық. Жүре берсең - өгіз болғаның. Ал, өгізде сезім болмайтынын сезе ме қауашағың?... Андағы, төңкерген топатайың?

Ұзынтұра. Е-е, сезбей... Сезді ғой.

Қортық. Қайдам. Анау Распай құрдастың өзіңе шығарған өлеңін білесің бе?

Ұзынтұра. Е, білем. Ол антұрған айта береді.

Қортық. Иә, айта береді. Жай айтпайды, анығын айтады.

Қара көз ертіп кетпепті,
Жүрегі елтіп кетпепті,
Қыз біткеннен қорыққан
Көрмедім мұндай еркекті.

Ойнаса да ойдағыны дөп басқан. Аяймын сені, құрдас. Былай істейік, сұрбойдашка...

Ұзынтұра (ашулы). Әй, менің азан шақырып қойған атым бар!

Қортық (жуасып). Иә-иә! Ойбай-ау, құрдас-ау, оған кім таласып тұр. Бар ғой... бар атың. Сен енді

қабағыңды түймей... қасқа төбелің тұп-тура зеңбіректің ұңғысынан атылған доптай қызарып кетіпті. Топ етіп жарылса, төбемді ойып кетіп жүрер.

Ұзынтұра. Әй, соза бермей не істейтінімді айтсаңшы!

Қортық. Иә! Соны айтуға шамамды келтіріп тұрмысың. Көзің қызыл көрген бұқаның көзіндей ежірейіп... Ә-ә... төтесіне көшейін бе... Дұрыс-дұрыс... Көп созбайын, сүрбой... тоист Ұзынтұра... ә-ә, Сырғақбай, Сырекесі! Сен менің қападағы бөлемді білемісің?

Ұзынтұра. Білем. Аузы салпиған ғой.

Қортық. Сол қаладағы бөлемнің даладағы бажасын білемісің?

Ұзынтұра. Білем. Қарны қампиған ғой.

Қортық. Сол даладағы бажаның совхоздағы жиенін білемісің?

Ұзынтұра. Білем. Мұрты салбыраған ғой.

Қортық. Ал сол совхоздағы жиеннің колхоздағы нағашысын білемісің?

Ұзынтұра. Білем. Шашы жалбыраған ғой.

Қортық. Ендеше, сол қаладағы аузы салпиған бөлемнің даладағы қарны қампиған бажасының совхоздағы мұрты салбыраған жиенінің колхоздағы шашы жалбыраған нағашысының он жылдықты тауысып, техникумды түгендеп, институтты бастап, университетті орталаған қызы, жеті жылдан бері ауылында жүр. Саған лайық жар - дәл сол бөлемнің бажасының жиенінің нағашысынан туған қыз. Екі жарты бір бүтін боп шыға келуге иек қағып, бас шұлғысаң - оң қолыңды бері әкел.

Ұзынтұра. Жоқ. Ол қажет емес.

Қортық. Сонда саған хордың қызы, періштенің өзі қажет пе? Оны мен қайдан табам?

Ұзынтұра. Табасың. Сен табасың.

Қортық. Апырай, ә! Қинадың-ау, құрдас. Табасың дейсің, ә. Табуға тырысайын. Көршілік жолың, құрдастық қақың қиын. Оның үстіне, тездетпесем, сенің мынау қасқа төбелің дөңгеленіп төмен сырғанауы мүмкін. Бүтінде малды жігіт емес, желкесін жапқан жалды жігіт қадірлі. Қаракөз біткен қарамай кетіп жүрер.

Ұзынтұра. Қарайды. Қарап-ақ жүр.

Қортық. Кім? Айтсаңшы адресін... Аспаннан тартып, жерден суырып, дедектетіп тап қазір жеткізейін.

Ұзынтұра. Оған әуре болма. Қыз осында.

Қортық. Не дейсің, ей!. “Қыз осында”... Кім ол? Бұл маңда менің Шөңкетайым мен Распайдын Теңгетайынан басқа сырғасы сыңғыраған он бес пен отыз бестің арасында бұраң бел бар ма еді. Сен шіркін көзің қарауытып, кемпір-сампыр біреуді бикешке балап жүрме...

Ұзынтұра. Бар! Нағыз күлімкөз! Осында.

Қортық. Осында?... Ә-ә? Анау үйде... анау. Сонау пәтерде... сонау. Анау үйде ақырған аю. Сонау соседте ысқырынған жылан. Жоқ! Сүрбойдашка, сен қателесіп тұрсың.

Ұзынтұра. Бар. Адресі ме... адресі - сенің үйің!

Қортық. Біздің үй!? Тоқта!... Оу, сонда... Мәссаған! Иә-иә. Балдыжан бар екен-ау. Ойбай-ау, Сырғақбай!... Ұзынтұра!... Сүрбойдашка! Сен екеуіміз даладағы бажа емес, қаладағы бажа боп шыға келеді екенбіз-ау!

Ұзынтұра. Шірке-ен-ай! Балдызынды құшақтап... Бажа болсам!

Қортық. Несі бар. Боласың! Мен тұрғанда ештеңеден қам жеме. Сен өткенде маған “Жигулидің” екі дөңгелегін қимап едің, енді төрт дөңгелегімен “Жигулидің” өзін есіктің алдына көлденең тосасың, ә!

Ұзынтұра. Тосам, бажасы, тосам!

Қортық. Ендеше кіріселік. Сен балдызбен оңаша кездесіп көрдің бе?

Ұзынтұра. Кездескем. Әй, бірақ...

Қортық. Жарайды. Ғашықтық - жасықтық деп жүр ғой жұрт. Сен мына өңкиген өгіз түріңмен ештеңе бітірмессің. Енді менің ғана ақылымды тыңда. “Жигулиді” жүйткітіп әкеп, жалтыратып ұстатасың ғой кілтін?

Ұзынтұра. Иә! Айттым, бітті! Ивсо!

Қортық. Онда мына маған сиына бер. Тәжірибемді төбеңді тесіп, төңкеріп құя салам. Ең алдымен керегі

- батылдық! Есіңде болсын, сұрбойдашка, қыз - қызуы бет шарпыған жалын! Бірақ жалынды да жасқандыратын жігіт! Жақындап бар да, қолынан ұста. Ал, елестетіп көрші. Сенің алдыңда қазір мен емес, балдызжан тұр дейік. Былай кел де, алақанынан аялай ұстап ал. Екеуіңнің жүректеріңді қосатын контактосы. Аздап қысып-қысып қой. Ойбай, Ұзынтұра, байқасаңшы, саусақтарымыды күйретіп жібердің ғой.

Ұзынтұра. Кешір, байқамай...

Қортық. Екіншіден, қыз деген отты да уытты сөздерді сондай ұнатады. “Жаным! Күнім! Гүлім” деген буын-буына түсетін үздігуіңді көбейт. Икемдей тартып, үйіріп алып мына кеудедегі шоқты анау балдызжанның кеудесіне ақырын ғана... Тырс еткізіп тастай салып, үрлеп ке-еп жіберсең! Оу, бажа-ау, “Жигулиің” тым қораш емес пе? Хор қызындай балдызды “Жигулиге” қор еткенше... Болмайды! “Волгасыз” неге көнейін. “Волга” керек маған. “Волга!”

Ұзынтұра. Құлдық, бажа! Құлдық! “Волғанды” боздатып қоймасам, мына басты доп қылып теп!

Қортық. Жә, бажа! Алтын басты аяққа тастама! Менсіз де, балдызжан тірі болса, ертең-ақ айран құйып ішіп, саптыаяққа айналдырар оныңды.

Ұзынтұра. Сол күнге жетсем шіркін!

Қортық Жетесің, бажа! Ол үшін тағы да тыңдай түс. Балдызжанның қара көздеріне, міне былай.... осылай. андағы ап-ала шариктерінді бақырайта төндірі де: “Ғайшажан, “Иә!” деген бір ауыз сөзіңді естіртші жаным, - аспанымның ашық күні жарқ ете қалсын! Әйтпесе, “Жоқ!” деген қатал үкіміңді айт - өлейін де тынайын” десең, құшағыңа құламаса - мені құрдас деп таныма. Әй, сұрбойдашка, жігіттіктің ақ семсер екенін ұмытпа! Әне, балдызжанның өзі де келе жатыр. Мен мына жерге жасырына қояйын. Қысылып бара жатсаң, белгіні менен күт.

(Аулақтау барып тұрады. Ғайша шығады).

Балдыз. Саламатпысыз, ағасы!

Ұзынтұра. А-а... Сә-а... Сә-ә-лем, Ғай-ша-а-жан.

Балдыз. Не ғып оңаша жүрсіз?

Ұзынтұра. Жай... әншейін.

Балдыз. Кеш қандай әдемі!

Ұзынтұра. Ә-ә. Кеш деймісіз?..

Балдыз. Ғажап кеш! Нағыз махаббат кеші! Шіркін, қол ұстасып оңаша ұзап қыдырар ме еді!

Ұзынтұра. Қол?... (өзіне) қап! Әлі қолынан ұстамаппын. (Көзімен Қортықты іздейді).

Қортық (Қолымен “ұста!” дегендей белгі береді). Қап, мына маубасты-ай! Ойпырау төбелі “Жигулидің” фарындай жарқырап, қаққан қазықтай қозғалмауын. (Ымдайды. Қолын бұлғайды. Дуре-сарсаң).

Балдыз. Үндемей қалдыңыз ғой. Әлде кешті ұнатпаймысыз... Уақытыңыз бар, ма, ағасы?

Ұзынтұра. Ә-ә, не? Уақыт... сағат па?

Балдыз (күліп). Қолыңыз бос па, аздап қыдыруға қалайсыз?

Ұзынтұра. Ә-ә... Қол? (өзіне). Әлі де ұстағам жоқ. Білегінен бір ұстасам...

Қортық. Қап! Әбден қор қылды-ау адамды. Мынаның шашы ғана емес, миы да жидіп кеткен ғой. (Сыбырлап) “Сүйем де! Сүйем! Күйем де Күйем! Шап бер! Білегінен... ақ білегінен! (Әйелі шығып, қарап тұрады). Неткен милау! Неткен ынжық (Сыбырлап) “Жаным!” де “Жаным!” Жалын, ойбай, жалын!

Әйелі (саңқ етіп). Әй, сен не тантип тұрсың! (Сіңілісіне) Әй қыз, ойбүй, бетім, мауыққандай үздігуін! Қараң қалғыр сондағы тапқан Алпамысың - мына Ұзынтұра ма! Шашынды ғана бір талдап жұлып қолыңа берейін бе тұрған бойыңда! (Ұзынтұраға) Ойбай-ай, ойбай, әлі ақыл тоқтатпаған қаршадай қызды аздырып... саған не жоқ әй, столба! Екі бақаныңды жұлып-жұлып алып екі жаққа лақтырып жіберейін бе осы, ә! Аулақ! Моральдық жағынан азғындаған деп зыр еткізсем... осы күңіңе зар боларсың! (Қортыққа). Ойбай-ай, ойбай! Туған балдызын базарлап, саудаға салды деген не сұмдық! Қара сумен қаңтармасам, қарам өшсін онда, қарам өшсін!

Қортық. Оу, бәйбіше! Апырай, өзіңнің искусство-дан түк хабарың жоқ екен ғой. Біз мынау балдызжан, Ұзынтұра үшеуіміз спектакль қоймақ боп... Мен, әрине, режиссермін. Соған репетиция жасап, репетиция...

Әйел. Жә! Ендігі репетицияны мен жасаймын. Үйде жасаймын! Қане, жүріндер былай!

МАЗМҰНЫ

Мұңайма, Мунирам.....	5
Ей, дүние.....	34
Жұмбақ қыз.....	62
Алтын құндақ.....	96
Далам-ай, панам-ай!.....	160
Бойдақтар.....	220
Тағдырлар.....	325
Көрер ем күнім туса.....	367
Скетчтер.....	399
Диалог.....	399
Репетиция.....	403

*“Ел- шежіре ” қоғамдық қорының президенті
Дидахмет Әшімханұлы*

Софы Сматаев Алтын құндақ

Редакторы Н. Мұратқызы

Техникалық редакторы А. Қасимова

Суретші Ж. Айдос

Компьютерде беттеген М.Шаяхметұлы

ИБ №50

Теруге 29.03.2008. берілді. Басуға 17.07.2008. қол қойылды. Пішімі

84x108'/32. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Times Kaz”. Басылымы

офсеттік. Шартты баспа табағы 21.3. Есептік баспа табағы 21.4.

Таралымы 1500 дана. Тапсырыс №236.

“Ел-шежіре” қоғамдық қоры. 050009. Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143-үй, 609-бөлме

ЖШС “Жедел басу баспаханасы”,

050030, Алматы қаласы, Красногорская көшесі, 71.